

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ**

**«ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ДАМУЫ ЖӘНЕ  
МӘШҰР ЖҮСІПТІҢ ТАРИХИ МҰРАСЫ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«ДУХОВНОЕ РАЗВИТИЕ ОБЩЕСТВА И ИСТОРИЧЕСКОЕ  
НАСЛЕДИЕ МАШХУР ЖУСИПА»**

**ПАВЛОДАР  
2022**

ӘОЖ 821.512.122.0  
КБЖ 83.3 (5Қаз)  
К54

**Редакция алқасының бас редакторы:**

Садықов Е. Т., э.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ  
Басқарма Төрағасы – Ректор

**Жауапты редактор:**

Ержанов Н. Т., б.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ  
Басқарма Төрағасының ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық  
жөніндегі орынбасары

**Редакция алқасының мүшелері:**

Бегимтаев А. И., Жусупов Н. К., Зейнулина А. Ф., Кожамжарова М. Ж.

**Жауапты хатшы:**

Искакова З. С.

**К54** «Қоғамның рухани дамуы және Мәшһүр Жүсіптің тарихи мұрасы»  
атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының  
материалдары. – Павлодар : Торайғыров университеті, 2022. – 393 б.

ISBN 978-601-345-299-9

«Қоғамның рухани дамуы және Мәшһүр Жүсіптің тарихи мұрасы»  
атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (29 сәуір 2022  
жыл) жинағында Әлемдік жаһандану дәуіріндегі ұлттық құндылықтар  
және Мәшһүр Жүсіп мұрасы; Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп ілімдерінің  
үндестігі және қоғамның рухани дамуындағы орны; Жаһандану  
жағдайында жас ұрпақты рухани-адамгершілік тәрбиелеу мәселелері  
бағыттар бойынша ғылыми мақалалар жарияланады.

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 821.512.122.0  
КБЖ 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-345-299-9

© Торайғыров университеті, 2022

**Құрметті халықаралық ғылыми-практикалық  
конференцияға қатысушылар!**

Қазақ руханияты тарихының асыл мұрасы, қазақ халқының  
сөз өнерінің, ұлттық ауыз әдебиетінің сөз сардары, өзіндік ой-  
танымымен дараланған дала философы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының  
шығармашылығын әлеме таныту – Қазақстан дамуының өркениеттік  
бағытын дәлелдеп отыр.

XXI ғасыр – білім мен ғылым ғасыры. Қазақстан Республикасының  
Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына  
Жолдауында «Басты міндет – жалпы адамзатқа ортақ қастерлі  
құндылықтарды жастардың бойына сіңіру. Отаншылдық, білімге  
құштарлық пен еңбекқорлық, бірлік пен жауапкершілік сияқты  
қасиеттер дәріптелуі керек» деген болатын.

Рухани жаңғыру бағытының да негізгі мақсаты – ұлттық тарихи  
тамырдан нәр ала отырып қоғамның санасын жоғарыда аталған негізде  
қалыптастыру. Сондықтан бүгін, тарихымыздың жаңа, төртінші  
онжылдығына қадам басқан сәтінде, ұлтымыздың ұлыларын ұлықтау  
бағытындағы жұмысты ғылыми тұрғыдан жүргізу – қажетті іс.

Қоғамға, ұрпаққа XXI ғасырда тектілік генофондымызды сақтау  
үшін үлгі болар, үлгі алар есімдер, кемеңгер тұлғалар қажет. Мәшһүр  
Жүсіп – ұрпақ үлгі тұтар моральдық бағдар.

Біздің алдымызда мәдениеті жоғары, өркениетті ел болу  
мақсаты тұр. Ол үшін бізге қоғамдық сананы жаңарту қажет. Жаңа  
Қазақстан құру үшін біз ұлттық құндылықтарымыздың негізінде  
жаңа цивилизациялық көзқарас қалыптастыруымыз керек. Мәшһүр  
Жүсіптің еңбектерінде өткен мен бүгінді жалғап, ертеңге жол  
көрсеттер бағдар бар. Себебі, ол еңбектердің асылы – ұлттық тәрбие  
мен ұлттық әдеби-мәдени құндылықтардың тұтастығында жатыр.

Сондықтан, «Қоғамның рухани дамуы және Мәшһүр Жүсіптің  
тарихи мұрасы» тақырыбындағы халықаралық конференция  
жаңару бастамасы ретінде қоғамдық көзқарас пен қоғамдық сана  
қалыптастыруға оң серпін беріп, қазақ елінің бай мәдениеті туралы  
тың материалдар жинап, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымда  
зерделенетін мәселелердің жай-күйі нақтыланып, жаңа диссертациялық  
тақырыптарға негіз болады деп сенемін.

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары**

**Е. Л. Тоғжанов**

**Құрметті қонақтар!  
Қымбатты достар мен әріптестер!**

Біз бүгін «Қоғамның рухани дамуы және Мәшһүр Жүсіптің тарихи мұрасы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға жиналып отырмыз!

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ халқының тарихында ақын, ойшыл, тарихшы, этнограф ретінде танымал.

Ол уақытының белгілі тұлғасы болды. Шығыс философиясын терең зерттеп, шығыс тілін жақсы меңгерген.

Ата-бабамыздан қалған рухани мұраны бізге жеткізген ұлы ғұлама.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ халқының тарихына ақын және ойшыл, тарихшы, этнограф, халық ауыз әдебиетінің жинаушысы ретінде енді.

Торайғыров университетінде оның мәдени-тарихи мұрасын сақтау бойынша кешенді ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізіледі.

В 2004 году в вузе был открыт научно-практический центр «Машхуроведение», проводятся международные научно-практические конференции, введена дисциплина «Машхуроведение», издаются монографии, собрания сочинений и энциклопедии, растет число молодых исследователей наследия Машхур Жусип Копеева не только в Казахстане, но и в Монголии, Турции, Японии и др. В университете проделана большая работа по переводу трудов Машхур Жусипа на иностранные языки, таким образом его бесценные труды станут доступными для всего мирового научного сообщества.

Информативная ёмкость, глубокая нравственная составляющая и красота слога произведений Машхура Жусипа приобретают особую актуальность.

В 2018 году состоялась торжественная презентация оцифрованного 20-томника Машхур Жусипа Копеева и переиздано трехтомное собрание сочинений писателя.

Яркая достопримечательность Павлодарской области – это мавзолейный комплекс на родной Баянаульской земле, где покоится наш выдающийся земляк, разносторонний ученый, поэт, философ, которого в народе называют святым. Ежегодно в мавзолей совершают паломничество тысячи людей не только со всего Казахстана, но и мира. Для посетителей мавзолея также доступен музей, где хранятся личные вещи, принадлежавшие Машхур Жусипу, которые по сей день наполнены его удивительной энергетикой.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзіндік және терең адамгершілік шығармалары бүгінгі күні де ерекше келеді, даналық пен адамдық қадір-қасиеттің бағдары ретінде қызмет етеді. Мәшһүр Жүсіп өмірінің сабақтары, қанша жыл өтсе де, қазақстандықтардың өсіп келе жатқан ұрпағына, өзінің өмір жолын енді ғана бастаған жастарға пайдалы болады. Мәшһүр Жүсіп еңбектері – туған жерін, халқын сүйетін лайықты тұлғалар болып қалу үшін ұстануға тиісті ойлардың, өмірлік ұстанымдар мен адамгершілік құндылықтардың асыл қазынасы.

Бүгінгі конференцияға Қазақстанның, сондай-ақ көршілес елдердің көрнекті ғалымдары, Мәшһүр Жүсіп, Абай, Шәкәрім шығармалары мен мол мұраларын зерттеуге арнаған ғалымдардың басын қосты. Біздің іс-шара жас қазақстандықтардың рухани дамуымен қатар, біздің мәдени мұрамызды сақтау және қайта бағалау саласында қажетті шараларды талқылау және қабылдау үшін бастапқы алаңға айналады деп үміттенемін.

**Торайғыров университетінің  
Басқарма төрағасы-ректор**

**Е. Т. Садықов**

**ІРТИШ'TENSIR'EAKAN COŞKUN KÜLTÜR NEHRI'MEŞHUR  
YUSUF' ÖĞRETİLERİ ÜZERINE DÜŞÜNCELER**

ABDULLAH KÖK\*

Kazak-İslâm edebiyatının en önemli simalarından Meşhur Yusuf, Balasganlu Yusuf'un bilgelik ve Yesevî Ata'nın hikmetlerinin İrtiş'ten, Sir'e kadar yayılmasına, yaşamasına ve günümüze kadar ulaşmasına hizmet eden suf'ıdır. Pavlodar ili Bayanavil ilçesi Kızıldağ köyünde dünyaya gözlerine açan Meşhur Yusuf, Kazak edebiyatı, tarihi, kültürü ve filolojisi için bir çok ilklerin kurucusudur. Meşhur Yusuf, çok yönlü bir şahsiyettir. O, Kazak halk edebiyatını ve folklorunu dünden güne taşıyan bir halk ve hak âşığı, mensubu olduğu milletin tarihi ve kültürel mirâsını kayıtt altına alan etnograf, mensup olduğu boyun kütüğünü tarihî vesikalarla çıkaran şecere yazarı, 19. Yüzyılın son çeyreği ile 20. Yüzyılın başında Türk illerine gezen, gören, kaydeden ve yazan seyyah, halkının bağımsızlığını savunan bir alaş aydını, Kazak edebiyatının bir çok edebi türünün kurucusu, kısaca her parmağında birden çok hüner bulunan bir bilgedir.

O, ömrü boyunca milletin derdine derman olmak için yaşamıştır. Sılayı, ilim tahsili için terk etmiş, ilim tahsilini tamamladıktan sonra yeniden doğduğu topraklara dönerek dinî ilimler başta olmak üzere öğrendiklerini halkına öğretmiştir. O, İslâmî ilimlerde ulaştığı derinliği Kazak edebiyatına uygulamıştır. Kendisinden önce işlenmemiş konular ile bir çok yeni edebî türleri Kazak edebiyatına kazandırmıştır. Mutasavvıf Meşhur Yusuf, Türk-İslâm edebiyatında bilinen Hicviye, Miraciye, Yıldızname gibi edebî türler ile ilk kez Kazak edebiyatında örnekler vermiştir. Meşhur Yusuf, Kutadgu Bilig müellifi Balsaganlu Yusuf, Pîr-i Türkistan Hoca Ahmed, Yükneklî Edip Ahmed mirâsının Kazak kültüründe en önemli taşıyıcısı, aktarıcısı ve uygulayıcısı olmuştur.

20. yüzyılın başlarında Kazak edebiyatının en önemli simalarından Meşhur Yusuf Köpeyulı, İslam dünyasının «Usul-u Cedidi» okulunun önemli temsilcilerinden biridir. Meşhur Yusuf döneminin bir çok sosyal sorununu eserlerinde konu etmiş, konu ettiği sorunları gelecek nesillere yazarak mirâs bırakmıştır. İslâmî gelenekten gelen Meşhur Yusuf, eserlerinde Kazak halkının birliğini, beraberliğini ve bağımsızlığını haykırmıştır. Meşhur Yusuf, dinî ilimlerin her konusunda yazdığı dini-didaktik eserleri ile Kazak edebiyatında dinî eğitimci yazar unvanını

fazlası ile hak etmiştir. Şüphesiz Meşhur Yusuf, Kazak Tasavvuf Edebiyatının en önemli siması olmuştur. O, halkına, eserlerinde yalın dil kullanarak Allah'ın varlığını, Peygamberlerin hikmetlerini, İslam'ın öğretisi ve pratiklerine uygun bir yaşamı nasihat etmiştir. İslâmî edebiyatın bir çok türünde eserler vücuda getirmiştir. Meşhur Yusuf, İslâm kültür dairesinin din dili Arapça, Farsça ve Türkçe ile Kur'an-ı Kerim felsefesini öğrenmiş, öğrendikleri ile Kazakça bir çok eser kaleme almış olan bir mutsavvıf bilgindir. Meşhur Yusuf, ilhamını İslam tarihi ve Kur'an-ı Kerim ayetlerinden alarak, peygamberler, sahabeler, halifeler ve evliyâlar konusunda yazdığı eserlerle İslamiyeti halkına öğretmek Kazak din dilinin oluşmasında öncülük etmiştir. Meşhur Yusuf'un, «Ahiretin Ekini», «Allah'ın Kudreti», «Çocuk Süleyman'ın Zekiliği», «Din Talimi» (birinci, ikinci, üçüncü hikâyeler), «Din Tarihi», «İlim ve Bilim» (1-9 hikâyeler), «Ethem Divane ve İbrahim», «İblis Şeytan Hikâyesi», «Nuh Peygamber ile Bir Yaşlı Kadın», «Yahudi, Patros Hikâyesi», «Yusuf Peygamber Hakkında», «Vefasız Kadın», dinî, didaktik konularla yalın bir dille yazdığı eserler halk tarafından kolaylıkla anlaşılmuştur. İsmi bütün Kazakistan topraklarında yankılanmıştır.

Meşhur Yusuf, evliya olarak halkın hafızasında ve hatırasında çok önemli bir yere sahiptir. Sağlam bir din eğitimine sahip olan mutsavvıf, eserlerinde dinî terimler, ayetler, hadisler, rivayetler, Arapça ve Farsça sözcükleri ve Kazak dilinin arkaizm sözlerini ustalıkla kullanır. Meşhur Yusuf, Kazak halkının inanç ve düşüncesine aykırı olan görüşlerden şiddetle kaçınmıştır. Meşhur Yusuf'un, söz hüneri kaynağı, Kur'an-ı Kerim ve Hz. Peygamber'in sözleridir. Meşhur Yusuf, «Allâh'ın sözü Kur'an, Peygamber'in sözü hadis-i şerif». Bu ikisi sefaletle düşmez, eskimez» der.

Meşhur Yusuf'un tasavvufi bakış açısı ana eksenini siyasal-sosyal görüşleri temellidir. Kazak halkının özgürlüğü, kişisel hak ve özgürlükler, dinî özgürlük, toprak sorunu, adalet ve eşitlik fikri vb. konular Yusuf'un fikrini hep meşgul eder. Yusuf mensup eserlerini Kazak halkının ahlakî terbiyesini geliştirmek ve dinî konulardaki halkın müşküllerini çözmek gayesi ile taşır. Tabakat ve tefsir türü kitaplarından öğrendikleri ile eserlerinin sehl-i mümteni üslubu ile yazar ve okura sunar.

Meşhur Yusuf, 1887 yılı Buhara seyahati sırasında Türkistan'daki Hoca Ahmet Yesevî, Taşkent'teki Zengi Dede türbelerini ziyaret etmiştir. Bayanavıl'a geri döndüğünde ise Şu nehri ile Sır-ı derya'yı, Ulutav'ı, Kişitav'ı, Esil ve Nura nehirleri kenarındaki şehir ve köyleri gezip oradaki yerli halkladinî ve edebî konularda sohbet etmiştir. Eserlerinde, seyahat ettiği topraklarda gördüğü tasavvufi ve edebî şahsiyetlerden bahsetmiştir. Meşhur Yusuf, Semerkant, Hokand şehirlerini de ziyaret etmiştir. Bu yolculuğu hakkında şunları söyler:

«Bu seyahat sırasında bildiğim Türk dillerini daha da geliştirdim.» Hatta bu seyahat sonrası edindiği bilgilerle Orta Cüz şeceresini eklemeler yaparak geliştirmiştir. Şair Meşhur Yusuf, 'Buhara, Taşkent, Semerkant, Türkistan'ı bir değil üç-dört defa ziyaret ettim. Nura yayla, Esil'i kışlık yaptım, İleri geri Şu ile Sır'dan geçtim.' der.

1907 yılı seyahati diğerlerinden farklıdır. Bu yıl yayımlandığı üç kitabının Çar rejimine karşı konuları içermesi sebebiyle Rus hükümeti tarafından hakkında tutuklanma emri çıkarılır. Rus yönetiminden korunmamın en güzel yolunu Meşhur Yusuf vatan topraklarında gezerek bulur. Tarihi ve kutsal Kazak toprağı bu yiğit evladını Rus zulmünden korur. Bu yıllarda Kazakistan'ın güney bölgesindeki il ve ilçeleri sufi Yusuf'u bağına basar. Bu dönemde uğradığı baskıyı, O, «Jetisu Seferi», «Türkistan, Taşkent Seferi», «Kırgız Seferi», «Ereymen Seferi» gibi eserlerinde anlatır. Meşhur Yusuf'un 1907 yılında başlayan bu kaçak hayatı dört yıl sürer ve sonra yurduna döner. Tutuklama tehlikesi ortadan kalkmış değildir. Yeni seferlere çıkmaya karar verir. İdil, Yayık gibi nehirlerin kenarlarını mekân edinen boyları tek tek gezer. Bu gezi yılları Kazak edebiyatına bir çok yeni edebî tür kazandıran yıllardır. Dini Didaktik eserleri, Mevlid, Miraciye, Yıldızname, Seyahatname, Şecerecilik vb. türler bu yılların ürünüdür.

Meşhur Yusuf, 1908 yılının yazında Türkistan'a gelmiştir. Şair Türkistan'da defnedilen ünlü evliyave hükümdarların mezarlarını ziyaret eder. Aynı zamanda seyahati sırasında ülkedeki siyasî baskının neticesinde ortaya çıkan toplumsal sorunları da gözlemler.

Meşhur Yusuf, Kazakistan'da, 1917-1919 yılları arasında Kazak aydınlarının kurduğu «Alaş» siyasî partisine üyedir. Eserlerinde, Kazakların siyasî özgürlüğü ve bağımsızlığı, Kazakça eğitim veren mektep ve medreselerin açılmasını, toprak meselesi gibi önemli sosyal konuları işler. Rusların Hristiyanlık propagandası ve emperyalist siyasetlerine karşı mücadele edip şiirlerinde Kazakları Alaş bayrağı altında toplanmaya çağırır. Meşhur Yusuf, «Sarıarka Kimindir?» adlı kitabında o dönemdeki toplumun sorunlarını dile getirir. Kitap, 1907 yılında yayınlanmış olsa da 1917 yılında başkaldıran Alaş aydınlarının istekleri ile tamamen aynı görüşleri ihtiva eder. Meşhur Yusuf; dinin, vatanın, malın elden gittiğini, halkın yoksulluktan çaresizliğini dile getirip Kazak vatanın sınırlarını çizer. «Günbatımı tarafında Sırderya, doğusunda ise uzun akan Ertiş, güneyinde Yedisu ırmağı, kuzeyinde Edil ile Yayık. Kazaklar, tarihte bu sahipsiz yerlere gelerek orayı yurt tutmuşlardır. Beyaz mızraklarının ucuyla, kuvvetli bileğinin gücü ile KarakereyKabanbay, KanjığalıBögenbay, kaz sesli Kazıbek, ŞakşakalıJanıbek zamanında canlarını feda ederek gece gündüz savaşarak oluk oluk kan dökerek bedenindeki canını Allh'a emanet edip nice kahraman erenleri şehit

ederek bu yerleri yurt tutup vatan kıldık» der.

Mutasavvıf Meşhur Yusuf eserlerinde Kazak halkının gelenek ve göreneklerinden süzülen bozkırın şamanlık anlatılarına da yer verir. Örneğin, hikâyesinin girişinde falcının fal açması ve Asan'ın su padişahının kızı, su perisiyle karşılaşarak kara sevdaya yakalanacağını söyler. Hatta falcı İdil, Yayık, Sırderya ve İrtiş nehirlerine giderek tuzak kurmasının gerektiğini de söyler. Bunun üzerine Asan, sırayla yukarıda ismi geçen nehirlere giderek tuzak kurmaya başlar. Yelmaya adlı atı ile en son durağı İrtişnehrine gelir. İrtiş suyunda tuzağına düşen insanoğlundan farksız, güzelliğinden eksiksiz, yalnız tek kusuru var. O da konuşacak dili yok.

Meşhur Yusuf'un önemli özelliğinden birisi de Şecereciliğidir. Kazak halkının şeceresini, Moğollar ile Türk Hanlığı şeceresini ve ayrı Kazak boylarının şecerelerini, Sahabelerin şeceresini, en önemlisi de birçok Türk sahabelerinin şeceresini yazan büyük bir şecere üstadıdır. O'nun şecereciliği halk arasında yaşayan sözlü gelenek anlatıları vetarihi vesikalardan derlenen bilgilerden oluşur.

Meşhur Yusuf, Türk birliği ve kardeşliğini «Türkistan Şehri Hakkında» adlı nesir olarak yazdığı eserinde anlatır. Türkistan diyarının tarihine bakarsak Kıpçak boyları ile birlikte Oğuz boyları da yaşamışlardır. Damarlarında aynı kanı taşıyan Türk halklarının tamamı Orta Asya bozkırlarından dünyaya dağılmışlar ve dünyanın yarısını fethetmişlerdir. Orta Asya'nın merkezinden göç ederek Anadoluya gelen Oğuz Türkleri, Kayı aşiretinden olan Ertuğrul Gazi, Osman Gazi'ler devlet kurmuşlardır. Mutasavvıf Meşhur Yusuf, hangi konuyu işlerse işlesin hep farklı yönden farklı tarzla işlemiş ve güzel bir şekilde akıcı ve yalın bir üslupla anlatmıştır. Meşhur Yusuf'un «Türkistan Şehri Hakkında» adlı eserinde «Türkistan» hakkında mutasavvıf Osmanlı devletinikuran şahsiyetlerden bahsetmektedir: 'Türkistan, kadim zamandan gelen büyük bir şehirdi. Bir ucu Alatav'da, diğer ucu ise Karatav'da. O zamanlarda Sayram suyunun güney batısında, 'At pınarı' diye bilinen yer, at pazarı idi. Türkistan'ın güney batısında 'Teke suyu' diye bilinen yer, koyun pazarı idi. 'Kırk kapılı Karaşık' ismini almıştı.'

Meşhur Yusuf yalnız halkının dini eğitimi ile meşgul değildir. Aynı zamanda halkının siyasî ve sosyal sorunlarının çözümünde de aktif rol oynar. Rus zulmüne karşı çare arar. Meşhur Yusuf'un 20. Yüzyılın ilk 20'li yıllarında Kazak şair, yazar ve Alaş Partisi mensupları ile çok yakın bir dostluğu hatta dostluktan öte ağabey-kardeş ilişkileri vardı. Kazakistan'ın geleceği hakkındaki hemdert olan Kazak sanatçıları, Rus esaretinden kurtulmanın yollarına çözüm aradılar. Meşhur Yusuf, Alaş aydınlarının birçoğu ile mektuplaşır. Bunlardan, Kazak edebiyatının önemli sanatçılarından biri olan Jüsipbek, Meşhur Yusuf'un hem

hemşehrиси hem de en yakın dostu manevi kardeşidir. Kazak edebiyatındaki ilk romanlarından biri olan «Akbilek» romanının yazarı Jüsipbek Aymavtov ile şair Meşhur Yusuf, arasındaki samimî dostluk mektuplarında hissedilir. Bu mektup örneği, Meşhur Yusuf'un Kazak halkı için çağdaşları ile görüşüp Kazak halkının sıkıntılarına çözüm aradığının en kuvvetli yazılı belgesidir.

Meşhur Yusuf, dönemini iyi takip eden bir aydındır. O, Türk ve İslâm beldelerinden de haberdardır. Türklük ve İslâm için önemli bir merkez olan İstanbul'u ve İstanbula hasretini şu şekilde ifade eder. 'Ömrümde gitmediği İstanbul'un güzelliğini ve şöhretini Hac seferinden dönen İzbas hacıdan dinler ve yazar.

Meşhur Yusuf, tanık olduğu iki asrın birleştiği dönemde Kazak toplumunun dinî ve manevî eğitimi, siyasî ve sosyal sorunlarının çözümü için ömür harcamış, çağının değişikliklerini gözlemlemiş, Kazak halkının sıkıntıları için dertlenmiş, refahı için fikrini bildirmiş, düşüncelerini eserleriaracılığı ile aktarmıştır. O'nun kaygısı milletidir. Pavlodar'dan küçük bir dünyada başlayan ömrünü büyük bir Türk alemine ve İslâm ümmetine harcamıştır. O, her zaman için iyi düşünmüş iyi yaşamış ve iyiliği nasihat ederek dünyadan göçmüştür. O, devrinin aynası olmuştur. Gördüklerini şairlik gönlü ve kaleminin gücü ile edebî olarak dile getirmiştir. Sözü ve hali insanlığa miras kalmıştır. Evliyalar ölmezler onlar eserleri ile menği yaşarlar. Bay halkın, ken vatanın, batır balaların, seni hep rahmetle anacaklar Meşhur Yusuf. Rahat uyu, emanetin ehlindedir.

#### KAYNAKLAR

1 Egewbay, A, Ismagulov J., Qazaq Ädebiyetiniñ Tarihi: XX Ğasır Basındağı Qazaq Ädebiyeti XX Ğasır Basındağı Qazaq Ädebiyeti), Bilim Yayınları, Almatı 2006.

2 Ilgışheva, Moldır, Kazak Şairi Meşhur Jüsip Köpeyulı'nın Eserlerinde Klasik Türk Edebiyatı Motifleri, Atatürk Üniversitesi, Türkiyat Enstitüsü, Türk Dili ve Edebiyatı Ana Bilim Dalı/Eski Türk Edebiyatı Bilim Dalı, Doktora Tezi, Erzurum 2021.

3 Kök, Abdullah, PİR-i Türkistan'ın Metafor Dünyası, Kesit, İstanbul, 2017.

4 Kök, Abdullah, Kutadgu Bilig, Devlet: Adalet, Kut, Töre, İstanbul, 2019.

5 Kök, Abdullah, Yükneki'nin Kaveam Dünyasının Kaynakları Üzerine Düşünceler, II. Uluslararası Türk Dünyası Eğitim Bilimleri ve Sosyal Bilimler Kongresi, Ankara, Türkiye, 7-8 Aralık, 2018, Cilt: III, Ss. 1081-196.

6 Kök, Abdullah, Есеви Атаның Хикметтер Әлемі. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 Жылдығына Арналған «ЕРТІС Өңірінің Тарихи Мұрасы: ҚИМАҚ ҚАҒАНАТЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ» Атты Халықаралық Ғылыми-Практикалық Конференциясы Материалдарының Жинағы, Г.А. Сулейменова, А.Е. Кәрімова, Б.Н. Абдрахманов, Т.Н. Смағұлов, Н.Е. Күзембаев, А.М. Сыздыкова., Editör, Павлодар Педагогикалық Университеті, 2021, Павлодар Қазақстан, Ss. 17-20, 2021

7 Meşhur Jüsip Köpeyulı, Baqsınıñ Sözi (Baksının Sözü), Almatı 2012, 3. <https://reader.bookmate.com> (Erişim Tarihi: 23 Nisan 2022).

8 Sydykov, Bekzod, Kazakların İslâmlaşması Ve Rus Oryantalistlere Göre Çarlık Rusyası Döneminde Dinî Kimlikleri, Bursa Uludağ Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, İslam Tarihi ve Sanatları Ana Bilim Dalı/İslam Tarihi Bilim Dalı, Yüksek Lisans Tezi, 2019.

9 Tarixi Tulgalar, Togısbaev B, Cujikova A, Almatı, s. 174-176. 2009.

10 Turışev, A.K., Kadısova, R.C., Mäşhür Jüsip Qalay Jazalandırıldı (Meşhur Jüsip Nasıl Cezalandırıldı), «4. Meşhur Jüsip Okumaları» konferansı, S. Toraygırov adındaki PDÜ, Pavlodar 2006.

11 Jüsipova, Gülnaz, Mäşhür Jüsip Dastandarı (Meşhur Jüsip Kıssaları), Pavlodar Üniversitesi EKO Yayınları, Pavlodar 2000.

12 Jüsipov, Nartay, Mäşhür Jüsipjäne Folklor (Meşhur Jüsip ve Folklor), Pavlodar 1999.

## МӘШҮРТАНУ МӘСЕЛЕРІ

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасында қолға алынған «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары аясында ел жадын жаңғыртатын еңбектердің жарыққа шығуы елімізге тұңғыш рет қуатты рухани серпіліс әкелді. Қазіргі кезде Жаңарған Қазақстан жағдайында қазақ елі көптеген игі өзгерістер мен жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Бүгінгі тәуелсіздік тұрғысынан ел тарихына тереңірек үңіліп қарар болсақ, көптеген тарихи оқиғалардың ақтандақ беттері сомдалып, ақиқаты толық ашылмай келген мәселелерге т.б. үлкен назар аударыла бастады.

Жаңарған Қазақстан жағдайында ел мәдениетіне, тарихына өз үлесін қосқан тұлғалардың еңбектерін зерттеу, әрі жариялау қоғамымызда болып жатқан – игі өзгеріс.

Мәшһүр Жүсіптің артына қалдырған мол мұрасы сан-салалы болып келеді. Алдымен Мәшһүр Жүсіпті қазақ халқы ақын деп біледі. Ақынның түрлі тақырыптағы, түрлі жанрлардағы өлеңдері, дастандары т.б. қазіргі таңның өзінде бес томды құрайды. «Қазақ поэзиясы тарихына Мәшһүр Жүсіп не қосты?» – дегенде, XIX ғасырдың соңғы ширегінде-ақ кемел суреткер ақын ретінде қалыптасқанын көреміз. Атап айтқанда, ақын суреттеудің бай амалдарын: көркем жинақтау, шарттылық, дерексіз ұғымды заттандыру т.б. шебер пайдаланды. Мұның бәрі Мәшһүр Жүсіптің ақындық шеберлігін жан-жақты ізерлеп зерттеу қажеттігін, оның суреттеу амал-тәсілдерінің түрлішелігін, сөз зергері ретінде қазақ әдебиетінің кемелдеуіне көп үлес қосқанын дәлелдейді.

Мәшһүр Жүсіп жинаған ауыз әдебиеті үлгілеріне келсек, оны саралау, талдау кейінгі кездері шындап қолға алына бастады. Ал, бұрынырақ уақыттарда, шынын айту керек, шыққан кітапқа материалды Мәшһүр Жүсіптен ала тұрып, кімнен екенін көрсетпеу, тікелей халық арасынан жиналған материал тәртізді етіп ұсыну, өзгертіп жіберу, т.б. фактілері де болмады емес. Мәшһүр Жүсіп еңбектерімен танысу нәтижесінде жазушылардың біразының тарихи романдар жазу үшін, құнды материалдар пайдаланғаны да көрсетілмей келді. Мәшһүр Жүсіп туындыларын басқа ақындарға орынсыз телу қателіктері де шаң беріп қалды.

Ал, Мәшһүр Жүсіпті фольклортанушы дегенде, сонау қазақ халқының қаймағы бұзылмаған заманда елдің түпкір-түпкірін

аралап, өмір бойы халық ауыз әдебиетін жинауы, жариялауы, зерттеуі дер едік. Фольклор үлгілерін жинағанда да сөздің мағынасын бұзбай, ешбір өзгеріссіз сол қалпында қағазға түсіріп отырған. Мәшһүр Жүсіп сонымен бірге, әр мәтінді кімнен алғанын да көрсетіп отыруды ұмытпаған.

Кешегі өміршілдік жүйе үстемдігі дәуірінде өткен ғасырлардағы әдеби мұраны тек таптық тұрғыдан сараптаумен шектелу нәтижесінде, оның көп қыр-сыры нағыз ғылыми тұрғыда ашылмай келді. Тәуелсіздік алғалы өнердегі, оның ішіндегі көркем әдебиеттегі «ақтандақтарды» ашуда елеулі нәтижелерге қол жеткізілді деуге негіз толық. Әйтсе де көне жазбалардың бір орталыққа жинақталып бітпеуі, жиналған үлгілердің де кезінде дұрыс бақылауда болмағандықтан, «қолды болуы» немесе оның танылуының кешендеуі т.с.с. өткен әдеби мұраны зерттеу ісін біршама тоқыратып келгені белгілі.

Біздің заманымызға жеткен М. Ж. Көпейұлы қолжазбаларының бір бөлігі ғана 20 томдық жинақ ретінде жарияланды. Ел арасына тарап кеткен түпнұсқалары мен көшірмелері әлі толық жинақталмай тұр. Ғалымның өзі өмірбаяндық жазбаларында Бұхар, Самарқанд сапарында жинаған жазбаларын Ташкент тұрғындары тарапынан ұрланғанын еске алады. Тағы бір жазбасында Қараөткел /Ақмола-Астана/ сапарында кездескен бір келіншек кесірінен бір қоржын қолжазбасы қолды болғанын айтып, өз басы аман қалғанына шүкіршілік қылады. Кіші баласы Мұхаммед Фазылдың да Семей шаһарында бір қоржын кітаптан айырылып қалғаны белгілі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының артына қалдырған мол мұрасын (30 томдай) әрі жинақтап, әрі жариялап, әрі ғылымның әр салалары бойынша жан – жақты зерттеу мәселелері, негізінен қазақ халқының Тәуелсіздік алуымен (1991 ж.) тығыз байланысты. Сонау XIX ғасырдағы М. Толыбайұлы, М. Ботбайұлы, Н. Белослюдовтармен бірге, XX ғасырдағы қазақтың белгілі ғалымдары: С. Садуақасов, Ж. Аймауытов, Ө. Марғұлан, Ф. Мүсірепов, З. Ақышев, Д. Әбілов, М. Әуезов, Қ. Бекхожин, Е. Смайылов, Б. Кенжебаев, Ө. Қоңыратбаев, М. Қаратаев, М. Базарбаев, Х. Сүйіншәлиев, Ы. Дүйсенбаев, М. Бөжеев, Ө. Жиреншин, Жолмұрат Жүсіпұлы, Мұхаммедфазыл Жүсіпұлы, О. Иманбаев, Қ. П. Жүсіп т. б. жан-жақты зерттеулері – бәрі Мәшһүртану бағытының негізін қалауға себепкер болғаны анық. Десек те Мәшһүр Жүсіптің 20 томдық мұралар жинағы да (2003–2013 ж.), тұлғалық энциклопедиясы да (2010 ж.), 50 – шақты монографиялары мен оқу құралдары да, 100-ден аса алыс және жақын

шетелдегі ғылыми мақалалары да т.б. – осы Торайғыров университеті ғалымдарының арқасында іске асқаны мәлім.

Қазіргі таңда Мәшһүр Жүсіп мұрасының ұлттық әдебиеттану, фольклортану, тілтану т. б. ғылым салаларына берері көп. Әлі де ақын мұраларын кешенді тұрғыда зерттеу, артына қалдырған бай мұраларын ескі қадым – араб жазуынан қазіргі әріпке түсіріп баспадан шығару, ғылыми түсініктемелерін беру ісі т. б. әрі жалғасын табады, әрі күн өткен сайын маңызын жоймайтыны сөзсіз.

## «БЕС ПАРЫЗ» ТУРАЛЫ ХАДИСТЕРДІҢ М. Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚУАНДЫҚ З. Е.

докторант, Торайғыров университеті,  
Павлодар қ., Қазақстан Республикасы  
ЖЫЛХАЙДАР Х.

PhD, кіші профессор, Монғолия ХР

Алла тағала мұсылман қауымына бес парызды орындауды міндет еткен. Хадистердің біраз бөлігі «бес парызға» қатысты айтылған. Бес парызға ең алдымен, Аллаға иман келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру, қажылыққа бару жатады. Бухаридің хадистер жинағында оларды «Иман кітабы», «Ораза кітабы», «Намаз кітабы», «Зекет кітабы», «Қажылық кітабы» деп бөледі. Бес парызға қатысты хадистер мен М. Ж. Көпейұлы поэзиясындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, олардың танымдық ерекшеліктерін саралап көрейік.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы бұл ойды «Адам екі түрлі» деген өлеңінде:

Хасыл дүние, ақырет, әуел иман,  
Руза (ораза) , намаз оқыр нәпсі тыйған.  
Астан ғұшыр , малынан зекет беріп,  
Табады Құдайды іздеп жанын қиған.

Ораза, намаз – пенденің міндетті ісі,  
Құтылар қарызынан қылған кісі.  
Жалғанда артық сауап қайыр екен,  
Қылуға қайыр, ықсан жетсе күші [1, 178]!

Ақын осы өлеңінде мұсылман әуелі иманға бой ұрып, Алла бір, Мұхаммед (Ғ.С.) оның елшісі екенін мойындауы керек. Одан кейін нәпсісін тыйып, намазға жығылуы шарт, ал намаз оқыған пенде ораза тұтатынын жырлап отыр. Осы амалдарды орындаған Алланың құлына қайыр қылу салауатты іс екенін анық ескертіп тұр.

Исламның бес парызына қатысты туындылар Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылығында көптеп кездеседі, соның бірі «Бес парыз» деген өлеңі:

Бес нәрсе бізге бұйрық бір Алладан,  
Ықыласпен қылу керек білген адам.  
Кетпейді күн туғанда көзі жастан,  
Дүниеде бейпіл босқа күлген адам.



Исламның бес парызы: біреуі –иман,  
Таппайды бұл бесеуін дүние жиған.  
Ықтикат, шын ниетпен жұмыс қылып,  
Ерлерді айт Құдай үшін жанын қиған!

Аузында болсын дайым Құдай сөзі,  
Таймасын қарарлықтан көңіл көзі.  
«Бір!» деп «бар!» деп илану – бізге парыз,  
Ғаламға он сегіз мың патша – өзі [1, 166]!

Хадистерде бұл туралы: « Аллаһ елшісі: «Ислам бес (тірекке) негізделген: Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқтығына және Мұхаммед оның елшісі екеніне куәлік беру, намаз оқу, зекет беру, қажылық (жасау) және рамазанда ораза тұту», – деді», – деп айтқан. Аллаһ елшісінен «Қандай амал абзал?» – деп сұрағанда : «Аллаһқа және оның елшісіне иман келтіру», деп (жауап берген). «Сосын не?» – дегенде: «Аллаһ жолында күрес жүргізу», – деген. «Сосын не?» – деп (сұрағанда): «Қабыл болған қажылық», – деп айтқан [2, 26].

Бес парыздың ең бастысы, алдымен – иман келтіру. Иман-Пайғамбарымыздың Алла Тағаладан алып келген үкімдерін растау, Алланың барына, ақиқат екеніне шын жүректен сену. Иманның негізі – Аллаға тілмен емес, жүрекпен сену. Бұл туралы Аллаһ тағала Құран Кәрімде: «Әй Пайғамбар! Ауыздарымен: «Сендік» деп, жүректері сенбегендермен Яһудилерден күпірде жарысқандар сені кейітпесін... (мәйда сүресі, 41)» [3, 114].

Ал, Бухариден жеткен Мұхаммед (Ғ.С.) пайғамбарымыздың хадистер жинағында былай айтылады: «Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ» деген жүрегінде арпа дәні салмағындай жақсылық бар адам тозақтан шығарылады, «Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ» деген жүрегінде бидай дәні салмағындай жақсылық бар адам тозақтан шығарылады және «Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ» деген жүрегінде тозақ салмағындай жақсылық бар адам тозақтан шығарылады» [2, 34], – деген.

Иманға келу әрбір өзін мұсылман санаған жанның парызы. Бұл парызды орындау үшін ақын адам баласына шын ниет, ықылас, ықтият керектігін, мұның еңсерген пендеге Алла хақ және бір деп білу парыз болып табылатынын ескертеді.

Белгілі зерттеуші Ә. Дербісалиев пайғамбарымыз Мұхаммед (Ғ.С.) айтқан сөздері мен тағлымдары қалай тарағаны туралы мынадай пікір айтады: «Мұхаммед өзін «Алланың жердегі өкілі», (пайғамбар) деп

танытқаннан кейін ойлары мен пікір-толғамдарын жұртқа Алладан естігені ретінде жеткізген. Оның сөйлеген сөздерін оқушылары мен шәкірт ізбасарлары пальма талшықтарына, тасқа, жалпақ сүйектерге жазған, немесе жаттап алып жұртқа таратқан» [4, 42].

Халқына өз шығармалары арқылы исламның құндылықтарын жеткізген Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы имандылық мәселесіне жете көңіл бөлген. Атап айтқанда иман, намаз, зекет, ораза, қажылық жасау. Осылар туралы көп рет қайталап айтқанын, имансыз адамның орны тозақ болатынын өлеңдерінде сан рет кездестіруге болады.

Бес парыздың бірі, Алла Тағала бұйырған парыздардың ішіндегі ең маңыздысы – намаз болып табылады. Құран Кәрімде:«Қашан намаз өтеп болсаңдар, Алланы; тұрып, отырып және жатқан бойда еске алыңдар. Қашан тынышталсаңдар, онда намазды толық орындаңдар. Өйткені, намаз мүміндерге белгілі уақытта парыз қылынды. (ниса сүресі, 103) [3, 95], «Намазды толық орындаңдар... (хаж сүресі, 78)» – [3, 341] дейді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «Бес парыз» өлеңінде:

1 Екінші, намаз екен бізге парыз,  
Айтпасақ білмегенге бізге қарыз.  
Нәпсіні құрбан қылып бауыздасақ,  
Құдайға жетеді екен сонда ғарыз [1, 166].

2 «Уа иакумус салату» – деп аят келген,  
Намаздың парызлығын ғалам білген.  
Қалайша оқу, қалайша таһарат алу,  
Пайғамбар, Жебірейілден үйретілген [5, 196].  
– деп, мұсылман адамға намаздың қаншалықты маңызы бар екенін суреттейді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы ораза, мүмкіндік болса қажылыққа бару керектігін қалдырмаған. Ол туралы:

1 Үшінші, бізге парыз-Шаһи рамазан  
Бұ дағы бір қаруың жетсе қазаң.  
Ұмытпай, бір күн қастан қаза болса,  
Алпыс күн кіпарат, бар, осы – сазаң [1, 167].

2 Тілеңіз ғибадат, тауап халің жетсе,  
Расулының рузасын көр, несіп етсе.  
Не пайда қатын-бала – баршасынан  
Бір күні кәріп (ғариб) басың өтіп кетсе [5, 196].

Әбу Хұрайраның (р.а.) риуаят етуінше, Пайғамбарымыз (с.а.у.с.) былай деген: «Ұлылығы шексіз Аллаһ тағала: Адам баласының ұстаған оразасынан басқа барлық амалдары өзіне. Ал оразаның жөні бөлек. Өйткені, ораза Менің разылығым үшін ұсталады. Сондықтан да, оның қарымын (сауабын) Өзім беремін-деген» [6, 11]. Әбу Сайыдтың (р.а.) риуаят етуінше, Аллаһ елшісі (с.а. у. с.) былай деген: «Қандай да бір пенде Раббысының жолында бір күн ораза ұстаса, Хақ тағала сол күннің құрметіне оның жүзін тозақ отынан жетпіс жылға алыстатады» [6, 15].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы оразаның артықшылығы мен қаза болған бір күн оразаның өтеуі алпыс күн ораза тұту десе, хадистерде бір күн ораза ұстаған адамның жүзін Алла тағала тозақ отынан жетпіс жылға алыстатады деп айтқан.

Ақын өз туындысында зекет сөзінің орнына қайыр, ықсан сөздерін қолдануының ішкі мәні бар. Ислам заңдылықтары бойынша зекет беру қолында белгілі бір мөлшерде мал-мүлкі бар мұсылмандарға міндеттелгені белгілі. Ал енді ондай дәулеті жоқ адамдар бізге зекетті пайғамбарымыз міндеттеген жоқ, сондықтан оны бермесек еш айыбы жоқ деп ойлауы мүмкін. Зекет бере алмайтын мұсылмандардың барлығы оның орнына кем-кетік кембағал жандарға азық-түлік, бір ішер ас, киім-кепшек беріп, немесе жылы лебіз, оң қабақ танытса да оның өзі сауапты амал екенін Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы меңзеп тұр. Мейірімділік пен ізгіліктің бастау көзі Алланың өзі екенін осы ақынның өлең жолдары паш етіп тұр. Мұсылмандарды әрқашан ізгілікке үндеген пайғамбарымыз Абдоллаұлы Мұхаммед (Ғ.С.) ізгілік пен мейірімділікке қатысты көптеген хадистері баршылық. Соның бірі Әбу һуарайрадан (Аллаһ оған разы болсын). Ол: «Аллаһ елшісінің: «Аллаһ мейірімді жүз бөлікке бөлді де, тоқсан тоғыз бөлігін өзін де қалдырып, бір бөлігін жерге түсірді. Сол бір бөлік себепті жаратылыстар бір-біріне мейірімділік көрсетеді, тіпті жылқы да құлынын басып кетуден қауіптеніп тұяғын көтереді», -деп айтқанын естідім» [2, 653], – деген. Жоғарыда келтірілген өлең жолдары осы іспеттес хадистерді тура ескертіп тұр емес пе.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы исламның бес парызының бірі зекет екенін өлеңдерінде сан рет қайталап айтқан:

1 Беріңіз халал малға қайыр зекет,  
Болмайды харам малда еш берекет.  
Өзі «Кемімеске кепілмін!» - деп,  
Жоламас халал малға еш әрекет.

Беруге зекетті келген аят,  
Әр кісі өзін-өзі жүрсе аяп.  
Махшарда жазуымен мінер құлдар,  
Не лаж жамандықты сонша таяп [5, 196]?!

2 Төртінші, бізге парыз зекет малдан.  
Бұл пәле тосатұғын әр қамалдан.  
Жүрмейді зекетіне қабыл болып,  
Ақсақ, соқыр, тып-типыл құйрық жалдан [1, 167].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының туындыларында қажылыққа арналған арнайы өлең жырлары бар. Қажылыққа бару – бес парыздың бірі болғанымен, жағдайы келмейтін немесе ауыр жолды көтере алмайтын адамдарға Алла тағала кешіріммен қарайды. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «Қажылық, иман шарттары» деген өлеңінде қажылықты орындау шарттары айтылып өтсе, «Бес парызда» исламның бес парызын өлең жолдарымен келтірген:

Біреуі бес парыздың- қажыға бару.  
Бұл жолға мал мен жанды керек салу.  
Шақырған бір Алланың ол жеріне,  
Байларға қиын екен бармай қалу!

Пайғамбар: «Байлар қажыға келсін!» – депті.  
«Үмбетім мені келіп көрсін!» – депті  
Шамасы келе тұрып, келмеген жан.  
Қауымында көпірлердің өлсін!» – депті [1, 168–169].

Ал, Бухаридің хадистер жинағында «Қажылықтың парыз екені мен оның қадір-қасиеті туралы және Аллаһ тағаланың : «Жолына шамасы келген кісілер Аллаһ үшін Қағбаға қажылық жасау керек, ал кім қарсы келсе, расында, Аллаһ әлемдерден Бай» деген сөзі». Абдуллаһ ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын). Ол: «Фадл Аллаһ елшісінің (түйесіне) мінгесіп бара жатқанда, хасғам (руының) бір әйелі келіп, Фадл оған қарай бастады, ал ол (Фадлға) қарап қалды. Сонда пайғамбар Фадлдың жүзін басқа жаққа бұрып қойды. (Әйел): «Уа, Аллаһтың елшісі! Аллаһтың пенделеріне қажылықты парыз етуің менің әкемнің әбден қартайып, мініс көлігіне отыра алмайтын кезіне тура келді, мен оның атынан қажылық жасасам бола ма?» – деді. (Пайғамбар): «Иә», – деді. Бұл қоштасу қажылығы кезінде болған еді», – деген [2, 242].

Хадистер мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы Исламның бес парызына қатысты мәселелерде басыбайлы толық үндестікті байқап тұрмыз. Пайғамбарымыз (Ғ.С) Абдолла ұлы Мұхаммед өсиет еткен парыздарды барша мұсылмандарға қарапайым тілмен жеткізудің маңызы ерекше болғандығы дау тудырмайтын ақиқат. Сол себепті Ислам ғұламалары пайғамбарымыздың (Ғ.С) барлық хадистерін хатқа түсіріп, жүйелеуге тырысқан. Олардың тер төгіп, шеккен мехнаттарының арқасында қаншама мұсылман адамдар дініміздің адал жолынан адаспай, пайғамбар (Ғ.С) өсиет еткен сара жолмен жүріп өтті.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы ислам дініндегі мұсылманға міндеттелген бес парызды орындау сүннет екенін поэзия тілімен айшықтап, оған қазақ халқының дүниетанымына тән мазмұн мен мағына беру арқылы азаматтық, мұсылмандық, адамгершілік парыздарын абыроймен атқарып шықты деп нық сеніммен айта аламыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Көпейұлы М.Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Алаш, 2003. – 504 б.
- 2 Сахих Әл - Бұхари. Ауд. Спатай Қ. – Алматы: Кәусар - саяхат, 2013. – 752 б.
- 3 Құран Кәрим. Ауд. Халифа Алтай. – Мәдине, 1991. – 604 б.
- 4 Дербісәлиев Ә. Араб әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1982. – 207 б.
- 5 Көпейұлы М.Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы: Алаш, 2003. – 432 б.
- 6 Анарбаев Н., Қарақұлов Е. Ораза-теңдессіз құлшылық. – Алматы: Көкжиек-Б, 2012. – 168 б.

## ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ ЛИЧНОСТИ КАК ОСНОВНОЕ УСЛОВИЕ ВОЗРОЖДЕНИЯ СТРАНЫ

САГИКЫЗЫ А.

главный научный сотрудник ИФПР КН МОН РК, д.филос.н., профессор

После разрушения двуполярного мира человечество вступило в новую эру, где ведется борьба между глобалистами и анти-глобалистами, принимающая подчас не просто жёсткие, но и жестокие формы. В целях сдерживания и смягчения этой борьбы необходимой является ориентация на гуманистические принципы. Сталкиваясь с вызовами, которые характеризуются кризисом в межличностных и общественных отношениях, кризисами в экологии и культуре, невозможно обойти вопрос о гуманизации отношений между людьми, очеловечивании человека. Многие сегодняшние глобальные проблемы являются следствием драматического изменения характера мышления, трансформации мироотношения и ценностей. А современная цивилизация, если она руководствуется западными прагматическими целями и ценностями, неизбежно приходит к духовному кризису.

Сегодня, как никогда ранее, человечество нуждается в новом понимании себя, своей сущности и предназначения. Чтобы понять специфику современного человека, необходимо проследить пройденный им путь, исследовать его мировоззрение и мироотношение. Поскольку современный человек живет «во множестве миров», сталкивается с разными культурами и традициями, постольку меняются его моральные установки и жизненные правила. Однако «традиционная личность», которая руководствуется общечеловеческими ценностями и гуманистическим мировоззрением, способна прочно держаться идеи необходимости нравственных убеждений и исполнять внутренний моральный закон.

Наследие Машһур Жусупа Копеева воодушевляет и вселяет надежду на одухотворенное будущее, указывает путь в золотой век. Оно пронизано идеей о том, что человек должен жить с любовью в сердце к своему народу, своим предкам и потомкам, своим традициям и культуре. Эта жизнеутверждающая идея ценна тем, что дает возможность понять и определить истинный смысл бытия человека.

Самая главная идея наследия Машһур заключается в том, что путь к будущему лежит через доверие бытию, через любовь к

людям, к родной земле, культуре своего народа, через стремление к познанию. Эти стимулы подлинно человеческого развития способны обогащать и творчески преобразовать окружающую реальность.

Сегодня необходимо придать большое значение целенаправленному формированию у молодого поколения таких, казалось уже позабытых, моральных качеств как чувство долга, патриотизм, гражданственность, духовность, способность к самопожертвованию, которые должны способствовать социальной интеграции населения страны. Однако возродить систему патриотического воспитания сегодня будет весьма нелегким делом по ряду причин. Во-первых, за прошедшее десятилетие, в процессе трансформации базовых социально-экономических институтов, наметились весьма негативные тенденции в общественном сознании, касающиеся мировоззренческих, духовных основ развития общества. Прежде всего, это относится к системе ценностей старшего поколения, которая, в изменившихся условиях, оказалась не востребованной новым общественным укладом. Социализация молодого поколения происходила на фоне значительной дестабилизации воспитательных ориентиров в институте семьи и системе образования. Во-вторых, разрыв устоявшихся социальных связей привел к тому, что в обществе воцарился принцип «каждый за себя». В переломное время каждый пытался выжить самостоятельно, «забравшись в отдельную лодку» со своими знакомыми и родственниками. Такое положение дел уже изначально несло в себе огромную опасность для духовного здоровья казахстанского общества, т.к. каждый действуя за себя и откровенно пренебрегая общественными интересами, способствовал росту индивидуального и группового эгоизма, своекорыстия и цинизма. В-третьих, известные злоупотребления в ходе приватизации, разгул коррупции, произвол чиновников в значительной степени подорвали доверие граждан к государству как защитнику общенациональных интересов. В совокупности, все указанные выше причины надолго вытеснили на периферию общественно-политического сознания проблемы духовно-нравственного развития граждан [1].

Провозглашение Президентом Касым-Жомартом Токаевым Нового Казахстана свидетельствует, хотя и косвенно, о признании ущерба той духовно-нравственной ситуации, которая сложилась в нашем обществе. История становления государственности в современных развитых странах показывает: общество может полноценно жить и устойчиво развиваться лишь тогда, когда оно

начнет производить индивидов, соответствующих его объективным потребностям. Но какой человек нужен сегодня нашему казахстанскому обществу? Какими умственными, нравственными и деловыми качествами он должен обладать, чтобы наш социум не просто мог выжить, но и процветать?

Если наше государство действительно стремится попасть в число развитых стран мира, то ему должно быть безразлично, какое место в иерархической структуре ценностных ориентаций его граждан будет занимать экономическое, политическое, правовое благополучие общества, частью которого они являются. Отношение же гражданина к обществу как к «высшей» или «низшей» ценности, в значительной степени, будет зависеть от того, какими образами социальной реальности и нравственной личности он руководствуется в своем поведении. Центральное место в формировании и обосновании определенного типа общественно-государственного устройства, а также такого нравственного образа личности, в котором воплощаются необходимые для данного общества нравственные качества человека, принадлежат философии и этике. Ещё Аристотель, выделивший этику в самостоятельную область научного знания, утверждал, что этика, опираясь на учение о душе, служит задачам формирования достойного гражданина государства, т.е. политике. Философия и этика не только исследуют социальный и духовный мир, в котором живет человек, но одновременно, посредством механизма рефлексии, задают определенные социальные и нравственные образцы и идеалы в качестве нормативных моделей жизни и поведения.

Одним из важнейших способов гуманизации общества является возрождение и развитие национальных культур, которое не должно являться средством отчуждения людей друг от друга, оно должно быть инструментом их консолидации, взаимопонимания и созидания мира между народами и государствами. Гуманистический характер и патриотическая эффективность процессов возрождения и развития национальных культур во многом связаны с рядом важнейших условий, заключающихся, во-первых, в преодолении тех теоретико-методологических и психологических установок, которые ориентируют индивида на деление культур на высшие и низшие, говорят о неспособности некоторых народов (в частности, кочевых) быть историческим субъектом культуры, создавать какие бы то ни было культурные ценности; во-вторых, в отказе от любых форм абсолютизации (классовой, идеологической, политической и т.д.)

в подходе к анализу культурных процессов прошлого и, тем более, настоящего, в решении вопроса взаимодействия культур различных народов; в-третьих, в поддержке (материальной и организационной) этого процесса со стороны государства, особенно на начальном этапе; в-четвертых, в создании механизма распространения и институализации национальных культур, что предполагает развитие системы национального воспитания, расширение сфер функционирования родного языка, поддержку различных видов искусства, деятельности театров, музеев, библиотек. Особенно важно развитие гуманитарного образования (философии, истории, словесности и т.д.), без которого происходит обесмысливание всего того, что было достигнуто предыдущими поколениями, без которого мы теряем свое «я»; в-пятых, в проявлении толерантности к национально-личностным притязаниям, уважении национального достоинства друг друга.

Исторический опыт и нынешняя ситуация в мире актуализирует необходимость гуманистического духовно-практического преобразования социальной действительности. Мы также должны учесть, чтобы поддержать социально-политическую, экономическую целостность и общественное согласие в обществе, прежде всего, необходимо выработать новую, адекватную современным требованиям общественного развития, модель функционирования общественных институтов, в первую очередь, образования, основанных на принципах гуманности и толерантности. Именно через образовательную систему можно воздействовать на процесс формирования жизненных ориентиров молодежи. Система образования и выступает в качестве механизма гуманизации общества, так как именно молодежь выступает как потенциал общественного развития. Морально-нравственное состояние молодежи служит чутким индикатором прогрессивности социума [2, с. 93].

Современная ситуация в социальной сфере перед образовательными учреждениями ставит сложнейшую задачу по конструированию общественных представлений и установок в сознании молодежи. Основу общественных представлений и установок должны составлять гуманность, согласие и терпимость, ценности и идеалы, которые способствуют общегражданской и этнической консолидации казахстанского общества, формированию культуры межэтнических отношений, межнациональной толерантности и ментальной совместимости, так, как только на этой основе возможно преодоление негативных тенденций в духовной и нравственной сфере.

Гуманизация образования, разрешая проблемы соотношения общечеловеческих ценностей и национальных, даст возможность молодому человеку самоидентифицироваться как представителю той или иной национальной культуры, а также сформировать национальное самосознание гражданина.

Образование имеет своей целью не только активное усвоение обучающимися определенного набора знаний и умений, но и целенаправленную подготовку вхождения человека в общественную жизнь, то есть социализацию. Социализация имеет различные виды, среди них особое значение имеет гражданская социализация, призванная сформировать в подрастающем поколении систему гражданских взглядов, гражданскую позицию, гражданское поведение, гражданскую культуру.

В условиях усиления глобализационных процессов школа, колледжи, вузы должны критически осваивать опыт восточного менталитета, т.е, просвещать, воспитывать молодежь в духе духовно-нравственных традиций, богатого культурного наследия народа. Наша страна вобрала в себя элементы культуры Востока и Запада, Европы и Азии, лежит на стыке исторических судеб многих народов, она является поликультурным, многоконфессиональным государством с сильным ядром традиционной культуры казахов. Поэтому Казахстан опирается на национальные образовательные модели, которые соответствовали бы духу и менталитету народа Казахстана. Новая система образования казахстанского общества как важнейшее звено формирования интеллектуальной нации должна быть ориентирована на подготовку креативно мыслящих профессионалов, умеющих свободно перерабатывать постоянно обновляющееся знание и быть новаторами. Важнейшей задачей казахстанского общества становится преодоление отставания в информационной сфере, где в настоящее время сконцентрированы революционные научные и технологические изменения. Ключевым и центральным звеном намеченных преобразований должно стать духовное развитие общества, опирающегося на богатство национальной культуры и истории, в которых закодирован код нации, содержатся его духовные ценности и нравственные нормы, смыслы человеческого бытия [3].

Таким образом, главной сутью духовно-нравственного воспитания в современном Казахстане является процесс формирования целостного, духовно просвещенного человека, который умеет беречь и сохранять окружающую среду, понимать

людей, уважает различные культуры и религии нашей страны, развивая свой собственный национальный образ мира. Такова казахстанская гражданская модель воспитания молодежи.

Данная стратегическая цель духовно-нравственного воспитания граждан достигается путем решения задач по целесообразной переориентации на доминанту духовности вместо рационалистических и прагматических установок массовой культуры; необходимо способствовать формированию гармонии человека и мира, личности и общества, созданию системы национального воспитания молодежи; необходима в современном обществе правильная ориентация в мире ценностей, для этого важно способствовать осознанию взаимозависимости и целостности человечества, обеспечиваемой духовно-нравственным единством.

4 «Унтер-Пришибеев» - баланың қолбасшысы, дәрекі, оңай ашуланатын, баланың тәжірибесіне сенімсіз, баланы физикалық түрде жазалайды. 40

5 «Қатты» – қайшылықты, мазасыз.

6 «Мәңгілік бала» – көңілді және әсерлі, ол баланы ауыртпалықпен, өзін құрбан ретінде қабылдайды.

Бұл типтерді мұздатылған деп қабылдауға болмайды. Олар әдеттегі үрдіс болып табылады.

А. И. Захаров тәрбиенің патогенділігін анықтайтын өкелердің жеке қасиеттерін де сипаттады:

1 Импульсивтілік, психомоторлық тұрақсыздық,

2 Күдік,

3 Байланыстағы тәуелділік, сергектік, сенімсіздік,

4 Гиперсоциализм, қыңырлық, табандылық, педантизммен үйлеседі.

Өзін-өзі бағалаудың нақты деңгейінің жеткіліксіздігі, өз-өзіне күмәндану, қатандық, эгоцентризм – бұл аналар мен өкелерге тән белгілер.

Отандық ғалымдар атап өткен ата-аналардың жеке басының ерекшеліктері отбасындағы тұлғааралық қатынастарда проблемалар туғызатын және жасөспірімнің жеке дамуына айтарлықтай әсер ететін ата-аналардың тиімсіз ұстанымдарын анықтады. Осылайша,

жасөспірімнің невротизациясын (және ғана емес) тудыратын ата-аналық көзқарас пен дұрыс емес тәрбие келесідей көрінеді:

1 Баланы қабылдамау: оның жеке басын, мінезін қабылдамау немесе егер бала қалаусыз болса.

2 Жасөспірімнің жас және жеке даму ерекшеліктерін түсінбеу, яғни ата-аналар баланың мүмкіндіктерін ескермейді және құлықсыздық үшін қателеседі.

3 Ата-аналардың күтуі мен талаптарының баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес келмеуі.

4 Ата-аналардың біркелкі емес қатынасы. Баланың өміріне қызығушылықтың толқындық көрінісі. Гипо- және гиперопеканың ауысуы.

5 Сәйкессіздік. Үнемі өзгеріп отыратын қойылатын талаптар жасөспірімге.

6 Ата-аналардың келісілмеген әрекеттері. Әкем-мақұлдады, анам тыйым салды.

7 Ата-аналардың балаға қатысты икемсіздігі: дұрыс жауап бермеу, проблемаға тап болу.

8 Аффективтілік-тітіркенудің, шыдамсыздықтың артық болуы.

9 Мазасыздық.

10 Доминантность.

11 Гиперсоциалдылық.

12 Түсініксіздік.

Демек, отбасылық қолайсыздықты тудыратын себептер мен факторлардың жиынтығында тұлғааралық қатынастардағы бұзылулар анықталады. Басқаша айтқанда, патогендік фактор-бұл отбасылық психологиялық климат [8, 26 б.].

Сонымен қатар, В.С. Торехтийдің айтуынша, жасөспірімнің психологиялық денсаулығына триангуляция, тепе-теңдік және коалиция сияқты отбасылық қатынастар құбылыстары әсер етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абульханова – Славская, К.А. Стратегия жизни [Текст] / К.А. Абульханова - Славская - М.: Мысль, 1991. - 299 с.

2 Александровский, Ю.А. Глазами психиатра [Электронный ресурс]: Электронный журнал «Психологическая наука и образование». – 2012. № 4.

3 Алешина, Ю.Е. Цикл развития семьи: исследования и проблемы [Текст] / Психология семьи. Хрестоматия: учеб. пособие для

факультетов психологии, социологии, экономики и журналистики. - Самара: Издательский дом «БАХРАХ-М». - 2002.- 356 с.

4 Андреева, Т. В. Семейная психология [Текст] / Алешина Т.В. - СПб.: Речь. - 2004. - 244 с.

5 Анциферова, Л. И. Личность в трудных жизненных условиях: переосмысливание, преобразование ситуаций и психологическая защита [Электронный ресурс]: Электронный журнал «Психологический журнал» 1994. Т. 15. № 1. С. 3-19. Режим доступа к журн.: <http://cyberleninka.ru/article/n/lichnostnye-potentsialy-preodoleniya-zhiznennyh-trudnostey#ixzz41S4yVJXU>

6 Астапов, В. Н. Функциональный подход к изучению состояния тревоги [Текст] / В.Н. Астапов // Психологический журнал, т. 13. – 1992, № 5.- С. 34 – 43.

7 Бодалев, А. А. Личность и общение. [Текст] / А.А. Бодалев. - М.: Междунар. пед. ак.- 1995. - 328 с.

8 Бодалев, А. А. Общая психодиагностика [Текст] / А.А.Бодалев, В.А. Столин - СПб.: Речь. - 2000. - 440 с.

#### АНИМАЛИЗМ ӘДЕБИ ЖАНР РЕТІНДЕ

АРДАХ А.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

АГАЛИЕВА Н. Б.

ф.ғ.к., доцент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ОСПАНОВА Г. К.

Алтынсарин атындағы орта мектеп- бақшасы,

Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы

Анималистік жанр өнер мен әдебиеттегі тарихы терең тақырыптардың бірі. Әлем әдебиетінде әртүрлі дәуірлердегі жазба және ауыз әдебиетінде дамып, сақталып келе жатқан бұл жанрдың тәрбиелік, әдістемелік мәні ерекше. Ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейін өз құндылығын жоғалтпаған бұл шығармалардың әдебиетке берері мол. Жан-жануарлармен бірге ғұмыр кешкен әрбір халық бұл тақырыпты айналып өткен жоқ. Әлем әдебиетіндегі ірі жазушылардың қаламынан табылған туындылар қатарына анималистік жанрдағы шығармаларда кең қамтылған. Бұл жанрдағы шығармалар адаммен аңдардың байланыстарын анықтай келе, жабайы табиғат жануарлары мен үй жануарларының түрлі характерлерін сипаттайды. Анималистік жанр синкретті жанр

ретінде кездеседі. Себебі әр халықтың әдебиетінде, ән-күйінде, биінде, сонымен қатар тотемінде жиі кездеседі. Мысалы түркі тектес халықтардың тотемі «Көк бөрі» болса, үнді халықтарының тотемі «Сиыр, піл» сияқтылар болса, орыс халқының тотемі «Ак аю» сияқты ұғымдар жиі кездеседі.

Сонымен бүгінгі біздің зерттеуіміздегі анималистік жанр деген не? Деген сауалға тоқталар болсақ, анималистік жанр немесе анимализм дегеніміз – (латын тілінен жан-жануар) кескіндемедегі немесе әдебиеттегі жануарлар бейнесі деген мағынаны береді. Жалпы анимализм жанры өнердегі жануарлар әлемін суреттеуге байланысты бағыт ретінде қарастырылады. [1] Жан-жануарлардың адамға берері мол. Тек өнерді ғана емес адамның өмірінен орын алған бұл тіршілік иесі адамзатқа жесе – асы, кесе – киімі болса, бірде ақшасы бірде өнер туындысы ретінде қолданылады. Дүниеде жануарлармен байланысыз дүние аз. Соның ішінде тіл білімінде, әдебиеттегі орны тағы бір ерекше. Бұлай дейтініміз, ежелгі заманнан бастау алатын мифтік шығармаларда кеңінен орын алған бұл жанр бүгінгі күнде өз үлесін атқаруда. Балалар әдебиетіндегі қолданыс аясы кең тақырыптардың бірі осы анималистік жанр. Олай болса мектеп жасындағы балаларға анималистік кейіпкерлерді оқытудың маңызына тоқтала кетейін. Әдебиетте балалардың жас шамасына қарай шығармалардың көлемі де өзгеше болады. Сонысына сай әдебиеттегі кейіпкерлер рөлі де әрқалай болса керек. Балалар әдебиетіндегі ертегілердегі кейіпкерлер қарапайым, балалардың түсініктеріне сай жасалса, орта сынып, жоғары сынып оқушыларының талдайтын шығармалары мен кейіпкерлері өзгеше болады.

Анималистік әдебиет шығармалары көбінесе ауыз әдебиеті соның ішінде балалар әдебиетінде жиі кездеседі. Олай дейтініміз бірнеше факторларға байланысты. Анималистік шығармалардың танымдық қызметінің маңыздылығы, оның рухани-адамгершілік әлеуеті, патриоттықүні, қоршаған ортаны дамыту мен балаларды тәрбиелеу саласында таптырмас құнды дүние. Себебі аңдарды сүю, оларды қастерлеу, және бұл тіршілік иесіне деген жаңаша көз қарас қалыптастырып, олардың тыныш әрі қауіпсіз өмір сүруін бүгіннен қамтамасыз етуді ұғындырады. Бұл тек балалар әдебиетінен басталатын тәрбие. Ал жасөспірімдер әдебиетіндегі аңдар бейнесі кейіптеу яғни жануарларға адами сипатты беру арқылы образға деген танымдық жүйесін кеңейтіп, образдарды оқытуға алып келеді. Бұл тұста көркем шығармалардағы аңдардың образында өзгеше бір ойдың барын түсіндіріп, оқытады. Сонымен қатар тек образдар

жүйесімен ғана шектелмей анималистік фразеологизмдердің мәнін ашып, халық арасында кең тараған тұрақты тіркестер соның ішінде уақыт бірлік өлшемдерін, адами сынға айтылатын тіркестердің қолданылу аясын жоғарлатады.

Адам мен жануарлар арасындағы қарым-қатынастан туындаған шығармалар мағынасы жағынан болсын қарым-қатынасы жағынан болсын барлығы дерлік адамдардың тәрбиелі дамуының ең маңызды бөліктерінің бірі болып табылады. Жалпы адамзат бұл шығармалар арқылы жетілген ынтымақтастық пен қарым-қатынас қажеттілігін көбірек түсінеді жер бетіндегі тіршіліктің барлық түрлерімен өзара әрекеттесудің мәніне жете түсінеді. Фольклорлық шығармаларда кең көрініс тапқан ынтымақтастықтың бұл түрі қазіргі таңдағы адам мен аңдар арасындағы сүйіспеншіліктің куәсі болып отыр.

Фольклор мен көркем әдебиетте жануарлардың бейнелері әрқашан болған, бірақ 20 ғасырда анималистика табиғат әлемі туралы философиялық ойлармен пайымдаулардың өзіндік аренасына жеткен кезде, мотивтердің, сюжеттердің, типтердің ерекше алуандығы анималистік әдебиетке тән деп қарастырылды. Жалпы әлем әдебиетінде анималистік образдың дамып қалыптасуы жануарлар әлемімен және де қоғамдағы түрлі оқиғалар негізінде туып қалыптасқан. Еуропалық анималистік әдебиеттерде адам қолға үйреткен және оның өмірімен қызметін бөлісетін үй жануарларының көптеген бейнелерін аша отырып, жабайы жануарларды сипаттауды, аңға табыну мотивтерін, адаммен жануардың туыстық идеясын, жануарлар туралы бақылаушы және төреші ретіндегі идеялардың негізіндегі шығармалардан кездестіруге болады.

Жануарлар тақырыбы 18 ғасырдағы орыс әдебиетінде өз дамуын тапты. А. Г. Козловтың айтуынша, бұл кезде «жануарлар кейіпкерлері, ең алдымен, аллегориялық фабула бейнелері арқылы бейнеленді». Бұл И. А. Крыловтың, А. П. Сумароков және И. И. Хемницер қаламдарынан туған көркем туындыларда кездеседі. 19 ғасырдағы орыс әдебиетіндегі реализмнің қалыптасуы анималистік тақырыптың дамуына үлкен әсер ете келе реализм адамның табиғат әлемімен, қоғаммен және әдетте өмірмен өзара әрекетін қамтамасыз етті [2]. А. Чеховтың еңбегі анималистиканың дамуына жасалған жақсы шағармалардың жиынтығына жатады. Онда көптеген жануарлар бейнелері бар. Оның осы тақырыптағы ең танымал шығармалары – «Аққасқа» және «Каштанка» болып табылады. XX ғасыр әдебиетіне келер болсақ, шығармаларында хайуандық жан-жақты бейнеленген кейбір жазушылардың есімдері

ерекшеленуі жоспарлануда. М. Булгаковтың шығармаларында да анималистік бейнелер айқын берілген. Жануарлардың бестиарлық фантастикалық бейнелері «Иттің жүрегі», «Өлім жұмыртқалары» және, «Мастермен Маргарита» фильмдерінде кездеседі [3].

Зерттеушілердің айтуынша, анимализм кеңестік әдебиетте әсіресе 60–80 жылдары көрініс тапты. Кеңес жазушылары ауыл өмірінің бір бөлшегі, табиғат шындығының бірі болып табылатын жануарлар бейнесінің дәстүрлі түрлерін сақтап қалды. Мысал ретінде Ш. Айтматовтың «Қошбол, Гүлсары, «Тау мен дала хикаясы» және «Ақкеме», В. Астафьевтің «Патша балықтары», М. Алексеевтің «Карюха», В. Белов «Әдеттегі жұмыс» сияқты шығармаларды келтіруге болады [4]. 1990 жылдары анималистік шығармалар бостандықты орнату және қатаң талаптарды алып тастау мақсатындағы идеяларын жануарлар тақырыбына аздап өзгеріс енгізіп, фантазиямен аллегория элементтерін пайдалану арқылы қоғамдық шындықты жарыққа шығару қажет болды.

Қазіргі әдебиетте анималистикаға деген ықыласпен қызығушылықтың артуы байқалады. Арья Розенхолм өз мақаласында жануарлар тақырыбына қызығушылық «Мәдени бетбұрыстың белгісі, оның белгілерінің бірі адам санасындағы жануардан ерекшелендіретін сенімнің төмендеуіне бейімділік» дегенмен, А. Козлова «бұл қазіргі кезеңде әдеби анималистикаға қызығушылықтың артуы мүмкін себептердің біріғана» деп санайды [5,121 б.].

Қорыта келе, әдебиет тарихындағы ең көне шығармалардың бірі болып саналатын анималистік жанрды әдебиетте оқытудың маңызы зор. Ежелден адамзатпен бірге өмір сүріп келе жатқан жануарлармен тамыры терең байланысты сақтап, мектеп жасындағы балаларға оқытуды ұсыну өте ауқымды жұмыс. Себебі қазіргі таңда жойылу қауіпі мол аңдарды сақтауға, жалпы жан-жануарлардың адам өміріне берер пайдасын, олардың психологиялық ауқымын түсіндіру анималистік әдебиеттің негізгі мақсаты болып отыр. Өрі жануарлар мен адамдар арасындағы ұқсастықты, бірлесіп өмір сүрудегі жаңашылдықты анықтау үшін болашақ ұрпаққа бұл жанрды оқытудың маңызы ерекше.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://kk.m.wikipedia.org/wiki/Анималистика>
- 2 <https://cyberpedia.su/5x481d.html>
- 3 [https://kk.wikisko.ru/wiki/mikhail\\_bulgakov](https://kk.wikisko.ru/wiki/mikhail_bulgakov)

4 <https://clcl.ru/kk/kratkii-pereskaz-car-ryba-astafev-po-glavam-povest-car/>

5 Розенхолм А. «Трагический зверинец»: «животные повествования» и гендер в современной русской культуре // Гендерные исследования. 2005. № 13. С. 119–137.

### ШӘДІ ЖӘНГІРҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

АСЫЛОВА Г. А.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар к. ЖҮСІПОВ Е. Қ.

ғылыми жетекші, қауымд. профессор, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар к.

Шәді Жәңгірұлының өмірі мен шығармашылығы туралы маңызды және мазмұнды материалдар баршылық. Ақынның өмірі мен әдеби мұрасы туралы дереккөздерде «Ол көптеген өлеңдер жазған, 30-ға жуық дастандары бар. Осы шығармаларын көзі тірісінде 18 кітап етіп шығарған» делінеді [1].

Олар: «Төрт дәруіш» (1913, 1914); «Хикаят Қамар-заман» (1914); «Назым чәһар дәруіш» (1913); «Хатымтайдың хикаясы» (1914); «Хикаят Халифа һарон-ар Рашиди» (1914); «Хикаят Орқа-Күлше» (1917); «Қаруынның жер жұтқан оқиғасы» (1917).

Шәді Жәңгірұлының ақындығы жайлы ең алдымен, Сәкен Сейфуллиннің зерттеулерінде айтылған. Шәдінің атын Сәкен алғаш рет өзінің әкесінің аузынан естіген. Бұл туралы жазушы Тәкен Әлімқұлов «Ел мен жер» кітабында жазып кеткен [2].

Қазақтың белгілі ғалымы Бейсенбай Кенжебаевзерттеулерінде Шәді Жәңгірұлының өмірі мен шығармашылығы жөнінде айтылып өтеді [3].

Шәді Жәңгірұлы шығармашылығын Немат Келімбетов кандидаттық диссертациясы аясында зерттеген. Бұл ескішіл ақындар шығармашылығына байланысты көзқарастардың өзгеріп, біршама оң бағытқа бет алып, есімдері белсенді ғылыми айналымға енуіне де жол ашқан істердің бірі болды.

Шайырдың өмірі мен шығармашылығын, Р. Бердібаев, Н. Келімбетов, Ө. Күмісбаев, У. Қалижанұлы сынды ғалымдар да зерттеді.

Шәді ақын тұрғысында Н.Келімбетов былай деді: «...Ол жүз мыңға жуық өлең жазды, оның жетпіс бес мыңы ақынның өмірі кезінде әртүрлі қалаларда басылып шықты». Жарық көрген еңбектердің ішінде он үш кітап бар: Сияр Шәриф, «Назым Чоһар Дәруиш», «Шайхы Барсиса», «Беташар», «Қамар-заман», «Атымтай». «Хәзірет Ескендір». «Тарихи Абылай хан», «Ибраһим Халилуллаһ», «Мұса Перғауын хикаясы», «Ахуал Қиямет» тәрізді тоғыз шығармасының баспаға берілгені айтылады. Ал, Немат Келімбетов шайырдың баспа көрген еңбектері жайында: «Шәді Жәңгіров үлкенді-кішілі он сегіз дастан-поэма, қисса-хикаят, бірсыпыра өлең-жыр жазып, бастырған» деген дәйекті келтірген [4, 18 б.].

Шәді медреседе Ислам пәндері бойынша білім алып, соның негізінде дастандар жазған. Мысалы, медреселерде оқытылатын Мұхаммед пайғамбардың өміріне (Сиярун-наби) «Назым Сияр Шәриф» дастанын жазса, ислами фәлсафаға «Ахуал қиямет» дастанын, шариағат іліміне «Фикһ қайдан» шығармасын, пайғамбарлар өмір тарихына (Қиссасуыләнбия) «Назым Ибраһим Халиолла», «Хазірет Мұса мен Перғауын», «Дәуіт уақытындағы рәйіс» сияқты дастандарын дүниеге әкелген. Осындай діни дастандар жайында М. О. Әуезов: «...Діни өлеңдерін, қиссаларды, көбінің сарыны шеттік болудан басқамазмұндары да түгелімен мұсылман ғылымынан келген көшпелі, қыдырма әңгімелер. Сондықтан оларды тексеріп, ұғынып түсіну үшін, жалғыз ғана қазақ топырағындағы көлеңкесіне қараптон пішу керек емес, әрқайсысын тудырған жағдай мен себепті әуелі шыққан ұясынан бастап ұғыну керек», – деп, Шәді Жәңгірұлының шығармашылығы жайлы дәйектеген [5, 89 б.].

Шәдіні бүкіл Түркі әлемі оқи да түсіне білген, өйткені ол өзінің шығармаларын осы халықтарға ортақ тіл – шағатай тілінде жазған адам. Ол тек қана қазақтың ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтың ақыны әрі мақтаншы болған. Шәді ақын өзінің «Сияр Шәриф» деген дастанында Ислам дінінің негізін қалаған Мұхаммед пайғамбардың бүкіл өмірін (іштегі алты айлық кезінен көрге кіргенге дейінгі) өлеңмен жазған бірінші қазақ ақыны. «Сияр Шәриф» дастаны Шәді ақынды мұсылман елдеріне танытқан шығармасы болған. Ал Шәді осы дастаны арқылы Орта Азия, Қазақстан, Парсышығанағындағы біршама мұсылман халықтарына Мұхаммед пайғамбардың өмір жолын өзінің өлең жолдарымен паш еткен ақын болған.

Ақынның бұл шығарманы жазарда қандай дерекке сүйенгені жайлы Ө. Күмісбаев былай дейді: «Мазмұнына, құрылысына қарағанда Шәді бұл дастанын Абулғазы Бахадурханның «Шежіре-й

түрік» деген кітабының ықпалымен, соған еліктеп жазған сияқты. Сондай-ақ «Тарих-наманы» оқи отырып, Мұхаммед Юсуфтың «Тарихи Муқимханий» (XVIII ғ.), алғашқы нұсқасын Нуриддин Ахунд Мулла Тархад Самарқанди жазған «Тарихи Рақимий», Мунис Хоразимий мен оның жиені Мұхаммадриза Агахий жазған «Фирдавс-уа-иқбал» сияқты күрделі тарихи еңбектермен Ш. Жәңгіровтың жақсы таныс болғанын аңғару қиын емес» [6, 96 б.].

Шәді Жәңгірұлы шығармашылығы жайлы қазіргі кезеңдегі зерттеулерге тоқталатын болсақ, Ж. Әбдіғалпарованың «Шәді Жәңгірұлының діни және тарихи дастандары» деген филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын атап өтуімізге болады. Диссертацияда Шәді Жәңгірұлының өмірі мен шығармашылығына байланысты тарихи-әдеби фактілер анықталған. Ақынның шығармалары идеялық-мазмұндық жағынан жүйеленген. Тарихи шығармалардағы ақынның өзіндік пайымдары талданған. Шайырдың Шыңғысхан мен Абылай ханның шынайы тарихи бейнелерін жасаудағы шығармашылық мәнері қарастырылған [8].

Сонымен қатар филология ғылымдарының кандидаты С. Ергөбектің «Ш. Жәңгірұлының «Назым сияр шариф» шығармасы (жариялануы, зерттелуі, мәтінтанулық мәселелері)» атты мақаласында зерттеуші Шәді Жәңгірұлының күллі мұсылман әлеміндегі дәстүр – Мұхаммед пайғамбардың ақ жолын жырлауды қазақ әдебиетіне алғаш болып әкелгендігін, ақынның Араб әдебиетіндегі сира жанры туындысын қадымша, түркілігі басым кітаби тілмен қисса етіп жырлағаны, шығарма қазақ әдебиетіндегі пайғамбардың өмір жолы туралы жазылған ең көлемді, заманы үшін мол рухани қызмет еткен, ислам діні, пайғамбар өмір жолымен жырарқылы терең таныстырған мазмұнды еңбек болғандығын дәйектейді [9].

Зерттеуші Б. Т. Бораштың «Шәді Жәңгірұлы поэзиясындағы Абылай хан тұлғасы» атты мақаласында Абылай ханның тарихи жетістіктері мен батырлық ерліктерінің Шәді Жәңгірұлы поэзиясында шабытпен жырланғанын атап өтеді. Мақала авторы Абылай ханның тарихи рөлін, оның өмір жолын, саяси қызметін зерттеп, өзінің зерттеулеріндегі Шәді Жәңгірұлы шығармаларының өте таптырмас дерек көз екенін атап өтеді [9].

Аты қалың оқырман қауымға аса таныс емес Шәді ақынның өмірін, шығармаларын зерттеген ғалымдардың еңбектерін зерделей отырып, Шәді Жәңгірұлының есімін,

шығармашылығын қайта жаңғырту, ұрпақтар санасына құю өзіміздің рухани құндылықтарымызды дәріптеу қатарынан орын алады түйеміз.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Боранбаев Ж. Шығыс шайырларының соңы -- Шәді ақын: Тарихи-танымдық басылым / Жарылқасын Боранбаев. - Алматы, «Білім», 2014. - 272 б.
- 2 Әлімқұлов Т. Шығармалары. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2014. ISBN 978-601-03-0202-0Т.7. - 380 б.
- 3 Кенжебаев Б. Алаш туы астында (мақалалар мен зерттеулер) / Құрастырып, баспаға дайындаған академик Р. Нұрғали. - Астана – 2004 ж.
- 4 Келімбетов Н. Шәді ақын. Зерттеу. - Алматы: Жазушы, 1974. – 96 б.
- 5 Әуезов М.
- 6 Шығыс шайырлары. Бес томдық / Өтеген Күмісбаев. – Алматы: РПБК «Дәуір», 2015. ISBN 978-601-217-517-2. -3-том: Терең тамырлар. – 452 б.
- 7 Әбдіғаппарова Ж. Шәді Жәңгірұлының діни және тарихи дастандары. Фил. ғылым... канд. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 156 б.
- 8 Ергөбек С. Ш. Жәңгірұлының «Назым сияр шариф» шығармасы (жариялануы, зерттелуі, мәтінтанулық мәселелері) // А. Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2009. – 20-256б.
- 9 Бораш Б.Т. Шәді Жәңгірұлы поэзиясындағы Абылай хан тұлғасы // Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ХАБАРШЫСЫ ғылыми журналы, 2015. - № 3. – 68-76 бб.

### МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨНЕ ДІНИ АҢЫЗ-ДАСТАНДАР

БАҒЫДАТ Ү.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Ағаш бесіктен жер бесікке дейінгі қазақтың өмір жолы тұнып тұрған дәстүр. Баба жолының осы бір қасиеті көнеден бүгінге жеткен ұлы мирас болса керек. Тұтас ұлттық танымдағы енді бір ерекше атап өтетін дүние қиса-дастандар. Қазақ халық

ауыз әдебиетінің осы бір ерекше жанры дамып, өркендеп бүгінге жеткен. Әдебиетіміздегі алар орны ерекше. Тіпті бүгінге дейін зерделеніп, үлкен зерттеу жұмыстары жүргізілгені ақиқат. Содан да В. М. Жирмунский «Орта Азия халықтарының ауыз әдебиеті, олардың түркі тектес көршілерінің ауыз әдебиетінен бөлек қарауға, тіпті бөліп алуға болмайды» деп тұжырымдаса керек. Оның астарында ауыз әдебиетінің тарам-тарам тамыры мен салалы бұтақтары болған аңыз-дастандар жатыр.

Осы бір аңыз-дастандардың қалыптасуы тым арыда жатыр. Нақтылап айтқанда XIX ғасырдың II жартысында, анығы соңғы ширегінде туған көркем әдебиеттің бір бөлшек жанры. Ол поэзия тілі арқылы өз әлемін қалыптастырып, ары қарай кемелдену жолына түсті. Ол көптеген жанрдан ерекшеленіп өз қағидалары арқылы қалыптасты. Былайша айтқанда қиса-дастандар да біріншіден - сюжетті, оқиғалы, көлемді шығарма болулары, екіншіден, тақырыбы мен сюжеті араб, парсы, түркі тілдерінде жарияланған үлгілерден алынғандықтары, үшіншіден, тілдерінде, әсіресе грамматикалық тұлға тәсілдерінде шағатайлық, ескі қазақтың жазба дәстүр элементтерінің қатысуы болып табылады. Төртінші белгісі ретінде қиса жанрының жазба дүниелер екендігін атауға болады.

Осы қиса-дастандардың ішінде діни бағытта жазылған діни аңыз-дастандарға тоқталмақпыз. Нақтылап айтқанда көрнекті ақын, публицист, этнограф, ағартушы, шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни аңыз-дастандарына үніліп көруді дұрыс деп таптық.

Жалпы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық шеберханасы өте ауқымды. Тынысы кең. Бағыт-бағдарлары тарам-тарам, үңілген сайын үнілуді, тереңдеген сайын тереңдеуді қажет ететін алып айдын. Шет-шегі жоқ көк аспан екені айдан анық.

Ал, сол шығармашылық айдындағы діни аңыз-дастандарының алар орны ерекше. Анықтап айтқанда Мұхаммед пайғамбарға арналған «Хаяитбақшы», «пайғамбардың дүни еден өтуі» дастандары мен «Шонтыбай қажы», «Нүсіпхан», «Жантемір қажы» деректі дастандары өз алдана өзгеше әлем. Біздің білетініміз Қисса-дастандар ауыз және жазба әдебиетке ортақ жанр болғандықтан, ауыз әдебиеті үлгілеріне тән толып жатқан ортақ ерекшеліктері болады. Осы бір ортақ қасиет діни дастандар көрінісінен де анық байқалады.

Діни аңыз-дастандардың қалыптасу мен дамуы қазақ даласына діннің таралуымен байланысты болды. Ежелгі өмір салтының өзгеруі мен діннің орныға бастауы осы бір жанрдың мықтап қалыптасуын



тіпті де бекемдей түсті. Бір білетініміз қаза әдебиетінде немесе қазақ фольклорында болсын діни тақырыптағы қиса-дастандар жүйелі зерттелмегені шындық. Тіпті күні бүгінге дейін тыңғылықты қолға алынбағанын атап өткен дұрыс. Дегенмен мейілінше ізденулер мен зерттеулердің бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Ал, діни қиса дастандарды арнайы зерттеген ғалымдар шоғыры әлемде жетерлік. Олар жөнінде нақты айтатын болсақ, мажар ғалымы Ж. Жиопниский, татар ғалымы Ю. С. Ахметталиевтердің еңбектері көп дүниеге бастайды. Халқымыздың ауыз әдебиеті бағыты бойынша М. Әуезов, А. Байтұрсынұлы, Б. Кенжебаев, З. Ахметов, Ә. Қоңыратбаев, Қ. Өміралиев, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов сынды зерттеушілердің оң пікірін атап айтқан орынды. Кейіндеп осы ақтандақ салада қиса-дастандарды арнаулы зерттеген Б. Әзібаева, М. Әбдуов еңбектері өз алдында ғылымилық биіктігі басым болды десек орынды әрі қателеспейміз.

Бір анығы зерттеуші ғалымдар арасында қиса-дастандар түбі шығыстан шыққаны жайында анық пікір бар. Енді осының қазақ қоғамы арасындағы таралуы туралы бір ізді пікір жоқ. Әр кім өз әлінше, өз зерттеуінше болжамдар жасап жүр. Б.Әзімбаев дастан жанрының қалыптасуына халықтың эпикалық дәстүрінің ықпалы зор болды деген пікір білдірсе, А.Қыраубаева қиса-дастандарды нәзиралық дәстүр өмірге әкелді деген пікірде.

Енді осы қазақтың қиса-дастандарын ғалым Б. Әзібаева классификациясы, типологиясы және ерекшелігі тұрғысынан төрт топқа бөліп қарастырады. Нақтылап айтқанда біріншісі ғашықтық, екіншісі хикаялық, үшіншісі ертегілік, төртіншісі діни дастандар деп қарастырылған.

Біз көбірек тілге тиек етіп отырған діни аңыз-дастандар мазмұндық тұрғысынан қиын әрі өте күрделі. Барлығы толықтай Ислами тақырыпқа арналған десек қате болмайды. Олардың басым көпшілігі мұсылман батырларының асқақ рухын, өлмес бейнесін, ерлік пен батырлыққа толы өмір керуенін жырлайды.

Белгілі ғалым Ә. Қоңыратбаев діни тақырыптағы қиса-дастандар хақында өткір әрі тұжырымдамалы пікір айтады. Айтуынша барлық діни дастандар күрделі желігіе, бөлекше мұсылмандық хикаяларға толы дейді. Атақты Р. Бердібай «...сөз жоқ, діни қағидаларын, тарихын үстірт білген ақын осыншама күрделі түсініктерді сыйғыза алмауы анық» деп діни тақырыптағы қиса-дастандардың ауыр дүние екеніне тоқталады.

Бір айта кететін дүние Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Хабарлары, Тіл, әдебиет сериясының 1994 жылғы № 3 санында Ф. Қ. Жүсіпованың алғысөзімен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Мифраж» хикаясы жайылануын ерекше атауға болады. Өйткені бұл қиса терең мазмұнға құрылған болып, толып жатқан ерекшеліктерімен оқырманға ұнағаны даусыз. Автор қисада:

Әуелі бісмілләда сөзім басы,  
Ғаріптің естісе ағар көзден жасы,  
Мағыражын Ән-хазіретінің тамаша қып,  
Сөйлеген ақын Мәшһүр хикаясы, – деп толғайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің сүйікті кейіпкерлері – Мұхаммед пайғамбардың даналығына, ғалымдығына осындай дәлел келтіреді. Қисада оқиға бірінші жақтан – Расул атынан баяндалады. Жебірейіл әкелген пыраққа мініп, көкке көтерілгенде, кейін солы мен оңынан дауыс естілгенде, пайғамбар қайырылмайды. Алдынан бір келіншек шығып, сапарына бөгет болғысы келеді. Жебірейіл оңынан келген дауысқа қайырылғанда, үмбетінің жұхуд болатындығын, солынан келген үнге мойын бұрғанда, үмбеттерінің наразы болатындығын, ал алдынан шыққан әйелдің – дүние екендігін айтады. Автор Мұхаммедтің осы оқиға арқылы рухының бекемдігін, сабырлылығын танытады.

Ғалым Алма Қыраубайқызы орта ғасырдағы түрік қисадастандарының қазақ әдебиетінде жалғасын табуының тарихи себептерін ашып көрсетті. «Бақырғани кітабындағы» дастандардың Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Шәді Жәңгірұлы, Ақылбек Сабалұлы, Жүсіпбек Шайхисламұлы, Ерімбет Көлдейбекұлы шығармашылықтарына әсер етуі – осы дәуірдегі қазақ халқындағы оянушылықтың бір көрінісі болғанын атап өтеді.

Мәшһүр Жүсіп «Ібіліс шайтан қикасы» дастанында Ібілістің (әзәзілдің) дүниеге келуі, періштелер ханы болып сайлануы, адам баласына басын имегендіктен шайтан атанып, адамды дұрыс жолдан азғыратын, нәпсісін өзіне қаратушы шайтан жолына түскен Ібілістің өмірі туралы баяндалады. Дастанда шайтан іс әрекетімен адамды жаман жолға итермелейді. Жараттың жақсы жаман екі айыр жол, Адамның бір жағы оң, бір жағы сол! Адаспай жақсы жолдан жүрер түзу, Кімде кім болып жүрсе өзіне құл!

Ақынның осы бір діни аңыз дастаны діни-ойшылдың сопылық ілімін терең біліп сезінетінін аңғартады. Осы арада: Сопылық ілімі (жолы) дегеніміз не? – деген сауал тұмақ. Сауалға жауап берер алдында бір ойды ортаға салмақпын: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы діни

– мистик, әрі әулиелікке тірі кезінде ие болғандарының бірі. Және де өмірбаянына көз жүгіртсек, таңқалдыратын, сұрақ тудыратын кезеңдер де аз емес еді. Жоғарыда айтылған ойымды нақтылайтын мысалдар жетерлік.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – негізінен діни ағартушы – басты бағыты діни таным төңірегінен өрбіп жатыр. Осы жерде сұрақ туындайды. Мәшһүр Жүсіп шығармашылығында «дін» мәселелер қандай мақсатпен айтылған еді? Осы сауалға жауап беру үшін, біріншіден, туған жері, тәлім-тәрбие алған ортасы, ұзтаздар туралы мәліметтерге сүйенуіміз керек. Екіншіден, оның танымдық, тәрбиелік негізіне арқауы не болғаны, немесе рухани ізденісінің түбі қайдан нәр алады деген сұрақтар бірінен соң туындайды. Мәшһүр Жүсіп еңбегіндегі діни таным оның әрбір айтар ойына, қозғаған мәселесіне, толғамына тірек қызметін атқаратына дәлелмен айтатын болсақ, Мәшһүрдің дүниетанымы мен философиясының негізгі қайнары ислам философиясы және шығармашылығының қайнар нәрі Құран-кәрім, хадис, шариат. Оның діни философиясында Алла, нәпсі, инсани-камил, ақиқат, фана, о дүние, жұмақ, тозақ, күнә, пенде, періште, ғашықтық, махаббат, әулие, шариат, сопылық т.б. ұғымдар негізгі өзекті құрайды. Мәшһүрдің діни- философиялық көзқарастарының түпкі тамыры – Алла тағала, оның расулы Мұхамед (с.ғ.с.) Мәшһүрдің дүниенің жаратылуы, ғарыш, ислам және жер денелері, адам қалай жаратылғаны туралы ойларын «Жер мен Көк» (1894) қисасында былай баяндаған: Екі күн-жер, екі күн көк жаратты, Төрт күнде бір-біріне жұп жаратты. Бір сағатта қылуға күдіреті бар, «Пендеме ғибрат болсын!» – деп жаратты.

Қорыта келгенде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни танымының тағы бір қайнар көзі діни аңыз-дастандары. Өйткені қазақ халқының ауыз-әдебиетіндегі діни аңыз-дастандардың жанр ретінде қалыптасуы белгілі бір кезеңді басып өтіп, осы бір тұлғалар кезеңінде мейілінше өркендеді. Сол арқылы діни танымы мен көзқарасынхалыққа жеткізіп отырды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жүсіпов Е.Қ. Мәшһүр-Жүсіп және Шығыс руханияты / Е. Қ. Жүсіпов. – Алматы: Алаш, 2005. – 185б.
- 2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2003. – 436 б.
- 3 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 2 том. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2003. – 384 б

4 Әділова А. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы. филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2009. – 235 б.

5 Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы. – Алматы, ТОО «Триумф «Т». – 2007. – 149 б.

6 Сейіт Кенжахметұлының «Қазақ халқының салт-дәстүрлері»

## ИРРАЦИОНАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕР МЕН ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУ ӘДІСТЕМЕСІ

БАЙМУРАТ Ж.

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.,  
математика пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған  
мамандандырылған гимназиясы, Ақсу қ.

Тендеулер ұғымымен оқушылар төменгі сыныптардан таныс. Бүтін коэффициентті алгебралық, бөлшек рационал, қарапайым тригонометриялық және иррационал тендеулер мен теңсіздіктерді шешу көп қиындық тудырмайды. Ал тендеулер түбірлерінің рационал не иррационал болатындығын, олардың коэффициенттеріне байланысты тендеудің түбірлері бар не жоғын анықтау, тендеу шешімін табу үшін оның анықталу облысын ескере отырып түрлендіру оқушылар үшін біршама қиындықтар тудыратындығы белгілі.

Анықтама. Бір немесе бірнеше айнымалысы бар екі өрнектің теңдігін тендеу деп атайды.

Бір айнымалысы бар тендеуді жалпы  $f(x) = g(x)$  түрінде жазады, мұндағы,  $f(x)$   $g(x) - x$  айнымалысы бар функциялар.

Айнымалы  $x$  - тің тендеуді тура санды теңдікке айналдыратын мәндерін тендеудің түбірі немесе шешімі деп атайды. Тендеуді шешу дегеніміз оның барлық түбірлерін табу, немесе түбірлері жоқ екенін дәлелдеу. [6, 186б]

*Анықтама:*  $f(x) = g(x)$  тендеуі иррационал тендеу деп аталады, егер  $f(x)$  және  $g(x)$  функцияларының кем дегенде біреуі түбір астында тұратын немесе бөлшектік дәрежеге алынып тұрған айнымалыдан тұрады немесе белгісізі, яғни айнымалы шамасы радикал таңбасының астында болатын тендеу

Иррационал тендеулерді шешудің негізгі әдістеріне:

- тендеудің екі жақ бөлігін де бірдей дәрежеге дәрежелееу;
- жаңа айнымалы енгізу;

– теңдеудің екі жақ бөлігін де нөлге тең емес бір ғана функцияға (өрнекке) көбейту;  
 – теңдеудегі функциялардың қасиеттерін пайдалану;  
 – әр түрлі жасанды әдістерін қолдану;  
 – құрамында екінші дәрежелі бірнеше түбірлері бар теңдеулерді шешу.

Иррационалдық теңдеуді шешудің негізгі идеясы оның рационалды алгебралық теңдеуге берген мәліметінен тұрады, ол бастапқы иррационалдық теңдеуге тең немесе оның салдары болып табылады. Иррационалдық теңдеулерді тепе-тең өту әдісімен шешкен кезде жүйе белгісін нақты білу қажет. Жазудың үлкендігі, жүйенің әр түрлі белгілері мен жиынтықтары жиі қателерге әкеледі. Алайда, тепе-тең өту реті, тексеруді талап етпейтін, сөздік сипаттамасыз нақты логикалық жазба осы тәсілдің даусыз артықшылықтары болып табылады [1, 169 б.].

Иррационалды теңдеулер мен теңсіздіктер тек квадрат түбір астында ғана емес, айнымалылары кез-келген дәрежелі түбірдің астында болуы мүмкін.

Иррационал теңдеулерді шешуге қойылатын талаптар:

– теңдеуде кездесетін жүйе дәрежелі түбірлер арифметикалық түбірлер деп аталады;  
 – егер түбірлердің құрамындағы өрнек теріс болса, онда түбірдің ешқандай мағынасы жоқ;  
 – егер түбірдің астындағы өрнек нөлге тең болса, онда түбір нөлге тең болады;  
 – егер түбірдің астындағы өрнек оң болса, онда түбірдің мәні де оң болады;  
 – теңдеуде кездесетін тақ дәрежелі түбірлердің мәні түбір астында өрнектің кез-келген нақты мәнінде табылады;  
 – егер түбір астындағы өрнек нөлге тең болса, онда түбірдің мәні де нөл болады;  
 – егер түбір астындағы өрнек теріс болса, түбірдің мәні де теріс болады. Егер түбір астындағы өрнек оң болса, онда түбірдің мәні де оң болады.

**1-мысал:** Теңдеуді шешу керек: [9, 225б]

$$2x^2 - 5\sqrt{2x^2 + 3x + 9} + 3x + 3 = 0$$

**Шешуі:**  $2x^2 + 3x + 3 - 5\sqrt{2x^2 + 3x + 9} = 0$ ,  $\sqrt{2x^2 + 3x + 9} = y$ ,  $y \geq 0$  деп белгілейміз.

С он да  $2x^2 + 3x + 9 = y^2$  ж ә н е  $2x^2 + 3x + 3 = y^2 - 6$ .  
 $y^2 - 5y - 6 = 0$ ;  $\begin{cases} y = 6 \\ y = -1 \end{cases}$ .  $y$  - тің мәнін белгілеуге апарып қоямыз.

$$\sqrt{2x^2 + 3x + 9} = 6 \Leftrightarrow 2x^2 + 3x + 9 = 36;$$

$$2x^2 + 3x - 27 = 0; \begin{cases} x = 3 \\ x = -4,5 \end{cases}$$

**Жауабы:**  $x = 3, x = -4,5$

**2-мысал:**  $x\sqrt{1+x} + \sqrt{3-x} = 2\sqrt{1+x^2}$  теңдеуін қарастырайық.

Ол үшін  $\vec{a}(x,1), \vec{b}(\sqrt{1+x}, \sqrt{3-x})$  векторларын енгізейік.

Енді осы векторлардың скаляр көбейтіндісі мен модульдарының көбейтіндісін табайық:

$$\vec{a}\vec{b} = x\sqrt{1+x} + \sqrt{3-x}, |\vec{a}||\vec{b}| = 2\sqrt{1+x^2}.$$

Бұл көбейтінділер тең болғандықтан  $\vec{a}, \vec{b}$  векторлары коллинеар болады. Коллинеар векторлардың координаторлары пропорционал болғандықтан  $\frac{x}{\sqrt{1+x}} = \frac{1}{\sqrt{3-x}}$  шарты орындалады.

Бұл шартты ықшамдағаннан кейін  $x^3 - 3x^2 + x + 1 = 0$  теңдеуіне келеміз. Егер теңдеудің түбірлері мынадай:  $x_1 = 1, x_2 = 1 + \sqrt{2}, x_3 = 1 - \sqrt{2}$ .

Соңғы түбір теңдеуді қанағаттандырмайтын болғандықтан теңдеудің екі шешімі болады:  $x_1 = 1, x_2 = 1 + \sqrt{2}$ .

Иррационал теңдеуді векторлық әдіспен шешу бұрын шыққан ғылым – әдістемелік әдебиет беттерінде көрініс таппаған, аса сирек қолданылатын қазіргі кезеңде пайда болған тың әдістердің бірі деп санаймыз.

Бұл әдіспен есептер шығару векторлардың коллинеарлығына, кеңістіктегі компланарлығына, яғни олардың сәйкес координаттарының пропорционал болатындығына негізделген.

Векторлық әдіспен есеп шығарудағы артықшылық бұл әдіспен шешуі қиын кейбір есептер шешу аса тиімді, екінші артықшылығы бұл оқушылардың алған білімдерін пысықтауға көмегін тигізеді.

*Анықтама:* Айнымалысы түбір таңбасы астында болатын теңсіздіктер иррационал теңсіздіктер деп аталады.

Иррационал теңсіздікті оған мәндес рационал теңсіздіктер жүйесіне немесе рационал теңсіздіктер жүйелерінің жиынтығына келтіру әдісі иррационал теңсіздікті шешудің негізгі әдісі болып табылады. Сондықтан иррационал теңсіздіктерді шешу барысында иррационал теңдеулерді шешудегі тәсілдер пайдаланылады:

- теңсіздіктің екі жақ бөлігін де бірдей натурал дәрежеге шығару;
- жаңа (көмекші) айнымалы енгізу;
- теңсіздіктің екі жақ бөлігіндегі функциялардың қасиеттерін пайдалану және т.б.

Иррационал теңсіздіктерді шешуді іске асыру үшін келесі жоспарды ұстануға болады:

- берілген теңсіздіктің анықталу облысын табу;
- мәндес теңсіздіктер туралы теоремаларды теңсіздіктерді шешуде басшылыққа алу;
- табылған шешімдерден теңсіздіктің анықталу облысына жататын айнымалының мәндерін таңдап алу.

Иррационал теңсіздіктерді шешуге қойылатын **талаптар**:

- теңсіздіктің екі жағын да дәрежелену арқылы иррационалдық теңсіздіктерді рационалдық теңсіздіктерге айналдыр;
- иррационалды теңсіздіктерді шешу кезінде келесі қағидалар басшылыққа алынады, яғни) дәрежеленген теңсіздіктің дәрежесінен құтылған кезде ол бастапқы берілген теңсіздікке тең болуы керек;
- ә) егер теңсіздіктің екі жағын да жұп дәрежеге көтергенде, тек бастапқы теңсіздік теріс болмаса ғана ол бастапқысымен тең болады.

Иррационал теңсіздіктерді шешу барысында қате жіберіп алмас үшін алдымен теңсіздіктің мүмкін мәндерінің облысын яғни анықталу облысын тауып алу керек. Содан кейін осы анықталу облыста мәндес теңсіздіктер жүйесіне көше беруге болады.


Иррационал теңсіздіктің шешімін кейбір түрлендірулер арқылы оларды рационал теңсіздіктер немесе теңсіздіктер жүйесі мәндестігіне ауыстырады. Бұл түрлендіру қарастырған айнымалыларды ауыстыру және көбейткіштерге жіктеу және де теңсіздіктің екі жағында бір дәрежеге шығару болып табылады. Бөгде шешім шықпауын қадағалау керек [2, 142 б.].

1 – мысал: Теңсіздікті шешіңіз:  $(x-1)\sqrt{x^2-x-2} \geq 0$

Шешуі:

Көбейтіндісі теріс емес болады, егер көбейтінділер бір таңбалы болса.

$$\begin{cases} x-1 \geq 0 \\ x^2-x-2 \geq 0 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x \geq 1 \\ (x-2)(x+1) \geq 0 \end{cases}$$



**2-мысал.** Теңсіздікті шешіңіз: [5,309б]

$$\sqrt{(x-3)(2-x)} < \sqrt{4x^2+12x+11}$$

**Шешуі:**

$$\begin{cases} (x-3)(2-x) < 4x^2+12x+11 \\ (x-3)(2-x) \geq 0 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} 5x^2+7x+17 > 0 \\ (x-3)(x-2) \leq 0 \end{cases}$$

$5x^2+7x+17 > 0$  теңсіздігі  $x$  – тің барлық нақты мәндерінде дұрыс. Екінші теңсіздікті шешу жеткілікті:  $(x-3)(x-2) \leq 0$



**Жауабы:** [2;3]

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 А. Қ. Алпысов, Б. Қ. Мұқанова, Ш. М. Жұмагелдинова: «Есептерді шығару практикумы» оқу құралы. – Павлодар: ПМПИ, 2016. – 220 б.

2 А.Қ.Алпысов Математика: Теңдеулер мен теңсіздіктер. Оқу әдістемелік құрал. – Павлодар: ПМПИ, 2013. – 187 б.

3 А.Н.Колмогоров, А.М.Абрамов, Б.Е.Вейц, О.С.Ивашев – Мусатов, Б.М.Иблев, С.И.Шварцбург: «Алгебра және анализ бастамалары» орта мектептің 9 – 10 – кластарына арналған оқу құралы. – Алматы: «Мектеп», 1988. – 365 б.

4 Жолымбаев О.М., Берікханова Г.Е. Математика (оқу құралы) Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, 2004. – 384 б.

5 А.Н.Колмогоров, А.М.Абрамов, Б.Е.Вейц, О.С.Ивашев – Мусатов, Б.М.Иблев, С.И.Шварцбург: «Алгебра және анализ бастамалары» орта мектептің 9 – 10 – кластарына арналған оқу құралы. – Алматы: «Мектеп», 1988. – 365 б.

6 Е.Ж.Айдос, Т.О.Балықбаев Жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған математика. Оқу құралы. – ЖШС РПБК «Дәуір». Алматы, 2006. – 464 б.

7 Базаров Е.М. Математика: талапкерге арналған оқу құралы/ - Алматы: Астана – кітап, 2013. – 329 б.

8 Төлегенов Ө. Математиканың бастауыш курсының теориялық негіздері: Оқулық/Ө.Төлегенов. 3 – басылым, толықт., өнд. – Астана: Фолиант, 2016. – 296 б.

9 Жолымбаев О.М., Берікханова Г.Е. Математика(оқу құралы) Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, 2004. – 384 б.

10 Потапов М.К., Александров В.В., Пасиченко П.И. Алгебра және элементар функциялар анализі: - Алматы: Ана тілі, 1992. – 244 б.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ БАҒЫТЫ МЕН ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

БӘКІБАЙ Т. Қ.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Қазақ тілі сөздік қорының шексіздігінің негізгі байлығы болып табылады. Ол байлықтың бүгінгі таңда қалай жиналғанын, сан қилы сөздің қыр-сырын, олардың түп төркінінің қайдан бастау алғанын, яғни лексикалық қордың жасалуын жүйелі қарастыру тіл зерттеушілері үшін қашан да болсын күн тәртібінде тұрады.

Жаңа сөздің жасалуының бір амалы болып табылатын сөзжасамдық жұрнақ сөз құрамында қолданылады. Алсөз де, жұрнақ та, сөз құрамы да – морфология нысаны.

А. Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басында өзінің «Тіл – құрал» атты еңбегінде қазақ тілінің түркі тілінің бір тарауы екенін, сөз құрамындағы түбір сөздердің аяғына жалғау жалғануы арқылы сөздердің сыртқы тұлғасы ғана өзгеріп қана қоймай, ішкі мағынасының өзгеріске ұшырап, сөздік қордың молая түсетіндігін көрсетеді. Сондай-ақ ғалым қосымшаның сөз емес, сөзге жалғанатын буынекенін, өз алдына мағынасы жоқтығын, не себептен «қосымшалар» деп аталатынын түсіндіреді [1, 83 б.].

Бұл мәселе Қ.Жұбанұлының еңбегінде өзіндік жалғасын табады. Ол «Қазақ тілінің грамматикасы» еңбегінде сөздің қосымша бөлшегінің түбірі бар сөзге қосылмай тұра алмайтындығымен қоса, оңаша қалпында пайдаға аспайтындығын айтқан: «Сөздің түбірі оңаша тұрмай, қосымша қосып алып тұрса, қосымшалы сөз дейміз» – дейді [2, 48 б.].

Құдайберген Жұбанұлы сондай-ақ қосымшалардың барлығы дерлік тілге турасынан біте салмағандығын, шығу тарихын, пайда болуын да сипаттайды. Ғалым түбір сөздердің уақыт өте келе өзгеріске түсуінен қосымшаға айналғанын мысалдармен дәлелдейді: оқушы-мын, оқушы-сын, оқушы-мыз, оқушы-сыз дегендегі -мын қосымшасы -мен деген түбірден, -сыз қосымшасының -сіз деген түбірден біртіндеп өзгерген. Мәселен: «мен» жіктеу есімдігінен жасалған -мын қосымшасы қысқарып, тек «м» деген бір дыбыс болып қалды: «барамын –барам» деп айту бар. Осыған қарағанда -м қосымшасы «мен» деген түбірден жасалған деуге негіз бар [2, 53 б.].

Қ. Жұбанұлы қосымшаны жалғау және үстеу деп жіктеп, түбір сөзге жалғау қосылса, жалғаулы сөз, үстеу қосылса үстеулі сөз болатындығын көрсетеді. Бір сөзді басқа сөзбен қиындастыру үшін жалғанатын қосымша жалғау болса, сөздің түп мағынасына үстеме мағына қосатын қосымшаның үстеу екендігін мысалдармен дәлелдей түседі [2, 48 б.].


Анар Салқынбай 2008 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» атты ЖОО студенттері мен магистранттарына арналған оқу құралында қосымшаның жеке тұрғандағы лексикалық мағынасы болмағанымен, тілдік құрылымда маңызды рөл атқаратындығын, тілдің даму сатысында өздерінің түп төркінін сақтай отырып, бірте-бірте мағынасызданып сөз бен сөздің арасын байланыстыру, сөз мағынасын өзгерту, түрлендіру қызметінде жұмсалып кеткендіктен, мұндай тұлғаларсыз лебіз жүйесінде ойды жеткізу мүмкін еместігін атап өтеді [4, 189 б.].

Лингвистика саласының дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі Сейілбек Исаев қосымшалардың грамматикалық мәні мен қызметі жағынан басты қасиеттерін, өзіндік белгілерін, семантикалық сипатын анықтап талдау жүргізе отырып, ең алдымен морфема тұрғысындағы негізгі ерекшеліктерін тану арқылы тілдің грамматикалық категориясынан асатындығын айқындап, түрлерін нақты анықтаған [6].

Қосымшалардың көп қырларының ашылмағандығын, қызметтік мүмкіндіктерінің жете тексерістен өте қоймағанын, жіті зерттеліп

қарастырылмағандығын айтып, бір кездері профессор М.Балақаев қосымшаларды зерттеуді қолға алу маңызын атап өткен. Ғалым осы турасында: «Егер біз әрбір жеке қосымшаны... бақайшағына шейін шағып тексерсек, олардың өзіне тән толып жатқан өзгешеліктері анықталып, заңдылық мөлшері айқындалар еді де, оларға қатысы бар басқа тіл фактілерінің беті ашылар еді» [3].

Қосымшалардың түрлеріне қатысты А. Байтұрсынұлы бойынша қосымша (жалғау) екі түрлі. Оның біріншісі жалғанған сөздің тұлғасын өзгертсе, екіншісі жалғанған сөзінің тұлғасымен қоса мағынасын да өзгеріске алып келеді. Тұлғалық жағының өзгеріске ұшырауына байланысты алғашқысын *тысқарғы* немесе *тікелей жалғау*, кейінгісінің мағына мен тұлғасын өзгертуіне қарай *ішкергі жалғау* немесе *тікелей жұрнақ* деп атаған [1, 83 б.]. Екі түрлі жалғаудың тысқарғысы сөйлеген кезде, жазғанда сөздерді біріне-бірі қиындастырып тізу үшін қажет болса, ішкергісі бір мағыналы сөзден келесі бір мағыналы сөз шығарып, сөзден-сөз тудырып, тілдік қордың байып, көбеюі үшін қажет. Ішкергі жалғаудың (жұрнақ) бірсыпырасы бірінші жылдық «Тіл – құралда» сөз тұлғасын зерттеу барысында қарастырылса, тысқарғы жалғау туралы екінші «Тіл – құралда» сөз болады. А. Байтұрсынұлының қосымшалар жіктемесін беруі:



Сурет 1 – Ахмет Байтұрсынұлы бойынша жалғаулар классификациясы

Қазақ тіліндегі қосымшаның барлығы дерлік түбірдің соңынан ғана жалғанады. Егер де үстеу (жұрнақ) мен жалғаудың түбірге екеуі де жалғанатын болса, үстеу жалғаудан бұрын келіп, кейіннен жалғау келеді. Жалғау сөздің құрамында біреу ғана болады да, үсті-үстіне жалғау жалғана бермейді. Ал жұрнақ болса бірінен кейін бірі жалғана береді. Жұрнақ саны қанша ұшырасса да, түбір мен жалғаудың екі аралығында ғана кездеседі де, жалғаудан кейін келмейді. Жалғауымыз түбірге де, жұрнаққа да жалғанады.

А. Салқынбай қазақ тіл білімінде қосымшаларды топтарға бөлу жайында қарастыруда үш көзқарас орныққандығын атап өтеді:

1) А. Ысқақовтың жіктеуі: жалғаулар, жұрнақтар, қосалқы сөздер; жұрнақтардың сөз тудырушы және сөз түрлендіруші болып жіктелуі;

2) Н. Оралбайдың ғылыми тұжырымы бойынша қосымша: грамматикалық мағыналы қосымшалар, сөзжасамдық қосымшалар болып бөлінеді. Ал грамматикалық мағына беретін қосымшаларға жалғаулар және грамматикалық жұрнақтар енгізіледі.

3) Ы. Маманов, С. Исаев, Қ. Шаяхметовтердің пайымдауына, қосымшалар сөз тудырушы және форма тудырушы деп бөлінеді де, форма тудырушы қосымшалар жалғаулар мен жұрнақтарға ажыратылып, өзіндік ерекшеліктері талданады.

Қазақ тілі, қазақ тілімен туыстас барлық түркі тектес тілдері жалғамалы тіл болғандықтан, қосымшалар сөз құрамында айрықша едәуір қызмет атқарады. Жалғамалы тіл деп отырғанымыз – сөздің аяғына жалғау жалғанып өзгеріске түсетін тіл. Қазақ тілінде сөз құрамы түбір морфема мен қосымша морфемалардан тұрады. Түбір сөздерге алуан түрлі қосымшалардың қосылуы арқылы мағынасында, сыртқы формасында өзгеріс болғанымен, оған ілескен қосымша негізгі сөздің бастапқы тұлғасын, формасын қандай да бір өзгеріске ұшыратпайды. Мысалы: Суретшілер суретті салды десек, негізгі түбірлі сөзіміз – сурет, сал болады да, оған жалғасқан –шілер, -ті, -ы тәрізділері – қосымша. Осындай жаңа мағыналы сөздерді тудыратын не болмаса сөзбен сөзді өзара байланысқа түсіретін морфемалар қосымша деп аталады. Мұндағы морфема деп отырғанымыз – Ә. Төлеуовтің 1973 жылғы «Қазақ тіліндегі есім сөздердің жасалуы» атты еңбегіндегі бөлшектеуге келетін сөз мағынасының әрбір бөлшегі [5, 4 б.]. Ғалым ұсынып отырған кітапшасында сөз тудырудағы қосымша мәлесесін көтеру арқылы қазақ тіліндегі есім сөздердің жасалу жолдары тәсілін қарастырған.

Ахмеді Ысқақов 1991 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» атты филология факультеттері студенттеріне арналған оқулығындағы қосымшалар классификациясына назар аударатын болсақ, қосымшалар категориясын әуелі жалғау категориясы және де жұрнақ категориясы деп жіктеп, жалғауларды іштей көптік жалғау, тәуелдік жалғау, септік жалғау, жіктік жалғау категориялары деп бөлген. Жұрнақтарды сөз тудыратын және сөз түрлендіретін категорияларға, одан келе жеке сөз таптарына тели бөліп, олардың өзара сипатын, жіктерін ашқан. Ғалым сондай-ақ

қосымша морфемаға қосалқы сөздерді де жатқызады. Аталған қосымшалардың ішінде жұрнақтар деп аталатын түрі жалаң сөздерді жасау үшін қолданылса, қосалқы деген түрі сөз тіркесі мен құранды сөздерді жасау үшін қолданылады. Жұрнақтар мен қосалқы сөздер арқылы жасалған жалаң және күрделі сөздерді бір-бірімен байланысқа түсіру үшін жалғаулар қолданылады [7, 25 б.].

Қосымшалар арқылы сөз жасау тәсілдерінің кейбірін Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің шығармаларынан кездестіреміз. Мәшһүр-Жүсіп: Түзетер шебер жамап қалған сөзін – деген өлең жолындағы зат есім мағынасындағы сөзді – леп жұрнағы арқылы түрлендіріп өзге сөз табынан (адвербиалдану) жаңа үстеулі сөз жасайды: Шеберлеп келтіре алмай жатыр тілім. Мәшһүр-Жүсіп өз туындыларында -ыс, -ын (сауын-салық), -ым (сауым-уақыт) қосымшалары арқылы мөлшер, мезгіл үстеулерін жасаған.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қазақ тіл біліміндегі қосымшалардың зерттелу бағыты мен теориялық негіздерінің қарастырылуы ерте замандардан басталса да, әлі де тың зерттеулерді қажет ететіндігін байқадық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. –3-т. Тіл –кұрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы: «Алаш».2005. –352 б.
- 2 Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері /Құраст. : Ғ.Әнес. –Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. –640 б.
- 3 Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. –Алматы, 1991. –19-б.
- 4 Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі: Оқу құралы. –Алматы: Қазақ университеті, 2008. –340б.
- 5 Төлеуов Ә. Қазақ тіліндегі есім сөздердің жасалуы. –Алматы: Мектеп,1973. –100 б.
- 6 Исаев С.Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ. Әнес және проф. Н.С. Исаева. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 бет.
- 7 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. –2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. –Алматы: Ана тілі, 1991. –384 бет.
- 8 Тұрышев А.Қ. «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы метрологиялық терминдер»: Монография. – 4 том. – Павлодар : Кереку, 2008. – 112 б.

## ҚОС ИІНДІ ШТАНГАЛЫ ПІСПЕКТІ ҚОНДЫРҒЫНЫҢ ТҮРЛЕНДІРУШІ МЕХАНИЗМІНІҢ КИНЕМАТИКАСЫ МЕН ТЕҢГЕРІЛУІН ЕСЕПТЕУ

БОРАНБАЙ А. А.


магистрант, Satbayev University, Алматы қ.

ЖАНКЕЛДІ Ә. Ж.

ғылыми жетекші, PhD, ассистент-профессор, Satbayev University, Алматы қ.

Бұл мақалада штангалы піспекті қондырғының түрлендіруші механизмнің кинематикалық талдауы жасалады. Механизмнің теңгеруші моменттің мүмкін орынауыстырулар принципі бойынша анықталған жылдамдықтар арқылы табамыз. Мұнай сорғы механизмдерінде бұлғақ пен айналшақ қос-иінге жалғанғануы, бізге механизмді айналшақты-бұлғақты механизм ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Кинематикалық схеманы графикалық жолмен немесе тригонометриялық түрлендіру арқылы анықтаймыз. Механизмнің теңгерілуін кинематикалық талдау нәтижесі арқылы зерттейміз.

Қазіргі таңда тербелмелі білдектің түрлендіруші механизмнің кинематикалық талдауында үш тәсіл қолданылады. Бұл әдістер арқылы, қондырғының  $D$  иілу нүктесінің орын ауыстыруын, жылдамдығын және басқа да механизмнің өзгеру заңдылықтарын есептеуге болады (Сурет 1).



Сурет 1 – Түрлендіруші механизмнің кинематикалық схемасы.

Тербелмелі білдектің түрлендіруші механизмдерін айналшақты-бұлғақты механизмдер деп қарастырылады:


$$\frac{r}{l} = 0; \frac{r}{k} = 0$$

Демек,  $D$  штангаларын ілу нүктелері айналшақты-бұлғақты механизм теориясының көмегімен анықтауға болады.

Штангалардың ілу нүктесіндегі орын ауыстыруын, жылдамдығын және үдеуін графикалық жолмен немесе нақты тәуелділік заң бойынша өзгеруін тригонометриялық түрлендіру арқылы анықтауға болады. Графикалық жол – механизмдердің орынауыстыру планы, жылдамдықтар планы және айналшақтың түрлі бұрышына сәйкес үдеулер планы арқылы табылады.

Қажетті заңдылықтар орнатып, кинематикалық схемаларды талдаймыз.  $S_B$  жолымен және  $B_1B$  қимасының мәндері айналманың  $\varphi$  бұрышына бұрылған  $B$  нүктесімен қоса құрылған сегментіне тең болады.  $A$  нүктесін вертикаль  $B_1O$ -ға жобалап,  $B_1B = OB_1 - OB$ , бұл жердегі  $OB_1 = r + l$  ал  $OB = Oa + aB$ .  $Oa$  мен  $aB$  ұзындықтары  $BaA$  және  $OaA$  үшбұрыштары арқылы табылады:  $Ba = l \cos \beta$ ,  $Oa = r \cos \varphi$  (Сурет 2).

$A$  - ның мәні паралель емес  $B_1O$ -дің эмпирикалық мәніне тікелей,  $B_1B = OB_1 - OB$  осыдан  $OB_1 = r + l$  бұдан есептеу нәтижесіне  $OB = Oa + aB$ .  $Oa$  және сонымен қоса  $Ba$  өлшемдері  $BaA$  мен  $OaA$  қосылған үш түзуліктер арқылы келесі есептеу нәтижелерін аламыз:  $Ba = l \cos \beta$ ,  $Oa = r \cos \varphi$  (Сурет 2).



Сурет 2 – Кинематикалық схема және жылдамдықтар планы

Сонда:

$$S_B = r + l - (l \cos \beta + r \cos \varphi) = r(1 - \cos \varphi) + l(1 - \cos \beta)$$

Синустар теоремасы бойынша  $OAB$  үшбұрышы үшін:

$$r / \sin \beta = l / \sin \varphi$$

бұл жердегі

$$\sin \beta = (r/l) \sin \varphi$$

Орнына қойғанда:

$$\cos \beta = \sqrt{1 - (r/l)^2 \sin^2 \varphi} \approx 1 - 0,5(r/l)^2 \sin^2 \varphi.$$

Егер  $\varphi = \omega t$  мәнін бастапқы формула мәніне алмастыратын болсақ:

$$S_B = r(1 - \cos \omega t) + (r^2 / 2l) \sin^2 \omega t.$$



$D$  нүктесін  $k/k_1$  иіндерінің қатынасындағы  $B$  нүктесінің қозғалысы арқылы таба аламыз:

$$S_D = \frac{k_1}{k} r [(1 - \cos \omega t) + (r/2l) \sin^2 \omega t]$$

Табылған формуланы дифференциалдау арқылы  $D$  нүктесінің жылдамдығының мәдерін келесідей өрнекпен жазға болады:

$$V_D = \frac{k_1}{k} \omega r [\sin \omega t + (r/2l) \sin 2\omega t]$$

Айналмалы білдектің өзгергіш бөлімінің есебінен теңестіргіш жүктің массасының айналмалы бойындағы өзгергіштік біліктердегі теңестіргіш мезгілдерінің төменгі шектік өлшемдерін қамту үшін шешіледі. Жұмыс кезінде айналманың бөлшегіндегі айналдыру өзгерістерінің сәйкес келетін екі шектің сәндерін салыстырып көру, яғни эмпирика жолымен есептеліп іске асырылады.

Бірінші жақындау кезінде, айналшақтардың айналушы ось салмақтары ортадан теңгеретін массаның арасы келесі формуламен жазылады:

$$OL = H_E (P_J + P_T) / (4 \cdot G_T)$$

Мұндағы  $P_T$  – жоғарғы нүктедегі жүктеме,  $P_T$  – төменгі нүктедегі жүктеме,  $H_E$  – штангалар бағаналарының жүрісінің ұзындығы,  $G_T$  – барлық теңгеруші салмақтардың қосындысы.

Еркіндік дәрежесі бірге тең болатын механизмдер жағдайында мүмкін орынауысу ережесі қолданылады:

$$\sum \delta \dot{A} = 0 \quad \sum N_i = 0$$

Мұнай сорғыларының механизмдеріне әсер ететін ауырлық күштері мен жүктемелер:

$$G_1 = 2G_{\text{аин}}, G_{\text{аин}} - \text{айналшақ массасы}$$

$$G_{21} = 2G_{\text{ТБ}}, G_{\text{ТБ}} - \text{бұлғақтың төменгі басының массасы}$$

$$G_{22} = 2G_{\text{Б}}, G_{\text{Б}} - \text{бұлғақтың массасы}$$

$$G_{23} = G_{\text{Т}}, G_{\text{Т}} - \text{маңдайша массасы}$$

$$G_{31} = G_{\text{ТТ}}, G_{\text{ТТ}} - \text{балансир маңдайшасының тірек массасы}$$

$$G_{32} = G_{\text{Б}}, G_{\text{Б}} - \text{балансирдің массасы}$$

$$G_{33} = G_{\text{ББ}}, G_{\text{ББ}} - \text{балансир басының массасы}$$

$G_Q$  – сұйықтың массасы

$G_T$  – теңгеретін масса

Мүмкін орынауыстырулар принципіне сүйене отырып, барлық күш қуаттарының қосындысы нөлге тең деп аламыз. Сонда келесідей өрнек тізбегін аламыз:

$$\begin{aligned} \bar{G}_{\text{аин}} \bar{V}_{S_w} + \bar{G}_{21} \bar{V}_A + \bar{G}_{22} \bar{V}_{S_2} + \bar{G}_{23} \bar{V}_T + \bar{G}_{31} \bar{V}_{B_i} + \bar{G}_{32} \bar{V}_{S_3} + \bar{G}_{\text{ББ}} \bar{V}_{\text{ББ}} + \\ + G_T \bar{V}_L + \bar{G}_Q \bar{V}_Q + M_i \omega_{\text{аин}} = 0 \end{aligned}$$

Бұл жердегі:

$\omega_{\text{аин}}$  – айналшақ бұрышының жылдамдығы

$\bar{V}_i$  – ауырлық күш нүктесіне тиесілі жылдамдықтар

$M$  – бұраушы момент.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Г.В.Молчанов, А.Г. Молчанов Машины и оборудование для добычи нефти и газа Москва «Недра», 2006г.

2 S. Ibraev, N. Imanbaeva, A. Nurmaganbetova Computerized modeling of kinematics and kineto-statics of sucker-rod pump power units Engineering for rural development, Vol. 16, pp. 904-909 2017 ISSN: 1691-5976 (Thomson Reuters, IF=0.436) ELSEVIER (SCOPUS)

3 Н.С. Иманбаева, А.Т. Нурмаганбетова Оптимизация схемы привода двухконтурных механизмов высоких класса Вестник КазГАСА №3(65), 2017 –С.99-104.(импакт-фактор по данным Казахстанской базы цитирования – 0,03)

4 S. Ibraev, N. Imanbaeva, A. Nurmaganbetova, A. Rahmatullina «Optimal design of leading kinematical chain of eight linked planar load lifting linkage» / Advances in Natural and Applied Sciences 8(4) April 2014, Pages 275-278.

**«ЕСТИТІН МЕМЛЕКЕТ» БОЙЫНША ЖАҢА  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕР**

БЕГИМТАЕВ А. И.

с.ғ.к., қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЕРІКЖАН Ж. Ж.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан президенті қызметіне кіріскеніне үш жылдан астам уақыт өтті. 2019 жылғы президенттік сайлау кезінде және одан кейінгі наразылықтар кезінде ол Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін (ҰҚК) құрды және мемлекет пен азаматтар арасындағы диалогты нығайту үшін «естуші мемлекет» тұжырымдамасын жариялады. Тоқаев халыққа алғашқы жолдауында қазақстандықтардың құқықтары мен қауіпсіздігіне баса назар аударуға уәде берді. Биылғы жолдауында ол «әділетті мемлекет» құруға уәде берді.

Қ. Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі жолдауында: «Мемлекет басшысы ретінде мен өз міндетімді елдегі көппартиялық жүйені, саяси бәсекелестік пен пікір плюрализмін дамытуға жәрдемдесу деп білемін. Бұл ұзақ мерзімді перспективада саяси жүйенің тұрақтылығы үшін маңызды. Алдағы Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар сайлауы еліміздегі көппартиялық жүйенің одан әрі дамуына ықпал етуі тиіс». 2019 жылдың 20 желтоқсанында Ұлттық Қоғамдық сенім кеңесінің отырысында Тоқаев саяси бәсекелестікті арттыру үшін партияларды тіркеудің шекті деңгейін төмендету қажет деп мәлімдеді. «Бүгінгідей 40 емес, 20 мың пікірлес адам саяси бірлестік құра алады», – деді ол.

Мұнан бөлек 6 қыркүйекте Президент Қ.Тоқаевтың бастамасымен құрылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы отырысы өтті. Онда елдегі қордаланған проблемалар ашық талқыға салынып, алдағы реформалардың жоспарын құру бойынша жүйелі жұмыс басталды. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі – Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанды демократия даңғылына қарай бастайтын сенімді әрі төте жолы деп ауыз толтырып айта аламыз.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ғылыми негізделген, тексерілген және жан-жақты әзірленген жобаларды ұсынуы керек екенін атап өтті. «Еститін мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде билік пен қоғам арасында үнемі пікір алмасу қажет. «Соңғы кезде қазақстандықтардың ел өміріне белсенді араласуға, шешім қабылдау

үдерісіне қатысуға ынтасы артып келеді. Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамама және Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі – осы сұранысқа тікелей жауап. Оны Ордабасыдағы, Күлтөбедегі, Ұлытаудағы ұлы жиындардың заманауи үлгісі деуге болады. Біз қазақтың қанына сіңген қасиет – келелі істі ақылдасып бірге шешу дәстүрін жалғастыра береміз.

Бұл бастамалар азаматтық қоғамды дамытуға негіз болады. Қазіргі шаралар аяқ астынан мәжбүрліктен қолға алынған жоқ. Ол – елімізді демократияландыруға, саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған саясаттың жемісі», деп жазды Мемлекет басшысы өз мақаласында. Қандай да бір қоғам өркендеп дамуы үшін араларында диалогтың болуы маңызды. Бір-бірінің пікірімен, көзқарасымен санаспаған, тындамаған, естімеген елдің ертеңі бұлыңғыр. Оны тарих талай дәлелдеді. Халық билікке, билік халыққа арқа сүйегенде ғана болашақтың таңы арайлап атады. Егер тарихымызға бір сәт көз жүгіртіп қарар болсақ, екі жақты диалог болғанда өркендеп, бір жақты монолог болғанда құлдырап отырғанын байқауға болады. Билік сөзге кезек беріп, елдің датын тындап, халықтың мұңын ғана емес домбырасы мен қобызының үніне дейін құлақ түрген кезеңдер өтті. Алқалы топпен ақылдасты, шешендермен сұхбат құрды. Мұны қазақ «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деп суреттеді. Тәуелсіздік еншімізге тигелі ел билігінің екінші кезеңін қолына алған сәттен бастап Президент Қасым-Жомарт Тоқаев билік пен халықтың арасын алшақтатпауға, елдің үніне бей-жай қарамауға, сөз бен істің арасын мүмкіндігінше жақындатуға күш салып келеді. Соның ең алғашқы қадамы деп Ұлттық қоғамдық кеңестің құрылуын айтуға болады.

Мемлекет басына келген кезден бастап Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құру туралы Қаулы қабылдады. Жаңа Қаулыда: ҚР Президентінің Әкімшілігі бір айлық мерзімде:

1) саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар көшбасшыларымен, азаматтық сектор өкілдерімен Кеңесті қалыптастыру және оның жұмыс тәртібі мәселелері бойынша консультациялар өткізсін;

2) өткізілген консультациялар қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына Кеңестің құрамы мен Кеңес туралы ережені енгізсін, – делінген Қаулыда.

Қоғамдық Кеңестің әрбір отырстарда көптеген әрі өзекті, әрі өткір мәселелер мен тақырыптар ашық айтылды, көтерілді, талқыланды. Президент олардың барлығын ескеретіні жөнінде мәлімдеп, сәйкесінше Президент әкімшілігі өз тарапынан айтылған

ұсыныстың барлығы бойынша Ақордада, Үкімет үйінде талқылаулар ұйымдастырды. Бүгінгі таңда қоғамдық диалогты дамыту бағытында Президент тарапынан тұрақты түрде осы бастаманы жүзеге асыруға қолдау көрсетіліп келеді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет. Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады, – деген еді. Екінші Президенттің бұл бағытта айтылған сөзі қарапайым халық тарапынан қызу талқыланып, үлкен қолдау тапты. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы сол мақаласында жер мәселесіне де айрықша тоқталды. «Жерге байланысты бәріміз айқын білетін және бұлжымайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Осыны әр азаматымыз санасына берік сіңіруі қажет. Келесі жылы Жер кодексінің жекелеген нормаларына қатысты енгізілген мораторийдің мерзімі аяқталады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға енгізіп, халықтың игілігіне жарату – өте маңызды мәселе. Сондықтан, биыл Жер мәселесі жөніндегі комиссияны құрып, соның аясында бір байламға келген жөн, деп нақты ұстанымын білдірді.

Бүгінде түрлі әлеуметтік желілер қарапайым халық өз пікірін ашық айта алатын бірден-бір мінбер болып тұр. Қоғамда не өзекті, елге не ұнап, не ұнамай жатыр, билік ел арасындағы қандай мәселеге ерекше көңіл бөлу керек. Бәрі-бәрі осы желілерде айтылып, жазылып жатады. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы осы жағдайды ескеріп, Үкімет мүшелерінен бастап өңірлердегі әкімдерге әлеуметтік желіге тіркелулерін және халықтың сұрақтарына жауап беріп, кері байланыс орнатуларын тапсырды. Осының нәтижесінде қарапайым тұрғын әкімге өз өтінішін жеткізу үшін бұрынғыдай арнайы қабылдауына жазылып, апталап кезек күтпей-ақ, өзін мазалаған сұрақтарына әлеуметтік желі арқылы-ақ жауап ала алады. Осының нәтижесінде көптеген әкімдердің әлеуметтік желіде белсенділігі артып, ел пікірлерімен санасатын деңгейге жетті.

Бұл да «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақалада айтылған мәселе болатын. Жалпы, ел Президентінің кез келген бастамасына халық ықыласпен қолдау көрсетуде. Оның басты себебі, әрбір шешімді елдің пікірімен, ұсынысымен келісе отырып қабылдауында екені сөзсіз. «Бізді қай заманда да қиындықтардан аман алып келе

жатқан басты күдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ жеріне әр кезеңде әртүрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан», деді Президент.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында мемлекеттік институттардың рөлін нығайту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мәселелерін кеңінен сөз етті. Жолдауда қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайға жан-жақты, терең талдау жасап қана қоймай, оның шешу жолдарын да көрсетіп берді.

Президент өз Жолдауында сот пен құқық қорғау жүйесін жетілдіруге, бизнесті дамытуға, қаржы ресурстарын дұрыс бөлуге, халыққа әлеуметтік қолдау көрсетуге, ел аймақтары арасындағы теңсіздікті жоюға және халықты толғандырып жүрген басқа да мәселелерге ерекше көңіл бөлді. Нақты мысалдар келтіріп, проблемаларды шешудің тиімді жолдарын да ұсынып отыр. Мысалы, «7-20-25» бағдарламасымен пәтер алу үшін көп балалы отбасының айлық табысы 320 мың теңгеден кем болмауы керек. Бұл табысы аз отбасылар пәтерге қол жеткізуі қиын деген сөз. Сондықтан осы жылдан бастап «Бақытты отбасы» атты жаңа бағдарлама ұсынылды. Осы бағдарлама негізінде жыл сайынғы пайыздық үстемақы 2 және бастапқы жарна 10 пайыздан аспайды. Бұл айналымға төлемнің арзан болуына ықпал етіп, жағдайы орталау отбасылардың баспаналы болуына жол ашады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз келесі қорытындыға келдік:

– мемлекеттік аппарат қызметіндегі проблемалар көбінесе азаматтар мен жергілікті жерлердегі шенеуніктер арасында жолға қойылған өзара іс-қимылдың болмауына байланысты екеніне назар аудару қажет;

– «Еститін мемлекет» тұжырымдамасы қоғамның барлық салаларын қамтуға тиіс;

– азаматтардың барлық сындарлы сауалдарына жедел және тиімді жауап берілуге тиіс.

Онымен қатар, айта кету керек, «Еститін мемлекет» – мөлдір әрі ашық мемлекет, сондықтан тұжырымдаманы әзірлеуде, бірінші кезекте, халықтың пікірі барынша ескерілуге тиіс.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бәкір Ә.Қ. Қазақстан Республикасы кәсіби Парламентінің қалыптасуы: саясаттанулық талдау : автореф. дис. – Алматы 2012.
- 2 О Регламенте Правительства Республики Казахстан. Постановление Правительства РК от 10 декабря 2017.
- 3 Қалиев Н. Қазақстан Парламентаризмі: саясатталдау. – Алматы : «Қазақстан» баспауы, 2016.
- 4 Бижанов А.Х. Демократические основы модернизации Казахстана общества. Автореф. дис. полит наук – Алматы : Жазушы, 2008.
- 5 Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің ресми сайты
- 6 [https://www.inform.kz/ru/podhody-k-realizacii-koncepcii-slyshashego-gosudarstva-prezentovany-v-nur-sultane\\_a3611684](https://www.inform.kz/ru/podhody-k-realizacii-koncepcii-slyshashego-gosudarstva-prezentovany-v-nur-sultane_a3611684)

### МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ЖАН» КОНЦЕПТІСІНІҢ БАЛАМАСЫ

ЖҰМАБЕКОВА Ш. Б.  
магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.  
ТҰРЫШЕВ А. Қ.  
ф.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ тілінде «Жан» концептісінің орнына көбінесе «жүрек» лексемасы балама ретінде берілетін кездер жиі болады, өйткені адамның рухани негізі туралы айтқанда, адам сезімі мен эмоциясы үшін жауап беретін ағза жүрек екенін атап өткіміз келеді. Қай халықтың болмасын лингвомәдениетінде жүрек, алдымен, сезім «қоймасы», эмоциялары мен ішкі толғанысының сақтаушысы болады.

**Жүрек** – 1) денеге қан тарататын орталық мүше, басты орган, қан айналу жүйесінің көкірек қуысының сол жағында орналасқан ағза; 2) ауысп. кісінің жан дүниесі, рухани сезімі [1, 96 б.]. Адам организміндегі басты орган болып табылатын «жүрек» соматизімінің көмегімен адамның жағымды қырын бейнелейтін тілдік бірліктер жасалып отырады.

Сондай-ақ адамның жеке басына тән қасиеттерді, жан-дүниесін айқындайтын тұрақты тіркестер: «ақ жүрек» – таза, адал, ақ көңілді білдіреді; «жылы жүрек» – қайырымды, мейірімді; «жүрегі жұмсақ» – ізгі жүректі, адал көңілді, рақымшыл; «жүрегі қара» – қара ниет, ешкімге мейірімі жоқ деген ұғымды білдіретін тіркестер

халқымызда бар. Жан сөзіне жүрек сөзінің балама бола алатыны да адамның жан дүниесін сипаттай алу мүмкіндігіне байланысты болатындығында деп ойлаймыз.

Мәшһүр Жүсіп: *«Жүрек – күшті машинаның түп тұрағы: окпе мен бауыр – жүректің қызметкерлері. Қан жүректе қайнайды. Жан деген – сол қайнаған қанның буы. Бу болғанда, жасай бу емес, күшті, қайратты, қатулы бу. Бұл будың қайнауының қызулы, күштілігінен электр сықылды жарық сәуле болуға жарайтыны миға қарай барып, «ақыл» атанады. Жарық сәуле болуға жарамайтұғыны бауырға барып, «қан» атанады. Жүректе қайнап тұрған бу «жан» атанды. Тіршіліктің түп тамыры, қазығы – жүрек»* [2, 111 б.], – деп, жанның өзі жүректе қайнаған бу деп пайымдайды.

Адам денесінің патшасы саналатын – жүрек. Қан бүкіл денеге жүректен тарайды, жан жүректе мекендейді. Жүрек – адам баласының өмірінде кездескен күйініш-сүйініш, мұң-мұқтаж, қайғы-қасірет дегендердің бәрін қолма-қол өзіне қабылдап тұратын сезім мүшесі екендігі Мәшһүр Жүсіп пайымдарында ерекше берілген.

Қанның жүректе қайнауы нәтижесінде жанның пайда болуына алып келеді. Жанның қуатты күші – адам ақылын тудырады. Жүрек адам өмірінде негізгі роль атқарады, жүрек – адам ағзасының негізгі, басты қозғаушы күші болып табылады.

*Қылады шүкір, сабыр білген адам,  
Ашылып жүрек көзі, көрген адам.  
Ең алды үлкен байлық – аз күн өмір,  
Жатады төрт құлақта өлген адам* [3, 56 б.]

Жүрек – жақсылықтың, мейірімнің де өзегі, иманның мекені. Оның тазалығы – жанымыздың, тәніміздің саулығының кепілі. Адал ниет жүрек көзін аша түсетіні, адамды мейірімді ететіні Мәшһүр Жүсіптің осы өлеңінде айтылады.

Қаламгер *«Наданлардың жүрегі – ет жүрек: Олардың ойлайтұғыны- жаман ой, нәпсілері патша есебінде, күллі денесін сол билейді»* [4, 59 б.], – деп надандық, арам пиғыл жүректің ісіне жатпайтынын, ондай адамдарды арам ой ғана билейтіні айтылады.

А. А. Султангубиева: «Жүрек компоненті кез келген тілдің «тірек» компоненті саналады. ...Жүрек концепті көп жағдайда және басым мөлшерде тілдің әлемдік бейнесін құрайды. Себебі әлемдік танымға сүйенсек, жүрек – адамзат денесінің орталығы, адам денесінің осы мүшесі оның өмірлік күшінің негізі екендігі бәріне белгілі. Сонымен қатар әлем тілдерінің барлығында жүрек концепті

адамның рухани өмірінің орталығы болып саналатын сезім мүшесі ретінде де қызмет атқарады» [5].

Қазақ даласына араб мәдениеті тараған соң қазақ халқының рухани өміріне үлкен әсер етті. Ислам әлеміне тән көптеген сөздер мен ұғымдар кірді». Діни тұрғыда қарастырсақ, жүрек – иманның тұрағы, Алла тағалаға сенім мекені. Ислам дінінде жүрек адамның өзегі, дәні болып саналады. Адам жүрекпен жетіледі, бойындағы бар игі қасиет жүректен шығады. Жүрек адамның ең жоғары және ең төменгі болмысын біріктіреді. Ақиқат ауылын тапқан жүрек алдамайды, алаламайды, адалдықтан айнымайды. Хадисте «Алла адамның түр-әлпеті мен мал-мүлкіне емес, оның жүрегіне қарайды» деп айтылған. Қазақ менталитетіндегі адамның діни наным-сенімге беріктігін, Аллаға, Алла ісіне, алла жолына адалдығын жеткізетін тіркес – *«жүрегі Аллада»*.

Жүрек – әмбебап құбылыс ретінде қорқыныш, қайғы, мұң, қуаныш, жақсылық, махаббат, сезім, сүйіспеншілік символы ретінде Мәшһүр Жүсіп шығармаларында орын алады.

«Жүрек» сөзі арқылы жасалған тілдік тіркестері эмоционалды-психикалық жай-күйді (ішкі толғаныс, адамгершілік, мейірімділік) білдіретініне көз жеткіздік. Сондықтан да жүрек сөзі жан концептісінің баламасы бола алады.

Көрінген көзге жылы бет емес пе,  
Құдайға имансыз құл шет емес пе?!  
Адамның тіршілігі - тіл мен жүрек,  
Екеуі екі-ақ жапырақ ет емес пе?!  
Ақылды әуелде Алла мыңға бөлген,  
Кім жақын күдіретіне, соған берген.  
Тоғыз жүз тоқсан тоғыз тамам бітіп,  
Біреуі бұл ғаламға ортақ келген.  
Біреуін онан қалған алты жарған,  
Төртеуін ғылым-білім иесі алған.  
Күллі ерге біреуін қойған сайлап,

Тағы бірі бұл жерде жеке қалған [6, 19 б.], – деп ақын адамға адамның адамгершілік, білім, ғылым білу сезімдерінің бүтіндігін бәрінен жоғары қояды. Сонымен қатар ақын жеке тұлға үшін қажетсіз апалар құрамында жан-жақты толымды, тұтас мінез үлгісінің айтып береді.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан көрініп тұрғандай, Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы жан концептісінің орнына балама бола алатын жүрек сөзі ақынның санасының, сезімдерінің, көңіл-күйінің

сипатын бере алатын сөз ретінде алынады. Ақынның жаны – бұл оның идеалының көрінісі, яғни адамгершілік, руханилық, діни сипатының көрінісі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

2 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары 4-том.- Павлодар: ЭКО, 2006.- 423 б.

3 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 1 т. – 425 б.

4 Сөз өнерінің зергері, ақын, публицист, этнограф, фольклорист, ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевке арналады. / Құраст.: Қосаева Н.Қ., Күзембаева В. Ред. алқасы: Әбуғалиева К.К. (жауаптыред.), ред.: Нұрғожина Ж.М., Ақашева С.С., Әбеннова Л.Д., Бравач О.П.(техн. ред.). - Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2008. - 308 б.

5 Султангубиева А.А. «Тілдік бейнедегі жүрек концептісінің көрінісі (қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша)» Алматы, 2009, 122 б.

6 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 2 т. – 440 б.

#### МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ЖАН» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛИНГВОПОЭТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

ЖҰМАБЕКОВА Ш. Б.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Көркемдік концепт – көркем мәтіннің мағыналық жүйесінің әмбебап элементі болып табылады, сондықтан көркемдік концепт мәтіннің лингвопоэтикалық сипаттамасының талдау объектісі болып табылады [1, 12 б.].

Көркем мәтіннің лексикалық деңгейі оның мағынасын ашуда ерекше рөл атқарады. Бұлсөзді «тілдің композициялық-тақырыптық құрылымына бағытталған және белгілі бір лексикалық-жүйелілік және функционалдық қасиеттері бойына жинақтаған концептілердің мәнін анықтайтын негізгі бірлік деп дәйектеуге мүмкіндік береді.

Лингвистикада концептуалдық талдаудың бағытын және оны жүргізу әдістемесін анықтайтын екі негізгі тәсіл бар:

1) жүйелілік – кілті сөздердің, яғни, концепт-экспликаторларының лексикографиялық сипаттамасын жасауды және аталмыш кілт сөздер арасындағы қатынасты және олардың қызметін талдауды қамтиды;

2) мәтіндік – мәтіндегі концептілерді талдаудан тұрады.

Көркем мәтінді зерттеу мәтіндік тәсіл аясында жүзеге асырылады, сондықтан «мәтін артында тұрған» автордың тілдік тұлғасының концептуалды әлем бейнесінің негізінде концептілерді анықтауды қарастыратын тәсіл ретінде ең тиімдісі болып саналады.

Осы тұрғыда «мәтіндік» тәсіл үлкен қызығушылық тудырады, өйткені «жан» концептісін талдау Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы негізінде жасалады.

Л. Г. Бабенко концептуалдық талдаудың келесідей әдістемесін ұсынады: «...біріншіден, мәтіннің кілт сөздерінің жиынтығын анықтау, екіншіден, олар белгілейтін концептуалды кеңістіктің сипаттамасын, үшіншіден, осы кеңістіктің негізгі концептілерін анықтау» [2, 85].

Көркем мәтіндегі концептілерге концептуалдық талдау жасау әдістемесін әзірлеу барысында көркем концептінің мәтіндік құрылымы қазіргі семиотикада қолданыста бар үш деңгеймен: 1) синтактика деңгеймен; 2) белгіленген бірліктердің мазмұндық сипатымен байланысты семантика деңгейімен; 3) таңбаларды құндылықтар ретінде қарастыратын прагматика деңгейімен байланысты деген пайымдар теориялық тұрғыдан маңызды болды.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «Жан» сөзі-концептісі автордың дара стиліндегі қосымша лексикалық мағыналардың туындауына әсер ететін басқа да тілдік бірліктермен байланысып келіп, әрқилы тіркестер түрінде беріледі.

«Жан» көркемдік концептісінің прагматикалық деңгейін зерттеу оның құндылық сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік береді, яғни Мәшһүр Жүсіптің тілдік әлем бейнесіндегі орны, поэтикалық мәтіндерде айтылған құбылыстарға автордың жеке көзқарасы, сонымен қатар шығармалар контекстінде жүзеге асырылатын субъективті бағалауларын аталмыш концептінің бойында жасырылған мағынасынан анықтай аламыз.

«Жан» концептісі біздің зерттеуіміздің негізгі кілтті сөзі болып табылады. Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан «жан» сөзі қамтылған картотека жасалды. Жиналған мысалдар осы көркем мәтіннің негізгі ерекшеліктерін анықтап қана қоймай, «жан» сөзін қолдануынан авторлық дара пайымдарды да ажыратуға мүмкіндік береді.

Олардың сипаттамасы ақын дүниетанымының ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік берді. Содан кейін біз «жан» лексемасының парадигматикалық және синтагматикалық байланыстарын қарастырдық және олардың тіркесімділік мүмкіндіктерінің жоғары екенін анықтадық.

Жалпы, «Жан» концептісін талдамас бұрын, осы сөздің түрлі сөздіктердегі мағынасын ажыратып көрейік:

1) ЖАН – «адам мен жануарларға тіршілік беретін рух». Қазақ тілінде «адам, кісі» деген ауыспалы мағынада да қолданылады [3, 106 б.].

2) ЖАН – адамның, күйзелісі, жан толғанысы сезімі аясы. Діндік түсінік бойынша, жан - адамның рухани мәні және адам өмірін, қабілеті мен тұлғасын айқындайтын ерекше бастама, адам дүниеге келгенде, қалыптасатын болмыс [4, 19 б.].

3) ЖАН – (гр. psyche – дем, рух, жан, өмір, лат. anima, animus – есу, леп, өмірлік күш, тіршілік, ақылды жан, рух) - дін мен философияда: адамның даралығын және оның өзіне адами қасиеттерді беретін адамның материалдық күйі [5, 28 б.].

Сондай-ақ «Жан» сөзінен тұрақты тіркестер де жасалады: *адамның жсан дүниесі өлі жсан; – кеудеден жсаны шыққанда; жсаньмен берілу; – құр жсаны бар; ол үйдің бес жсаны бар; жсанга білдірмеу; оған ешбір жсан тең келмейді; үйде жсан жоқ; өлеңнің жсаны ұйқаста; жсаны тыныш; жсан алу; жсан алғыш; жсан алқымға алу; жсаны алқымға келу; жсаны алқымға тығылу; жсаны ауыру; – жсаны ашу; жсан аямау; жсан бағу; жсан баласы; мұны жсан баласы білмесін; жсаны бар сөз; жан басы салығы; жсан басына; жсанга бату; жсан беру; жсан біту; жсан даусы шықты; жсаны жадырау; жсанга жсайлы; жсаны жсай табу; жсан жары; жсан жолдасы; жсаны көзіне көріну; жсан күйер жақын; жсаны кіру; жсан қайғы; жсаны қалмау; жсанын қоярға жер таппау; жсанын қию (или пида қылу); жсаны құмар (болу); жсаны құмар; жсан пида; жсаны қысылу; жсан сауға сұрау; жсан сауғалау; жсан серік; жсаны сірі (адам); жсан тарту; жсан тәсілім қылу; жсаны тебірену; жсаннан түңілу; жсаны түршігу; жсан түршігерлік; жсан ұшыру; жсан шақыру; жсанга торсық байлау* [6].

Жоғарыда тіркестердің мағынасы түсіндірме сөздіктегі мағыналарымен барабар екенін аңғару қиын емес.

Ал көркем шығармадағы қолданысын когнитивтік парадигма тұрғысынан зерделей отырып, олардың 1) белгілі бір автордың көркем ойлауы мен қиялының заңдылықтарын анықтау;

2) қаламгер әлеміндегі осы көркемдік концептінің орнын анықтау;  
3) көркемдік концептімен байланысты семантикалық көріністердің жеке деңгейін ескере отырып, ақын шығармашылығында бейнеленген көркем концептінің моделін жасауда тиімді екенін білдік.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларында «жан» концептісі көбінесе теңеу немесе метафора түрінде келіп, автордың ішкі толғаныстарын, ойларын, психологиялық күйінен мәлімет береді.

Замана жылдан-жылға болды өзге,

Бір *жан* жоқ құлақ қояр жақсы сөзге.

Сүйсініп сұхбаттасар – қалмады,

Менің бар не керегім, – деді – сізге?

Соқырлар қайдан білсін көз қадірін,

Танитын *жан* қайда бар сөз қадірін?

Бұл мысалдардан «жан» сөзінің адам деген мағынаны беретінін байқаймыз.

Бай болсаң, *жан* – бір алтын,

Қанша сыйласаң, сыйлауыңа тұрады.

Жарлы болсаң, *жан* – біркүдері,

Қанша қинасаң, қинауыңа тұрады, үзілмейді! [7, 16 б.].

Көркем-тілдік мәнәтінге қатысатын сөз әртүрлі семантикалық және эмоционалды-бағалағыштық оралымдарға ауысады. Бұл «жан» ұғымының көркемнемесе авторлық концепт екенін ажыратуға мүмкіндік береді. Оны біз жоғарыдағы мысалдан аңғарамыз. Ақын жан сөзін бір-біріне қарама-қайшы ұғымдар мен байланыстырып, тіркес жасап, бай және кедей ұғымының мағынасына шады.

«Жалған дүниенің жүзі – ішпек, құшпақ... үшін болған, тойған жері болды. Ердің ері, екеудің сынығы болған *жан ақырет* жұмысын қостап (хошлап), соның жабдығын ойлап, есі-дерті, туған жері сонда болады. Ер болмаған, ерлік ісін қыла алмаған-жұртта қалған жемтік өлексені қиып кете алмаған иттей болып, дүниешілігімен (дүние шығылымен) алданып қалады» [7, 302 б.].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармашылығындағы «Жан» концептісі «мәңгілік» категориясымен тығыз байланысты. Тілдік қолданыста ментальдық жан концептісінің семантикалық құрылымының маңызды әмбебап бірлігі ретінде өлім семасы танылады. Адамның жер бетіндегі ғұмырының аяқталуы, яғни дененің өмір сүруінің тоқтатылуы ғана емес, сонымен қатар адамның мәңгілік мекеніне аттануы, яғни «жанның мәңгіліктігі» туралы ойды білдіреді. Мәңгілік мекенге кетерде нәпсінің құлы болуды ығыстыру керектігін тілге тиек етеді.

Пенденің шықса егер тәннен жаны,

Есітер көк тарапынан үш наданы.

- Дүниені не себептен қалдырдыңыз,

Яки сол қалдырды ма дүние сені? [7, 190 б.].

Жан мекені, орны Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында да жанның мекені ретінде жан сөзі қолданысқа алынады.

Әрқашан жақындаса құлға ажал,

Жандарын келіп тартса періштелер.

Жаны сол кеудесіне келген шақта

Алладан «Тоқтатқыл!» – деп, келген хабар [7, 184 б.].

Жан мен тән арақатынасы. Ерте кезден жан ағзадағы орны белгісіз ішкі ағза ретінде түсіндірілді. Осыған сәйкес тән мен жан қарым-қатынасы өте күрделі болып есептеледі.

Аталмыш жолдардағы жан өмірдің бір беті, жан бір қойма іспетті көрінеді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы болса жан мен тән арақатынасына діни тұрғыдан келеді, яғни жан тәнге өмір береді, жансыз тән өмірлік белгісі жоқ, бос қабық.

Жерінен өлетұғын топырақ алып,

Пенденің кіндігінен кірген Мәлік.

Періште натпа бірла(н) топырақты

Ауыстырар құрсағында тәрбиелеп

Жан салса, ол балаға Құдауында,

Ағзасы кәміл болғаш тоқтар пенде.

Дүниеде неше медет жүріп-жүріп,

Сол жерге арып жатар ақырында [8, 181 б.].

Бұдан шығатын пікір жан тәнге уақытша қонақ, тән жанның аз уақытқа тұрағы. Жан иесіне қайтарылған соң мәңгілік өмір кешеді, бұдан бұ дүние «опасыз, жалған дүние, баянсыз дүние» деген танымдар шығады.

Адамның денесі-арба, нәпсі оған жегілетұғын ат.

*Жан* – көшір: атты божы тағып, ондап жүргізуші[ні] «Факла алзип», – дейді [8, 286 б.].

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «жан» сөзіне автор тарапынан өзіндік мағына енгізгенін байқай аламыз. Олар метафора, метонимия, теңеу түрінде анық байқалады. Демек, «жан» көркем концептісі туралы айтқанда, оның тағы бір маңызды ерекшелігі – бейнелілігі туралы айта кеткен жөн.

Он сегіз мың ғаламның мейірбаны.

Жүгіріп төрт тарапқа барып тұрар,

Бір сонда тілегені – *ұмбет жаны.*

*Шыбын жан* шықпаған соң келген екен,

Өлімге, өлмесе де, келген таяп

Жаратқан Құдайына көңілі кетіп,

*Шыбын жан*ның жолына құрбан етіп.

Қажылардың ихрамды байлайтұғын-

Тақалғанда орнына жаңа жетіп.

*Жаннан* кешіп барады ердің ері,

Арманы не пенденің жетсе тірі?!

Ихрамды байлайын деп тұрғанында,

Бойына келіп қалды етек кірі [9].

Көркем шығарма мәнмәтінінде сөздердің семантикалық трансформациясы жүзеге асырылады. Бұл жерде автордың өзіндік көзқарастары негізгі рөл атқарады. Мысалы, шыбын жан деген тіркесті алатын болсақ, адам өлген кезде жанның қалған бөлігі денеден шыбын бейнесінде шығып, қырық күн бойы үй ішінде ұшып жүреді деседі. Қырық өткен соң ғана үйден алыстап, келесі кеңістікке өтеді деп есептейді. Яғни ежелгі түсінік – жанды ұшып жүретін кәдімгі шыбынға, құсқа теңейді. Осы ойды Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан анық байқаймыз.

Ихрам байлап, қажылар рида салды,

Керек қылмас дәл бұл күн ешкім *жанды.*

Намаз бенен рузасы дұрыс болмай,

Байлай алмай сол жерде жалғыз қалды[9], – деген өлең жолдарында намаз бен рузанықаза қылғанша, жан бергенің жақсы деген ойды айтады.

Мәшһүр Жүсіптің «жан» сөзінің аясында топтастырылған мәтіндерінде пайда болған көркем образдар автордың жекедүниетанымының ерекшеліктерін көрсетеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Проскуряков М.Р. Концептуальная структура текста. - СПб., 2000.

2 Бабенко Н.С. Филологический анализ текста. Основы теории, принципы и аспекты анализа. – М., 2004. – 454 с. 5-8291-0431-8, 5-88687-153-5

3 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исакова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі : 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / - Алматы : Дайк-Пресс, 2008 . – 967 б.

5 Зағыпаров Қ.Ф. Философиялық терминдердің сөздігі. - Павлодар: ПМПИ, 2011. – 138 б.

6 Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алмата, Ғылым, 1977. –711 б.

7 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Тандамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 1 т. – 425 б.

8 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Тандамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 2 т. – 440 б.

9 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары 4-том.- Павлодар: ЭКО, 2004.- 535 б.

### ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЛЕКСИКАЛЫҚ ТІЗБЕК ТҮРЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ: АТАУЛЫҚ ТІРКЕС ЖӘНЕ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕС

ЖУНУСОВА М. Б.

студент, 4-курс, «Қазақ тілі және әдебиет» мамандығы,  
Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

САҒЫНДЫҚҰЛЫ Б.

ғылыми жетекші, ф.ғ.д., Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Қазақ тіл білімінде «сөздің» беретін ауқымы кең, күрделі әрі өте маңызды. Жеке дара сөзден сөз тіркесі құралып, сөйлемге ұласады, одан бара мәтіндер туындайды. Туындаған әр сөз тіркесінің күретауырында өзіндік мән-мағынасы, тарихы жатады. Осы сынды синтаксис саласында өзіндік орын қалыптастырып келе жатқан лексикалық тізбек түрлерінің де зерттелу тарихы бай.

Қазақ тіл білімінде сөз тіркестерінің лексикалануы мен атаулық тіркестердің туындау жолдарын ғылыми тұрғыдан Ә. Аблақов, С. Исаев, Е. Ағмановтың «Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі» атты зерттеулеріне тірек еткен. Ғалымдар жалпы тіркес атаулыны мынадай үш топқа бөледі: 1) еркін тіркес; 2) түйдекті тіркес 3) тұрақты тіркес. Ал тұрақты тіркестерді зерттеушілер:

– фразеологиялық тіркес;

– атаулық тіркестер деп ажыратады [1, 15-б.].

Атаулық тіркестер жайлы ең алғашқы пікірлер синтаксисте көтерілген болатын. Жалпы тіл білімінде еркін сөз тіркестерінің атаулық тіркес типінде дамуы «комполитжасам» деп танылады. Алғаш бұл мәселені танып, көтерген Якоб Гримм болатын. Якоб



Гримм лексикаланған, сөйтіп жаңа мағынада жұмсалатын тілдік бірліктерді «атаулық композиттер» деп атады [2, 7 б.]. Осы тұрғыдан қазақ ғалымдарының зерттеулеріне назар аударатын болсақ, «композиттер» терминін күрделі атауларды тұжырымдаған ғалым Балқия Қасымның еңбектерінен байқай аламыз. Зерттеуші композиттерді ішкі мағыналық құрылымы мен сыртқы тұрпаты біртұтас лексема деп анықтама береді: «Композиттер – тұтас тұлғаланған аталым бірліктері ретінде ерекшеленіп, құрылымдық тұрпат және мағыналық тұтастығымен сипатталып, сыңарлары іштей қабысқан ішкі мағыналық құрылымы мен сыртқы тұрпаты біртұтас лексема» [3, 49 б.].

Көкен Аханов зерттеулеріне көз жүгіртетін болсақ, атаулық тіркес термині «құрама сөз» деп беріліп, оны еркін тіркеспен жаңылыстырып жататындығын олардың сыртқы ұқсастығында деп түсіндіреді: «Құрама сөз бен синтаксистік сөз тіркесінің арасындағы бұл ұқсастық – сырттай ұқсастық. Ал мазмұны мен табиғаты жағынан құрама сөз – синтаксистік сөз тіркесінен басқаша құбылыс» [4, 85 б.].

М. Балақаев: «Өзара байланыста тұрып, тобымен сөз тіркесінің құрамына енетін тіркестер түйдекті тіркестер болады» [4, 30 б.], – деп түйдекті тіркесті синтаксистік тіркес қатарына жатқызады. Түйдекті тіркестің өзін беске бөліп, атаулық тіркес пен тұрақты тіркес түрлерін түйдекті тіркес типіне жатқызады. Ғалым пайымдауына назар аударатын болсақ: «Сөз тіркесінің аясын былай дамытпай, сөз тіркесі емес басқаша тұрғыдан түйдекті тіркес, тіркескен сөздер дегендей етіп айырғанда, сөз тіркесі дегеннің оларға және сөйлем мүшелерінің тіркесіне қарама-қарсы қойылатын сипаттары мына анықтамаға сыйып кетеді, сөз тіркесі деп кемінде толық мағыналы екі сөзден құралып, бағыныңқы байланыста айтылатын және белгілі синтаксистік қатынасты білдіретін сөздер тобын айтамыз» [5, 99 б.]. Ғалым пікірі бойынша түйдекті тіркес, яғни атаулық және тұрақты тіркес сөйлеу кезінде жасалмайды, тілдегі дайын лексикалық мағына, сондықтан сөз тіркесінің бір сыңары саналады.

Атаулық тіркестердің өзіне тән белгілеріне тоқталып өтетін болсақ:

- ▶ Мағына тұрақтылығы;
- ▶ Мағына нақтылығы;

Мысалы, еңбек кітапшасы, *халық уәжі, кәсіпшілер одағы, Гималай тауы, Алматы станциясы, мәдениет сарайы, достық үйі* және т.б. Бұл қатардағы атаулық тіркестердің бойында қандай

ерекшелік байқалады? Жалпы тек бұл тіркестер ғана емес, барша атаулық тіркес болмысынан қандай қасиетті аңғарамыз? Қандай да бір заттың, құбылыстың атауын ғана білдіріп қоймай, сонымен қатар бойына нақтылықты сіңіргенін көре аламыз. Яғни тіркестердің ішкі кейпіне үнілмей-ақ сыртқы жасалуынан нені білдіріп тұрғанын байқау қиын емес. Атаулық тіркестер мағыналық жағынан тұрақтылығы әрі нақтылығы тайға таңба басқандай айқын.

▶ Құрамының тұрақтылығы;

Мысалы, *тос қалта, жсел диірмен, кір сабын, түскі ас, Құнанбай үйі, балалар бақшасы, мектеп ауласы, керуен сарайы* және т.б. Бұл тізімде берілген атаулық тіркестерге мән беретін болсақ, құрамының нақтылығына көз жеткізе аламыз. Айталық, *тос қалта* тіркесін *қалта тос, керуен сарайы* тіркесін сарай керуен немесе Құнанбай үйі тіркесін үйі Құнанбай деп орнымен ауыстырып айта алмаймыз. Орнымен ауыстыратын болсақ, тіркес ең алдымен атаулық ғана емес жалпы мағынасын жоғалтып, бейнебір қарапайым жеке дара сөздер іспетті күйге түседі. Бұл жағдай ұсынылған атаулық тіркестердің құрамының нақтылығын дәлелдейді.

▶ Терминдік мән беретін атаулық тіркестердің синонимдерінің болмауы.

Жалпы термин дегеніміз – ғылым, техника, өнер және т.б. тұжырымдаманың атауы болып табылатын сөз немесе сөз тіркесі. Осы сынды атаулық мәнге ие термин сөздердің синонимдері болмайды. Бұл атаулық тіркестердің ерекшелігінің бірі. Мысалы, *тұрақсыздық айыптұлы, алқабилер соты, төрелік сот, билер айтысы, заң жобасы, гарыш айлағы, алғыс хат* және т.б. Келтірілген мысалдарға синоним болатын қатар жоқ деп еш күмәнсіз айта аламыз. Демек, терминдік мәнге ие атаулық тіркестердің синонимдері болмайды.

Атаулық тіркестердің мағыналық-мәндік қызметі оның тұрақты қолданысы арқылы жүзеге асады. Өзге атаулармен салыстырғанда, сөйлемдегі мағыналық қызметі атаулық тіркестер үшін өте маңызды. Себебі аты айтып тұрғандай атаулық тіркестердің атаулық қызметі мәтін мазмұнында нақты көрініс табуы шарт.

Осы тұста фразеологиялық тіркеске бет бұратын болсақ, фразеологиялық тіркес дегеніміз лексикалық бірлік ретінде танылатын фразеологизмдер мен сөйлем ішінде пайда болатын тұрақты тіркестік қасиетке ие болатын бірліктер.

*Фразеологизмдерге тән үш ортақ белгі:*

▶ Мағына тұтастығы;

Фразеологиялық тіркестер сыртқы табиғатымен ғана еркін тіркестерге тартып, ал мағына тұтастығы болмысынан жеке сөздер сынды десек болады. Осы жәйт туралы М. Серғалиев, А. Айғабылов, О. Күлкенованың 2006 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ әдеби тілі» еңбегінде: «Фразеологиялық тіркес тек сыртқы көрініс жағынан ғана еркін тіркес сөз тіркесіне ұқсайды екен. Ал мағыналық тұтастығымен жеке сөздер сияқты сөздік қорымыздың бір ерекше түрі деуге болады» [7, 48 б.].

Тіркес тұрақтылығы;

Фразеологиялық тіркес құрамы мен құрылысы тұрақты болып келеді. Бұл тұрақты тіркестердің басты белгісі болып есептеледі. Мысалы, жерден жеті қоян тапқандай дейтін тіркесті алып, орманнан жеті қоян тапқандай деп айта алмаймыз. Бұл үдеріс бастапқы форманы жойып қана қоймай, барлық мағынаны құртады. Сонымен қатар тіркес құрамына сыналап сөз енгізуге келмейді. Фразеологизмдердің бұл қасиеті жеке сөздерге тән ерекшелікті еске түсіреді. Мысалы, аңшылық деген сөз үш түрлі морфемадан құралған (аң-шы-лық). Олардың арасына өзге морфеманы сыналап енгізу мүмкін емес.

#### ► Қолданылу тиянақтылығы

Фразеологиялық тіркес қолданылу тиянақтылығымен ерекшеленеді. Бұл қасиеті де жеке сөздерге ұқсайды. Себебі жеке сөздер сөйлеу барысында «дайын» күйінде ұшырасады. Осы сияқты фразеологизмдерде сөйлеу актісінде жасалмайды. Мысалы, *қарын шапшы алынбаған* тіркесі қолданыста «даяр» калпында қолданылады.

Жаңа мен ескінің көпірі іспеттес Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларында фразеологиялық тіркестерді көптеп кездестіруге болады. Қаламгер бір ғана **көңіл** сөзі қатысқан қаншама тіркестерді шебер қолданып, шығармаларына арқау ете білген. Мысалы, «**Аңқау адам туралы**» атты өлеңінде «...*тәубе қып бір құдайға көп жалынып, көңілді шешемді ойлап бөле бердім...*» деген жолдарға мән беретін болсақ, көңіл бөлу тіркесі көзге түседі. Ұсынылған тіркес «қарайласу, көмектесу» деген мағынада қолданыс тауып отыр. Осы көңіл бөлу тіркесі өзге мағынасында «**Мәшһүр Жүсіптің тырнамен айтысқаны**» туындысында көрініс табады. Өлең жолына назар аударатын болсақ: «...*Қиқулап, елеңдетіп, көңілім бөлдім...*» жолында көңіл бөлу тіркесі қандай да бір уақыт аралығына назарын аударту деген мағынада белең алып отыр. Қаламгердің «**Момынның әйеліне шығарғаны**» атты өлеңінде «...*әр түрлі тоқтау айтып, көңілің бастым...*» жолындағы көңілің бастым

тіркесі басу айттым, тоқтау болдым мағынасында қолданыс тапқан. Ал «**Мінілмеген көлім**» туындысында «...*«Күлігім бар!»*, – деп мен жүрмін көңілім тойып...» деген өлең жолдарында көңілім тойып тіркесі ырза болып мағынасында қолданылса керек. «**Ағашсыз жапырақ**» өлеңінде «...*махаббат, мархабатлы болмаған соң, уыз жас көңілім қалды замандастан...*» деп көңілі қалу тіркесін жүйелі қолданған. Аңғарғанымыздай көңілі қалу тіркесі ренжу мағынасында ұсынылып отыр.

Фразеологиялық тіркес пен атаулық тіркестің ара жігін ажырату мақсатында Сейілбек Исаев «**Қазақ тіл білімінің мәселелері**» [6, 320-324 б.] және «**Қазақ тілі жайлы ойлар**» [9, 37-39 б.] атты еңбектерінде осы екі тіркестің айырмашылықтарын атап көрсеткен болатын:

Кесте 1 – Фразеологиялық пен атаулық тіркес айырмашылықтары [6, 320-324 б.]

Фразеологиялық тіркес	Атаулық тіркес
Атаулық мағынада қолданылмайды. Фразеологиялық тіркеске <b>экспрессивтік-эмоционалдық сипат</b> тән болып келеді. Яғни, фразеологиялық тіркестер эстетикалық функцияда жұмсалады.	Заттың, құбылыстың атауы. Атаулық тіркестерде <b>көркемділік қасиет</b> жоқ, олар белгілі заттың номинативті атауы. Демек, атаулық тіркестер таза <b>коммуникативтік қызмет</b> атқарады.
<b>Метафоралық ауыспалы</b> мағынада қолданылады. Мысалы, « <b>мұзға отырғызу</b> » тіркесі екі мағына береді: фразеологиялық тіркес болса, ауыспалы мағынада жұмсалады (алдап кету, жерге қаратып кету).	Ал атаулық тіркестерде мұндай <b>метафоралық ауыспалы</b> мағына болмайды. Мысалы, <b>темір жол, аяқ киім, қара күйе</b> дегендерде метафоралық мағына байқалмайды.
Ал фразеологиялық тіркестерде осы іспеттес <b>діңгек сөзді айқындау өте қиын</b> . Оның басыңқы сөзі әрдайым тұрақты бола бермейді. Мысалы, мұрын шүйіру мен мұрнынан шаншылып жүру деген тіркестердегі мұрын сөзінің «салмағы» бірдей емес.	Атаулық тіркестердің басыңқы немесе тіркес құруға <b>ұйымтқы болған дінгек сөзі көрініп тұрады</b> . Ол негізінен анықталушы сөз болады. Мысалы, <b>ашық хат, ат қора, көк жөтел</b> сияқты тіркестердің негізгі дінгек болып отырғаны <b>хат, қора, жөтел</b> деген сөздері айқын.
Фразеологиялық тіркестердің құрамында сөз таптарының қай-қайсысы да болады.	Ал атаулық тіркес негізінен анықтауыш қызметіндегі зат есім, сын есім, кейбір субстантивтенген есім сөздер мен зат есімнің тіркесінен құралады.
Мағыналары күңгірт сөздер жиі ұшырасуы мүмкін.	Күңгірт мағыналы сөздер атаулық тіркестерде кездеспейді деуге болады.
Фразеологиялық тіркес құрамындағы сөздер қазіргі синтаксистік байланыс тәсілдерінің қай-қайсысы арқылы да байланысып, өз ішінде сөйлемнің барлық мүшесі бола алады.	Ал атаулық тіркестерде ондай <b>универсалдық, жан-жақтылық жоқ</b> . Ондай тіркес құрамындағы сөздер көбінесе анықтауыштық қатынаста қабыса не матаса байланысады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалануы. – Алматы: Санат, 1997.
- 2 Суинжанова Ж.К. Атаулық тіркестердің сөзжасамдық семантикасы: автореф.дис. – Алматы: 2009. – 24б.
- 3 Қасым Б.Қ. Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері: монография (2-басылым). – Қарағанды, «Medet Group» ЖШС, 2019. – 202б.
- 4 Аханов К. Грамматика теориясының негіздері: оқу құралы/ Көкен Аханов. – Алматы: Өлке баспасы, 2010. – 240б.
- 5 Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1987. – 272б.
- 6 Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері/Құраст.: ф.ғ.д. Ф.Әнес және проф. Н.С.Исаева. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640б.
- 7 Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. Оқу құралы. – Алматы: Зият Пресс, 2006. – 256 бет. Екінші басылым.
- 8 Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998.–363б.
- 9 Исаев.С. Қазақ тілі жайында ойлар/Құраст.: пед.ғ.к.д. Ж.Н. Сулейменова.–Алматы: 1997. – 224б.

**М. Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ Ш. Ш. УӘЛИХАНОВ  
ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АҢЫЗДАРЫ**

ЖҮСІПОВА Л. Қ.

т.ғ.д., қауымд. профессоры, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЖҮСІПОВ Е. Қ.

т.ғ.к., қауымд. профессоры, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Халықтық үлгілерді жазып алу әдісін қалыптастыруда Ш. Ш. Уәлиханов пен В. В. Радлов сіңірген еңбегінің маңызы зор. В. В. Радловтың жазбалары өз замандастарына қарағанда қысқартусыз, өзгертусіз берілген. Зерттеушілер үшін ауызша тарихи дәстүрдің белгілі не беймәлім мәтіндерінің неғұрлым көп нұсқалы болуы тарихи таным үшін маңызды. Себебі деректі терең және мейлінше жан-жақты түсіну, тану үшін де, зерттеуші оның неғұрлым көп үлгілерімен таныс болуы керек. Жалпы, кейбір ауызша тарихи шығарманың қағазға түсу уақыты мен орнының көрсетілмеуі, сондай-ақ мәтінді айтушы, жеткізуші жөніндегі ақпараттар болмауы бұл деректің ғылыми құндылығын төмендетеді. Демек, ауызша

тарихи дәстүрдің ғылым талабына сай жиналуы үшін, алдымен оның дұрыс қағазға түсуі мен жазылынып алынуы (паспорты) толық толтырылуы қажет.

Сонымен қатар, ауызша тарихи деректерді жинаушылар мәтіндерді неғұрлым көп таба отырып, оларды неғұрлым ұқыпты түрде қағазға түсіруі шарт. Шарттардың дұрыс орындалуы тарихи танымның аясын кеңейтеді және тарихи шындықты қалпына келтіруге өз септігін тигізеді. Зерттеушінің ауызша тарихи деректерді жинаудағы тағы бір мақсаты – ол мәтіннің сол, не басқа бір жерде өмір сүру ерекшелігін анықтау екенін естен шығармауы керек. Шығарманың белгілі бір мекендегі өмір сүру жағдайын қарастыра отырып, жинаушы сол елді-мекендегі халықтың тарихи, әрі саяси-экономикалық ерекшеліктеріне де көңіл бөлуге міндетті. Жинаушылық жұмыс кезеңде, сол елді мекенге қатысты жүріп жатқан түрлі этнографиялық та материалдарды да қоса қамтуды ойластыруы керек.

Ауызша тарихи дәстүрді насихаттайтындар, тарататындар, айтушылар мен жеткізушілер т.б. төңірегінде де ақпараттар мен мағлұматтар қоса қамтылады. Ол биографиялық мәліметтерден бастап, яғни туған күні, айы, жылы, білімі т.б. тәрізді деректерден тұрады.

Патшалы Ресей өкіметі тұсында жиналған мәтіндер христиан дінін уағыздауға, патшаның шексіз билеу саясатын дәріптеуге және сонымен бірге мемлекетке қызмет ету мақсатында жиналып, жарияланып отырды. Бұл мәтіндерде сондықтан да кейбір деректер сұрыпталып, өңделіп, түрлі цензуралардан іріктеліп өзгеріске ұшыраған. Мәтіннің текстологиялық жағынан дұрыс басылмауы, аудармасы болса, оның дұрыс берілмеуі оның мағыналық жағынан түрлі өзгерістерге, ауытқуларға ұрынуына әкеледі. Ауызба-ауыз жазудың қиындығы: кейбіреуі басын толық жазса, кейбіреуі аяғын; ал, кейбіреудің оқиғаны, кейіпкерлерін шатастыруы мүмкін. Бұның барлығын зерттеуші ғалым зерттеу барысында үнемі ескеріп отыруы қажет.

Қазақ тарихын зерттеу ісінде ауызша тарихи дәстүрдің маңызын ерекше атап, ғылыми айналымға тарихи білім» (устная историология) түсінігін енгізіп кеткен В. П. Юдиннің еңбектерінің де маңызы зор [1].

Қазақтың бай ауызша тарихи дәстүрін зерттеуші ғалымдары: М. Ж. Көпеев, Ш. Ш. Уәлиханов, В. Бартольд, В. В. Радлов, Г. Н. Потанин, Ә. Диваев т.б. еңбектері қазіргі таңда да әлі толық жарияланбаған. Олар өз еңбектерінде ауызша тарихи дәстүр

үлгілерін әрі жинаудың, әрі жариялаудың, әрі зерттеудің тиімді өзіндік әдіс-тәсілдерін пайдаланған. Сонымен бірге ауызша тарихи дәстүрді жинау, жариялау мен зерттеу жұмыстары этнографиялық бақылаулармен тығыз қарым-қатынаста қарастырылып отырды.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтың ауызша тарихи дәстүрін жинау жұмыстары, негізінен алғанда, тарихи-этнографиялық сипатта болды. Қазақ даласында болған ғалымдар мен саяхатшылар ішінде: А. Левшин, А. Янушкевич, Г. И. Спасский, А. Назаров тәрізді зерттеушілер қазақтың ауызша тарихи дәстүрін халықтың тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен байланыстыра жинады. [2].

XIX ғасырда қазақтың аңыз-әңгімелерін жинауда Ш. Уәлиханов елеулі үлес қосты. Сонымен бірге, Ш. Ш. Уәлиханов өз еңбегінде кез келген халықтың құрылуы жөніндегі ең қиын мәселені шешуге бастайтын әдістеме жасаған [16]. Оның Рашид ад-Диннің «Жәми ат-тауарих», атақты ориенталист Г. Ю. Клапроттың, көрнекті неміс географы А. Гумбольдтың, орыс авторлары: А. И. Левшиннің, И. Бичуриннің, П. И. Рычковтың, А. Шренктің, А. Ремюзаның, Г. Мейендорфтың еңбектерін түпнұсқада оқуы да аталған саладағы ізденіс сапасын биіктете түскен. Қазақтың бір тума ғалымы Ш. Ш. Уәлиханов та кезінде қазақтың ауызша тарихи дәстүрін жинаумен, әрі зерделеумен айналысқан. Ол жинаған тарихи мұралар әлі күнге тарихшы ғалымдарға зерттеулерінде дереккөзі ретінде қызмет етуде. Оның өскен ортасы, жастай алған тәрбиесі оның болашағына үлкен әсер еткен. Ең алдымен Ш. Уәлихановтың ежелден ел билеген ақсүйек семьяда туған, халық тағдырына қатысты әңгімелерді бала кезінен естіп, қанып білгенін елеулі мәселе деп қарау керек. Көрген-білгендері, бастан кешкендері жас Шоқанның санасына жанды тарих секілді құйыла берген. Қазақ халқының келешек бағыты айқындалған жолайрық заманда Абылайдың атына қатысты аңыз сөздер аса көп болатын [16].

Абылай туралы деректерді архивтен емес, тікелей семьялық шежіре ретінде естіп, тану Шоқанның өткен істерге, ел тарихына ой жүгіртіп үйренуіне септескен. Бұл заманда бетіне жан қаратпаған айбарлы хандық династияның өкілі Шоқан өткен тарихтың көңіл сүйсінер даңқты беттерін де, өкінішті сабақтарын да жаттап өскен еді. «Бұл қалай?» деген сауал оның көңіліне еріксіз тұрақтайды. Қазақстанның Россия қарауына өтуінің жағдайлары, өз әулетінің халі, Абылай балаларына, екі жікке бөлініп, бір жағы ақ, патшаның сенімді қызметшісі болуға бейімделуі, екінші жағының тәуелсіз

қазақ, хандығын көксеуі, осы негізде туыстардың өзі бір-бірін көрместей династияға айналуына нағыз шытырман болатын [17].

Уәли ханның кезінде Орта жүзде хандық жойылып, елді билеудің жаңа жүйесі жасала бастағаны ел ішінде қандай пікір тудырғаны да, болашақ ғалымға бала күнінен азды-көпті таныс еді. Кейіннен Ш. Уәлихановтың ғылыми еңбектерінде орын тебетін тарихи-этнографиялық, мағлұматтардың көбі оның балалық шақта ұққандары мен байқағандары болады. Өз ата-бабаларының жанұялық шежіресін жастай біліп алуының өзі аса қымбат білім еді. Ол шежірені ең жақын адамдарынан естиді.

Шоқанның әжесі Айғанымның ақылды, ел әңгімелеріне жетіктігі де зор маңызы болғанын зерттеушілер атап отырады. Қазақ руларының ішкі құрылысы, олардың өзара қарым-қатынасы, халықтың үш жүзге бөлінетіндігі туралы шежіре білімдерін де Шоқан ауыл «университетінен» алған. Ш. Уәлиханов ес біле бастағаннан қазақ елінің тарихы мен сол кездегі жағдайын сипаттайтын аңыз-әңгімелердің қалың ортасында жүреді. Мұның өзі баланың ойына берік орнап қалғаны мәлім. Қазақ халқының басына түскен әр түрлі ауыртпалық сезімтал, зерек Шоқанға өшпес әсер еткен, ерте ойлауға үйреткен. Бір заманда зор болған әулеттің соңғы ғасырларда әлсіреп, ақ патшаға тәуелді халге кетуінің себебін білуге ұмтылу да мұндай жағдайда табиғи көрініс болатын. Болашақ қазақ даласының зерттеушісі Шоқанның алдағы істерінің бағытын күн ілгері белгілеуі себептің бірі осы.

Ғалымның ой-өрісінің кеңеюіне, көркемдік талғамның жетілуіне жасынан ақындар, әншілер, күйшілер, шешендер өнерін естіп, ғибрат алуы зор әсер еткен. Шоқанның орыс достарының бірі Г. Н. Потанин кейінгі естеліктерінің бірінде Ш. Уәлихановты «өз халқының жазушысы болуға жаралған адам» еді деп сипаттауында үлкен мағына бар.

Ғалым өзі жинаған, зерттеген ауыз әдебиеті шығармаларын алдымен түрлі орындаушы, дарынды өнерпаздардан тыңдаған. Ол XVIII ғасырда жоңғар жаулаушылығына қарсы күрескен қазақ батырларына қатысты аңыз бен жырды бала кезінен сан рет естіп, санасына құйған. «Қозы көрпеш - Баян сулу», «Ер Көкше» сынды эпикалық жырларды, тарихи аңыздарды, ертегілерді, тұрмыс-салт өлеңдерін айтушылар ол кезде жиі ұшырасатын [16, 16-б.]. Сондықтан оның бойына жинаушылық қабілет жастайынан қалыптасты. Көкшетау округінің тамылжыған әншілік дәстүрі жас Шоқанның эстетикалық, талғамын ұштаған ғажайыптың бірі.

Шоқан жазбаларында аттары жиі ұшырайтын Жұмағұл, Жанақ, Орынбай, Арыстанбай, Шөже сынды ақын, жыршылар, түрлі әнші-күйшілер, Шыңғыс Уәлиханов аулына келіп, апталап, айлап жатып, өз өнерлерімен халықты қуанышқа бөлеп отырған. Әрбір орындалған күй, аңыз- жыр, толғаудың өзі тарих, әдебиет т.б. толы мұра болды. Айтушылар тек жұртшылық көңілін көтерумен шектелмей, тыңдаушыға тарихи білімді де таратты. Ш. Уәлиханов қазақ хандары тарихы туралы шежірелік мағлұматтарды, ата-анасынан, құйма құлақ қариялардан естіп білсе, сол тарихтың желісін ауыз әдебиеті шығармаларынан да аңғарып білді [16, 26-б.].

Сонымен қатар ол ел намысы үшін жан аямай жорыққа аттанып, асқан ерліктер көрсеткен, күні кеше ғана (XVIII ғасырда) өмір сүрген Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Сырымбет, Олжабай, Малайсары, Жасыбай, Баян сынды батырлардың да тарихын алғаш рет қариялардан естіп таниды. Өз халқының осыншама бай тарихын жасында қанып тыңдап, құлағына сіңіріп, олардың сөзін де, сазын да, аңызын да білуі Шоқанның алдағы зерттеушілік бағытқа келуіне өз ықпалын жасады [16].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – төрелер тарихын терең зерттеген ғалымдардың бірі. Ол да Шоқан Шыңғысұлы деректерімен, В. В. Радлов, В.В. Вельяминов, Зернов еңбектерімен таныс болған. Төрелер шежіресін және Абылай хан және оның заманындағы би-батырлар туралы аңыз-әңгімелерді Шоқан Шыңғысұлы жинағандарынан көріп, өзі де ел аралап жинаумен айналысады. Оның қолжазбаларындағы мәтіндер ұқсастығына қарап, дерек берушілер барлығына ортақ бір адам деген пікірге келеміз.

Е. Қ. Жүсіпов құрастырған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көптомдық шығармалар жинағындағы 8-ші томында берілген түсініктемеге назар аударсақ, онда хандар генеологиясының толық тізімі алғаш рет толық берілген. Барлық жоғарыда келтірілген деректер ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұсынылып отырған нұсқалары неғұрлым толығы. Сондықтан Орталық ғылыми кітапхана қолжазба қорында сақтаулы тұрған оның қолжазбалары Отандық тарих ғылымы үшін өте құнды. Сонымен бірге № 1170 «а» бумасының ішінде мәтін басында: «Тимучин – Шыңғыс» деген оқшау сөздер жазылған [18, 8 т., 361–364 б.].

Осыған ұқсас мәтінді 1905 ж. шыққан Ә. Бөкейхановтың тапсырысымен берілген қолжаздан да көруге болады. Ондағы деректер әр жерден жинақталып алынған. Соның ішінде Ә. Бөкейхановтың Қарқаралы төрелері шежіресі кітабы назар

аударарлық. Себебі Ә. Бөкейханов та төрелер әулетінен және оның мәліметтері толығымен берілген. Е. Қ. Жүсіпов түсініктемеде екі жерінде ғана өзгешелік бар дейді: 1. Жикефар ханымды Бөкейдің (негізінде Шыңғыстың – Е. Қ.) зайыбы деп көрсетуі. 2. 1905 жылғы кітапта 1903 жылы Әзхан 30 жаста деп берсе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Әлихан Бөкейхановты 1903 жылы 30 жаста болған деп көрсетеді [18, 8 т., 446 б.]. Е. Қ. Жүсіпов көшіру барысында екі кеткен қателік себебін өзінше түсіндіреді: бірінші қателік – жинаушы тарапынан кетуі болса, ал екіншісі – баспахана тарапынан (Әлихан орнына Әзханды 30 жаста деп көрсету – Л. Қ.) кеткен кемшілік болуы ықтималдығы. Бұл мәтін туралы толығырақ Ә. Бөкейханов таңдамалысынан [19, 114–117 б.] және Жолмұрат көшірмесі 3-ші топтамасынан көруге болады.

XIX ғасыр екінші жартысында ауызша тарихи дәстүрді жинаудың маңызы, мақсаты мен шарттарының негізін қалаған Ш. Уәлиханов, В. В. Радлов, Г. Н. Потанин тәрізді ғалымдардың ізденістері, XX ғасырда жалғасын тапты.

Ресейдің империялық-отарлық саясаты орыс ғалымдары мен жазушыларының қазақ еліндегі ғылым мен мәдениеттің, қоғамдық ой-пікірлердің дамуына үлкен үлес қосуына, әсіресе, қазақ ауызша тарихи дәстүріне арналған мақалалар жазылуына, түрлі библиографиялық көрсеткіштер жариялануына т.б. өз әсерін тигізді.

XX ғасыр басында баспасөз беттерінде қазақ тарихына қатысты үлгілер жиі басылып, жинаушылар есімдері де көрсетіле бастады. Нұсқалар көбінесе әрі қазақ тілінде, әрі орыс тіліндегі аудармасымен қатар басылып отырылды.

Бұл баспасөз беттерінде Ресей ғалымдарымен қатар қазақ зиялылары да М. Ж. Көпеев, Бекен Адықов, Жағыпар Айманов, Қ. Жапанов, Б. Райымбеков, Т. Сейфуллин, Р. Дүйсембиев, т.б. есімдері де бар. Қай елдің болсын ескі тарихынан, мәдениетінен, өткен-кеткенінен мол материал беретін, сыр шертетін дерек көзі – ол халықтың өзі жазып қалдырған қолжазбалары екені баршаға мәлім.

Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Орталық Ғылыми кітапханасы мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында XIX–XX ғғ. жиналған ауызша тарихи дәстүрлік шығармалар мол сақталған. Онда Ә. Диваевтың, тарихшы Н. Веселовскийдің, М. Ж. Көпеевтің, Ш. Жиһангеровтың, Т. Ізтілеуовтың, Б. Мұсабектің, т.с.с. көптеген тарихшылардың, фольклористердің, ақын-жазушылардың кітаптары мен қолжазбалары да бар.

Мысалы, Ә. Жиреншин еңбегінде: «Жүзден артық жазба, ауызша мұраны жинап, кітап, газет, журнал бетінде жариялаған Әбубәкір Диваевтың, кезінде Орта Азия және қазақ әдеби мұраларын, кітаптарын жинаған Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің зиялы еңбектері де еске аларлықтай. Мәшһүр көптеген акын, жыраулар мен Саққұлақ би, Майлықожа, Ақан серімен кездесіп, айтқандарын қағаз бетіне түсіріп алады. Ол Науаидің «Хамсесін», Низамидің «Жеті аруын» Бұхарадан, Түркістаннан алып келеді», – делінген [8].

Сондықтан ХХ ғасыр басында ауызша тарихи мұралар қағаз бетіне түсе бастап, ескі кітаптар мен қолжазбалар түрінде де жинала бастағаны күмән туғызбайды.

ХХ ғасырдан 20-ншы жылдарына дейін қазақ газет-журналдары мен кітаптары Қазан, Уфа, Орынбор, Омбы, Томск, Троицк, Петербург қалаларында басылып келді. Мысалы, Қазан университеті жанындағы Н. И. Лобачевский атындағы ғылыми кітапхананың қолжазба қорында көптеген қазақтың ауызша тарихи нұсқалары сақталған.

Мәтінді жинау жұмыстарында алғашқылары тілдің жергілікті ерекшеліктерін ескере отырып, мәтінді дәл түсіріп отырған. Кейінгілері – ХХ ғасырдан бастап мәтінді ел аузынан жазып алғанда, қажетті паспорттық мағлұматтар бірге жазу ісін қолға алды. Сөйтіп жазу сапасы артты [9].

Сондықтан олардың жазбаларын қазақ тарихы, философиясы, этнографиясы, әдебиеті, т.б. ғылым салалары үшін ең баға жетпес дерек көзі болып қала берді. Жоғарыда аталған деректерді саралай келе, олардың кеңестік дәуірдегі зерттеу еңбектерінен табылмауы, тарихымыздың жан-жақты қарастырылмағанына, әлі де толық зерделенбегеніне көз жеткізеді. Соның ішінде XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы тарихына қатысты төл деректердің әртүрлі себептермен зерттелмей келуі заңды құбылыс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғ. 20-40 жылдары. в. Алматы: Қазақ Университеті, 1992; Жеті томдық шығармалар жинағы. 5 том. (Ғылыми мақалалар жинағы). Павлодар: ҒФ, 2005. – 266 с. Утемиш Хаджи. Чингиз-наме. /Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В. П. Юдина. Комментарии и указатели М. Х. Абусейтовой. Алма-Ата; Ғылым, 1992. – 296 с.

2 Левшин А. Свидание с ханом Меншей киргиз-кайсацкой орды. // Вестник Европы.- 1820. №22.- С.129-159; Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. Алматы: 1979; Спасский Г.И. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды. // Сибирский вестник.- 1820. 1 ч.9.- С.51-58. Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях средней части Азии. -Спб. 1821 т.с.с.

3 Дала уалаяты газеті. – 1894. №29, 30,31.

4 Потанин Г. Н. О необходимости собирания произведений народного творчества у киргизов. // Дала уалаяты газеті.- 1894, №29, 30,31.

5 Потанин Г.Н. О необходимости собирания произведений народного творчества у киргизов. // Дала уалаяты газеті.- 1894, №29, 30,31.

6 Васильев А.В. Образцы киргизской народной словесности. – Оренбург, 1900.

7 Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. – Казань, 1900.- 970 с.

8 Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. –Алматы, 1971. -Б.3.

9 Киргизские саратовские песни. //Этнографическое обозрение.-1889. кн. III

10 Смирнова Н.С. О роли РГО в развитии казахской ауызша тарихи дәстүрлістікі.// Вопросы казахской филологии.- 1964.

11 Қара қыпшақ Қобыланды. // Қазақ.- 1914. №89. 10 декабрь; Баржақсин А. Мақалдар. // Қазақ.- 1915. №120.-18 апрель т.б.

12 Дулатов М. Григорий Николаевич Потанин. // Қазақ.-1915. №150. 21 сентябрь; Саматов М. Потанин докладынан. // Қазақ.- 1915. №56. 30 март; Дулатов М. Әбубәкір Ахметжанұғлы Диваев. // Қазақ. -1915. №155. 31 октябрь; Шоқаев М. Әбубәкір Диваев // Қазақ. -1915. №156. 31 октябрь т.с.с.

13 Потанин хаты. // Қазақ.- 1914. -№52. -28 февраль; Баржақсин А. Мақалдар. // Қазақ.- 1915.- №120. -18 апрель; Бөкейханов Ә. Қара қыпшақ Қобыланды. // Қазақ.- 1915. -№126-129; Сұңқар. Қарқаралы оязынан. // Қазақ.- 1915. -№134. -13 май т.с.с.

14 Әуезов М. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі. // Шолпан. -№2. 1922; Жұмабаев М. Қырғыздың ауыз әдебиеті (Зерттеу). // Ақжол, -1923. 23 маусым; Халық әдебиеті туралы. // Жас қазақ.- 1924. №3-4.-Б. 15-19 ; Шөкенұлы Қ. Халық әдебиеті туралы. // Тілші.- 1924. №90; Төлешұлы Р. Халық әдебиеті. //Жаңа әдебиет.- 1929. №5. –Б.77-81; Фатима [Ғабитқызы]. Ескі мұраны іске асырайық. // Социалды Қазақстан, 1934, 27 май; Мұқанов С. Халық қазынасын дұрыс пайдаланайық. // Социалистік Қазақстан.- 1939. 27февраль.

Жұмбақ айтыс. (Жазып алған В.Радлов). // Темір қазық.- 1923. №2-3. Б.117-118; Қазақтың жермен қоштасқаны (Жазып алған В.Радлов). // Темір қазық.- 1923. №2-3.- Б.115-117; Бекен батыр (Жинаған Ә.Диваев). // Темір қазық.- 1923. №1.- Б.34-35 ; Бесік жыры. (Ел аузынан жинаған Ә.Диваев). // Сана.- 1923.- №1. Б.49-68; Жиренше шешен (Мәшһүр-Жүсіптің айтуынша). // Таң.- 1925.- №1.- Б.97-98 ; Үйсін Төле бидің сөзі (Мәшһүр-Жүсіп әңгімесінен). // Лениншіл жас.- 1927. №3-4.- Б.35-36. Бала бидің сөзі (Бекен ақсақалдың айтуынан жазып алған І.Жансүгіров). // Сана.- 1923. №1.-Б.61; Жаңылтпаштар (Жинаған І.Жансүгіров). // Жас қазақ.- №5-6.- Б.102; Досмұхамедұлы Х. Қалмақтың қарғысы. // Сана.- 1924. №2-3; Досмұхамедұлы Х. Адай-Абыл ақын. // Сана.- 1924. №2-3; Айтаңсықтың қоштасқаны (Жанақ ақынның айтуынан «Қозы Көреш-Баян сұлу» жырынан жинаған М.Әуезов). // Таң.- 1925. №2.- Б.70-72; Алтынбай ақынның Тіленшіге айтқан сөзі. (Көкбай ақсақалдың айтуынан жинаған М.Әуезов). // Таң.- 1925.- №3.- Б.87-88 ; Сейфуллин С. Құлмағамбет пен Майкөт ақындардың айтысы. // Жаңа мектеп.-1926.-№4.- Б.44-46; Сейфуллин С. Үйсін Қарақожа өлендері. // Жаңа мектеп.- 1926.- №6.- Б.38-39 т.с.с.

15 Уәлиханов Ш.Ш. Шығармалары толық жинағы. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясы бас редакциясы, 1985. – Т. 3. – 416 б.

16 Марғұлан Ә. Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметі // Шоқан Уәлиханов. – Алматы, 1985. – 67 б.

17 Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Толық шығармалар жинағы. – Павлодар: ЭКО, 2001–2009. – 13 т.

18 Бөкейханов Ә. Қара қыпшақ Қобыланды. // Қазақ. – 1915. – №126. – 129 б. Кітап сыны («23 жоктау» қазақ тарихының 400 жылы. Жинаған, түзеткен: Байтұрсынұлы Ахмет пен Қыр баласы ) // Еңбекші қазақ. – 1926. – 29 қараша. – 3 б.

### МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ «АБЫЛАЙХАННЫҢ САУАЛЫ» ӘҢГІМЕСІНІҢ МӘТІНДІК СЕМАНТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІГІ

ИВАНОВА Б. Ф.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетінің алтын қорына тиісті асыл мұраларды жинап, кейінгіге хат қылып қалдырған ауыз әдебиетін зерттеуші Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Аңыз әңгімелер, ертегі, дастандар, шешендік

сөздер мен айтыстарды ел аузынан жазып алу арқылы кейінгіге үлкен мұра қалдырып кеткен. Сол шешендік сөздердің ішінен «Абылайханның сауалы» аталатын шағын көлемді мәтіннің мәтіндік семантикалық кеңістік құрылымын талдап көрейік. Сонымен, мәтіннің семантикалық кеңістігі дегеніміз - ментальды тұтас түзілім. Мәтіннің оны қабылдау кезінде оқырман тарапынан.

Интерпретациялануына актуальды семантикалық кеңістік қатысады. Айталық, Абылайханның сауалы шешендік сөзінде адам –Абылай хан, Таймас-Жуас, Хасенқажы; уақыт – Абылайханның ел басқарған тұсы; кеңістік – сөзқадірін білетін орта ұғымдарын интерпретациялау арқылы түсінікті бола түседі.

Мәтінді семантикалық құрылым түрінде қарастыру барысында мәтін мазмұнын сегменттік бөлшектерге бөлу қажеттігі туындайды. Соған орай мәтіндік фрагменттік мәтінде бейнеленген жағдаят пен сәйкестендіріледі де, әртүрлі жіктеледі:

а) денотат: мәтін мазмұнына қарай негізгі денотат ретінде Абылай хан мен Таймас-Жуасты аламыз. Шығарманың негізгі мазмұндық бөлшектері осы негізде қаланады.

ә) белгі (таңба) – сұрақ. Ортаға тасталған Абылайханның сауалына сан түрлі жауаптар болады. Ұтымды жауапты асыға күткен ханның көңілінен шығатын жалғыз жауап осы Таймас-Жуастан шығады. Мәтін мазмұнының семантикалық компоненттерінің ең жоғарғы бөлігінде әлем туралы индивидуальды-авторлық концепция орналасады. Себебі кез-келген шығарма – объективті ақиқаттың субъективті бейнесі. Бұл кез-келген әлемнің индивидуалды суретіне тән универсалды сипат, себебі, әрбір шығармада оны тудырушының яки жазушының жеке басының қасиеті, мінезі, тілдік бояу-ерекшелігі жинақталады. Көркем шығарманың бар мәні мен маңызы да осында. Сондықтан кез-келген шығармада автор бейнесі мен әлем бейнесінің кездесуі міндетті, олар мәтін құрылымына міндетті түрде қатысады. Мәтін семантикасының пайда болуы мен қалыптасуы және әрі қарайғы дамуы, ең біріншіден, көркем шығармаға байланысты ментальды жасалымға тәуелді. Соған сай әдеби шығарма автор интенциясына және тілдік таңбаларды автордың сөз, сөйлем, күрделі синтаксистік бүтіндерді, иерархияға бағынған түзілім элементтерін, таңдап алуымен, яғни виртуальды кеңістікпен байланыстырыла отырып жазылады.

Автор идеясының әлемдік маңызы бар сауалды ортаға тастау арқылы, дүниетаным кеңдігі мен танымдық талғамға терең бойлаушылық анық көрініс табады.

Негізгі номинативті таңба ретінде алып отырған Абылайханның мына бір сауалы: «-Дүниеде тозбайтұғын нәрсе бола ма? Өлмейтұғын жан бар ма? Тозбайтұғыннан нәрсе, өлмейтұғын не нәрсе? Осыны тауып беріңдер де меннен қалағандарыңды алыңдар» дейді. «Мәңгілік» идеясы бұл орайда да көрініс табады. Жанына жиналған жақсылар мен жайсындардың ой талқысына түскен сауалға қарама-қайшылыққа толы сан түрлі жауаптар болады.

Ең ұтымды деген жауаппен қате деуге боларлық пікірдің ара жігі анық ажыратылады. Асанқайғының Жерұйықты іздеуі, Қорқыттың да мәңгілік өмірді табуға деген талпынысы, адамзат бойында да ойында да әрдайым қайталана қойылатын сауал. Соның жауабын осы шағын мәтін анықтап береді.

Абылайханның кеңесшілері түрлі жауаптар қайырады.

«Тастозбайды, темір тозбайды. Асқар тау өлмейді, аққан су өлмейді. Қаражер өлмейді, Ай мен Күн өлмейді дейді жиналғандар. Сонда Таймас Жуастың жауабы мынадай болады: «Тозбасты ұста соқпайды, өлместі Құдай жаратпайды демейді ме?! Міне, тозбайтұғын не, өлмейтұғын не, айтыпберейін. Құдай дескен Құда болады құшақтасқан дос болады. Дос болғанда бірінен-бірі жүйрік аталады. Қыран құсалады. Түзу мылтық алады. Ат өледі, құс қашады, түзу мылтық қисаяды. Достық сондаймен тозады. Қазақта жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады деген мақал бар. Расында қарсы айтқан дауы көңілдеріне қонып, қалың жұртшылық жас жігітке ерекше ықылас-пейіл таныта бастайды. Әрине, ендігі ойы сұрақты жауабы сонда қандай болмағы. Момын жігіт оған да тосылмай өлендете жөнеледі.

«Өлмегенде не өлмейді?

Ғалымның жазған хаты өлмейді,

Жақсының аты өлмейді!».

Расында бұл жауап көкейге қонымды, ханды да қараны да риза қылар дөп жауап болатын. Содан болар Абылай хан қазақы жөн-жоралғысымен Қамқа тонын бас қылып жауып, толық «тоғыз» беріпті деседі. Бұл жердегі тоғыз берудің жолы ертеден келе жатқан салт болатын. Тоғыз дегеніміз – тарту-сый, ескеру, құрмет белгісі. Сонымен қатар, мұнда дәмәту де бар. Демек тоғыз жіберген адамға соған лайық сый-сияпат жасау керек. Халық арасында бірін-бірі ескеру, елеу осы тоғыз арқылы көрініс табады. Тоғыз беру екі түрлі жағдайға негізделіп беріледі. Бірі сый ретінде тарту етілсе, екіншісі, жаза негізінде алынады. Таймас Жуасқа қалың көпшілік «Батырдан – сауға, мергеннен сыралғы!» деген, бізге алған олжаңнан байла

деп қолқалайды. Алайда бұл бұйымтайынан бас тартып, «мұны бір қимас дүние көріп бара жатқаным жоқ. Атамыз Абылайханның бір айтқан сөзін шешіп беріп алған сыйы екен деп, балаларым мұра қылып айта жүрсін деп алып барамын» – дейді де шыға жөнеледі. Расында дүние мүлікке аса құмартпайтын ердің ырымға алған шапаны кейінгі ұрпағына көз болып қалары ақиқат.

Абылай хан, Таймас Жуас сынды тарихи тұлғалардың есімдері, Қыпшақ ру аты, сол кездегі әлеуметтік жағдайды танытатын тұрмыстық, материалдық лексика элементтері заттық фон тудырып тұрған тілдік фактілер. Мысалы: Бір күні Абылай хан қара мына көз тойған, үш жүзден озған ала аяқбилері бас қосып отырғанда, немесе қимыл-сынды білдіретін: Қамқа тонын бас қылып жауып, толық «тоғыз» беріпті. Осы сында сөздік қолданыстағы архаизмдер мен көнерген сөздер тобы көптен көрініс береді. Мысалы, аң аулаудан олжалы оралған аңшы өзіне алғаш жолығып, «Қанжыға майлансын» деп айтқан адамға ойланбастан атып алған аңын сыйға тартқан. Аңшының бұл сыйын «сыралғы» деп атаған. Ал, «сауға» - дәстүрлі қазақ қоғамындағы ұғым. Сауға сөзі тікелей әскери олжамен байланысты. Соғысқа, жорыққа қатыспағандар олжадан сауға сұрап алған. Бір мақалдың ішінде қаншама дәстүрді бойына жинаған сөздер мен мағына жасырылғанын осыдан байқаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы 6 том, Алматы «Алаш» 2006ж. 94 бет.

2 Әділова А. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы. филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2009. – 235 б.

3 Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы. – Алматы, ТОО «Триумф «Т». – 2007. – 149 б.

4 Сейіт Кенжахметұлының «Қазақ халқының салт-дәстүрлері»



## ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ BIM – ТЕХНОЛОГИИ ПРИ ПРОЕКТИРОВАНИИ

КАЛДЫБЕКОВ А. Е.  
магистрант  
КАСЫМБЕКОВ Ж. К.  
профессор, Казахский национальный технический университет  
имени К. И. Сатпаева. г. Алматы

До 1982 года единственным способом проектирования было ручное черчение. Процесс организации совместной работы специалистов различных областей был трудоемким, поэтому сроки проектирования затягивались. В 1982 году американская компания Autodesk выпустила первую версию программы AutoCAD – системы автоматизированного проектирования (САПР). Применение САПР намного упростило работу проектировщиков, позволяя легко корректировать и вносить изменения в чертежи, а также облегчая рутинные операции.

Несмотря на то, что BIM-технологии получили популярность относительно недавно, первая BIM-программа, ArchiCAD, была выпущена еще в 1986 году венгерской компанией Graphisoft. Особенность ArchiCAD заключалась в том, что вместо чертежей создавалась информационная модель здания. Это была не просто трехмерная модель, а модель, наполненная информацией, т.е. каждый элемент содержал информацию, такую как наименование, площадь, объем, изготовитель. Благодаря этому в программе можно легко посчитать объемы.

На данный момент согласно международному стандарту ISO 19650 «Организация информации о строительных работах. Управление информацией с использованием информационного моделирования зданий» уровень развития проектирования находится на 2-ой стадии – информационное моделирование с применением сводных информационных моделей. Это значит, что специалисты по каждому разделу проекта создают свои модели в отдельных файлах, которые затем сводятся (т.е. объединяются) в один файл, например, для проверки на пересечения. На 3 стадии развития проектирования предполагается работа на основе баз данных – т.е. проектировщики будут работать онлайн в единой платформе. На данный момент программные продукты 3 стадии еще не разработаны.

Таблица 1 – Стадии развития проектирования согласно ISO 19650

Стадия 0	Стадия 1	Стадия 2	Стадия 3
Аналоговые данные	Цифровые данные		
Ручное черчение	CAD (САПР), в том числе 3D	BIM – сводная информационная модель	BIM – информационная модель на основе баз данных

Процесс информационного моделирования охватывает все этапы жизненного цикла здания или сооружения, начиная с эскизного проекта и заканчивая эксплуатацией, ремонтом и даже ликвидацией. Применение BIM позволяет уменьшить количество ошибок при проектировании. Например, при изменении диаметра трубопровода на схеме изменяется диаметр этого трубопровода и на плане, поскольку это один и тот же элемент в модели. Также, можно проводить проверки моделей разных разделов проекта (например, ОВ с ВК) на наличие коллизий, т.е. пересечений элементов (рис. 1). Таким образом, мы устраняем ошибки, которые бы иначе заметили только во время строительно-монтажных работ, что привело бы к переделкам, увеличению срока и удорожанию строительства. Применяя BIM, мы одновременно достигаем нескольких целей: улучшение качества проекта за счет сокращения ошибок и координации между смежными разделами, экономия времени и денег на этапе строительства.




Рисунок 1 – Информационная модель здания

BIM-модель дает широкие возможности для различных расчетов: как инженерных (гидравлический, аэродинамический), так и, например, расчеты спецификаций. При наличии классификатора можно будет автоматизировать сметный расчет – каждому элементу в

модели будет присваиваться код классификатора, согласно которому будут применены соответствующие сметные расценки. В настоящее время такой классификатор разрабатывается специалистами КазНИИСА. Помимо проектирования и строительства, BIM-модель будет полезна и на стадии эксплуатации здания, позволяя, например, узнать расположение труб, скрытых в полу, или название вышедшего из строя оборудования для замены.

Для того, чтобы отрасль перешла на применение BIM-технологии, необходимы стандарты и инструкции. Для внедрения технологии информационного моделирования в Республике Казахстан был разработан «План мероприятий по внедрению технологии информационного моделирования при проектировании объектов строительства (BIM-технологии), который был утвержден приказом Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан №197 от 11 апреля 2017 года. Применение BIM позволит повысить конкурентоспособность строительной отрасли Казахстана, способствуя улучшению качества проектирования, сокращения сроков строительства и формирования прогноза затрат на эксплуатацию здания.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 РДС РК 1.02-04-2018 Информационное моделирование в строительстве. Основные положения.
- 2 СП РК 1.02-112-2018 Жизненный цикл строительных объектов. Часть 1. Общие понятия.
- 3 СТ РК ISO 19650-1-2019 Организация информации о строительных работах. Информационный менеджмент с использованием технологии информационного моделирования зданий (BIM). Часть 1. Концепции и принципы. Введ. 2020-03-01.
- 4 Талапов В.В. Технология BIM. Суть и особенности внедрения информационного моделирования зданий. М: ДМК, 2015, 410 с.
- 5 Болтанова, Е.С. Правовое обеспечение экологических инноваций (на примере строительной отрасли) [Электронный ресурс] // Экологическое право. 2018. № 4. Режим доступа: <http://lawinfo.ru/> (дата обращения: 16.02.2019).
- 6 Что предлагает серия стандартов ИСО на информационное моделирование зданий (BIM)? [Электронный ресурс]. <https://gmk.center>.

## ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАС ҰРПАҚТЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

КАСЕНОВА А. У.

казак тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 10 ЖОМ, Екібастұз қ.

Жаһандық өзгерістер ұлтымыздың мәдениеті мен рухани құндылықтарымызға үлкен өзгерістер енгізеді. Әлбетте қазіргі кезеңінде елімізде болып жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларында өзгерістерге байланысты қазақ жастары «рухани дағдырысты» басынан өткізіп жатқаны анық. Сондықтан бүгінгі күні жастардың рухани-адамгершілік жаңғырту мәселелері өзекті болып тұр. Жеке тұлғаның дамуында рухани және адамгершілік тәрбие алуы өте маңызды. Егер рұхтандырушылық дегеніміз тұлғаның тандаған мақсатына жету, сананы сипаттайтын құндылық болса, адамгершілік деген адамдардың бір-біріне, қоғамға деген жалпы принциптер мен нормалардың жиынтығы. Екуі бірге үйлесіп жеке тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Сондықтан жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру Қазақстан Республикасының білім берудің басты мәселесінің бірі болып есептеледі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туындыларында адамгершілікті тәрбиелеу идеясы маңызды орын алған. Ғұлама ғалым жастардың бойына адамзат құндылықтарын қалыптастыру қажеттігін ескерген. «Кімде-кім туа болмайды, жүре болады. Баз-баз жандар болады: ұрлық қылған емес, қорлық қылған емес, кісі өлтірген емес, мекнат-машахатты басынан көп кешіріп, қайғы-қамның қалың ортасында жүріп, табиғат жазасымен жазаланып, әрбір жапаны көр көріп қорытылуы жеткен соң, алтын болып тазарып шығады», -депбұрыңғылардың сөзін үлгі ете келе адамның белгілі бір уақыт ішінде қарым-қатынас нәтижесінде тәрбие мен ақыл межесінің шыңынан көрінуі еңбексүгіштік пен төзімдік, ерік-жігер мен таудай талап талпыныстарына байланысты екенін білдіреді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жас ұрпақты жалқау да, ұйқышыл да болмай, керісінше төзімді, талмай ізденуге, болашаққа сеніммен қарауға «Өз басында ерік-ықтияры жоқ кісі үнемі жалқаулық пен ұйқының тұтқынында болады. Ол жалқау да болмайды, ұйқышыл да болмайды. Бірақ істеген ісі оңға баспайды. Сонда да жалықпай соңына түсе берсе, өзі өлмей тірі жүрсе ақыры барып бір ұшынан шығып, ойға алғанына жетпей қоймайды». Олардың өмірлік

ұстанымы да екі түрлі сипатта болғандықтан адамгершілік қарым-қатынас деңгейі де бірдей бола бермейтінін басып айтады.

Мәшһур Жүсіп Көпейұлы ақын, этнограф және ауыз әдебиетін жинаушы, сонымен қатар, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, әдеп-ғұрпын, салт-дәстүрлерін, тарихы мен тілін, ұлттың сана-сезімін зерттеуші ретіндегі шығармашылық мұрасы ерекше орын алуда. Ақынның артында қалған шығармалары қазақ халқының баға жетпес, мол рухани қазынасы болып табылады.

Мәшһур Жүсіп Көпейұлы – XX ғасырдың басындағы Абай дәстүрін жалғастырушы жарқын ақыны. Ақынның шығармалары көркем сөздің үлгісі бола тұра, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, әдеп-ғұрпын пен салт-дәстүрлерін бейнелейтін, тарихи анықтама ретінде аса құнды. Мәшһур Жүсіп Көпейұлы қазақ этнографиясын, әдет-ғұрпын зерттеп, ендігі бір аса елеулі еңбегінің бірі-қазақ халқының ауыз әдебиетін, шежіресін жинап, кейінгі ұрпаққа табыстап кеткен ұлы ғұлама. Жинақталған шежіресінде тек қазақ халқының ірі руларының тарауларын ата есімдермен тізбектеі бермей, оларды оқиғалармен байланыстыра білген.

Мәшһур Жүсіп Көпейұлының шығармаларын алғаш зерттеуші халқымыздың ардақты ұлы академик Әлкей Марғұлан «Мәшһурдің жазғандары жеке өмірдің сыры, өз басынан өткен сыры емес, Мәшһур не жазса көбінесе бұқара тұрмысынан алып ылғи кедейлердің мұнын жазатын ақын болған. Сондықтан Мәшһур көбінесе ел-тұрмысын жырлайтын, кедей тобының мұнын жақтаған, демократтық бұқара ақыны болды. Мәшһурдың қай өлеңін алсақ та, оның барлығында бұл бұқаралық сарын көрініп тұрады» [2], – деп ой түйеді.

Мәшһур Жүсіптің шығармаларында қазақ еліндеболып жүрген паракорлық, жемқорлық мен ұрлық, алдау-зорлықты сынап, жан-жақты әшкерледі. Қазақ елінің болашағы үшін шындық пен әділдік, бірлік пен татулықты көрсете отыра, сол сияқты зорлық пен паракорлық, алып-сатарлықты б жағымсыз қылықтарын қарама-қарсы қойып, сынап отырған. Соған мысал «Шайтанның саудасы» өлеңі бүгінгі күні де өзінің құнын жойған жоқ.

Мәшһур Жүсіптің Абай, Ыбырай, Шәкәрім өлеңдеріндегідей тек қана адал болу, білім мен ғылымға ұмтылу, достық туралы көп айтылады және өз еңбектерінде де қазақ елін тығырықтан алып шығатын білім екеніне сенім артады. Ақынның шығармаларында әлеуметтік теңсіздік, бай мен кедей, жең ұшынан байланыс жасау, тамыр-таныстық тақырыптарын көтеріп, адамгершілік мәселесіне айрықша тоқталады. Мысалы: «Ақылшы шықты бізге үй басынан,

Өзі боп өз үйінде (ойында) жұрттан асқан. Биге пара, байларға өсім болды, Бой тартып, арамдықтан, бар ма қашан?! - дейді. Бұл жерде ақын қазақ елін, өз жұртын жаман қылықтардан, жаман әдеттердің аулақ жүруге шақырады. Биге пара беру, арамдықтан, өсім беруден жирен дегендей. Ақынның сол замандағы көтерген мәселелері, қарап отырсақ, бүгінгі күні де өзектігін жоғалтқан жоқ, өзінің тәрбиелік мәнін сақтап отыр. Ең бастысы адам болып, жаманнан жиреніп, жақсылықты үйренуге шақырады. Сондықтан да осы өлеңде өткен өмір сабағы бүгінгі күні қайталанбай, өскелең ұрпаққа адал өмір сүруге, адамгершілік, имандылыққа шақырып отырғаны байқалады.

Мәшһур Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған елуге жуық қолжазбасы сақталған. Бұл еңбектері халықтың бай мұрасы бола тұра, жас ұрпаққа ғұмыр бойына азық болары айқын. Сонымен қатар, «Қазақтың ру ұрандары» деген еңбегінде әр рудың ұрандары мен мағынсын терең ашып жазады.

Мәшһур Жүсіп Көпейұлы - жыршы, әңгімеші, этнограф, тарихшы, сөз өнерінің шебері, қазақ ауыз әдебиетінің жанашыры, халық мұрасын жинаушы әмбебап ақын. Мәшһур Жүсіптің дастандары арқылы жас ұрпаққа тәлімді ой, өнегелі сөз қалдырып кеткен қазақ ақындарының бірі. Мәшһур Жүсіптің шығармаларында өз заманындағы жайы туралы айтылады: қазақтың жаман мінездерін, қазақ арасында феодализмнің қалдығын, би-болыстардың, патша үкіметінің шенеуліктерін жағымсыз әрекетерін сынайды. Сөйтіп, халықты оянуға шақырады:

Жатқандай тәтті ұйқыда халқы,  
Айырылмай жақсы менен farkы.  
Өнерге ұмтылайық, оқып жетіліп, мәдениетті, күшті ел болайық:  
Білімге жабысайық көңіл қойып,  
Ерлердің жұмысына жүрмін тойып...  
Өнер, білімге жетілу арқылы тендік, бостан аламыз:  
Өнерге, ғылым, білім болсаң жерік,  
Берілер ақыр бір күн басына ерік, - дейді.

Осы өлең жолдарында ақын қазақ халқының жай-күйін аңғарып, халықтың міндет-мақсаттарын түсініп, айқын білдіреді, сонымен бірге ақын өз заманындағы әл-ахуалға, саяси-әлеуметтік жағдайларға байқап отырған, сондықтан шығармаларының тақырыбы осы оқиғалар мен мәселелерге байланысты жазған.

М. Ж. Көпейұлының барлық еңбектерінде кез келген оқырманға өзіндік тұжырым жасайтын ой жатыр. Ол-өзінің өмір сүрген заманының сыншыл реалист ақыны.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қабдолов З. «Сөз өнері» Алматы «Сонат» 2002 ж. 351 б.
- 2 Қараев М. «Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму жолдары» Алматы: Мектеп, 1986 жыл, 113-117 бет.
- 3 Әуезов М. 20 томдық шығармалары жинағы Т.17 – Алматы: Жазушы, 1985. – 456 стр. 2. Мәшһүр-Жүсіп Қ. Суреткер акын // Кітапта: Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Шығармалары. Т.4 – Павлодар: ЭКО

**ҚАШЫҚТАН ОҚИТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚИТУ ҮРДСІНДЕ  
ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН  
ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

КЕҢЕС Д. Қ.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ОСПАНОВА Н. Н.

п.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КАБЕНОВ Д. И.

PhD докторы, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Бұл мақалада білім беру үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудағы маңызы, әдістемелік ерекшеліктердің сипаттамасы, электронды оқыту жүйесі жобасы аясында жасалған ЦБР мазмұны мен құрылымын талдау қарастырылған. Сонымен қатар, ЦБР-ге қойылатын талаптар, қағидалар, топтамалардың мазмұны, және оны қолданудың әдістері көрсетілген. Білім және ғылым мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық күш-қуаты өркендеуінің негізгі қозғаушы күші болып табылады. Білім саласын дамыту инновацияны ендіруге септігін тигізіп, жастарды қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға қажетті керекті білімдер мен дағдылармен қамтамасыз етеді.

Қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар:

1 Қашықтан оқытуды ұсыну үшін бастауыш, негізгі, жалпы орта және қосымша білімнің оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына мынадай талаптар белгіленеді:

1) Оқу қызметін ұйымдастыру үшін Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін телекоммуникациялық арналардың болуы;

2) Ақпараттық ресурстарға, цифрлық ресурстарға жедел қол жеткізу құралдарының болуы;

3) Білім алушылар үшін оқу-әдістемелік, ұйымдық-өкімшілік ақпаратты, бейнесабақтарды қамтитын ақпараттық жүйенің болуы;

4) «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) сәйкес электрондық журналдар мен күнделіктер жүйесіне қосылу;

5) Білім беру ұйымдарының педагогтерінде ақпараттық технологиялар бойынша курстарынан өткендігі туралы сертификаттардың болуы;

6) Оқу процесін цифрлық білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету;

7) Білім беру ұйымдарында пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық кешенге және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын ұсынылған ең аз талаптардың сақталуы.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну үшін мынадай талаптар белгіленеді:

1) Қашықтан оқытуды үздіксіз ұйымдастыру үшін ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымның болуы: тұрақты желілік қосылыс, серверлік жабдық, деректерді сақтау жүйесі және киберқауіпсіздік жүйелері, Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін коммуникациялық байланыс арналары, білім алушылар жеке басын идентификациялау үшін аутентификация жүйелері, онлайн прокторингі және көшірулерді анықтау жүйесінің жұмыс жасауы;

2) Веб-сайтты, ақпараттық-білім беру порталын, кредиттік оқыту технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін, ақпараттық-білім беру ресурстарының жиынтығын қамтитын білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, оның ішінде оқытуды басқару платформасының жұмыс істеуі;

3) ISO/IEC 27001, ISO/IEC 27002 халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленген Білім беру ұйымының қауіпсіздік саясаты негізінде жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігін және деректерді қорғауды қамтамасыз ету;

4) Оқу үрдісін цифрлық білім беру ресурстарымен, онлайн-курстардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету (курстың құрылымдалған

дизайны, оқытудың қалыптастырылатын нәтижелерінің картасы, бағалау жүйесінің ерекшелігі, бағалау көрсеткіштері мен өлшемшарттарының сипаттамасы);

5) Білім алушылардың оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдарды орналастыра отырып, білім беру порталы мен ақпараттық жүйелерге, сондай-ақ тестілеу жүйесі мен ашық электрондық ресурстарға, көздерге қол жеткізуін қамтамасыз ету;

6) Білім беру қызметтерін ұсыну бойынша цифрлық сервистердің болуын қамтамасыз ету: оқу сабақтары мен білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың барлық түрлерінің электрондық кестесі, электрондық кітапхана, электрондық құжат айналымы, жатақханадан орын алуға онлайн-тіркелу;

7) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қашықтан оқыту жағдайларын қамтамасыз ету;

8) Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесіне сәйкес білім беру қызметтерінің сапасын бақылау жүйесінің болуы болып табылады.

Қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалану, білім беру үрдісінің негізіне арнайы жасалған оқу-әдістемелік материалдармен білім алуына және бақыланатын өзіндік жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытудың компоненттері мен әдістемелік тәсілдері оқытуды мүмкіндігінше ыңғайлы және тиімді болуына мақсатты түрде көзделген. Жалпы қашықтықтан оқыту үрдісін көпшіліктің түсінігі бойынша виртуалдық оқу аудиториясына қатысып, мультимедиялық құралдарды ұтымды пайдалану арқылы білім алу болып табылады. Алайда, ақылы интернеттік қызмет мұндай мүмкіндікті бізге бере бермейді. Соған орай, қашықтықтан оқыту үрдісін жүргізу үшін жинақталған түрде белгілі бір тәртіпте құрылған әдістемелік кешенді оқу бағдарламасын құру қажет.

«Білім саласындағы жаңа коммуникациялық технологиялар» түсінігі компьютерлік техника және электрондық анықтамалық жүйелері мен адамның әрдайым жаңа оқыту әдістерін ізденуінен пайда болады.

Қазіргі заманғы қашықтан оқытудың қарқынды дамуы сырттай білім алуға байланысты ғана емес, сонымен қатар көпшілік ашық онлайн-курстардың (МООС) жаппай таралуына байланысты да болып отыр.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында қашықтан оқыту әлем бойынша қарқынды дами бастады. Интернет жүйесі жетілдірілді, қолжетімді болды, сондай-ақ қашықтан оқыту технологиялары

дамытылды. Нәтижесінде интернет-технологияларды пайдаланатын білім беру ұйымдарының саны өсті.

2011 жылы күзде Стенфорд университетінің профессорлары Себастьян Тран және Питер Норвиг жасанды интеллект негіздері бойынша кіріспе онлайн курсы ашты (Петькова, 2015: 199-204). Өз кезегінде, курстардың мұндай ашылуы интернет арқылы курстарға қатысқан 190 елден 160000-нан астам студентті тартты. Білім алушылардың басым бөлігі уақыт өте келе азая бастады, бірақ 23 мың ең тұрақты қатысушы оқу курсы аяқтады. Себастьян Тран қол жеткізген жетістік басқа университеттерді (Принстон, Пенсильвания, Мичиган университеті) онлайн курстарын ашуға шабыттандырды. Бұдан әрі Стенфорд ғалымдары онлайн-курстардың қуатты жеткізушісі - Udacity веб-сайтын құрды. Қашықтан оқытуды дамытудың келесі кезеңі көпшілік ашық онлайн-курстарды (massive open online courses, MOOC) ашу болып табылады. MOOC өз тыңдаушыларына түрлі университеттердің оқу бағдарламаларын ұсынатын платформалар болды.

Қорытынды. XVIII ғасырдың басында корреспонденттік оқытудың қалыптасуы білім берудің төлем ақысын төлей алмаған адамдарға білім алуға мүмкіндікті қамтамасыз етті. Сол арқылы қоғамда білімді адамдардың саны артып, бұл жағдай жалпы ғылыми техникалық прогрестің және қоғамдық әлеуеттің ілгерілеуіне жағдай жасады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырда радио арқылы оқыту білім беруге деген қолжетімділікті арттырды. Радио құрылғыларды білім беру саласында қолдану қоғамның мәдени өмірін дамытып қана қоймай, халық ағарту ісіне елеулі үлес қосты.

Телекоммуникацияның қазіргі жағдайы теледидардың пайда болған уақыттағы жағдайдан түбегейлі ерекшеленеді. Ондаған жылдар ішінде теледидар полиморфты, тармақталған, көп деңгейлі ақпараттық ортаға айналды. Бүгінгі таңда оны тек байланыс құралы ретінде анықтау мүмкін емес-теледидар адам қызметінің барлық салаларына үнемі енгізіліп отырады. Бұл жедел байланыс және оқу құралы. Бүгінгі таңда теледидар білім мен өнердің әртүрлі салаларын синтетикалық түрде біріктіре отырып, олардың жаңа қырларын ашуда.

XX ғасырдың соңғы ширегінде ғаламдық интернет желісі әлемнің кез келген жерінен білім беру ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік берді. Осының арқасында сапалы білімге қол жеткізу әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарға да қол жеткізуге мүмкіндік

ашылды. Аудиториялық сабақтар жүргізуге мүмкіндігі жоқ ірі ғалымдарды білім беру үрдісіне тарту, кеңес берудің икемді жүйесін құрастыру, білім беруде алдыңғы қатарлы технологиялар мен кешенді бағдарламалық-әдістемелік жүйелерін пайдалану, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған түрі, күндізгі оқытудың ұқсас білім беру бағдарламаларымен салыстырғанда оқытудың неғұрлым төмен құны, осының барлығы қашықтан оқытудың артықшылықтары ретінде көрініс тапты.

Қазіргі таңда дәстүрлі және виртуалды оқытуда білім берудің сапасын арттыру маңызды, сонымен қатар заманауи технологиялар мен инновацияларды пайдалана отырып, елдердің білім беру жүйесі мен ғылыми даму әлеуетін арттыру мәселелері өзекті болып тұр. Қашықтан білім беру технологияларын қолдану коронавирустық пандемия жағдайында білім беру үрдісін үзбей жалғастыруға септігін тигізіп отыр. Алайда, дамыған елдердің өзінде технологиялық революцияның артықшылықтарын толық пайдалану мүмкін болмай жатыр. Көптеген елдер білім беру үрдісінде радио, теледидар, цифрлық технологиялар, ал кейбір кезде пошта мүмкіншіліктерін пайдалануда. Сонымен адамзат COVID-19 індетіне қарсы тұру жағдайында қашықтан оқытудың сан ғасырлық тәжірибесіне сүйене отырып, жалпыадамзаттық құндылыққа айналған білім беруді үздіксіз қамтамасыз етуге ұмтылуда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Allen I. E., Seaman J. Staying the course: Online education in the United States // The Online Learning Consortium. USA: Sloan-C TM – 2008. – 28 p. – URL: <https://onlinelearningsurvey.com/reports/staying-the-course.pdf> (жүгіну мерзімі 08.07.2020)

2 Бактыбаев Ж.Ш., Тусубаева Ж.М. Дистанционное обучение как путь реализации открытого образования // Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая, серия «Физико-математические науки». – Алматы, 2019. – №1(65). – 228-235 с.

3 Джусубалиева Д.М. Электронное и дистанционное обучение его реализация в языковом вузе. Матер. межд.научн.-практ.конф. «Достижения и перспективы экономической науки нового столетия: практико-ориентированный аспект», Институт мировой экономики и финансов. – Астрахань, 2015. – 30 октября. – С.130-145

4 Интернет-желілері <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1592https://bkokdi.kz/ru/online.html>

## ӘЛЕМДІК ЖАҒАҢДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ МӘШҮР ЖҮСІП МҰРАСЫ

КОПЕЖАНОВА Д. Т., ИСКАКОВА Ү. С.

казак тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, № 10 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар ізгілік, адамгершілік, парасаттылық, имандылық міндеттерін ажырата біліп, өзіне тандау жасауы. Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін асыл мұрамыз. Ол келешек ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы. Бұл мұра ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына сіңетіні сөзсіз. Жаңа Қазақстан үшін казак өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, ақын-жазушыларымыздың өмірбаянын, шығармаларын ұлттық құндылықтар аясында кеңейту – жаһандану дәуіріндегі өзекті мәселе.

Жерлесіміз Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұраларын жас ұрпаққа кеңінен таныстыру арқылы рухани азық берері анық. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – Шығыс, Батыс мәдениетін, казак тілін жетік білген, араб, парсы, орыс, көне түркі тілдерін еркін меңгерген, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде казак даласын көп аралап, казак халық ауыз әдебиеті мұраларын мол жинаған, жинаушылық пен зерттеушілігі бір арнада тоғысқан тұлға. Ақын мұрасы совет үкіметі құрығына ілініп, ұзақ жылдар бойы зерттелуге, жарыққа шығуға шектеу қойылып, әдеби мұрасы шет қалды. Тәуелсіздік таңы атып, ақынның әдеби мұраларын кеңінен насихаттауға мүмкіндік алдық. Ол өлең жазумен қатар, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырумен де айналысты. Мәшһүр Жүсіптің ауыз әдебиеті нұсқаларын жинау мақсатында ел аралағаны, казак жерінің көп бөлігін салт атпен жүріп өткені, білім алуға да Орта Азия қалаларына үш мәрте сапар шеккені мәлім. Айтыстар мен шежірелерді, көптеген көне жырларды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттады. Ол күллі ғұмырын казак халқын сауаттандыруға жұмсады деуге де болады.

Мәшһүр Жүсіп бір жыл Бұхарада тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркі тілдерін үйренеді. Өзбек, тәжік және т.б. тілдерді де біледі, әдет-ғұрпын түсінеді. Көптеген ғылыми кітаптарды оқып, танысады.

1888 жылы Бұқарадан қайтып, Түркістандағы атақты Қожа Ахмет Йасауидің басындағы Әмір Темір салдырған көк күмбезін көреді. Онда да бірсыпыра уақыт болып, бірнеше ғалымдармен танысады. Одан әрі Сыр өңірін аралайды. Майлықожамен жолығады, жеті атасынан бері ақындық үзілмеген дуана Қожа Көшек, Күдері қожа әулиелермен танысады. Шу мен Сырдан өтіп, Ұлытау мен Кішітауды басып, Есіл мен Нұраны жайлап, мекен қылған жұртты аралайды. Осындай екінші сапарына Мәшһүр Жүсіп 37 жасында, яғни 1895 жылдар шамасында шықса, үшінші сапары 49 жасына (1907) сәйкес келеді.

Мәшһүр Жүсіптің жазба мұрасы араб, парсы, шағатай тіліндегі көшірмелерін есепке алғанда 30 том кітап болады. Жанрлық тұрғыда Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы сан-алуан, діни рауят, хикмет, дастандар, тарихи фольклор (қария сөз, шежіре нұсқалары, аңыз, ертегі мен жұмбақтар), тұрмыстық фольклор (даналық сөз мақал-мәтел, ақ бата, тілек, беташар, бесік жыры, жоктау үлгілері т.б.), әдеби-көркем шығармалар мен публицистика. Қазақтың ауызекі шежіре дәстүрін тарихи жазба дәстүріне айналдырған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ғұмырында тарихшы, әрі тума дарынды ақын және халықтың даналығын, тарихи фольклорын жинаушысы ретінде танымал. Ақын атамыз қырғыз жерімен жүріп Жетісуға келген. Қырғыз жерлерінде Кенесары мен Наурызбайдың соғысы туралы деректер жинаған. Жетісу жағында алғаш рет белгілі түркітанушы В. Радловпен кездеседі. В. Радловпен кездесуі кейін фольклор жағынан ғылыми байланыс орнауына себеп болды. Жетісу өңірінде жүріп көптеген құнды деректерді жинап, жазбаға түсірді. Қазақтың жазба шежіре дәстүрінің негізін салды.

Мәшһүр Жүсіп қазынасында философия, тіл мен әдебиет, медицина мен космология сияқты салалар бойынша жазған еңбектері де көп. Мәшһүр Жүсіп ақындықтан басқа ғалым адам. Күншығыс, араб, парсы халқының тарихын жақсы білген. Химия, физика, астрономия ғалымдарынан хабары болған. Ол атақты Әбу Әли Сина, Әл-Фараби сияқты орта ғасырдағы Бұқара ғалымдарының шығармалары және араб, парсы, түрік кітаптарын көп оқыған. Мәшһүр Жүсіп жинаған тарих, әдебиет материалдары өте бағалы.

Мәшһүр Жүсіптің үш кітабы: «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты туындылары 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан жарық көреді. Кейіннен ол баспаханадан шыққан 14 қалам иесінің шығармаларын цензура сотқа тартады. Ішінде Мәшһүр Жүсіптің жоғарыда аталған еңбектері де бар.

Мәшһүр Жүсіп жинаған фольклор үлгілерінің басым көпшілігі – аңыз бен әңгімелер. Ақынның аңыз-әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазға түсірумен ғана шектелмей, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысын, т.б. жинағаны белгілі. Ақынның жинаған фольклорлық үлгілерге жанрлық жағынан келетін болсақ, ел аузынан тұрмыс-салт жырларының 30-40 шақтысы топталған.

Халық поэзиясы үлгілерін, оның ішінде мақал-мәтелдерді Мәшһүр Жүсіп ерінбей ұзақ жинаған. Фольклордың басқа жанрларына қарағанда, мақал-мәтелдерді жинаумен айналысу фольклорист-ғалымнан ұзақ уақыт пен қажымас ізденуді, еңбектенуді қажет етті. Мақал-мәтелдер дайын күйінде жеке-дара кездеспейді. Оларды айтушының не ауызекі сөзінен, не қолжазбалар ішінен, туындылар арасынан іздеп табу арқылы қағазға түсірді. Жас кезінде Мәшһүр атамыз салт атпен ел аралап, жиған-терген дерегін қағаз бетіне түсіріп, түйе жүнінен тоқылған қоржынына салып жүре береді екен.

Мәшһүр Жүсіптің фольклорист ғалым ретінде қалыптасуының үш қайнар көзі бар. Әуелгісі өз елінің ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерінен тұратын бай мұрасын қабылдауы. Одан кейін шығыс елінің, оның ішінде орта ғасырлық ғалымдар жетістіктерін игеруі. Сондай-ақ батыс ғалымдары, оның ішінде орыс зиялыларының өсері.

Мәшһүр Жүсіптің көне мұраны жинақтаудағы орасан еңбегі деп ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау мен Көтеш ақын, Абай, Ұлбике, Күдері қожа, Жанақ ақынның сақталған жыр, толғауларын атар едік. Бұқардан қалған сөз маржанын Мәшһүрге дейін хатқа тұтас түсіруші болмаған. Тек Шоқан Уәлиханов «Бұқар жыраудың Абылайға айтқаны» деп аталатын өлеңдерін кітабында келтірген.

Мәшһүр Жүсіптің жинап топтастырған «Үлгі сөзі» небәрі қырық сегіз жол екен. Жинаушы бұл қанатты сөзді шартты түрде бес түрге бөліпті. Бірінші түрі – он жол, Екінші, үшінші түрі – сегіз жол, төртінші түрі – жеті жол, ал соңғы – бесінші түрі он бес жолдан тұрады. Өлеңнің қалған сегіз жолы он бір буынды қара өлең үлгісімен берілген.

Мәшһүр атамыздың сөз қадірін білуге, бағалауға үндейтін жерлері аз емес. Өзі ақын болғандықтан да болу керек, ол жадында сақталған сөз маржандарының бірде – бірін назардан тыс қалдырмауға тырысты. Мысалы, оның қолжазбасында: «Жан бір асыранды құс. Дүние бір қапас. От, су бермесе, қапаста тұрып аштан өліп қалады. Оған қорек беру керек. Адам қандай тамақтан семіреді, адам құлақтан семіреді. Мұнан мағұлым болды, жақсы сөзге жан семіреді екен. Жанның қорегі құлақ сүйсінерлік сөз екен. Адам тіршілігінде, денсаулығында құлақ сүйсінерлік сөз естуге талап қылып, тырмысу керек», – делініпті. Дәл осы ой, осы пікір бүкіл адамзат баласына ортақ. Шынында да адам жаны жақсы лебізге, әсем әнге, тәтті күйге ынтық.

Өз заманында озық туған көрнекті тұлға ақындығымен қатар тарих, әдебиеттану, өлкетану, шежіре жинақтау салалары бойынша мол мұра қалдырды. Бірақ қолжазбаларының көбі түрлі себептермен сақталмаған. Әсіресе, Кеңес заманында көптеген шығармалары қасақана құртылды. Мәшһүр Жүсіптің ел ішінде көріпкел-әулиелігімен танылғаны белгілі. Оған өзінің дүниеден қайтатын ай-күніне дейін дәл біліп, бір жыл бұрын асын бергізіп кетуі дәлел. Аңызға бергісіз мұндай деректер мен шығармалары қазір 20 том болып басылып жарыққа шықты. Ал, жарық көрген кітаптың деректермен толықтырылды.

Мәшһүр Жүсіп мұрасын жинастырып, оларды зерттеу – мәшһүртанушы ғалымдардың алдында тұрған ғылыми мақсат. Бүгінгі күні Мәшһүр атамыздың мол қазынасынан жария етілген мұрасы да аз емес. Ақын атамыздың қолжазбаларының басым көпшілігі Алматы қаласындағы Орталық Ғылыми кітапхананың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында сақтаулы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы. 4 том. – Павлодар, 2006 ж.- 392 бет.
- 2 Жүсіпова Г.Қ. Мәшһүртану белестері. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, - 5005. – 303 б.
- 3 Зекебай Солтанбайұлы. Көпеев. (Мәшһүр Жүсіп туралы III кітап) . – Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2005, - 226 бет.
- 4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Т20 томдық шығармалар жинағы. Павлодар: ЭКО, 2013 ж. - 2 том. – 434 бет.
- 5 Әдеп және жантану/ хрестоматия/ Атамұра Алматы, 1996.

## МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

КУДРЫШЕВА М. Б.

бастауыш сынып мұғалімі,

Мұзафар Әлімбаев атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазақ халқының көрнекті ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының есімі еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап шынайы мәртебесіне көтеріліп, тарихта лайықты орнын ала бастады. Кезінде социалистік идеология қудалаған, теріс бағалаулар берілген талай ұлт саңлақтарының тарихи сана тұрғысынан өзінің лайықты бағасын алатын кезі келді.

Дара тұлғалардың рухани тарихымыздағы орнын анықтайтын ойшылдың өмірі мен қызметі туралы еңбек гуманитарлық кеңістіктегі заңды құбылыс деуге болады. Мәшһүр Жүсіп қазақ халқының кемеңгер әрі аяулы перзенті. Ақынның шығармашылығы мен өміріне арналған іргелі еңбектер қазіргі кезеңде Алматы мен Павлодар және басқа да қалаларында әртүрлі көлемде жарық көріп келеді. Ғылыми зерттеулер жасалып, бұқаралық ақпарат ауқымында көрініс беруде. Ал, енді солардың қатарында басылып шыққан он үш томдық ақын шығармаларының жинағын кейінгі жылдардағы еліміздегі рухани кеңістігінің жетістігі.

М. Көпеевтің шығармашылығы сан қырлы. Ол әңгімелер, мақалалар, хат-хабарлар, жазбалар жазды, Қазақ эпикалық поэмаларының түрлі нұсқаларын жинады, халық ертегілерінің, аңыздардың, мақал-мәтелдердің, әдет-ғұрып, тұрмыстық әндердің, аз танымал ақындардың саяси жарыстарының мәтіндерін жазды. Оның жазбаларында белгілі бір халықтардың шығу тегі мен рулық құрамы, қоршаған табиғаты, киімдері мен рухани мәдениеті туралы материалдар үлкен орын алады. Оның «Наша жизнь», «кого принадлежат Сарыарка», «Увиденное за долгую жизнь» атты кітаптары танымал болды. Мәшһүр «Ер Көкше», «Ер Сайын», «Көроғлы» т.б. поэмаларын жазды. М. Көпеевтің шығармалары жас ұрпақтың өзін-өзі тануы мен өзін-өзі тәрбиелеуінің бірегей көзі болып табылады. Олар жастардың кейінгі ұрпақтарын өткен дәуірлердің сан алуан сипатымен байытады және қазақтардың қоршаған ортамен бір қарағанда көрінбейтін стихиялық байланыстарын табуға мүмкіндік береді, адам тәрбиесіндегі адамгершілік-рухани білімнің ролін анықтауға ықпал етеді. Оның қолжазба мұрасының



едәуір бөлігі этика, педагогика, психология, жаратылыстану және дін мәселелеріне, қазіргі қоғамның моральдарын талдауға арналған. Өзінің көптеген шығармаларында («ғылымға құрмет көрсете отырып», «бүгінгі қазақтардың кәсібі туралы», «барлық жерде мен өмірлік серіктес іздедім», «хат» және т.б.) ол өз заманының қоғамдық, саяси және мәдени өмірінің көптеген мәселелерін қозғады, әлеуметтік теңсіздік, ағарту, сөз бостандығы, өнердің мақсаты туралы айтты. М. Көпеевтің барлық шығармаларының желісі этика мәселелері болып табылады.

Көпеев өз еңбектерінде адамның сұлулығына назар аударады, ол өзінің басқа адамдарға деген рухани сұранысынан, адамгершілікпен толықтығынан, өз іс-әрекеттерімен тек өзіне ғана емес, басқаларға да бақыт пен жақсылықтың нұрын әкелу қабілетінен көрінеді. Ол адамның сұлулықты жасау қабілеті туралы айтады. Сонымен қатар, ол мейірімділік, жауаптылық, қамқорлық, жанқиярлық сияқты қасиеттермен тығыз байланысты адамның ішкі сұлулығының маңыздылығын атап өтеді.

Мәшһүр Жүсіп адамның ой ойлау қабілетін мойындады. Өз қалаулары мен құмарлықтарын білу адамның шынайы мәнін ашуға, оның ішкі сұлулығын кеңейтуге ықпал етеді, өйткені бұл жол өзін - өзі тану жолы. Өзін-өзі ашудың негізі-өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, әдемі идеалға жақындау. М. Көпеевтің пікірінше, жоғары рухани құндылықтарды іздеу және оған ұмтылу адамға адам болуға мүмкіндік береді. Өзін-өзі тану-жоғары адамгершілік адам болудың жалғыз сенімді жолы. Өзінің бірегейлігі мен бірегейлігін білу, оның шынайы табиғатын ашу, ең алдымен, адамның жүрегі арқылы өтуі керек, өйткені өзін білетін адам өзінің Иеміздің біліміне жақындайды, өйткені ол адамды өзінің бейнесінде Жаратқан.

М. Көпеевтің пікірінше, білім-өмірдің жоғары рухани мағынасын табудың құралы. Жалпы Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің еңбектері-өмірдің шексіз тұңғиығындағы философияның терең мұхиты. Өз шығармаларында ол халықтың қоғамдық және мәдени өмірінің көптеген мәселелерін қозғайды. Өз еңбектерінде Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ халқының қоғамдық және мәдени өмірінің көптеген мәселелерін қарастырды, оларды адамгершілік ағартуға шақырды, этикалық қағидалар мен таным нысандарының типологиясын әзірледі.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің шығармаларынан: «...қазақтың ауызша әндері, жоқтаулары, жұмбақтары, айтыстары рухани тарихтың негізі болып табылады. Ауыз әдебиеті жоқ елдің тарихы

толық болмайды. Қазақ халқы мәдениетінің толық тарихын жазу үшін ауызша әдебиет жетіспейтін белгілі».

Сабақтарда оқушылар ағартушылардың, өткен және қазіргі рухани ұстаздардың шығармаларын оқиды, астарлы әңгімелер, рухани-адамгершілік мазмұндағы ертегілерді оқиды, бұл баға жетпес халық шығармашылығын құрайды, оны ұрпақтан-ұрпаққа сақтау және жеткізу қажет.

Оқушылар Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің шығармаларымен танықанда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың мәнін терең түсінеді, адамға шексіз қызмет етудің, туған жерге, халыққа деген сүйіспеншіліктің, басқа халықтардың салт-дәстүрлерін құрметтеу мен құрметтеудің, тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың маңыздылығын алуға тырысады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев бізге бай шығармашылық мұра қалдырды. Халық ауыз әдебиеті, мәдениеті, тарихы, генеалогиялық дәстүрлері туындыларының жазбаша жинақтары және өзін-өзі тану сабақтарын өткізуге қажетті әдебиет болып табылатын көптеген әртүрлі этнографиялық материалдар. Барлығы 30 томдық шығармалар, олардың 13-і жарық көрді.

М. Ж. Көпеев моральдық принцип пайда болып, құдайдың негізінде құрылғандықтан, кемелдіктің негізгі көрсеткішін бірінші орынға қойды.

Ислам дінінің басты ерекшелігі бола отырып, кемелдік идеясын барлық деңгейдегі ойшылдар дәйекті түрде жүзеге асырды: зияткерлік, адамгершілік және физикалық. Мәшһүр Жүсіп исламның ақыл мен ғылымның дамуына ықпал еткеніне сенімді болды, бұл өз кезегінде жаратылған әлемнің илаһи мағынасын ашуға көмектесуі керек. Таным процесін адамның өзін-өзі жетілдіру тәсілдерінің бірі ретінде талдау кезінде қазақ діни философы танымның сопылық түсіндірмесіне сәйкес шындықты жүрекпен түсінуге баса назар аударды.

Исламды Көпеевтің қабылдауының басты ерекшеліктерінің бірі «Алла» түсінігін жаңа мазмұнмен толтыру болды. Мәшһүр Жүсіп Алланың сиқыры іс-әрекетте (діни жораларды жасауда) емес, ең алдымен Аллаға, адамзатқа және барлық тіршілік иелеріне деген сүйіспеншілікте екенін түсіндірді.

Дала қыранының бейнесін пайдалана отырып, ол иманды адамның толыққанды өмірінің маңызды атрибуты ретінде жан еркіндігі туралы жазды. Аллаһ ойшыл үшін жай ғана табиғаттан тыс күш емес, білуші және әрекет етуші субъектінің

ойлауын сипаттайтын ұғым болды. «Сонымен бірге» деп жазады С. Н. Мамытов, – М. Ж. Көпеев тұлға мәселесіне, оның ішкі және әлеуметтік еркіндігіне оның ислам туралы құдайлық-адамгершілік түсінігін анықтады» [4, б. 19].

Мәшһүр Жүсіп этикалық адамгершілік негізі болып табылатын діни негізде құрылады деген тезисті алға тартты. Ол дінді теңдестіретін құбылыс және этиканың үйлесімді негізі деп санайды. Көпеевтің пікірінше, әлемге діни және этикалық көзқарас сенсорлық принципті жеңе алады, ал адамның мінезі ізгіліктерді түсіну және дамыту жағдайында жақсарады.

Ойшылдың діни және этикалық көзқарастарын талдау, бақыт мәселесі адамның өмірлік ізденістерімен тығыз байланысты болады деген.

М. Ж. Көпеевтің түсінігінде бақыт ізгілік пен адамгершілік өмір салтының салдары. Философ оның негізінде қалаудың сөзсіз орындалуына ие болмауы керек, бірақ тілектер мен қажеттіліктердің ақылға қонымды өлшеміне байланысты болуы керек деп тұжырымдады. Мәшһүр Жүсіп жазған:

«Табиғи адам-қанағатты.

Қанағатты адам тиянақты.

Тиянақты адам қайғысыз.

Қайғысыз адам бақытты.

Ендеше есті адам бақытты бастау» [5, б. 22].

(«Ақылды адам-орташа. Орташа адам-тұрақты. Тұрақты адам шыдамды. Қарт адам қайғы-қасіретті білмей өмір сүреді. Бейқам адам бақытты. Сондықтан ақылды адам бақытты»).

Жалғыз емес, шынайы достары бар адам нағыз бақытты. Яғни, данышпанның пайымдауынша, бақытты әл-ауқаттың негізі әр адамның басқа біреудің бар екенін бағалау сезімінен бастау алады. Бақытты отбасылық өмір, ақылды әйел бақыт, бірақ келіспеушілік, өзара түсіністік пен сүйіспеншіліктің болмауы, үй шаруашылығын жүргізе алмау, үй иесінің жалқаулығы үлкен мәселе.

М. Ж. Көпеев материалдық байлықты бақыттың құрамдас бөліктеріне жатқызды, әрине, жинақтау мен байытуға деген ұмтылысты жоққа шығарды. Ойшыл адал мұсылман өзінің байлығынан кедейлердің қажеттіліктеріне жұмсау керек екенін атап өтті, өйткені жомарттықсыз жинақталған жақсылық мемлекет иесінің өзі үшін зұлымдыққа айналады.

Шынында да, адамның ұмтылыстарының, ақыл-ойларының және тілектерінің алуан түрлілігі бақыт туралы әртүрлі түсінік береді.

Ежелгі заманнан бері қазақ үшін бақыт адамның еркі мен тілегіне тәуелді емес, ол жоғарыдан келген сый болған. Көбінесе бұл сәттілікпен байланысты деп есептеген. Егер бақыт жоғарыдан жіберілсе, онда қазақ ойшылдары адамға оны сақтау үшін күш салу керек деп санайды. Мәшһүр Жүсіп жазғанында:

«Көрінбеген нәрсені аламын деп,

Айырылма қолыңдағы барлығынан» [7, 57 б.].

(«Белгісіз нәрсені қуып, қолыңыздағы нәрсені жоғалтпаңыз немесе жіберіп алмаңыз»).

Адамның бақыты, оның мәні мен оған жету жолдары барлық уақыт пен халықтардың этикасының басты мәселесі болып табылады. Осыған орай әр түрлі тәсілдер мен әртүрлі шешімдер ұсынылуда. Мысалы, гедонизм деп аталатын этикалық ілім мінез-құлықтың негізгі қағидасы және ләззат алуға деген үлкен ықылас деп саналды. Тағы бір ілім – эвдемонизм – бақытқа ұмтылуда өмірдің ең үлкен игілігі мен мақсатын көрді. Өмірді түсінудің эвдемониялық принципі бүкіл араб-мұсылман философиясына тән болды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында «бақыт» категориясы ерекше мәнге ие болды. Мүмкін, тек осы тұжырымдамада өмірдің қалай дамитынын ішкі қанағаттану сезімінде көрінетін әртүрлі артықшылықтар оңтайлы түрде біріктіріледі. Бақыттың мазмұнында, әдетте, адамның өзіне байланысты және оның бақылауынан тыс сыртқы жағдайлар алдын-ала анықталған нәрсе бөлінеді. Қазақ бақытты жоғарыдан берілген рақым деп түсінді. Бірақ бақыт қазақ ойшылдарының пайымдауынша, әлемнің өзі сияқты өзгермелі. Егер бақыт өзгергіш болса, онда бақытқа жетелейтін адами қасиеттер тұрақты, ал жақсылық мәңгі болады. Қолөнер адамның тәуелсіздігі мен әл-ауқатының сенімді көзі болып табылады, ол байлық пен дәрежеден жоғары. Қазақ ойшылдарының пікірінше, байлық пен шеннен бір рет айрылуға болады, ал кәсіп – бұл байлық, адамның тағдыры қай жерде болмасын, оның қадір-қасиетінің, айналасындағыларды құрметтеудің КЕПШІ.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің рухани мұрасы- ақыл мен жүректің, сопылық мистицизм мен ұтымды білімнің, философиялық публицистиканың және лириканың қосындысы, бұл ішкі біртұтас білім екі ақиқат – поэтикалық және ғылыми қиылысындағы логикалық мағыналардың «сезімінде» туады, олар жеке өмір сүруді тоқтатады, бірақ белгілі бір құндылыққа біріктіріледі жеке тұлғаның еркін және жауапты шығармашылық таңдауын анықтайтын параметр. Бұл ретте нақ осы адамгершілік жауапкершілік бірінші

кезекте қазақ философиялық ойының сипаты мен мақсатын айқындады [8, 81 б.].

Әлемді философиялық түсінудің және гуманистік бағдарлаудың жарқын мысалы болып табылатын Көпеев ойының импульсі мен ырғағы ойшылды бүкіл өмірін толғандыратын бір негізгі мәселемен анықталды. Бұл - халықтың өмірінің бастауы, халықтың тағдыры, оның адамгершілік ұмтылыстары мен мұраттары, оның жалпыадамзаттық құндылықтар мен прогреске ену мүмкіндіктері. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жоғары адамгершілік пафосына және адамның шығармашылық күштерінің көрінісі ретіндегі мәдениеттің гуманистік мәні туралы терең ойға бойлаған, бүкіл әлемді, соның ішінде Қазақстанды қамтыған жаһандану дәуіріндегі діни-философиялық көзқарастары ұлттық бірегейлікті, өзіндік бірегейлікті және рухани жаңғыруды іздестіру жағдайында болашақ перспективалардың бағытын айқындай отырып, қазіргі заманның адамгершілік бейнесі мен мағынасын қалыптастырады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында тарихи және қоғамдық сананың ашықтығының маңыздылығын атап, рухани болмысымыздың кілті – ұлттық кодты жүйелі түрде талдап көрсеткен болатын. Ұлттық код ұлы тұлғалар өмірінің ақтандақтарын ашып көрсетуді, олардан алар ұлағатты тағылымды ұрпақ бойына сіңіруді құптайды. Өткен ғасырдағы қазақ тарихының көрнекті тұлғасы – ағартушы, шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, көрнекті ақын, публицист әрі этнограф Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының біз біле бермейтін қырлары өте көп.

Оқырмандарға ғұлама, ғалым, тарихшы, философ, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларын оқуды ұсынамын. Қазір Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығына арналған сайт бар. Ішінде монография, оқулықтар, т.б. деректер енгізілген. 2006 жылы Ескелдіде Мәшһүр Жүсіптің мавзолейі салынған. Оның қасында екі қабатты қонақ үй салынды. Музейі бар. Ол жерде жаңа туризмдік инфрақұрылымдар салынууда. Соның барлығы өткенді насихаттау ғана емес, ендігі ұрпақтың игілігі үшін. Елбасының «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» атты мақаласы бойынша көптеген істер атқарылып жатыр. Соны пайдалана білейік!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қуандық Мәшһүр Жүсіп «Абай және Мәшһүр Жүсіп: көркемдік үндестік» // «Қазақ тілі мен әдебиет», 2005 ж., №10.

2 Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1-том. - Павлодар, 2010. - 308б.

3 Ғ.Есім Адам-зат. Философиялық эсселер кітабы –Астана, 2008. - 381б

4 Мамытова С.Н. Исторический процесс в интерпретации М.Ж. Копеева: диалектика божественного и человеческого // Известия НАН РК. - Серия общественных наук, 2009, № 2. - С. 17-19. 5.

5 Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалары. 1 том. - Алматы: Алаш, 2003. - 504 б. 6.

6 Ахметова Г.Г. Взаимосвязь этического и эстетического в творчестве М.Ж. Копеева, С. Торайғырова и Ж. Аймауытова. Автореферат дис. канд. филос. наук. - Алматы, 2003. - 34 с. 7.

7 Көпеев М.Ж. Екі томдық. 2-т. - Алматы: Еылым, 1992. - 224 б.

8 Мәшһүр-Жүсіп Қ. Суреткер ақын // Кітапта: Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Шығармалары. Т.4 – Павлодар: ЭКО, ҒӨФ, 2004 – 535 стр. Баратова М.

#### МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

ҚАПЗОЛЛА Ж. Б.

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЖИЛЬГЕЛЬДИНОВ С. Е.

аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің белгілі тұлғасы, ұлы ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы 1858-1931 жылдар аралығында өмір сүрген. Павлодар облысы, Баянауыл ауданында кіндік қаны тамып, өмірінің соңғы сәтіне дейін елдің қамын ойлаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы біз үшін орны бөлек дара тұлға.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Бұхарада дін оқуын үйренген. Бірақ ол кісі молдалықтан қол үзіп, елдің әл-ауқаты, жағдайына байланысты өлендерін жариялап, ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтаған адам.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы парсы және араб жетік білгенімен қоса, өзге тілдерді де білген тұлға.

Ұзақ жылдар бойы халқының ықыласына бөленген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлең жазуға аса бір үлкен мән берген. Шығармаларының басты тақырыбы- ұлт еркіндігі, жер мәселесі, кара халық ызасы т.с.с мәселелер қамтылған.

«Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі» деген өлеңінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1905 жылдардағы патшаның он жетінші манифесінің бос сөз болып қалғанын сынаған. Оған мына өлең шумақтары себеп бола алады:

Әркімнің өз пайдасы ойлағаны,  
Тереңде түсіп жатыр бойлағаны.  
«Бостандық» деген сөзді жоқ қылам деп,  
Аш бөрі бізді жеуден тоймағаны.

Ақын қара халықтың болашағын ойлап, патшалық тәртіпке қарсы шықты. Бұл тұста біз Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын сол кезден бастап революцияның жыршысы ретінде байқай аламыз.

Ақынның «Бұлбұл мен Қаршыға» өлеңінің өзіндік бір көркемдік ерекшелігі бар. Бұл өлеңде бұлбұл жақсылықтың нышаны ретінде көрсетілсе, қаршыға жыртықш бейнесінде, яғни, зұлымдықтың нышаны ретінде көрсетілген.

Қазақ халқының тағдыры туралы толғаныс ақынның көптеген өлеңдерінен байқауға болады. Мәселен, «Гибратнама» өлеңінде адамдарға азаматтық міндет туралы өз ойын ұсынғанын білуге болады. Ақын өзінің айтқысы келген дүниесін айта алмай, іштей тынып жүргендігін өлеңнің мына бір тармақтарынан байқасақ болады:

«Болдым ғой өмірімді тауысқандай,  
Мерт болдым айға шауып арыстандай,  
Сұңқардай биік тауды мекен қылмай,  
Шықылықтап көзге түстім сауысқандай.»-дейді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ даласының отарланып жатқанын жіті көре алды. Елдің тұла бойын қараңғылық, адамдардың білімі сауатсыздыққа бой алдырып жатқанын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1903 жылы жазған «Қызыл гүл жасарсайшы солып жатқан» өлеңінде суреттеген. Бұл өлеңде ақын қайғыдан бөлек, халықты жаман ойлардан арылып, үміт үзбеуге шақырды.

Қазан қаласында жарық көрген кітаптарында қараңғылық пен надандық, заманның міндеттері, сол сәттегі адамдардың хәл-жағдайы сынға алынған болса керек. Бұл көркемдік ерекшеліктер ақынның «Қара өлең» атты өлеңінен байқауға болады. Жалпы, сол жылдары қазақ халқы үшін ең ауыр кезең болып саналады. Орыстың отаршылдығына бағынуымыз, адамдардың ненің жақсы ненің жаман екенін айыра алмауы, қараңғылық пен сауатсыздық адамдардың бойында үрей болып қалыптасқанын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жақсы білді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әр өлеңіне терен үніліп оқысақ, әр тармақтарынан осы бір мәселелерді байқауға болады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – өз заманының болмыстарын, халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, қоғамның кемшіліктерін кеңінен толғаған қаламгер. Оның ұйқыда жатқан қара халықты оятпақ болып, елдің хәл-жағдайын жақсартуға бағытталған туындылары бұған дәлел. Адам бойында адалдыққа жат қылықтардан жиіркеніп, өлеңдерінде ащы шындықты насихаттағанын «Жалқаулар туралы айтқаны», «Кедей болады кері кеткен», «Ұйқысы мол жеткізер» т.б. өлеңдерінен айқын аңғаруға болады. Бұл шығармаларда бұдан бөлек, балалардың жалқау болмай, сабағыңа көңіл бөлгенін қалап қана қоймай, сауатсыз яғни арамтамақ болмауын ескертеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын революция жыршысы ретінде ғана емес, реалист ақын ретінде де көре аламыз. Халқына еш көмегін аянып қалмаған ойшыл ақынның жылы жүзді бейнесін өлеңнен ақ байқауға болады. Тіпті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының лирикамен жазған өлеңдері де бар. Ақын өлеңінің тыңдаушыға қалай әсер етуге болатынын тереңірек ойлайды. Мәселен, «Мәшһүрдің сөзді киіндіріп, жұрт көзіне түсіргені» атты өлеңіне үніліп көрсек, теңеу атты көркемдегіш құралын байқайға болады. Ақын сөзді ақыл-дария, гауһарға теңеген.

Әр ақынның өмірі өзінің шығармашылығымен байланысты болып келеді. Өмірлері не бір қиындықтарға толы болса да, туған елі әрдайым бірінші орында тұрды. Сол кездегі заманда әділетсіздікпен негізделген қоғамда халық мүддесін қорғаймын деп, озбырлыққа ұшырағаны бәрімізге мәлім. Осындай қиыншылығы көп кезеңді Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да көп кешті. Айналада болып жатқан оқиғалар, надан қоғам, сауатсыз адамдар ол кісінің өміріне тек салқынын тигізіп отырды. Бұл жағдайды қаламгер сезініп, жүрегіне қабылдай алды. Мәселен, ақын бір өлеңінде былай деп жазды:

«Көңілім дария болғанда, қолым-қайық,  
Өз өзімнен боламын Еділ-Жайық.  
Айдын шалқар көл қайда қылар шабыт,  
Құла түзде қу ілген мен-бидайық» .

Осы өлең тармақтарымен ақын өзінің қоғамдағы орнын сипаттай алды. Сөз өнерінің сырын жырлаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығында өзін орны бөлек ақындық тұлға ретінде қалыптастыра алды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ел жайымен қоса өзінің өмірі жайында ой қорытқан туындылары баршылық. Олардың қатарына «Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі», «Ақ қағаз, қалам,

сия келді бізге», «Ырыссыз жоқ нәрсеге ерінесін» т.б. өлеңдерін жатқызуға болады.

Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдерінен «қазақ», «алаш» деген сөздерді жиі кездестіруге болады.

Қорытындылай келсек, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ әдебиетінің алтын көпірі іспетті. Санаулы өмірінде қолынан қалам бір сәт те түспеген ақынның шығармалары ел аузынан түскен емес. Ақындардың арасында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлындай саяси тәртіпті әділ сынаған адам жоқ десек болады.

Әр өлеңіне дұрыс үніліп қарасақ, ақынның ішкі уайымы, бостандық идеясын сезуге болады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмір сүрген тұстарында, бір-бірінің малдарын барымталаған, әлсіздердің күні қаран, жоғары биліктің жаман пиғылы орын алған заман болған. Осыған қарамастан, халқына жанашыр бола білген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ тарихында мәңгілік өшпейтін із қалдырған.

Өмірінде талай қиындықтарды бастан кешірсе де, халқы үшін жанын беруге дайын болған Мәшһүр Жүсіп қазақ халқында «Әулие» атанған.

Тарихи-саяси жағдайлардың аса күрделілігін терең түсіндіре білген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әдебиетті өркендетуге ат салысқан.

Өлең жазумен қатар фольклорлық үлгілерді жинақтап, қағаз бетіне басып шығарған. Олардың ішіне ертегі, мақал-мәтелдер, тұрмыс-салт жырлары т.б. жанр түрлерін кіргізуге болады. Тіпті, жасөспірімдерге арналған өтірік өлең, жаңылтпаш, аңыз үлгілерін де айтып кетуге болады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдерінде символдық белгілерді жарыстыра қолданған сөздер өте көп. Әсіресе, солардың ішінде бейнелеу ерекшелігін көп қолданған.

Ақын орыс поэзиясына да аса бір үлкен жауапкершілікпен қарады. Бұл ақынның бізге әр іске шеберлігін нықтап көрсете алды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, елім деп жүректері соққан батырларымыздың еңбегін елеусіз қалдырмады. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қазыбек би, Шақшақ және Жәнібек батыр заманына байланысты да ақынның өлең туындылары жарық көрген.

Ақынның біршама қолжазбаларында қазақ жыраулары мен ақындарының өлең мен қиссалары және дастандары т.б. бар. Сондай-ақ қолжазбаның ішінде діни өлеңдер мен шежірелер, нақылдар т.б. нұсқалар топтамасы бар.

Сонау қилы да қиын да заманға қарамастан, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ешқашан шығармашылығына нүкте қойған емес.

Ақын өлеңдерінің қасиеті- қарапайымдылығында. Ол ешқашан ерекше тың, бояулардан жаңалық іздемейді, жұртты таңырқату деген ой мүлде келмеген.

Сонымен, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының құнды шығармалары күні бүгінге дейін өзінің реңін жоғалтпағанына нық сенімдеміз. Көзі тірісінде-ақ артына осындай үлкен өшпес мұра қалдырған ұлы ойшыл жадымызда ерекше сақталатынын хақ.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Аңсабаев Д. «М.Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні» «Ізденіс-Поиск» 2003 ж 184-190 б.

2 Жұматаева Е. «М.Жүсіп шығармаларындағы дидактиканың пәлсапалық негізі». Қазақ тарихы №1 4-9 б.

#### ЫСТЫҚ АУАМЕН ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕСІ

БЕГИМБЕТОВА А. С.

доцент, АЭЖБУ «Инженерлік экология және еңбек қауіпсіздігі» кафедрасы,

Satbayev University, Алматы қ.

ҚОЖАНТАЕВА Ж. С., ОҢҒАРОВА І. Д.

магистранттар, Satbayev University, Алматы қ.

Ең көп энергия шығыны суық мезгілде жылытуға кетеді. Бұл негізінен біздің елімізде суды энергия тасымалдаушы ретінде дәстүрлі пайдаланумен байланысты. Ол алдымен қазандықтарда жылытылады (ең үнемді отын – көмір, дизельдік отын немесе тіпті мазут, бұл қоршаған ортаға да әсер етеді), содан кейін көптеген құбырлар арқылы тұтынушыларға тасымалданады, онда ол өз жылуын радиаторлар арқылы береді.

Зауыттар, қоймалар және сауда орындары сияқты кеңістікті жылытудың әртүрлі нұсқаларының ішінде ыстық ауамен жылыту ондаған жылдар бойы ең танымал болды. Неліктен олай?

Себебі, жылы ауаны жылыту осы ғимараттардың көпшілігі үшін бірқатар маңызды артықшылықтарды қамтамасыз етіп қана қоймайды, бірақ ол көптеген әртүрлі қолданбаларда бұл артықшылықтарды қайта-қайта дәлелдеді. Сондықтан бұл артықшылықтардың не екенін қарастырған жөн.

Ыстық ауа арқылы жылыту. Ауа аралық сұйық немесе газ тәрізді жылу тасымалдағышты қолданбай тікелей жылу көзінен қызады. Жылыту жүйесі шағын ауданның жеке үйлерін жылыту үшін қолданылады. Бұл түрдегі жылытуды орнату ғимаратты салу кезінде де, қайта құру кезінде де мүмкін болады. Жылу көзі ретінде қазандық, газ оттығы қызмет етеді. Жылыту жүйесінің ерекшелігі ол тек жылыту ғана емес, сонымен қатар желдету болып табылады, себебі бөлмедегі ішкі ауа жылытылады және таза ауа сырттан келеді. Ауа ағындары арнайы сорғыш тор арқылы енеді, сүзіледі, жылу алмастырғышта қызады, содан кейін олар ауа құбырлары арқылы келіп, бөлмеге таралады.

Ауамен жылыту әдісі терморегуляция принципіне негізделген, онда қыздырылған ауа бөлмеге жіберіледі. Қыздырғыш - жану өнімдерін кетіруге арналған арнайы арналары бар пеш. Ауа арналарының желісі арқылы жану қарқындылығы мен температурасын арттыру үшін таза ауаны тұрақты беру жүзеге асырылады. Түзілген жылу жылу алмастырғыш арқылы жылытылатын бөлменің ауа кеңістігіне түседі.

#### **Энергия тиімділігі**

Стандартты жанама конденсацияланбайтын жылы ауа жылытқыштары 91 % ең аз таза тиімділікке қабілетті, ал соңғы конденсациялық модельдер толық және ішінара жүктеме кезінде ең аз 101 % (таза) бұдан да жоғары тиімділікті қамтамасыз етеді.

Тағы бір маңызды артықшылығы – жылу кірісі ғимараттың жылу қажеттіліктеріне дәл сәйкес келуі мүмкін. Қосымша жоғары/төмен немесе модуляцияланатын жылу шығысымен конфигурацияланған жылытқыштар ғимараттың қоршаған орта жағдайларына қол жеткізгеннен кейін шығысты автоматты түрде азайтып, температураның айтарлықтай ауытқуынсыз қолайлы ортаны қамтамасыз етеді.

Ыстық ауамен жылыту кезінде жүйенің қуаты әдетте ғимараттың жүктеме талаптарына сәйкес келуі мүмкін. Жылытылатын аймақты тиісті қамтуды қамтамасыз ету үшін жылуды енгізу кейде азаятын сәулелі жылыту сияқты баламаларға бірдей жағдай әрдайым дұрыс бола бермейді. Бұл заманауи жақсы оқшауланған ғимараттарға тән.

#### **Біркелкі бөлінуі**

Жылы ауамен жылыту жүйелері жылытылатын бөлмеден ауаны сорып, оны жылу алмастырғыш арқылы өткізетін және қыздырылған ауаны бүкіл бөлмеге біркелкі тарататын желдеткішті пайдаланады. Жылы ауаны жылыту жүйелерімен біркелкі бөлу

тек «көзге көрінетін» нысандарды қыздыратын радиациялық жылыту сияқты жылыту технологияларына қарама-қайшы келеді. Бұл олардың жылудың біркелкі таралуына әкелетін «көлеңкелеу» мәселелеріне осал екенін білдіреді.

#### **Әмбебап позициялау**

Ауа жылытқыштары жылытылатын кеңістікті конфигурациялау үшін жылу жүйесінің оңтайлы орналасуын қамтамасыз ете отырып, олардың орналасуы бойынша айтарлықтай икемділік береді. Оларды іліп қоюға болады үй-жайдың үстінен, қабырғаға орнатуға немесе еденге қоюға болады. Тікелей ауаны жылытуға арналған сорғыш бастары немесе жалюзи бар модельдер; балама ретінде кеңірек аумаққа тарату үшін арналарды қосу үшін жылытқыштар белгіленуі мүмкін.

Тығыз сөрелері бар бөлмелер үшін «ауаны айналдырумен жылыту» деп аталатын арнайы жылы ауаны жылыту технологиясын қолдануға болады. Бұл жүйе үлкен көлемдегі ауаны кеңістікте төмен жылдамдықпен жылыту үшін қуатты желдеткіштерді пайдаланады және бұл кеңістіктің орналасуына әсер етпейді.

#### **Ауаның қозғалысы**

Жылы ауа жылытқыштарының ерекшелігі - олар ауа қозғалысы жағынан икемділікті қамтамасыз етеді. Көптеген жүйелер ғимарат ішіндегі жылы ауаны айналдырады; дегенмен, олар «тек желдеткішті» пайдалану арқылы жазда ауа қозғалысын қамтамасыз ету үшін де пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, жылытқыштар ауа сорғыштармен жабдықталуы мүмкін, бұл әсіресе шаңды жерлерде немесе таза ауа пайдалы деп саналатын жерлерде.

Ғимаратта сорғыш желдету процесі болса, жиі ауыстырылатын ауаны жылытқышқа таза ауа кірісі арқылы беру ұсынылады. Осылайша, кіретін ауа жылытылады және жұмсартылады, суық, жағымсыз жағдайлардың алдын алады.

#### **Ыстық ауамен жылыту жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері**

##### *Артықшылықтары:*

Радиаторларды, құбырларды және соған байланысты орнату жұмыстарын сатып алудың қажеті жоқ, бұл шығындарды айтарлықтай азайтады.

Жылыту және салқындату (кондиционер) жүйелерін біріктірудің бірегей мүмкіндігі.

Жоғары қауіпсіздік, өйткені толық жылыту үшін тек қыздырылған ауа пайдаланылады.

Бөлмелерді жылдам жылыту, ауаның төмен инерциясына байланысты.

Жылыту кез келген бөлмеде, кез келген қабатта және кез келген аумақта жүзеге асырылуы мүмкін.

#### *Кемшіліктері:*

Ең алдымен, құрылыс кезінде мұндай жүйені көбірек ойластыру керек екені белгілі болады, өйткені дайын ғимаратта демонстрацияда жұмыстарының үлкен көлемінсіз мүмкін емес.

Барлық жабдық бақылауды қажет етеді, сонымен қатар жиі техникалық қызмет көрсету.

Мәжбүрлі айналым құрылғысымен жылыту ұшпа болады, бұл электр қуатын өшіру кезінде жылу жүйесінің толық өшірілуіне әкеледі.

#### **Жұмыс істеу жүйесі**

Жүйенің қандай түрі қарастырылып жатқанына қарамастан, ол орнату туралы шешім қабылдамас бұрын зерттелуі керек бірқатар принциптер бойынша жұмыс істейді. Әрі қарай, жұмыстың кадамдық алгоритмін қарастырамын:

– ыстық суға, газдарға, буға немесе отынның басқа түріне арналған жылу генераторы (тандалғанға байланысты) жабдықты орнату кезінде қолмен орнатылатын ауаны қажетті температураға дейін қыздырады. Бұл процесс орнатылған температура жүйесі өшірілген кезде толық автоматтандыру арқылы бақыланады.

– әрі қарай, жылы ауа бөлмеге арна арқылы өтеді. Желінің өзі дөңгелек немесе төртбұрышты элементтерден жасалуы мүмкін. Біріншісі аз қарсылыққа ие, екіншісі ішкі кеңістіктерге жақсырақ сәйкес келеді.

– келесі қадам бөлмені толығымен жылыту болып табылады. Бұл дистрибутор арқылы жылы ауа кірген кезде орын алады.

– қыздырғаннан кейін, ауа салқындаған кезде, ол қайта қыздыру үшін бөлек құбыр жүйесі арқылы жіберіледі (немесе циркуляция түріне байланысты жай ғана бөлмеден шығады).

Қазіргі уақытта ауаны жылыту әртүрлі көлемдегі өндірістік, коммерциялық және қоймалық үй-жайларды, сондай-ақ жеке үйлерді, коттедждерді және басқа ғимараттарды жылыту үшін сәтті қолданылады. Ауа жылыту жүйесінің жұмыс принципі қыздырылған бетті (жылу алмастырғыш) мәжбүрлеп үрлеуге және басқарылатын аймаққа қыздырылған ауаны тікелей жеткізуге негізделген. Жылыту үшін жылу көзі электр (жылытқыш), ыстық су немесе газ (табиғи немесе сұйылтылған) болуы мүмкін.

Бұл жағдайда басты артықшылық - бақыланатын параметрдің температурасын тікелей бақылау, яғни ауа және белгіленген мәнді сақтау үшін оған операциялық әсер ету. Ең үлкен экономикалық тиімділік газды жағу кезінде ауа жылу алмастырғыштың ыстық бетінен қызатын газ жабдығын алуға мүмкіндік береді. Бұл ыстық су түріндегі жылу берудің аралық байланысын және су жылыту жүйесінің жұмысына байланысты барлық ықтимал проблемаларды жоюды - өйткені бұл жағдайда жүйе ағып кетуден, жібітуден, коррозиядан толығымен қорғалған.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Богословский В. Н., Сканава А. Н. Отопление: Учебник для вузов. – М.: Стройиздат, 2016. – 736 с.

2 Боровков В. М. Калютин А. А., Сергеев В. В. Ремонт теплотехнического оборудования и тепловых сетей: Учебник для образовательных учреждений. – М.: Академия, 2015. – 399 с.

3 Вентиляция, отопление и кондиционирование воздуха на текстильных предприятиях: Учебное пособие. Под ред. В. Н. Талиева. – М.: Легпромиздат, 2008. – 256 с.

4 Варфоломеев Ю. М., Кокорин О. Я. Отопление и тепловые сети: Учебник для средних специальных учебных заведений. – М.: Инфра-М, 2010. – 480 с.

5 Дроздов В. Ф. Отопление и вентиляция: Учебное пособие. – М.: Высшая школа, 2014. – 264 с.

6 Манюк В. И. Наладка и эксплуатация водяных тепловых сетей: Справочник. – М.: Стройиздат, 2008. – 432 с.

7 СНиПу 41-01-2003 «Отопление, вентиляция и кондиционирование» [Электронный ресурс] Электронно-правовая система Консультант [сайт] [2015]. URL: <http://www.consultant.ru>.

8 Сибикин Ю. Д. Отопление, вентиляция и кондиционирование воздуха: Учебное пособие – М.: Академия, 2008. м 303 с.

## «БЕС ПАРЫЗ» ТУРАЛЫ ХАДИСТЕРДІҢ М. Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚУАНДЫҚ З. Е.  
докторант, Торайғыров университеті,  
Павлодар қ., Қазақстан Республикасы  
ЖЫЛХАЙДАР Х.  
PhD, кіші профессор, Моңғолия ХР

Алла тағала мұсылман қауымына бес парызды орындауды міндет еткен. Хадистердің біраз бөлігі «бес парызға» қатысты айтылған. Бес парызға ең алдымен, Аллаға иман келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру, қажылыққа бару жатады. Бухаридің хадистер жинағында оларды «Иман кітабы», «Ораза кітабы», «Намаз кітабы», «Зекет кітабы», «Қажылық кітабы» деп бөледі. Бес парызға қатысты хадистер мен М. Ж. Көпейұлы поэзиясындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, олардың танымдық ерекшеліктерін саралап көрейік.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы бұл ойды «Адам екі түрлі» деген өлеңінде:

Хасыл дүние, ақырет, әуел иман,  
Руза (ораза) , намаз оқыр нәпсі тыйған.  
Астан ғұшыр , малынан зекет беріп,  
Табады Құдайды іздеп жанын қиған.

Ораза, намаз – пенденің міндетті ісі,  
Құтылар қарызынан қылған кісі.  
Жалғандаартық сауап қайыр екен,  
Қылуға қайыр, ықсан жетсе күші [1, 178]!

Ақын осы өлеңінде мұсылман әуелі иманға бой ұрып, Алла бір, Мұхаммед (Ғ.С.) оның елшісі екенін мойындауы керек. Одан кейін нәпсісін тыйып, намазға жығылуы шарт, ал намаз оқыған пенде ораза тұтатынын жырлап отыр. Осы амалдарды орындаған Алланың құлына қайыр қылу салауатты іс екенін анық ескертіп тұр.

Исламның бес парызына қатысты туындылар Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылығында көптеп кездеседі, соның бірі «Бес парыз» деген өлеңі:

Бес нәрсе бізге бұйрық бір Алладан,  
Ықыласпен қылу керек білген адам.  
Кетпейді күн туғанда көзі жастан,  
Дүниеде бейпіл босқа күлген адам.

Исламның бес парызы: біреуі –иман,  
Таппайды бұл бесеуін дүние жиған.  
Ықтиқат, шын ниетпен жұмыс қылып,  
Ерлерді айт Құдай үшін жанын қиған!

Аузында болсын дайым Құдай сөзі,  
Таймасын қарарлықтан көңіл көзі.  
«Бір!» деп «бар!» деп илану – бізге парыз,  
Ғаламға он сегіз мың патша – өзі [1, 166]!

Хадистерде бұл туралы: «Аллаһ елшісі: «Ислам бес (тірекке) негізделген: Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқтығына және Мұхаммед оның елшісі екеніне куәлік беру, намаз оқу, зекет беру, қажылық (жасау) және рамазанда ораза тұту», – деді», – деп айтқан. Аллаһ елшісінен «Қандай амал абзал?» – деп сұрағанда: «Аллаһқа және оның елшісіне иман келтіру», – деп (жауап берген). «Сосын не?»-дегенде: «Аллаһ жолында күрес жүргізу», – деген. «Сосын не?»-деп (сұрағанда): «Қабыл болған қажылық», – деп айтқан [2, 26] .

Бес парыздың ең бастысы, алдымен – иман келтіру. Иман-Пайғамбарымыздың Алла Тағаладан алып келген үкімдерін растау, Алланың барына, ақиқат екеніне шын жүректен сену. Иманның негізі – Аллаға тілмен емес, жүректен сену. Бұл туралы Аллаһ тағала Құран Кәрімде: «Әй Пайғамбар! Ауыздарымен: «Сендік» деп, жүректері сенбегендермен Яһудилерден күпірде жарыскандар сені кейітпесін... (мәйда сүресі, 41)» [3, 114].

Ал, Бухариден жеткен Мұхаммед (Ғ.С.) пайғамбарымыздың хадистер жинағында былай айтылады: «Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ» деген жүрегінде арпа дәні салмағындай жақсылық бар адам тозақтан шығарылады, «Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ» деген жүрегінде бидай дәні салмағындай жақсылық бар адам тозақтан шығарылады және «Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ» деген жүрегінде тозақ салмағындай жақсылық бар адам тозақтан шығарылады» [2, 34], – деген.

Иманға келу әрбір өзін мұсылман санаған жанның парызы. Бұл парызды орындау үшін ақын адам баласына шын ниет, ықылас, ықтият керектігін, мұның еңсерген пендеге Алла хақ және бір деп білу парыз болып табылатынын ескертеді.

Белгілі зерттеуші Ә. Дербісалиев пайғамбарымыз Мұхаммед (Ғ.С.) айтқан сөздері мен тағлымдары қалай тарағаны туралы мынадай пікір айтады: «Мұхаммед өзін «Алланың жердегі өкілі», (пайғамбар) деп танытқаннан кейін ойлары мен пікір-



толғамдарын жұртқа Алладан естігені ретінде жеткізген. Оның сөйлеген сөздерін оқушылары мен шәкірт ізбасарлары пальма талшықтарына, тасқа, жалпақ сүйектерге жазған, немесе жаттап алып жұртқа таратқан» [4, 42].

Халқына өз шығармалары арқылы исламның құндылықтарын жеткізген Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы имандылық мәселесіне жете көңіл бөлген. Атап айтқанда иман, намаз, зекет, ораза, қажылық жасау. Осылар туралы көп рет қайталап айтқанын, имансыз адамның орны тозақ болатынын өлеңдерінде сан рет кездестіруге болады.

Бес парыздың бірі, Алла Тағала бұйырған парыздардың ішіндегі ең маңыздысы –намаз болып табылады. Құран Кәрімде:«Қашан намаз өтеп болсаңдар, Алланы; тұрып, отырып және жатқан бойда еске алыңдар.Қашан тынышталсаңдар, онда намазды толық орындандар. Өйткені, намаз мүміндерге белгілі уақытта парыз қылынды. (ниса сүресі, 103) [3, 95], «Намазды толық орындандар... (хаж сүресі, 78)» – [3, 341] дейді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «Бес парыз» өлеңінде:

1. Екінші, намаз екен бізге парыз,  
Айтпасақ білмегенге бізге қарыз.  
Нәпсіні құрбан қылып бауыздасақ,  
Құдайға жетеді екен сонда ғарыз [1, 166].

2. «Уа иақумус салату» – деп аят келген,  
Намаздың парызлығын ғалам білген.  
Қалайша оқу, қалайша таһарат алу,  
Пайғамбар, Жебірейілден үйретілген [5, 196].

– деп, мұсылман адамға намаздың қаншалықты маңызы бар екенін суреттейді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы ораза, мүмкіндік болса қажылыққа бару керектігін қалдырмаған. Ол туралы:

1 Үшінші, бізге парыз-Шаһи рамазан  
Бұ дағы бір қаруың жетсе қазан.  
Ұмытпай, бір күн қастан қаза болса,  
Алпыс күн кіпарат, бар, осы – сазан [1, 167].

2 Тілеңіз ғибадат, тауап халің жетсе,  
Расулының рузасын көр, несіп етсе.  
Не пайда қатын-бала – баршасынан  
Бір күні көріп (ғариб) басың өтіп кетсе [5, 196].

Әбу Хұрайраның (р.а.) риуаят етуінше, Пайғамбарымыз (с.а.у.с.) былай деген: «Ұлылығы шексіз Аллаһ тағала: Адам баласының ұстаған оразасынан басқа барлық амалдары өзіне. Ал оразаның жөні бөлек. Өйткені, ораза Менің разылығым үшін ұсталады. Сондықтан да, оның қарымын (сауабын) Өзім беремін-деген» [6, 11]. Әбу Сайыдтың (р.а.) риуаят етуінше, Аллаһ елшісі (с.а.у.с.) былай деген: «Қандай да бір пенде Раббысының жолында бір күн ораза ұстаса, Хақ тағала сол күннің құрметіне оның жүзін тозақ отынан жетпіс жылғаалыстатады» [6, 15].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы оразаның артықшылығы мен қаза болған бір күн оразаның өтеуі алпыс күн ораза тұту десе, хадистерде бір күн ораза ұстаған адамның жүзін Алла тағала тозақ отынан жетпіс жылғаалыстатады деп айтқан.

Ақын өз туындысында зекет сөзінің орнына қайыр, ықсан сөздерін қолдануының ішкі мәні бар. Ислам заңдылықтары бойынша зекет беру қолында белгілі бір мөлшерде мал-мүлкі бар мұсылмандарға міндеттелгені белгілі. Ал енді ондай дәулеті жоқ адамдар бізге зекетті пайғамбарымыз міндеттеген жоқ, сондықтан оны бермесек еш айыбы жоқ деп ойлауы мүмкін. Зекет бере алмайтын мұсылмандардың барлығы оның орнына кем-кетік кембағал жандарғаазық-түлік, бір ішер ас, киім-кепшек беріп, немесе жылы лебіз, оң қабақ танытса да оның өзі сауапты амал екенін Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы меңзеп тұр. Мейірімділік пен ізгіліктің бастау көзі Алланың өзі екенін осы ақынның өлең жолдары паш етіп тұр. Мұсылмандарды әрқашан ізгілікке үндеген пайғамбарымыз Абдоллаұлы Мұхаммед (Ф.С.) ізгілік пен мейірімділікке қатысты көптеген хадистері баршылық. Соның бірі Әбу һуарайрадан (Аллаһ оған разы болсын). Ол: «Аллаһ елшісінің: «Аллаһ мейірімді жүз бөлікке бөлді де, тоқсан тоғыз бөлігін өзін де қалдырып, бір бөлігін жерге түсірді. Сол бір бөлік себепті жаратылыстар бір-біріне мейірімділік көрсетеді, тіпті жылқы да құлынын басып кетуден қауіптеніп тұяғын көтереді», – деп айтқанын естідім» [2, 653], – деген. Жоғарыда келтірілген өлең жолдары осы іспеттес хадистерді тура ескертіп тұр емес пе.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы исламның бес парызының бірі зекет екенін өлеңдерінде сан рет қайталап айтқан:

1. Беріңіз халал малға қайыр зекет,  
Болмайды харам малда еш берекет.  
Өзі «Кемімеске кепілмін!» – деп,  
Жоламас халал малға еш әрекет.

Беруге зекетті келген аят,  
 Әр кісі өзін-өзі жүрсе аяп.  
 Махшарда жазуымен мінер құлдар,  
 Не лаж жамандықты сонша таяп [5, 196]?!

2 Төртінші, бізге парыз зекет малдан.  
 Бұл пәле тосатұғын әр қамалдан.  
 Жүрмейді зекетіне қабыл болып,  
 Ақсақ, соқыр, тып-типыл құйрық жалдан [1, 167].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының туындыларында қажылыққа арналған арнайы өлең жырлары бар. Қажылыққа бару – бес парыздың бірі болғанымен, жағдайы келмейтін немесе ауыр жолды көтере алмайтын адамдарға Алла тағала кешіріммен қарайды. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «Қажылық, иман шарттары» деген өлеңінде қажылықты орындау шарттары айтылып өтсе, «Бес парызда» исламның бес парызын өлең жолдарымен келтірген:

Біреуі бес парыздың- қажыға бару.  
 Бұл жолға мал мен жанды керек салу.  
 Шақырған бір Алланың ол жеріне,  
 Байларға қиын екен бармай калу!

Пайғамбар: «Байлар қажыға келсін!» – депті.  
 «Үмбетім мені келіп көрсін!» – депті  
 Шамасы келе тұрып, келмеген жан.  
 Қауымында көпірлердің өлсін!» – депті [1, 168–169].

Ал, Бухаридің хадистер жинағында «Қажылықтың парыз екені мен оның қадір-қасиеті туралы және Аллаһ тағаланың: «Жолына шамасы келген кісілер Аллаһ үшін Қағбаға қажылық жасау керек, ал кім қарсы келсе, расында, Аллаһ әлемдерден Бай» деген сөзі». Абдуллаһ ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын). Ол: «Фадл Аллаһ елшісінің (түйесіне) мінгесіп бара жатқанда, хасғам (руының) бір әйелі келіп, Фадл оған қарай бастады, ал ол (Фадлға) қарап қалды. Сонда пайғамбар Фадлдың жүзін басқа жаққа бұрып қойды. (Әйел): «Уа, Аллаһтың елшісі! Аллаһтың пенделеріне қажылықты парыз етуің менің әкемнің әбден қартайып, мініс көлігіне отыра алмайтын кезіне тура келді, мен оның атынан қажылық жасасам бола ма?» – деді. (Пайғамбар): «Иә», – деді. Бұл қоштасу қажылығы кезінде болған еді», – деген [2, 242].

Хадистер мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы Исламның бес парызына қатысты мәселелерде басыбайлы толық

үндестікті байқап тұрмыз. Пайғамбарымыз (Ғ.С) Абдолла ұлы Мұхаммед өсиет еткен парыздарды барша мұсылмандарға қарапайым тілмен жеткізудің маңызы ерекше болғандығы дау тудырмайтын ақиқат. Сол себепті Ислам ғұламалары пайғамбарымыздың (Ғ.С) барлық хадистерін хатқа түсіріп, жүйелеуге тырысқан. Олардың тер төгіп, шеккен мехнаттарының арқасында қаншама мұсылман адамдар дініміздің адал жолынан адаспай, пайғамбар (Ғ.С) өсиет еткен сара жолмен жүріп өтті.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы ислам дініндегі мұсылманға міндеттелген бес парызды орындау сүннет екенін поэзия тілімен айшықтап, оған қазақ халқының дүниетанымына тән мазмұн мен мағына беру арқылы азаматтық, мұсылмандық, адамгершілік парыздарын абыроймен атқарып шықты деп нық сеніммен айтааламыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Көпейұлы М.Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Алаш, 2003. – 504 б.
- 2 Сахих Әл - Бұхари. Ауд. Спатай Қ. – Алматы: Кәусар - саяхат, 2013. – 752 б.
- 3 Құран Кәрим. Ауд. Халифа Алтай. – Мәдине, 1991. – 604 б.
- 4 Дербісәлиев Ә. Араб әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1982. – 207 б.
- 5 Көпейұлы М.Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы: Алаш, 2003. – 432 б.
- 6 Анарбаев Н., Қарақұлов Е. Ораза-тендессіз құлшылық. – Алматы: Көкжиек-Б, 2012. – 168 б.

#### ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОЕ ОПРЕДЕЛЕНИЕ ТРУДОЗАТРАТ НА ПРОЕКТИРОВАНИЕ И ИЗГОТОВЛЕНИЕ ШТАМПОВ ПРИ ПРИМЕНЕНИИ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И ОБОРУДОВАНИЯ С ЧПУ

ҚУАНЫШЕВ Қ. С.

магистрант, Satbayev University, г. Алматы

САНАТ ТОЛЕНДІҰЛЫ

научный руководитель, асоц. профессор, Satbayev University, г. Алматы

Листовая штамповка используется во многих отраслях производства, связанные в основном производством металлических деталей. Преимущество холодной листовой штамповки, это

обеспечение ее применение в промышленности, а также можно отметить следующее:

1 Возможность производства деталей с минимальной металлоемкостью, которую невозможно извлечь иными методами металлообработки (возможна даже безотходная штамповка).

2 Высокая точность штампуемых деталей, обеспечивающая их взаимозаменяемость.

3 Превосходное свойство поверхности отштампованных деталей, что наряду с высочайшей точностью разрешает полностью исключить или свести к минимуму обрабатывание резанием.

4 Вероятность извлечения разнообразных и подходящих механических свойств на разнообразных участках деталей, получаемых штамповкой.

5 Возможность извлечения стойких и твердых, но легкие по массе деталей и конструкций из них.

6 Гибкость к масштабам производства.

7 Невысокое потребление энергии.

8 Относительно высокая производительность труда, даже при ручной подаче заготовок.

9 Относительная простота механизации и автоматизации процессов листовой штамповки.

10 Низкая себестоимость изделий.

Наибольший результат от использования технологии листовой штамповки обеспечивается за счет использования комплексных решений технологических задач абсолютно на всех стадиях подготовки производства.

Комбинированная штамповка в листовой штамповке мелких и средних деталей занимает большое место. Одной из разновидностей комбинированной штамповки является штамповка на многопозиционных пресс-автоматах. На многопозиционный пресс-автомат одновременно устанавливают несколько штампов, которые поочередно делают несколько операций. Штамповку производят из ленты или из заготовок. Ленту в штамп подают валковым устройством, а передвижение заготовок с позиции на позицию выполняется с помощью грейферных устройств.

Параметрическое моделирование (параметризация) – моделирование с заданием параметров элементов модели и соотношений между этими параметрами. Параметризация позволяет за короткое время получить различные конструкции модели и избежать ошибок.

Параметрическое моделирование отличается от обычного двухмерного черчения или трёхмерного моделирования. Инженер в случае параметрического моделирования создаёт математическую модель разнообразных объектов, задает формулы в зависимости от размеров, т.е. устанавливает параметры, при изменении которых происходит перестроение модели и взаимные перемещения деталей в сборке. Создание и использование параметрической модели заложено в идею современных САПР.

Наиболее популярными САПР для проектирования штампом являются:


- специализированный модуль Logopress программного комплекса SolidWorks;
- приложение DieToolDesign программного комплекса CATIA;
- специализированные модули программного комплекса NX от Siemens PLM Software.

Система NX широко используется конструкторскими службами ОАО «АВТОВАЗ». Следовательно, упрощение и ускорение проектирования штампов для поточных автоматических линий целесообразно проводить, используя возможности именно программного комплекса NX от Siemens PLM Software.

Классификация деталей, изготавливаемых многопозиционной штамповкой:

Все детали, получаемые многопозиционной листовой штамповкой, можно классифицировать по следующим признакам (рис. 1.1):

- наличие симметрии и её тип;
- наличие фланца;
- наличие вытянутой оси;
- наличие соразмерных габаритов
- наличие подштамповок;
- наличие переменной высоты и её тип;
- наличие ступенчатости и её тип;
- наличие наклона стенки;
- наличие переменного наклона стенки;
- наличие торца.



а – признак осевой симметрии; б – признак отсутствия фланца;  
 в – признак наличия вытянутой оси; г – признак соразмерных габаритов; д – признак переменной высоты; е – признак наличия подштамповок; ж – признак ступенчатости;  
 з – признак переменного наклона стенки; и – признак переменной стенки; к – признак наклона стенки.  
 Рисунок 1 – Морфологические признаки формы деталей

Таблица 1 – Типовые технологические процессы многопозиционной штамповки (РН – номинальное усилие пресса)

Детали типа стаканов без фланца								
Наименование перехода	Вырубка заготовки	1-ая вытяжка	2-ая вытяжка	3-я вытяжка	4-ая вытяжка	Обрезка фланца (контура)	Правка	
Принятое усилие от РН	0,22	0,13	0,11	0,09	0,08	0,11	0,26	-
Детали типа стаканов с широким фланцем								
Наименование перехода	Вырубка заготовки	1-ая вытяжка	2-ая вытяжка	3-я вытяжка	4-ая вытяжка	Пробивка отверстий	Обрезка фланца	Калибровка
Принятое усилие от РН	0,16	0,12	0,09	0,07	0,06	0,07	0,1	0,34
Детали типа конуса с малым фланцем								
Наименование перехода	Вырубка заготовки	1-ая вытяжка	2-ая вытяжка	3-я вытяжка	4-ая вытяжка	Обработка	Обрезка фланца	Правка
Принятое усилие от РН	0,19	0,12	0,1	0,08	0,04	0,09	0,14	0,24

Таблица 2 – Условный технологический процесс многопозиционной штамповки

№ позиции	Наименование перехода	Потребное усилие
1	Вырубка заготовки	$\approx 0,2 P_H$
2	1-ая вытяжка	$\approx 0,12 P_H$
3	2-ая вытяжка	$\approx 0,1 P_H$
4	3-я вытяжка	$\approx 0,09 P_H$
5	4-ая вытяжка	$\approx 0,08 P_H$
6	5-ая вытяжка	$\approx 0,05 P_H$
7	Калибровка дна и фланца	$\approx 0,3 P_H$
8	Другие завершающие переходы	$\approx 0,06 P_H$

Для учета величины усилий в приведенном технологическом процессе и в таблице 1 калибровка (правка) сводится поэлементно к последнему переходу вытяжки. Условный технологический процесс учитывает усилия прижима полуфабрикатов на позициях вытяжки. С учетом оптимального использования пресса по мощности суммарная величина усилия вытяжки по переходам включая усилие прижима, составляющее приблизительно  $(0,2-0,25)P_H$ , равна  $PCUM = (0,4-0,6)P_H$

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Романовский, В.П. Справочник по холодной штамповке [Текст] / В.П. Романовский. – Л.: Машиностроение, 1979. – 568 с.
- 2 Ольша, А.М. Листовая штамповка на многопозиционных автоматах [Текст] / А.М. Ольша. – М.: Машиностроение, 1980. – 143 с.
- 3 Норицын, А.Н. Автоматизация и механизация технологических процессов ковки и штамповки [Текст] / А.Н. Норицын. – М.: Машиностроение, 1967. – 388 с.
- 4 Михаленко, Ф. П. Автоматическая холодная штамповка на быстроходных прессах [Текст] / Ф. П. Михаленко, А. Х. Грикке, И. Е. Демиденко. – М.: Машиностроение, 1965. – 289 с.
- 5 Почекуев, Е.Н. Системное проектирование последовательных разделительных штампов вырубки листовых заготовок [Текст] / Е.Н. Почекуев, А.В. Скрипачев, П.Н. Шенбергер // Вестник СГАУ им. академика С.П. Королева (национального исследовательского университета). - 2012. - № 1. - С. 170-177.

**ГЕНДЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ СТРЕССОУСТОЙЧИВОСТИ**

МУХТИЗАРОВА М. Б.  
магистрант, Факультет гуманитарных и социальных наук,  
Торайгыров университет, г. Павлодар

Стресс как состояние психического напряжения может возникать у людей под влиянием различных стрессоров. Уровень стресса зависит от типа эмоциональной реакции у разных людей [1].

Денежные заботы, семейные кризисы, давление на работе, проблемы со здоровьем и серьезные изменения в жизни: это лишь некоторые из распространенных причин стресса. Стресс может сказаться на эмоциональном и физическом здоровье. Это может заставить человека чувствовать себя усталым, подавленным, грустным и нервным. Стресс также может вызвать головные боли, потерю веса или увеличение веса, а также изменения в ваших привычках питания и сна. Если он продолжается, он увеличивает риск тревоги, депрессии, диабета и сердечных заболеваний [2].

Мужчины и женщины сообщают о различных физических и психических реакциях на стресс. Они также пытаются управлять стрессом и воспринимают свою способность делать это заметно по-разному. Почему их навыки преодоления отличаются?

Производство гормонов стресса является одной из наиболее важных причин различий в реакции на стресс. Когда стресс поражает, вырабатываются три гормона: адреналин, кортизол и окситоцин. Кортизол и адреналин повышают кровяное давление и уровень сахара в крови. Кортизол также снижает иммунитет организма. Окситоцин, с другой стороны, расслабляет эмоции, противодействуя реакции адреналина и кортизола.

В прошлом люди думали, что женщины выделяют больше кортизола, и это породило множество теорий о том, почему женщины так эмоциональны. Тем не менее, нет существенной разницы в производстве кортизола между мужчинами и женщинами. Мужчины выделяют меньше окситоцина, когда они испытывают стресс, оставляя их на коротком конце палки.

Женщины с большей вероятностью «ухаживают и дружат», когда имеют дело со стрессом. Другими словами, они обращаются и говорят с другими о своих стрессовых проблемах, а также воспитывают окружающих. Уход включает в себя мероприятия, направленные на защиту себя и потомства, чтобы уменьшить стресс

и повысить безопасность. Дружба включает в себя создание и поддержание личных связей, которые могут помочь в этом процессе.

Почему женщины склонны и дружат? Причина, в значительной степени, связана с секрецией гормона окситоцина, и это усиливается присутствием эстрогена. Окситоцин может вызывать антистрессовые эффекты, включая снижение артериального давления и уровня кортизола. Это помогает сбалансировать биологические системы организма и улучшить расслабление. В целом, социальные сети являются большей частью женского управления стрессом.

Когда дело доходит до стресса, мужчины склоняются к испытанному и истинному ответу «борьба или бегство» – либо оставаться и бороться, либо разливать его по бутылкам и убежать. Исследователи предполагают, что эти реакции развивались как механизм выживания, помогающий людям бороться с опасностью или бежать в безопасное место в качестве реакции на угрожающие ситуации. Эта реакция наиболее заметно проявляется у мужчин. Столкнувшись со стрессовым инцидентом, мужчины разделяют и подавляют свои чувства, чтобы избежать ситуации [3].

Некоторые мужчины злятся или спорят. Другие эмоционально наполняются чувствами разочарования, тревоги или беспомощности, мотивируя сменить тему с помощью развлечений, таких как спорт или музыка. Мужчины не выражают и не обсуждают свои чувства. Они с большей вероятностью экстернализируют стресс и даже вымещают свое разочарование на других, делая их более уязвимыми для злоупотребления алкоголем/наркотиками и актов насилия.

Для женщин наиболее характерен эйфорический тип эмоциональной реакции в сочетании с положительным характером раздражителей, что позволяет им легко переносить трудные жизненные ситуации и приспосабливаться к любым условиям. Источником стресса для женщин являются проблемы в семье и в межличностных отношениях.

У мужчин тяжелая работа вызывает стресс [4].

**ЛИТЕРАТУРА**

1 Вачев А.Н., Корытцев В.К. // Хирургия. Журнал им. Н.И. Пирогова. - 2006. - № 12. - С. 24-26.

2 Дмитриева Т.Б, Дроздов А.З., Коган Б.М. Клиническая нейрорхимия в психиатрии. - М., 1998. - 298 с.

3 Меллер-Леймкюллер А.М. Стресс в обществе и расстройства, связанные со стрессом, в аспекте гендерных различий // Соц. и клин. психиатрия. - 2004. - № 4. - С. 5-11.

4 Шилова Л.С. Трансформация женской модели самосохранительного поведения // Социол. исследования. - 2000. -№ 11. - С. 134-140.

### ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ СТЕРЕОТИПТЕРДЕГІ АДАМ ЗИЯТЫНЫҢ СИПАТЫ

НАЗЫМБЕКОВА С. А.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.  
КАРИПЖАНОВА А. О.

ғылыми жетекші, ф.ғ.к., қауымд. профессор, «Филология» кафедрасы,  
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Адамның өзінің танымдық әрекетіне деген назарыналықтың бейнелі ойлары жинақталып берілетін фразеологиялық бірліктерінен айқын көрінеді. Адамның зияткерлік қабілеттері туралы ойлар әр халықта түрліше беріледі. Бұл ұлттың тарихи тағдырына, оның менталитетіне байланысты.

«Қазақ халқы өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігі – дүние шындығын көркем образбен қабылдауы, шешендік сөз өнерін ұлт менталдығыретінде көрсетуі, қала берді табиғат аясындағы көшпелі өмір салты «ішімдегінің бәрі – тілімде, тілімдегінің бәрі – түрімдедегеніндей, қазақ ұлтының психологиялық терең болмысын байқатады» [1, 4 б.]

Әлемнің концептуалдық бейнесіндегі адамзиятының сипаты когнитивтік, лингвистикалық, психологиялық аспектіде көрініс тауып, үнемі қолданыста болады. Қазақ халқының аталмыш тақырыптағы ғасырлық пайымдары фразеологизмдерінде көрініс табатыны сөзсіз.

Зият – бұл құндылық, зияттың болуы жағымды, жоқтығы жағымсыз сипатта бағаланады. Осылайша, тұлғаның зияткерлік қасиеттерін сипаттайтын сөз-танбалардың абсолютті бағалаумен дәйекті байланысы сипатталған өрістің өзегіндегі мағынаның маңыздылығын көрсетеді.

Адамның зияткерлік белсенділігін сипаттайтын фразеологиялық бірліктер тобын талдау бізге қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен

іріктеліп алынған тіліміздегі фразеологиялық бірліктердегі семантикалық өрісті анықтауға мүмкіндік береді.

*Көзі ашық, Ақылы там, Ақылы Аплатондай (дана), Ақылы азық, сөзі сусын; Аузы /сөзі/ дуалы; Аузына қарату /елді, жұртты сөзі мен ісімен/; Әдеп /тәрбие/ көрген; Қара жаяу емес /әр нәрседен хабары бар/; Құйма құлақ; Құр алақан емес; Сөз ұстар /ұстаған; Ақылды әйел ішінде алтын бесікті ұл жатыр және т.б.*

Барлық тандалған фразеологизмдерді адам зиятының түрлі компоненттерін сипаттайтын 3 үлкен топқа бөлуге болады:

1 Ақылдың болуы / болмауы

2 Білімнің болуы / болмауы

3 Жадтың, зейіннің сипаттамасы.

Ақыл-ойдың болуын/болмауын сипаттайтын фразеологиялық бірліктердің ең үлкен бірінші тобын талдау фразеологиялық бірліктердің көпшілігінде «ақымақ» лексемасының теріс мағынасы бар екенін көрсетеді (ақымақтық, ақымақтық), ол арқылы ақыл-ойдың он бағасы танылады.

Аталмыш топтың фразеологизмдерінің ішінен адам зиятының күйін сипаттауда негізгі болып табылатын «бас» лексемасы қатысқан тұрақты тіркестерді атап бере аламыз. Метафоралық тұрғыда санадан қайта өткізу нәтижесінде адамның басы тіл иесі халықтың санасында ақыл-ойының қоймасы іспетті бейнеленеді. Баста басқа тектес объектілердің немесе құрылымдардың болуы адам санасында ақиқаттағы қоршаған ортаны бейадекватты қабылдау, яғни адам миына бөгет болатын нәрсе сияқты, ақымақтықпен байланысты ұғымды туғызады. Ағылшын тіліндегі осы тектес фразеологизмдер ақыл-естің жоғалуына аталым жасайтын фразеологизмдік бірліктермен беріледі.

ФБ құрылымында «бас» соматизмі метонимиялық ауыстыру салдарынан екіншілік аталымға ауысады да, басы болған жағдайда ақылдылықты, даналықты білдіреді, ал бас болмағанда, керісінше, топастық, ақымақтық мағынасын береді. Қазақ тіліндегі зият мағынасын беретін «бас» компонентті фразеологизмдер:

*Басы орнында; Басы істейді; Басы алтын; Басы бар және т.б.*

Фразеологиялық сөздіктен іріктеп алған материалдан адамның ақыл-ой қабілеттерін сипаттауда теріс бағалау басым екендігін анықтадық:

Ақылы алқымынан аспау; Ақылы ауу //ауып кету; Ақылдан кенде болу; Ақылдан шайнам жоқ; Ақылы //тапшы// келте; Есектің миын жеген; Тауықтың миындай ми жоқ; *көк ми; су ми; есек миын жеген* және т.б.

Адамның ақыл-ой, парасат (зият) деңгейінен хабар беретін тұрақты тіркестер көбінесе тірек ұғымға негізделіп жасалады. Мысалы:

«Ақыл» ұғымы тірек болған фразеологизмдер: **ақыл** құсы *адаспай аспандаса (ой-санасы шарықтаса, алысқа ой жіберсе), ақыл қосты (кеңес берді, ой салды), ақыл сөз (ой саларлық, дұрыс кеңес), ақыл тапты (шаруаның ретін, жөнін келтірді), ақыл таразысына салды (ой елегіне салып, екшеді, артық-кемін оймен салмақтады), ақылы Аплатондай (дана), ақылы Балқаш, ақылы көл-көсір, ақылы там (ақылды, ақылы мол).*

«Ой» ұғымы тірек болған фразеологизмдер: **ойға қонымды** (көңілге, ақылға сыятың; түсінікті), **ойға салды** (ойланып қарады, пікір таразысын өлшеді), **ой көзімен тыңдады** (зейінмен, ақылға сала құлақ қойды), **ой кіргелі** (ақылға ие болғалы, ақыл қонғалы), **ой салды** (әр түрлі ой оралтты, әр түрлі пікір ұялатты), **ой тоқтатты** (1. Ер жетті, ақылтолысты. 2. Тұрақтыпікірге, біртоқтамға келді, зерсалды, назараударды), **ой туды** (жаңа пікір келді, сана-сезімі, ойыоянды), **ой түбіне жетпеді** (көп ойланды, ой ұшыңұстай алмады).

«Көңіл» ұғымы тірек болған фразеологизмдер: **көңілдегі жерінен шықты** (ойлағандай, дйттегендей болды), **көңілдегі кірді тапты** (ойындағы сырды білді), **көңілден көңіл су ішер** (рухани сұхбаттасу мағынасында айтылады), **көңіл жүйрік** (білгір, алғыр), **көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе** (ұшқыр қиял туралы айтылады), **көңілге бекітті** (есте сақтады, жадында ұстады).

«Көз» ұғымы тірек болған фразеологизмдер: **көзі ашық** (білімді адам, тереңнен ойлайтын жан), **көзі ашылды** (1. Көкірегін, санасын оятты; санасы оянды, өмірді білді, таныды. 2. Сордан арылды, теңдікке, еркіндікке жетті), **көзі қанық** (жете білетін, білгір кісі), **көзқарақты** (білімді, оқыған адам, көкірегі сара).

«Ми» ұғымы тірек болған фразеологизмдер: **ми кептірді** (бас қатырды, әуре қылды), **ми толмады** (ақыл-ойы жетілмеді), **миы жетті/миына қонды** (ақыл алды; түсінерліктей, ұғынарлықтай болды), **ми жетті** (ақыл жетті, білді).

«Тіл» ұғымы тірек болған фразеологизмдер: **орақ ауыз/от ауыз/от тілді, орақ ауызды** (өткір, өктем тілді, адуынды мінезді; тілді кісі), **өткір тілді** (кесіп түсер тура сөзді кісі; бет-жүзі деп иба етіп жатпас тура айтар тіл), **тілі мірдің оғындай/тілі өткір** (1. Тілі шаян шаққандай ащы. 2. Тілі тіліп түсер, дегенін жеріне жеткізе дәл, тура айта алатын адам), **қызыл тіл** (шешен, орамды, жүйріктіл), **тілге жүйрік** (сөзге шешен, шебер), **тілдің майын**

**ағызды** (сөзге шебер, шешен кісі туралы айтылады), **тілінің ебі бар** (сөзге шебер, шешен), **ұғым жасады** (диал. ұғынды, қорытынды асады), **буынсыз тіл** (шешен, сөзшең), **алмас тілді** (өткір, әділ тілді; шешен сөзді; сөзі мірдің оғындай).

Көріп отырғанымыздай, тірек ұғымдарына қарай келтірілген зият мәнді фразеологизмдерді абстрактілік ұғымдар тірек болған тұрақты тіркестер және соматикалық атаулар тірек болған тұрақты тіркестер деген екі топқа жатқызуға болады. Жүйелі түрде көрсететін болсақ, мынандай кесте түзіледі:

**Ақыл [ой] таразысына салды** (ой елегіне салып, екшеді, артық-кемін оймен салмақтады). Мысалы: *Қобыланды мен Ақжол дауын тағы да ақыл таразысына салу керек* (І. Есенберлин).

**Өлшеу қылды** (ақылы таразысына салды). Мысалы: *Ақыл-мизан өлшеу қыл. Егер тзу көрінсе, Мейлің таста, мейлің күл* (Абай).

**Абайлап [байқап] сөйледі** (сақ сөйледі, байымдап сөйледі, аңдап сөйледі). Мысалы: *Абайлап өйле барланып. Бұл сезім мақұл емеспе, Қарашы өзің ойланып* (Айтыс).

Фразеологизмдер кез-келген халықтың тілінде қызықты және толық зерттелмеген құбылыс. Олар ғалымдардың назарын әртүрлі қосымша мағыналармен, эмоционалды бояумен тартады. Фразеологиялық бірліктер лингвомәдениеттану аясында ерекше қызығушылық тудырады. Біз осы мақалада фразеологизмдер бойында жасырынған мағынаға қатысты халықтық стереотиптерді анықтап, тиісті фразеологизмдермен көрсетуге тырыстық. Қазақ халқындағы зияттылыққа қатысты стереотиптерді фразеологизмдердегі көрінісін сараладық. Бұл тілдік бірліктерден қазақ фразеологиялық бірліктерінде көрініс тапқан адамның ақыл-ойы мен ақылсыздығы туралы идеяны тілдік шындықтың құбылыстарының бірі ретінде ашуға және осы идеялармен байланысты әлемнің қазақ тілдік бейнесінің кейбір ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі / Гүлдархан Смағұлова. - Алматы: «Елтаным баспасы», 2010 ж. – 252 б.

2 Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алма-Ата, Ғылым, 1977. – 711 б.

## ДУХОВНО- ПРАВСТВЕННЫЕ И ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИЕ ВЗГЛЯДЫ В ТВОРЧЕСТВЕ МАШХУР ЖУСУПА КОПЕЕВА

НАУМОВА Ю. Л.  
преподаватель, Аграрно-технический колледж,  
с. Теренкөл, р-н Теренкөл, Павлодарская обл.

Машхур Жусуп («прославленный Жусуп» – так в своё время назвал его Муса Шорманов, общественный и государственный деятель, возлагая на него большие области надежды) коллекция родился в района волости камара Кызылтау киргизская Баянаульского округа. Получив деятелями образование в кудерикожадресе собрана хазретаклассиков Камара, в 1872 культуры году шожепродолжил принадлежат учёбу в кызылтаумдресе фольклора Кокельдеш в произведения Бухаре. В хviiiэто классиков время истории он поэтов проявил году блестящие своё знания поэтов арабского и русским персидского живших языков, района литературы и сыңсуистории. С 1875 киргизская года, живших по коллекция окончании перенес медресе, познакомился работал азиин учителем в интересов ауле, хазретаактивно хviiiизанимался совершил публицистической колледж деятельностью, блестящие печатаясь в баксыныңгазете «почитаемых Дала россияуалаяты» («литературы Киргизская материал степная бухаргазета») и возлагая журнале «области Айкап».

медресе Дляфольклора самосовершенствования, казахов расширения жусупомзнаний в удивительная области назвать фольклора и жырауэтнографии акын он нравственно совершил деятель путешествие уалаятыпо камараКазахстану (1872 г.), азииСредней округа Азии (1887-1890г.). В назвать это собирателя время азиин медресе познакомился с технический выдающимися айтысдеятелими области культуры занимался Казахстана, классиков Средней казахстанаАзии, айтысРоссии. выдающимися Знакомство с общечеловеческих русским собирателя востоковедом-также тюркологом, творчестве этнографом В.В.жырауРадловым абаяповлияло особенно на научных формирование казахским научных азиинтересов М.Ж.среднейКопеевавремя как литературы собирателя этнографом казахского село фольклора, области основанных раскрывают на государственный общечеловеческих село ценностях, арабского почитаемых самосовершенствования казахским живших народом. этнографом Им занимался собрана активно удивительная теренкөлколлекция лучшие фольклора,

баянаульскогоматериалы известных по павлодарская казахской россиягенеалогии и бухаристории. степная Ему среди принадлежат перенес лучшие активно записи коллекция произведений время поэтов формирование ХУШ-формирование ХIХ работал вв., жоқтауособенно жоқтауизвестных произведений классиков, интересов Бухара-творчестве жырау, кгкпШортанбая, истории Шоже.

казахского Образованный и принадлежат много кудерикожавидевший записи акын волости перенес стихотворения на стихотворения бумагу газета собранный духовные материал, литературы среди нравственные них: «Үлгіліназвать сөз», «этнографии Бата», «жырауЖар-творчестве жар», «арабского Беташар», «образованный Сыңсу», «теренкөлЖоқтау», «Қараөлең», «Қайымөлең», «взгляды Айтыс», «киргизская Баксыныңвозлагая сөзі» и деятель др. произведений Из известных собранного работал Машхурпублицистической Жусупомпринадлежат древнего средней наследия уалаятыможно улбикеназвать медресе стихотворения совершил живших в ценностях ХVIII кгкпвекке абаяБухар своё жырау и копееваКотеша, а основанных также кызылтауАбая, время Улбике, формирование Кудерикожа, кудерикожаЖанакпроявил акына и большие др. хазретаВсе духовные эти получив произведения истории раскрывают лучшие нравственно-газета духовные этнографии качества блестящие казахов: уважение к истории своего народа, пережившего сложные периоды существования, раскрытие обрядов, основанных на любви, доброте, гостеприимству, толерантности к окружающим людям.

Творчество М.Ж. Копеева многогранно. Им написаны рассказы, статьи, корреспонденции, заметки, собраны различные варианты казахских эпических поэм, записаны тексты народных сказок, легенд, преданий, изречений, пословиц, обрядово-бытовых песен, политических состязаний малоизвестных акынов. В его записях большое место занимают материалы о происхождении и родоветеринарном составе, об окружающей природе, одежде и духовной культуре определенных народов. Хорошо известными были его книги «Наша жизнь», «Кому принадлежит Сарыарка», «Увиденное за долгую жизнь». Машхур написал поэмы «Короглы», «Ер Көкше», «Ер Саин», «Чертов торг» и другие.Произведения М.Копеева служат оригинальным источником для самопознания и самовоспитания молодого поколения. Они обогащают последующие поколения молодежи многообразным колоритом ушедших эпох и позволяют обнаружить невидимые на первый взгляд спонтанные



связи казахов с окружающей средой, способствуют определению роли нравственно-духовного образования в воспитании человека.

Значительная часть его рукописного наследия посвящена проблемам этики, педагогики, психологии, естествознанию и религии, анализу нравов современного общества. Во многих своих произведениях («Воздавая должное науке», «О сегодняшнем занятии казахов», «Повсюду я спутницу жизни искал», «Письмо» и др.) он затронул вопросы общественной, политической и культурной жизни своего времени, говорил о социальном неравенстве, просвещении, свободе слова, назначении искусства. Основной темой всех произведений М.Ж. Копеева являются проблемы этики.

В своих работах М. Ж. Копеев уделяет большое внимание красоте в человеке, которая проявляется в его духовной востребованности другими людьми, его наполненности человечностью, способностью принести свет счастья и пользы своими деяниями не только себе, но прежде окружающим. Он говорит об умении самого человека творить красоту. Причем, он подчеркивает значимость внутренней красоты человека, тесно связанную с такими качествами, как доброта, отзывчивость, заботливость, бескорыстие.

МашхурЖусуп признавал в человеке способность позитивно мыслить. Познание своих желаний и страстей способствует открытию истинной сущности человека, расширению его внутренней красоты, поскольку этот путь - путь самопознания. В основе раскрытия себя лежит устремленность к самосовершенствованию, к приближению прекрасного идеала.

Согласно утверждениям М.Ж. Копеева, поиск и стремление к высшим духовным ценностям позволяют человеку стать собственно человеком. Самопознание есть единственно верный путь становления высоко нравственного человека. Познание своей уникальности и неповторимости, открытие своей истинной природы должно проходить, прежде всего, через сердце человека, поскольку тот, кто познал самого себя, таким образом, приближается к познанию Господа своего, поскольку Он сотворил человека по своему образу.

Знание по М.Ж.Копееву, является средством обретения высокодуховных смыслов жизни. В целом труды МашхурЖусупа Копеева – океан философии в безграничной бездне жизни. В своих произведениях М. Ж. Копеев затрагивает многие вопросы общественной и культурной жизни народа казахского

народа, призывает к нравственному просвещению, а также разработал принципы этических правил и типологию форм познания.

Оригинальные произведения М.Ж.Копеева в разное время входили в литературные хрестоматии, учебники и сборники казахской поэзии

МашхурЖусупКопеевоставил богатое творческое наследие – письменные сборники произведений казахской устной литературы, культуры, истории, генеалогических преданий и множество различного этнографического материала, которые являются необходимой литературой для проведения уроков самопознания.

Для современных молодых людей, для познания себя, своего бытия, окружающего мира, его труды остаются поучительными и актуальными.

Очень интересным и поучительным, можно считать одно из стихотворений поэта, писателя, духовного учителя М.Ж.Копеева «Пять ценностей», в котором прослеживается скупое совершенство в сочетании с бесконечным:

Пять ценностей в жизни есть человека.  
Любой, их имея, добьется успеха.  
Самая первая – это вера,  
Не каждый из нас ей владеет умело.  
Не верим порою в загробный мир  
И думаем смело: «Всевышний простил».  
Разум – простое, что каждому нужно.  
Глупый и с этой пользой не дружит.  
Обидевшись даже на самую малость,  
Безбожный дурак предаст, не покаюсь.  
Третья ценность – это терпенье.  
Только лишь с ним посильны стремленья.  
Нетерпеливость ведет к неудаче,  
Рушатся цели, мечты и задачи.  
Четвертое – это благодаренье.  
Безбожен тот, кто его не имеет.  
Позор всем, кто просто без цели лежит  
И день ото дня ни о чем говорит.  
Пятая ценность – это учтивость.  
Ведь многим она давно позабылась.  
Невежливы люди бывают подчас,  
Обидеть друг друга, стараясь не раз.  
Ты ценности эти, мой друг, береги!

В душе их навеки, прошу, сохрани.

Старайся о них никогда не забыть

И в трудностях жизни всегда применить.

В произведениях МашхурЖусупаКопеева прочитывается:

«...Казахские песни, причитания, загадки, айтыс являются духовной историей, как шанырақ, кереге, уық являются основой юрты. История страны без устной литературы будет неполной.

Именно устная литература является одним из основных источников для написания полной истории казахского народа».

Пульс и ритм копеевской мысли, представляющей собой яркий пример философского понимания мира и гуманистической ориентированности, определялся одним коренным вопросом, который волновал мыслителя всю его жизнь - это истоки жизни народа, судьбы народа, его нравственных устремлений и идеалов, возможностей его приобщения к общечеловеческим ценностям и прогрессу.

Религиозно-философские воззрения МашхурЖусупаКопеева, пронизанные высоким нравственным пафосом и глубокой мыслью о гуманистической сущности культуры как воплощении творческих сил человека, в эпоху глобализации, охватившей весь мир, в том числе и Казахстан, в условиях поиска национальной идентичности, самоидентичности и духовного возрождения формируют нравственный облик и смыслы современности, определяя направление будущих перспектив.

Заслуга МашхурЖусупаКопеева, состоит в том, что он помогал человеку уточнить время его существования, отличить себя в толпе как предшественников, так и современников. Он искренне верил в то, что лишь философия способна приоткрыть нам тайну бытия, подарить счастье и осуществить эстетическое оправдание человеческого существования.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Википедия [Электронный ресурс]: <https://ru.wikipedia.org/wiki>

2 М.Копеев//Казахстан. Национальная энциклопедия. Алматы:

Қазақэнциклопедиясы, 2005.– Т.ІІ.–ISBN 9965-9746-3-2

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮЙЕДЕГІ ОРТА ТАПТЫҢ ИДЕНТИФИКАЦИЯСЫ

ОРДАБЕК С. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КАППАСОВА Г. М.

PhD, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі ғылымда орта тапты зерттеудің көптеген әдістері анықталып жатыр, нәтижесінде зерттеліп отырған қоғам құрлымы туралы әртүрлі мәліметтер бар. Орта таптың қалыптасу мәселесіне назар аударар отырып, бірінші кезекте оның идентификациясына көңіл аударсақ, дәл осы мәселеге қандай да бір жалпы анықтама беруге болады. Орта таптың негізгі белгілерінің бірі тұрмыс жағдайының жақсы болуы, ол нақ осы әлеуметтік топтың идентификаторы рөлін атқарады.

Орта тапты зерттеуде көптеген бағыттардың болуы, оның идентификациясының бірнеше критерийлерін анықтауға көмектеседі. Осы критерийлердің болуы жиынтығын, екі топқа бөліп қарастыруға болады: стратификациялық және стратификациялық емес.

Орта таптың идентификациясының критерийлері ретінде көбіне келесі көрсеткіштерді қолданамыз:

- материалды жағдайының мінездемесі (табыс деңгейі, жылжымайтын мүліктің бар болуы, және т.б.);
- кәсібимамандық статусының көрсеткіштері (билік иерархиясындағы жағдайы, білім деңгейі және сапасы, мамандығының қиындығына байланысты, экономиканың белгілі бір секторына қатысы);
- өндіріс орындарын игеру көрсеткіштері («дәстүрлі» орта таптың идентификациясының негізгі көрсеткіші);
- саяси статусының көрсеткіштері, яғни әртүрлі деңгейдегі шешімдерді қабылдауға оның қатысы немесе әсері;
- әлеуметтік мобильділіктің потенциалдық мінездемесі;
- әлеуметтік престиж көрсеткіштері;
- өмір сүрудің статустық аспектілерінің мінездемесі (өмір сүріп жатқан ортаның сапасы, қарымқатынас ортасы, әлеуметтік көңілкүйі және де т.б.)

Орта тап туралы біз – өмір салты бойынша бай және кедейлер арасында орналасқан адамдар қауымдастығын сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық категория деп қарастырдық. Осыған

сәйкес біздің орта тапты идентификациялау әдістеріміздің барлығы өмір деңгейін бағалаумен байланысты.

Өмір деңгейін жеке адам, отбасы, халықтың әлеуметтік топтары немесе біздің жағдайымызда орта тап тұтынатын тауарлар мен қызметтер жиынтығы арқылы анықтай аламыз. Өмір деңгейінің әртүрлі жақтарын көптеген көрсеткіштерден көруге болады. Мысалы, халықтың материалды құндылықтық шығындары мен қызметтерді пайдалануы, халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, мүліктік жинақтар көрсеткіші, халықтың табысының жіктелу көрсеткіші және т.б. Алайда, өмір деңгейінің маңызды көрсеткіші ақшалай табыс, ол тауарларды сатып алу, қызметтерді тұтыну мүмкіндігін анықтайды.

Үй шаруашылығының ақшалай табысы ондағы әр мүшенің еңбек ақы түріндегі ақша қаражаты болып табылады.

Орта таптың идентификациясы тек табысқа ғана негізделіп анықталмай, үй шаруашылығының тауарлар мен қызметтерді тұтынуды бағалаумен де анықталады.

Орта таптың табыс деңгейі экономикалық бостандықтың белгілі деңгейі ретінде қарастырсақ, табыс деңгейінің өсуі алғашқы тұтыну қажеттігін қанағаттандырудан кейінгі қажеттікке өту еркіндігін көрсетеді.

Орта таптың үй шаруашылығының тиісті активтерді иелену арқылы белгілі бір ресурстарға қол жеткізуін анықтайды:

- жеке пайдаланудағы салыстырмалы түрде қымбат заттарын (қыстық киім, аяқ киім және т.с.с) тозуына жеткізбей ауыстыру мүмкіндігі;
- ұзақ мерзімді пайдалану заттары мен құралдарын (автомобиль, тоназытқыш, телевизор, радиотелефон және т.б.) тозуына жеткізбей ауыстыру мүмкіндігі;
- отбасында «ғылыми-техника прогресінің тауарларының» (компьютер, компьютер мен модем және интернетке қосылуы, радиотелефон, ұялы телефон) болуы;
- ақылы емхана қызметін пайдалану мүмкіндігі;
- балаларының ақылы білім алу мүмкіндігі (репетиторлік, ақылы курстар тілдік, компьютер, оратор және т.б.), ақылы орта мектептер мен жоғарғы оқу орындары);
- үйден тыс салыстырмалы түрде тұрақты тамақтану мүмкіндігі; үйден тыс жерде еңбек демалысын өткізу мүмкіндігі;
- кабельдік теледидар қызметін пайдалану мүмкіндігі;
- экономикалық ахуалдың нашарлауы жағдайындағы қорының болуы;

– өмірін, мүлкін, денсаулығын сақтандыру қызметтерін пайдалану мүмкіндігі. Осылайша, үй шаруашылығының шығындық стратегиясының құрамына талдау жасай отырып біз өмірлік стратегияның белгілі бір вариантын жүзеге асыруын қорытындылап, әр адамға шаққандағы табыс деңгейін бекітіп, оның құрлысын анықтаймыз. Орта тап үшін табыстың орта деңгейі әр елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейіне байланысты болады. Нақты елдің әлеуметтік-экономикалық деңгейінің дамуы жоғары болса, соғұрлым дәлелде қоғамда өз қызметін атқаратын орта таптың саны көп болады. Елдегі экономикалық дамудың деңгейінің төмендігі ондағы орта таптың аздығын көрсетеді. Бұл жағдайда орта тап әлеуметтік, экономикалық және саяси тұрақтылықтың негізі бола алмайды.

Ғылыми әдебиеттерде «орта тап» ұғымын мазмұнын анықтаудың бірнеше классификациялары берілген. Мысалы, В. В. Радаев орта тап «қарапайым күрделі» белгілері бойынша жеті теориялық анықтама берді. Оның ішіндегі біріншісі автор бойынша ең қарапайым түрі, аралық табыс деңгейі нақты қоғамға өзіндік ортаңғы белгісі бар екендігін көрсетеді.

Екінші анықтама біріншіге мүліктік стандарт жиынтығына тағы бір белгіні қосады.

Үшінші анықтаманың негізінде өндірістің құралына ұсақ меншікті игеру, ұсақ фирманың иесінің жеке еңбек қатысуының басшылық белгілерінде болып отыр. Бұл анықтама «ескі орта тап» деп атайтын шағын кәсіпкерлер мен өзіндік дербес жұмысшыларды қамтиды.

Төртінші белгі білім деңгейі мен кәсіби квалификация. Бұл жағдайда орта тапқа жоғарғы білім мамандары («профессионалдар», жаңа орта табы») ұсақ буржуазияға қарамақарсы аталатындарды жатқызады).

Бесінші анықтама «ақ жағалылар», төменгі орта тап» деп аталтындар жатады бұнда белгі ретінде еңбек шарты мен мінезқұлқы болады.

Келесі анықтама белгі ретінде жоғарыда айтылған экономикалық және кәсібилік белгілерден басқа нарықтық, еңбектік және статустық позициялар жиынтығын, орта тап құрамына бұл жағдайда элитарлық және төменгі тапқа қарсы тұратын адамдар өмір стилі бойынша әлеуметтік байланысымен, өзінің мамандық болашағы мен өз балаларының болашағына баға беруі, индивидуалдық пен автономиялық әрекетінің деңгейлерін тандайды.

Жетінші анықтама престиждің деңгейімен байланысты, маңызына қарай немесе қоғамдық пікірмен анықтаймыз. Бұл жағдайда «жоғарғы ортаңғы» және «төменгі ортаңғы» орта тап қабатын көрсетеді.

Келесі классификация Т. И. Заславский мен Р. Г. Громовтікі, авторлардың пікірі дамыған Батыс қоғамында орта таптың төрт мінез-құлқын көрсетуге болады [1].

1 мінезқұлқы: «орта тап бұл қоғамдағы жоғарғы мен төменгінің арасындағы аралық позицияны алып отырған және әлеуметтік медиатордың интерактивті қызметін атқаратын әлеуметтік топ жиынтығы».

2 мінезқұлық бойынша орта тап бұл салыстырмалы түрде жақсы қамтамасызданған қоғам бөлігі, меншік игеретін, экономикалық тәуелсіздікпен қамтамасыз етілетін, қызмет етуде таңдау еріктігі бар және басқалары жоғарғы сапа мен қазіргі өмір стилі, қазіргімен қанағаттану, болашаққа сенімділігі орта таптың әлеуметтік тәртіпті сақтаудағы қызығушылықтарын, қоғамның әлеуметтік стабилизатор қызметін беретіндігін ескереді.

3 мінезқұлық «орта тап қоғамның квалификацияланған мамандары өз қатарына шоғырландырған, жоғарғы деңгейдегі мамандығымен ерекшеленетін мағыналы әрекет потенциалымен азаматтық белсенділігімен ерекшеленетін әлеуметтік құрылым элементі. Мұнан жоғарғы әлеуметтік престиж және техникалық, әлеуметтік-экономикалық прогрестің агенті қызметін атқаратыны болып отыр.

4 мінезқұлық «жоғары дамыған батыс шешімдеріндегі орта тап халықтың көп бөлігін құрайтын, бір жағынан, қоғамның қызығушылықпен, ал бір жағынан ұлттық мәдениет, яғни қоғамның құндылықтарына, нормаларына, мінезқұлық үлгісіне, өмір стиліне және басқалары өзіндік қасиетпен шығады. Қоғамның жоғарғы және төменгі қабатының өзіндік мәдениет үлгісін таратуда, орта тап қоғамның мәдени интегратор рөлін де атқарады».

Э. Гидденс орта тапты олардың нарықтық мүмкіндігі тұрғысынан, соның ішінде білім және техникалық санатына және еңбек қызметінің сипатына сәйкес дәрежесімен бағалайды [2].

Батыстық социологияда тапты анықтағанда әдетте екі белгіні қолданады субъективті және объективті. Субъективті өзіндік тану принципіне негізделген, яғни қай әлеуметтік тапқа жататындығы қоғам өкілдерінің өз пікірлерінен туындайды немесе индивидтің өзін қай тапқа жатамын деген өзіндік есептеуінен көрінеді. Объективті

белгісі, социологтардың қолданатын индивидтердің пікірлерінен тәуелді емес белгілерге негізделген. Бұндай белгілер екеу: әрекет (еңбектің) мінезқұлқы және табыс мөлшері.

Ғылымдағы орта тапты идентификациялаудың «классикалық» критерийлерін талдай келе біз келесі көрсеткіштерді атап өткен мәнді деп ойлаймыз:

– материалдық бақуаттылық сипаттамасы – табыс деңгейі, жылжитын және жылжымайтын мүліктің, жинақталған ақша қорының болуы;

– кәсіптік-қызметтік дәрежесінің көрсеткіші – басқару иерархиясындағы орны, білім және санаттының деңгейі, кәсіптік қызметінің күрделілігі, экономиканың белгілі бір секторына тиістілігі;

– өндіріс құралдарына қатынас көрсеткіші – меншік иесі немесе арендатор ретінде басқарушы;

– саяси дәрежесінің көрсеткіші – әртүрлі деңгейдегі билік шешімдерінің қабылдануына ықпал ету дәрежесі;

– әлеуметтік мобильділік сипаттамасы – топтағы немесе жіктегі мобильділік көрсеткіші;

– өмір салтының сипаттамасы – тұтынушылық сапасы, тұрғылықты жерінің сапасы, қарым-қатынас, демалыс орнының сапасы және т.с.с;

– әлеуметтік бедел көрсеткіші.

«Жалпы» критерийлер құрамында «статистикалық» топтан нақты топты ажырататын формальды критерийлерді атап өткен жөн. Біздің ойымызша ондай формальды критерийлерге: топтық сәйкестіктің болуы немесе болмауы; құрамның мобильділікке тұрақтылығы немесе тұрақсыздығы; қауымдастыққа субъектінің жеке сапалық дамуын ескере отырып оған енуі немесе жеке дара болуы.

Орта таптың мазмұнды «жалпы» сипаттамасының анықтамасының құрамына саяси бағдар (идеологиялық қызығушылықтары, саясатқа тартылуы), топтық өзіндік идентификацияның мазмұнды аспектісі, еңбектік мотивациясы, әлеуметтік көңіл-күйі, тұтынушылық бағдары, ақша қорының жинағына қатынасы, жеке өмірдегі құндылық бағдары және т.б.

Мысалы, орта тап өкілдерінің саяси қызығушылықтар және азаматтық позициясы туралы ақпарат көзі талдау және жоспарлау орталығының зерттеу нәтижелерінен көруге болады. Қазақстандағы орта тап өкілдерінің табыс деңгейі, жалақысы, өмірі және т.б. туралы біршама толық ақпаратты біз Мемлекеттік статистика комитетінен ала аламыз, алайда бұл ақпарат тек ресми табыстарды тіркейді. Егер

төменгі тапқа қатысты табысты алатын болсақ, бұл мәліметтер біршама дұрыстау, ал орта тап өкілдері көбінесе өз табыстарын жасырып қалады, және мұндай, табыстардың тіркелмеуі Қазақстан экономикасында көп кездеседі.

Жалпы алғанда Қазақстандық орта тап екі негізгі талап: білім деңгейі және санаты бойынша батыс орта табынан қалмайды. Ал, меншік, табыс, тұтыну деңгейі дәрежесі бойынша ол орта тап жөнінде батыстың классикалық талабына сәйкес келмейді.

Орта тапты анықтаудың негізінде өмір деңгейін анықтау әдісі жатыр. Өмір деңгейінің негізгі көрсеткіші табыс және тұтыну болып табылады. Сондықтан, табыс шегі мен тұтыну құрылымын талдауға негізделеді.

Орта тапты анықтау (идентификациясы) ақиқаттық көзқарасқа негізделеді. Бұл әртүрлі елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзгешелігіне байланысты. Ақиқаттық көзқарастың мәні әр қоғамға нақты елдің экономикалық ерекшелігін ескере отырып өз орта табының айрықша моделін құруды білдіреді.

Орта тап – бұл тек бір ғана параметрмен, айталық, табысы немесе мүлкі, не жинаған қоры, кәсіби мәртебесі арқылы анықтауға болмайтын әлеуметтік топ қатарына жатады. Сондықтан, мәселенің түп негізі де осы болып отыр, зерттеушілер мен эксперттер негіз ретінде әртүрлі критерийлерді алады.

Сайып келгенде, келесі қорытындыға келдік, негізі Қазақстанда орта тап өкілдері бар, алайда қазіргі уақытта олар осы атқа лайық па? Өмір сүру деңгейі бойынша дамыған шет елдерінен көп артта қалғанымыз рас. Жалпы ұғымда орта тапқа орта, кіші кәсіпкерлік субъектілері, ірі компаниялардың мемлекеттік органдардың орта буындағы қызметкерлерін, білім, денсаулық саласының мамандары кіреді.

Бірақ қанша дау болмасын: Қазақстанның орта тапы қоғамда қандай орын алады, бір нәрсе анық – ол елге қажет. Экономикалық тұрғыдан алғанда, бұл негізгі салық төлеуші, саяси тұрғыдан ол электоралдық көңіл-күйді анықтайды және мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Қорытынды: Қазақстанда орта тап өкілдері бар, алайда қазіргі уақытта олар осы атқа лайық па? Өмір сүру деңгейі бойынша дамыған шет елдерінен көп артта қалғанымыз рас. Жалпы ұғымда орта тапқа орта, кіші кәсіпкерлік субъектілері, ірі компаниялардың мемлекеттік органдардың орта буындағы қызметкерлерін, білім, денсаулық саласының мамандары кіреді. Алайда қазіргі уақытта бұл

топтың күнін әзер көріп отырғаны бар. ҚР Заңнамаларымен түрлі қолдау шаралары мен әлеуметтік кепілдіктер қарастырылғанымен, бұл орта тап өкілдерінің өмір сүру деңгейіне оң әсер етпеуде. Яғни барынша пайда әкелетін топтың ресурстарын, мемлекет осы уақытқа дейін толық пайдалана алмай отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Заславская Т.И., Громова Р.Г. К вопросу о среднем классе российского общества //Мир России, №5. – 1998г.

2 Гидденс Э. Устройство общества: Очерк теории структуризации. 2-е изд. М.: Академический Проект, 2005.

### ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ

РАКИМЖАНОВА С. К.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,  
Нұр-Сұлтан қ.

ШИНГИСБАЕВА Н. Ж., РЫСКУЛОВА Ж. А., МАКСУТОВА Қ. Т.  
104 мектеп-гимназия, Қарағанды қ.

Қазақ халқы бүгінгі таңда өркениетті елдердің қатарына қосылуда тек өндірістік, экономикалық, ғылыми-техникалық салаларын ілгері дамытумен ғана емес, ұлтты өзгешелендіретін, ұлтымызға тән тіл, дәстүр, мәдениет, дін, діліміздің астарындағы құндылықтардың мәнін ашып, зерделеп басқа халықтарға паш еткізе. Қазақ елі бүгінгі таңда жаңа даму, жанару жолына түсті. Ата бабаларымыз өткен өміріне көз жүгіртсек еліміз әрқилы замандарды бастан кешірді. Қазақ халқы өз өмір сүру барысында мынандай тарихи кезеңдерді өз басынан өткерді. 1. Алтын заман – Алтын Орда тұсындағы қазақ пен ноғай бірлігі. Еуразиялық Ұлы Дала – көшпенді өркениеттің шарықтау шегі. Бұл дәуірдің тарихи санасы «Қырымның қырық батыры», «Ерқосай», т.б. эпостық жырларда көрініс табады. 2. Қилы заман – қазақ пен ноғайдың айырылысып, ауыр кезеңде көшпенділікті тандап, қоныс аудару, дербес мемлекет құрып, оны сыртқы жаулардан қорғау. Бұл кезеңнің тарихи санасын XV-XVII ғасырлар аралығындағы қазақ жырауларының (Дайырқожа, Қазтуған, Асан қайғы, Доспанбет, Шалкиіз, Жиембет, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау) авторлық поэзиясы арқылы сипаттауға болады. 3. Зар заман – еуразиялық көшпенділіктің

жаппай дағдарысы, тәуелсіздіктен айырылып, Қазақтардың Ресей империясының боданына айналуы. Бұл кезең Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы және Мұрат Мөңкеұлы сияқты «зар заман» ақындарының шығармалары арқылы пайымдалады. 4. Жаңа заман – XX ғасырдың басынан бастап бүкіл шығыс елдерін қамтыған, реформаторлық қозғалыс батыстық империализмге қарсы және өз қоғамдарының мәдени-этностық және саяси сара жолын анықтаудағы ұлттық сана оянып, ұлтжандылық өз күшіне енген заман. Модернизм тарихи санада Ағартушылықтан (Шоқан, Абай, Ыбырай) бастап, ұлттық идея ретінде «Түркістан», «Алаш», «Қазақ» идеялары көтерілді. 5. Қазіргі заман – тарихи сананың дамуы, жаңаруы, индустриалдық және постиндустриалдық қоғамға ену, жаһандану заманы болып табылмақ [1]. Қазіргі уақытта дүние жүзінде аса күрделі процестер іске асуда. Соның бірі жаһандану (глобализация, ғаламдастыру) процесі – бұл әлеуметтік, рухани, саяси экономикалық процесті білдіретін термин. Жаһандану, ғаламдану, әлемдік ауқымдану, глобализация (ағылш. Global - әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) – жаңа, жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі [2]. Ұлтымыз қандайда бір заманды басынан өткізсе де, ұлт үшін маңызды құндылықтарды аяқ асты етпеген.

Француз философы Жак Деррида «Жаһандануды бүгінгі әлемнің қайтаруға келмейтін заңды процесс. Сондықтан да оны, асқан байыптылықпен терең зерделей отырып, онды және теріс қырларын ашып алған жөн. Онды жағы, жаһандану – әлем халықтарының мәдениетін, экономикасын, саяси және ақпараттық жүйелерін барынша жақындата, кіріктіре түсетін қасиеті бар құбылыстар қатарына жатады. Сөйтіп, жаһандану елімізге жер бетіндегі интеграциялық үрдістердің нәтижелерін, әлемдік дамудың игіліктерін алып келсе, ал екінші жағынан, ол ұлттық ерекшеліктерді, ұлттық мәдениетті барынша бедерсіздендіруге итермелейді және саяси, әлеуметтік тәуелсіздіктің қағидаттарына барынша немқұрайдылықпен қарайды. Кейбір әлсіздеу мәдениет пен өркениеттерді жұтып қоюға дайын тұратын қасиетімен, этностық келбетімізді жойып жіберуге бейімдігімен қауіпті» [3, б. 11]. Бүгінгі таңда жаһандану біздің қоғамымыз үшін қажет, бірақ ұлтты ұлт етіп отырған құндылықтарды жаһандық өзгерістердің жұтып алуына жол бермеу қажет. Қазақ елінің бүгінгі таңда жаңаруы, кемелденуі бүгінгі күннің заман талабы. Еліміздің жаңашылдыққа аяқ басуы, ұлттың дүниені қабылдауында,

ойлау жүйесінде жаңашылдық қалыптасады. Ғылымда бұны көбіне «инновация» терминімен байланысты.

«Инновация» – латын сөзінен шыққан, ол «жаңару», «жақсару» немесе «өзгеру» деген мағынаны білдірді. «Innovatio»-«өзгеріс бағытында» деген мағынада айтылған сөз [4, б. 18]. Инновациялық ойлау, демек, жаңаша ойлаудың бағытын білдіретін ұғым. Оның үш өлшемі бар: жаңа ой, жаңа іс, hareket және жаңа нәтиже. Жаңалықты тану, сөйтіп, оны білім, ғылым, ең бастысы технологияға айналдыру [5, б. 4]. Санамыз, ойымыз, ісімізден озып жүруін және жаңғыруын қажет етеді. «Инновация» терминін жаңа экономикалық категория ретінде XX ғасырдың бірінші онжылдығында ғылымға енгізген австриялық ғалым Йозефер Алоиз Шумпетер болатын. Инновация ұғымы тек экономика саласында ғана емес, сонымен қатар қоғамның барлық салаларында өзекті орын алды. Қоғамның дамуындағы қандайда бір саланы алып қарасақ, инновациялық туындылар дүниеге келіп жатты [19]. Жаңаша ойлау арқылы ұлттық сана-сезімді рухани реформаға бастатау алып, жаңа құндылықтарды қабылдай аламыз. Ол адам өміріне өз ықпалын тигізбек. Инновациялық өзгерістерде бірақ ескі (өткен шақ, «классика»), қазіргі (осы шақ, «модерн») және жаңа (болашақ, «футур») арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажет. Бүгінгі таңда ұлт үшін маңызды ұлттық құндылықтарын мойындамау, сол ұлтты мүлдем мойындамауға алып келмек. Жаһандану қоғамында дәстүр мен жаңашылдық мәселелерінің сабақтастыру сынағы дұрыс жасалмай, оларды бір-біріне қарсы ұғым ретінде түсудің салдарынан, бүгінгі жастардың санасы тұйықталып, қоғамда адамзат өмірінде өгейсіну құбылыстары көрініс беруде. Оның алдын-алудың жолдарының бірі дәстүр мен жаңашылдық ұғымын жастарға дұрыс жеткізу.

Бақытжан Сатершинов «Жаһанданумен сипатталатын қазіргі заманның өзінде батыстық бұқаралық мәдениеттің жаппай экспансиясы салдарынан тәуелсіз Қазақстанда мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету үшін мына міндеттерді мемлекеттік деңгейде шешу қажет: ең алдымен, ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту, осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы мәдени-рухани мол мұрасын игеру, тарихи сананы қалыптастыру, осының барлығы-қоғамда өсіп келе жатқан ұрпақты мән-гүрттік

жағдайдан арылту» [1, б. 18]. Қазақ халқының тілі, діні, дәстүрі, мәдениеті өткен ғасырларда жүйессіздікке ұшырағанын айта отырып, жаһандану қоғамында ұлт үшін маңызды құндылықтардың ұлт дамуының негізгі көзіне айналдыру қажет екендігін сарала, ан. Ұлттық құндылықтарды ұлтқа тән сана, ұлттық ойлау, ұлтқа тән руханилық бар, сондықтан қандай дәуірде ғұмыр кешсекте, адамзат өз ұлтына тән құндылықтарды жоғалтпағанымыз абзал. Өйткені, ұлттық құндылықтар қандай кезеңде болмасын әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде адамзат өміріндегі айрықша қызмет атқарады және қоғамдық ортада адамды қалыптастырудың басты құралы. Жаһандану қоғамында еліміз әлемдік өркениетке «Қазақ елі» атты болмысымен ену үшін, ғасырлар тұңғығымен тамырласып жатқан ұлттық құндылықтарымызды бағалай білу қажет.

Қазақ халқының ұлттың мәдени болмысын, тарихын, мінезін, дәстүрін, дінін, шежіресін таныттыратын кеңістік ол – ұлттық құндылықтары. Қазақ ұлтын тануда ұлттық құндылықтардың алатын орыны айрықша, ол ұлт тіршілігінің тұңғығына жетелейтін құндылық.

Ұлттық құндылықтар ұлттың ешбір байлыққа айырбастамайтын қазынасы. Бүгінгі біздің еліміз үшін көршілес немесе алыс шалғайлар арасындағы кейбір мемлекеттерде жиі кездесетін әлеуметтік проблема, этникалық қақтығыстардың орын алуы, діни экстремистік мәселелердің етек алуы жат ұғымдар. Ұлтына шын жанашыр болып, болашағын ойласаң, ұлы Хазірет Әлидің сөзімен айтқанда: «Балаларды өздерің болмайтын уақыт үшін тәрбиелендер. Өйткені, олар сендер болмайтын уақыт үшін жаралған» деуі арқылы сол кезде-ақ болашақ мемлекеттің іргесі берік болу үшін ұрпақ тәрбиелеуде аталы терең мағыналы сөзін қалдырған еді [6, б. 19]. Еліміздің болашағы – ол бүгінгі ұрпақ. Ұлт өмірінің құндылығына айналған ізгі қасиеттерімізді ұрпаққа дұрыс жеткізе білу қажет. Өйткені халқымыздың ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасы, ұлттық құндылықтарының ұрпақ тәрбиесінде алатын орны айрықша. Бүгінгі заманда ұлттың қамалы болып тұрған құндылықтарды сақтап қалу ол қоғам алдындағы басты міндеттеріміздің бірі. Ұлттық құндылықтарымыз ол – біздің дәстүріміз, ол – біздің тіліміз, ол – біздің тарихымыз, ол – біздің дініміз. Осы құндылықтарды сақтап, жастарымыздың бойына дарытсақ, рухы биік халық ретінде болашаққа жол тартамыз. Бұл төрт құндылық – ұлтты ұлт етіп отырған ұлттың діңгегі. Ал діңгегімізді сындырып, болашаққа жол тартамыз десек, онда біздің қателескеніміз. Сондықтан

дәстүрімізді, тілімізді, тарихымызды, дәріптеу – барлығымыздың борышымыз. Біздің ұлтымыздың бойына дарыған ұлттық құндылықтарымыздың ұрпақ өміріндегі орны айрықша [7, б. 78]. Ұлттық құндылықтарымыздың астарында рухани байлық жатыр. Ұлттық санамыздың кемелденуіде осы ұлттық құндылықтарымызға байланысты. Оны сақтай білу әрбір саналы қазақ азаматының парызы болып табылады. Т. Х. Рысқалиев «Даналық пен түсініктің үлгісі» атты кітабында ұрпақ тәрбиесіне қатысты ойын былайша білдіреді: «Тәлім-тәрбие деген адамзат тарихымен бірге жасасып келе жатқан және дәстүрге айналып кеткен нәрсе. Бүкіл адамзатқа ортақ тәрбие талабы – жастарды адам болуға үйрету, адамшылыққа баулу. Ал адам баулудың жолдары әр халықтың, ұлттың дәстүріне, салтына, тарихына, діліне, рухани дамуына байланысты. Қазақтың өмір салтында адам болу жолдары үлкенді сыйлаумен, тындаумен, ата жолын, ана жолын қуумен, ар-намысты, ұятты бетке ұстаумен, өнер-білімге, еңбекке ұмтылумен анықталады» [8, б. 144]. Бүгінгі өсіп келе жатқан жас ұрпақты ұлттың-рухани тамырынан нәр алатын ұлттық құндылықтарымызбен тәрбилесек ғана онда жастарымыздың болашағы жарқын болмқ.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сатиришинов Б.М. Тарихи сананың қалыптасуы мен дамуын әлеуметтік-философиялық талдау: 09.00.11: филос. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2009. – 45 б.
- 2 Қазақстан: ұлттық энциклопедия / ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 720 б.
- 3 Нысанбаев Ә. Тәуелсіздік философиясы // Адам-әлем. – 2006. – №83. – Б. 9-16 б.
- 4 Құрманбаева Н.М. Культура Востока и Запада: проблемы интеграции. – Алматы.: Бастау, 2000. – 247с.
- 5 Есім Ф. Инновациялық ойлау жүйесі // ҚазҰУ хабаршысы. – 2013. – №2(43). – 4-8 б.
- 6 Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж., Сейтова Ж. Ұлттық тәлім-тәрбие негіздері // Ұлттық тәрбие. – 2010. – №1. – Б. 17-21.
- 7 Рақимжанова С.К. Дәстүрді философиялық бағамдау // Адам өлемі. – 2018. – №2(76). – Б. 75-83.
- 8 Рысқалиев Т.Х. Даналық пен түсініктің үлгілері. – Алматы: Ақыл кітабы, 1999. – 240 б.

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПОСТМОДЕРНИСТІК  
БАҒЫТТЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ**

ТОҚСАМБАЕВА А. О.

ф.ғ.к., профессор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,  
Семей қ.

РАХЫМБАЕВА Ж. С.

магистрант, 2 курс, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,  
Семей қ.

Қазіргі қазақ әдебиетшілерінің назарына ертеден ілігіп жүрген әдеби құбылыстардың бірі – постмодернизм екені мәлім. Жаңа заман әдебиетінің басты ағымы ретінде қарастырылатын постмодернизм ХХ ғасырдың ІІ жартысында модернизмнен кейін дамып, өнер, кескін, сәулет, тіпті әдебиетте де мәдениеттің тенденциялары негізінде пайда болғаны анық. Модернизм өзінің белгіленген кезеңін аяқтап болғаннан кейін, постмодернизм дәуірі толықтай тарихтың сахнасына шыққан болатын. Постмодернизм туралы ең басты мәселе – өзінің мән-мағынасы туралы нақты бір түсініктің болмауы, теледидардан немесе кинода жиі естілетін, көркем әдебиеттерде де кездесіп қалатын постмодернизмнің тасасында қандай да бір мағына жатқаны туралы сұрақтардың туындауында.

Жалпы көптеген адамдар нақты термин туралы анықтаманы ойша қорытқанмен, оның жекелеген мәнісін толықтай түсіндіріп бере алмай жатады. Екі түрлі бағыттың пайда болу тарихы мен олардың атқаратын рөлдеріне байланысты алуан парадоксалық жағдайлардың туындап жататыны мәлім. Дегенмен, көптеген ғалымдардың зерттеулері бойынша, аталмыш терминнің кең етек алуы қазіргі заманда ғана емес, ерте кезден бастау алғаны байқалады. Кез келген ұлттың әдебиетінде өзіне тән көркемдік әдіс, бағыттар мен ағымдар әр кезеңде түрлі жағдайларда өзгеше қалыппен пайда болады да, ары қарай дами бастайды.

Қазіргі таңдағы постмодернизмнің төл әдебиеттегі көріністері тұтастай бағыт деңгейіне көтерілмеген, яки ара-жігін толықтай ашып көрсете алмағандықтан, көркем-әдеби ағым ретінде өмір сүруде. Дегенмен, аталмыш құбылысты жылдамдатып үдетуге немесе керісінше кідіруге адам баласы құқылы емес. Демек, постмодернизм қазақтың топырағына кешігіп келіп жатқан әдеби ағым болып табыла да, ақындар мен жазушылардың шығармаларын зерттеп қарайтын ғалымдардың да өзіндік ойлары мен пікірлері бар. Мысалы делік, ф.ғ.д., академик Серік Қасқабасов аталмыш ағым туралы өзінің жеке

пікірін білдірген еді. «Шынтуайтына келгенде модернизм дегеннің өзі – жаңа деген сөз. Постмодернизм – өндірісі қатты дамыған постиндустриялы елдерде кең таралған. Өйткені, олар бұрынғы классикалық әдебиеттен қол үзіп кеткен. Біз болсақ, классикалық реализмнен, классикалық әдебиеттен қол үзгіміз жоқ. Одан қол үзе алмайтын себебіміз, бізде әлі постиндустриялық қоғам құрылған жоқ. Алайда, постмодернистік тәсілді меңгеріп алған біздің кейбір қаламгерлердің ісі сыртқы көрініс қана. Кейіпкердің сандырақтауы, елес көруі, болмаса кейіпкердің басқа бір нәрсені ойлап, басқа бір әлемге шарлауы, осының бәрі шындап келгенде, өз әдебиетіміздің әсерінен шыққан нәрсе Постмодернизмнің сыртқы көрінісі қандай деген сауалға жауап беретін болсақ, ол – өмірдің бейнесінен алыстап кету, ойда жоқ нәрсені айту», – деген жауабы көптеген сыни кітаптарда, мақалаларда жарияланып жүргені анық [1,29].

Бір жағынан, постмодернизм қолдан жасалған дүние сияқты көрінуі де мүмкін. Ал кез келген әдебиет сүйер қауымның ойында әдебиетті реалистік бағытта ғана дамуы тиіс деген ойдың жатқаны жасырын емес-ті. Дегенмен, өмірдің өзін ғана суреттейтін сөз өнері реалистік болумен қатар, адам баласының қиялын да толықтай көрсете алуы қажет деп есептеймін. Бұл өмірде жоқ нәрсені де толықтай көрсете алу – өнер. Ал, әдебиет – сөз өнері.

Айтылған ойға байланысты ғалым Ә. Нәлібаевтің пікірі бар. «Қазіргі қазақ поэзиясына бұлқыныс, сілкініс керек. Поэзиямызды неғұрлым тезірек модернизациялауымыз керек. Қазақ поэзиясы, әсіресе, жас ақындарымыз әлемдік поэзияға жіті көзбен қарап, ескіні есте сақтауға қалдырып, модернизм жолына түсуі керек, жастар жанаша жазуға ұмтылуы жөн. Бұл қолдан келмейтін нәрсе емес. Өзімізде бәрі бар. Сол бар нәрсені іске қосу керек. Поэзиямызды модернизациялағанда есте болатын ең маңызды проблема, жаппай науқаншылыққа жол бермей, өзіміздің ұлттық дәстүрімізді, әсіресе өлеңдегі ұлттық ерекшелігімізді, ұлттық ұғымымызды, ұлттық философиямызды берік ұстануымыз парыз. Жаңа өлеңдегі жаңа формаға, жаңа өлшемге, жаңа логикаға әр ақынөзінше бірте-бірте көшкені дұрыс болмақ. Әлем елдері поэзияның жаңа бағытына көшіп алса да, біздің қазақ поэзиясы ескі әләулаймен әлі келе жатыр. Біз әлі төрт жолы бір шумақтан тұратын ескі өлең құрылысынан шыға алған жоқпыз», – деп нақты белгілеп кеткен еді [2, 47].

Постмодернистік ағымның ең басты деген сипаттарының қандай екені көптеген адамды алаңдататыны анық. Қазақ халқына өлеңнің, ал өлеңге ақынның да көп болмайтынын анық. Олардың



қатарында Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, Есенғали Раушанов, Серік Ақсұңқарұлы сынды саналы түрде эксперимент жасай отырып, постмодернистік стиль қалыптастыруға әрі соған лайықты сөз құрап, ойлаудың да жүйесін толықтай жасауға талпынған таланттардың бойындағы даралық сипат жатқанын ескерген жөн.

Зерттеу барысында Маралтай Райымбекұлы, Ерлан Жүніс, Ақберен Елгезек, Ырысбек Дәбей, Азамат Тасқараұлылардың шығармаларындағы ерекшеліктер де назардан тыс қалмады. Постмодерндік ағымына алғашқылардың бірі болып қалам тартқан Т.Әбдікәкімұлы. Оған ақын өлеңдерінің құрылымындағы жүйе мен жыр жолдарына ғана ұқсас болып келетін ойлау жүйесі куә. Ақын қаламынан туған «Ақпан прозасы» деген туындыны алып қарастыруға болады.

Алтын тәжді күн – анау,  
Қызыл түкті құлағы неткен ұзын.  
Жердің мильығына дейін,  
Судың құйрығына дейін жеткені шын?!

Күміс тонды Ақпан – мынау,  
Ақ тырнақты аязымен алып түсердей бет терісін, – деп жырлайды ақын [3,57]. Қарапайым оқырман қауым ақынның тілін түсіне бермейтіні анық. Яки постмодернистік бағыттың нақты үлгісін көруге болады. Сондай-ақ, ақын жырларында...

Алаштың несін айтасың,  
Ата тілі отыз тіске қамаулы,  
Ата Мекені обалсыздарға тонаулы.  
Шүлдірлек көкпегі үшін,  
Нан табу мектебі үшін,  
Оқалы шекпен үшін,  
Қыңсыған көк итке айналдырды, төңірлік  
Көк Бөрісін..., – дейді Тыныш ақын [3,58].

Демек, бұл тұста қасқырдың анасы – табиғат екені айдан анық. Ол дегеніміз – қазақ халқының арғы бастауға тікелей қатысты ырықсыздық деңгейіндегі тұрақты болып келетін сағыныш ретінде есептеуге болады. Ал, бөріні – қазақ халқының тотемдік ұғымы ретінде алуға негіз бар. Адам баласының ойының астарында осындай ертеден таныс болып келетін нысандарға кездескен кезде барынша жігерлі түрдегі кейіп алуға ниеттенеді.

Постмодернистік бағытта жазылған жырлардың ішінде ақын Маралтай Райымбекұлының да шығармалары кездеседі. Жалпы

поэзияға тән транслиризм, психолиризм сынды тәсілдерді қамтитын ақынның «Ымырт» деп аталатын туындысында...

Түн мекені түнекке,  
Серік таппай бойлаған.  
Біздің ғазиз жүрекке  
Жұлдыз шашып ойнаған, – деп айтады [4,73].

Түннің ерекше қалыптасып қалған әсерін Маралтай Райымбекұлының ақындық көзімен қатар түйсігі де қатар аңғарса болатын еді. Таптаурын болған баяндау мен қалыптасып қалған дағдыдан басқада өрнекке бой ұру да жыр жолдарында толықтай көрініс табады. Постмодернизмнің ерекше үлгісі ретінде психологиялық сарынмен қатар лиризмнің де тоғысуын көруге болады.

Құстың тынып шырылы,  
Жаным аңсап, егіліп,  
Қайыңдардың бұрымы  
Жүрегіме төгіліп, – деп келтіреді ақын [4,74].

Көрсетілген шумақта айтарлықтай аса бір артық сөзді де көрмейсіз. Құстың шырылын ерекше аңсаған мазасыз жан. Тылсым сырлы болып келетін жалғанның ашылмаған құпиясы көп екенін оқырманға ақырын ғана жеткізе біледі. Сол бір ерекше құпияны шеше алмастан фәниден бақилыққа кететін рухтың тіршілігі тоқтамақ емес, әрине. Көп жағдайда адам баласы не істерін білмей жүрген кезде Маралтай Райымбекұлының қаламынан туған шығармалар адам баласына ерекше рух беретіні сөзсіз.

Кез келген ақын өзінше ерекше болып келеді. Тәуелсіз ел ақындарының ішінде ерекше жазбасымен таңқалдырып жүрген Ақберен Елгезектің де жырлары сан алуан.

Айнадағы бейнеге ұқсасам да,  
Сол біреуге тартпаған ішімдегім!  
Біреудікі – өксігім, жымығаным,  
– деп жырлайды ақын Ақберен [5, 51].

Автордың өз ішінен екіге жарылғанын анық көруге болады. Сананың да екіге жарылғанын толықтай көре аламыз. Яки абсурд қаһарманның бейнесін толықтай жасап шығарады. Лирикалық қаһарманның ішіндегі біреудің көңіл-күйін өзінше сипаттап, автордың өзі сыртта бақылаушы болып қала береді. Негізінде Ақберен Елгезектің өлеңдеріндегі кеңістік мүлдем басқаша. Не жерде, не көкте нақтыланған тұрағы жоқ беймекенді үнемі кезеді де жүреді. Өзін-өзі жатсына алған, өзі ішінен түп-тура екіге жарылған. Кез келген әдебиет сүйер қауым, әсіресе поэзия

жанашырлары өлеңнің қарапайым болғанын қалайтыны рас. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тигені барлығына да жақсы, әрине. Тура осы поэзияға келгенде екі түрлі қарапайымдылықты көруге болады. Бірі – оқырман, екіншісі – ақынның қарапайымдылығы. Біріншісінің қарапайымдылығына жету үшін төмен түсу қажет болса, ақынның қарапайымдылығы өрлеуімен өлшенетіні аян.

Жоғарыда аталғандарды түйіндей отырып, қазіргі қазақтың поэзиясында постмодернизмнің айқын беталысының бар екенін көруге болады. Ақындардың аяқ алыстары қалай аяқталады, немен тынады, төл әдебиетке не береді, не зиян тигізетіні жайлы әлі де зерттеулер жүргізілуі қажет-ақ. Жалпы оқырман постмодернизмі қай тұста көрінетінін аңдып, поэзияны оқымайды. Әйтсе де, ақындардың шығармаларынан оқшауланып тұратын өзгерістер бірден байқалады. Постмодернизмді толықтай құбыжық ретінде көрудің қажеттілігі жоқ. Осы бір кездің бірден-бір пайда болған ерекше көркемдік әдісі ретінде бағалап, бағыт пен ағымға нақтылауға болады.

Қазіргі қазақ поэзиясында тотемдік архетиптердің де семиотикалық мағынасын бүгінгі таңдағы шындықты шендестіре келіп бейнелеуге пайдалану үрдісі кеңінен қанат жайып келе жатыр. Мысалы, Темірхан Медетбектің «Зоопарктегі өлім алдындағы қасқыр» деп аталатын өлеңі бар. Берілген өлеңнің жолдарында арлан қасқырдың жағдайы әдеттегідей қартайып не болмаса ауырып өлу үдерісін тереңнен аллегориялық образға айналдыра отырып суреттеген болып тұр. Ақын қатыгез әрі қайсар аңның түгінен де байқалатын күш-қуаттың солып бара жатуын тарихи уақыт пен кеңістіктің пәлсапалық мәселесіне толықтай айналдырып береді.

Құдай-ау,  
Қасқыр деген  
Мұндай өлімге  
Көнбейтін еді ғой...  
Қасқыр деген –  
Қақпанға түссе де! –  
Арпалыспай  
Өлмейтін еді ғой, – деп келтіреді [6,97].

Ақын барынша табиғи заңдылықтардың бұзылып кетуіне өзінің қарсылығын толықтай білдіре алған. Автордың ойынша кінәлі тек қана – адамдар. Берілген контексте даланың көкжалының басқа біреулерге қатысты зорлығы емес, керісінше Тәңірден берілген ерекше қасиеті марапатталады. Ал сол берілген марапат кішірейтудің тәсіліне кері бағытта жұмыс жасап, дамумен қызықты

болып тұрғаны да анық. Бір ғана қасқыр емес, сол тұқымдас нысан сонау заманалардың ауқымында сарапталып әрі жинақталған нұсканың күйінде толғандырады.

Көп жағдайда реалистік арнада жыр толғайтын ақын Жүрсін Ерманның поэзиясынан да толықтай көк бөрі архетипі төңірегіндегі таңбалардың желілері бой түзейді. Ақынның «Абай ескерткіші» деген өлеңі бар.

Абай ағамыз!  
«Қазағым-ау!» деп Сіз бізді аямаңыз:  
Қатыгездікке келгенде қарайып әлі  
Сабақ алатын жақсыны  
Сабай аламыз  
Өтірік! Жалған –  
аспанның астын кернеген,  
бабаларымыз, меніңше, қасқырды ембеген:  
Қақпанға түссе, тірсегін қиып кететін  
Бөрінің серті сондықтан дәстүрге енбеген, – дейді [7,25].

Жүрсін Ерманның аталмыш туындысында бөрі культінің әсері де толықтай байқалатынын көруге болады. Ал автордың өлең бойынша адресаты – Абай болып тұр. Қазіргі күйге толық көңілдің толмауы сияқты дүниелер орын алады. Көңілдің толмаушылығы поэзияда ащы сөздермен беріліп шектен шықпаса да, поэтикалық әсірелеуден толықтай ада емес. Интертекстік үлгінің негізінде Абайдың шығармаларындағы сыншыл мотивпен үндесуді көруге болады. Постмодернистерге тән мысқылдың яки самопародияның да элементтері бой көтерген. «Қасқырды ему» сияқты мифологема ойнатып, найзаны да ұштаған қаһармандық дәуірдің келмеске кеткенін ойлау арқылы налудың сарынын үдетеді. Жалпы, төл әдебиеттің қазіргі кезінде постмодернистік бағытты жоққа шығаруға болмайды. Әр ақын өзінің шеберлігіне сай қолданып, оқырманға өздерінің жүректерінен шыққан сөздерімен жеткізе білуде.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қасқабасов С. Ойөріс. Алматы: Жібек Жолы, 2009.-303 б.
- 2 Нәлібаев Ә. Асыл адам. Алматы: Жазушы, 1989.- 120 б.
- 3 Әбдікәкімұлы Т. Бесінші маусым жұпары. Алматы: Атамұра, 2017.- 312 б.
- 4 Райымбекұлы М. Бір өлең- бір әуен. Астана: Шатыр, 2017.- 159 б.
- 5 Елгезек А. Шексіздік сыртындағы шам. Астана, 2014.- 319 б.

- 6 Медетбек Т. Жанымның жас құрағы. Алматы: Жазушы, 1970.- 40 б.  
7 Ерман Ж. Шығармалар жинағы. Астана: Әуен, 2015. – 143 б.

### **МӘШҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖҰМБАҚТАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ, ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ, ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ**

САГИБАЕВА М. А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мұхтар Әуезов [1, 21 б.] ауызша әдебиет үлгілерін төртке бөліп қарастырған:

- 1) сыршылдық саят өлеңдері;
- 2) әңгімелі өлеңдер (батырлар әңгімесі, ел поэмасы, тарихи өлеңдер);
- 3) айтыс – тақпақ;
- 4) ертегі, мақал-мәтел, жұмбақ деп жіктеп көрсетуі бойынша жұмбақ, мақал, мәтелдерді ауызша үлгілерінің төртінші түріне жатқызған.

Қазақ жұмбақтарының сөз саптауы тылсым күш пен табиғаттың құпия сырларына байланысты көне сырлары заманның жемісі деп атауға болады.

Жаратылыстану ғылымы болмаған кезеңде, табиғат, қоғам жайлы түсініктерді халыққа жеткізген осы жұмбақтар болды. Халықтың жас – кәрісі түгел жұмбақ айтуға қатысып, өзінің ой өрісін дамытып отырған. Қазақ жұмбақтары қилы – қилы болып келеді: «Тең, тең, тең киіз, екі ортасы кең киіз» (Аспан, жер), «Керегенің басында кетпен жаулық, кет десем де кетпейді неткен жаулық» (Күннің керегенің басына түскен сәулесі), «Асқар тауда кара орман» (Шаш). Бұрынғы табиғат, төрт түлік мал, адам жайлы жұмбақтар саны көп болса, енді тұрмысқа енген заттар мен бұйымдар, ғылым, техника, мәдениет жаңалықтары жұмбақтала бастады. Қазіргі жұмбақтардағы суреттеулер бейнелеу тәсілінің молдығын көрсетеді. Жұмбақтардың әсемдік дүниесі көзге бірден шалынады. Олардың сыртқы құрылысы ойнақы, тілге жеңіл, оңтайлы, адамның рухани қабілеттерін, бәрінен бұрын эстетикалық сезімдерін дамытады.

Жұмбақтар эстетикалық ойды тұспалдап, пішіндеу арқылы дамиды. Әрбір тұспал келелі ой туғызып, шындық өмірді суреттейді.

Жұмбақтарды оқып отырғанда халық тұрмысы, эстетикасы, өмір тынысы көзге елестейді. Жұмбақтар кішкене құбылыстарды суреттегенмен, өмірдің үлкен шатқалдарын, қоғам бейнесін, адам тұрмысын көрсете білген.

Ғалымдар жұмбақ жанрының әуелгі тегі тиым мен табу төркіндес деген тұжырым жасайды. Алғашқы қауымдық құрылыс дәуірлерінде адам табиғат құбылыстарының шын сыр – сипатын ұғына алмаған. Сондықтан оларды сәбилік жалаң көзқараспен түсіндірген. Бағзы дәуірлердегі адам айналасындағы өктем күштердің қастандығынан сақтанған. Аңшылық немесе бақташылық кезінде әлгі күштер зиян жасайды деп сенгендіктен оларды алдау керек деп ұққан, астарлы сөйлеу қажеттігі осыдан туындаған. Мәселен, аңға шығар алдында адамдар өз ниеттерін басқалардың сезіп қалмауы үшін олжалы қайтсақ деген оймен, аң - құстың да, құралдардың да аттарын ауызға алмаған, өзара шартты сөздермен тілдескен. Мұндай жұмбақ сөйлеуді аңшылықта болсын, жай кезде болсын, сол қауымның әр мүшесі біліп, қолдана алуы міндеттілікке жатқан.

Қазақтардың бұрын аңшылыққа байланысты қалыптасқан табу сөздері біршама болғанмен, өкініштісі сол – жиналмай қалған. Аңшылардың ұстаған аңын сойды деп атамай, көбіне майланды деуі де көне кәделер жаңғырығы тәрізді.

Халқымызда атам заманнан желі тартатын, әртүрлі наным – сенімнен өрбіген ғұрыптар баршылық. Сондай ғұрыптың бірі әр нәрсені өз атымен емес, басқаша астарлы сөздермен, мензеумен жеткізуі. Қазақтың байырғы әдеті бойынша келін, әйелдерге ата, қайынаға, қайныларының атын атауға тиым салынған, мұны бұзуды әдепсіздікке балаған.

Ана тілімізде ежелден мирас болып қалған наным – сенімнің көрінісі болып табылатын табу сөздер мол. Халқымыздың қасқырды өз атымен атамай кара құлақ, ұлыма, серек, ит – құс деуі де төтемдік түсініктерден хабар беріп тұр. Түркі жұртының көпшілігінде қасқырды тікелей атамай, басқа тұспалдармен білдірген. Халықтық тіл қорымыздың ішінде әлі күнге дейін қағажу көріп, шет қақпай болып, елеусіз ескерусіз жатқан сөздеріміздің бір түрі – тұспал сөздер.

Ерте кезеңде жұмбақ табу мен тиым сөздерден іргесін бөлшектемеген, кейінгі даму барысында жіктеліп, жеке отау тіккен. Бұрын жұмбақ магиялық та, ғұрыптық та қызметке иленген. Мәселен, Н. Адриянитің жазуына қарағанда, торадж тайпасы

жұмбақ шешу егістің бітік шығуына себепкер деп иланған. Оңтүстік Африканы мекендеген банту тайпаларында жауын шақыру ғұрпы кезінде әйелдері би билеп, ән айтса, ерлері жұмбақ айтады екен. Осыған ұқсас нанымдардың ертеректе орыстар арасында да таралғандығына жазба деректер куә. Жазба мәліметтерден XVIII ғасырда Ресейде рождество күндері және жаңа жыл (Васильев кеші) мерзімінде шаруа диканшылардың үйдегі береке, егіндігі молшылық болу үшін түрлі ғұрыптық өлендермен бірге жұмбақ айту салты болған. Буряттардың ескі ғұрпында жұмбақты жыл мезгілінің белгілі уақытында ғана айту қажет. Мәселен, күз, қыс кезінде жұмбақ айту малдардың көбеюіне магиялық ықпалы тимек. Ырым бойынша кімнің үйінде көбірек жұмбақ айтылса, әрдайым табақ толы тамақ болады деп сенген. Егер әйел жұмбақты жақсы жасырып, жақсы шеше алса, оның үрім – бұтағы көп болады деп иланса, эстондықтар ырымы бойынша жұмбақтың рождество алдында айтылуы малға құт әкеледі, қой қоздап, ешкінің лактауына септесіп, сонымен бірге тағам мол болуына жәрдемдеседі.

К. А. Новикованың берген мағұлматтарына қарағанда: «эвенктерде бұрын жұмбақ айтуда шектеулер болған. Мәселен, көктемде бұғылар бұзаулайтын мерзімде, ауа райы өзгерген, адам дүниеге келген не қайтыс болған және осы тәріздес қиын сәттерде жұмбақ айтуға тиым салынған» [1, 22 б.].

Жұмбақтарды ежелгі адамдар әуелден қасиетті санап, оны шеше білуді қажеттілік деп есептеген. Жұмбақты дұрыс табу бақыт әкелсе, оны білмеу өлімге соқтырады деп сенген. Әртүрлі халықтардың этнографиялық айғақтары бағзы дәуірлердің өлік жерлеу салтында да жұмбақтың орны болғанын дәлелдейді.

Мәселен, Англияда өлікті жерлеген соң қарттар қабір басында қалып, жұмбақ айтысатын болса, Ару архипелагының тұрғындары мәйітті табытқа салынғанша жұмбақ шешеді екен. Осы тәріздес ғұрыптарды Филиппиннің ауылдық тұрғындары да орындаған, марқұмның отбасы, туған туыстары, жора – жолдастары түнімен ұйықтамай жұмбақ жарысқан. Марокколық арабтар жұмбақты тек күн батқанда жасырысқан, себебі күндіз жұмбақ шешу ғұрпы жаңбыр жаудырады деп ойлаған [2, 91 б.].

Бұл келтіріп отырған мысалдардың бәрі жұмбақтың о бастағы қоғамдық қызметінің магиямен, діни наным – сеніммен байланысты екенін айқындайды. Уақыт өте келе сөз етіп отырған жанрдың адамдар арасында атқаратын қызметі өзгереді, енді ғұрыптық емес, таза сөйіс, үлкендер мен жастардың әртүрлі ойын – сауықтарында

көңіл көтеретін құралы ретінде қызметі күшейді. Ал қазіргі уақытта оның сөйіс қызметінен гөрі, танымдық, тәрбиелік қызметі, балалардың ой – қиялын өсіруде ұлағаттық – тәлімдік мәні басым.

«Жұмбақ» атауының шығу тегі де қызықты. Ахмет Байтұрсынұлы көрсеткен – дей: «Жұмбақ деген аты жұмудан шыққан: яғни қолдың ішіне бір нәрсені жасырып, жұмып тұрып, соны тап дегеннен шыққан. Жұмбақта нәрсені қолға жұмып тұрып таптырмайды. Ойды бүгіп айтпай қойып, сол нәрсеге ұқсас нәрселерді сипаттап айтып, ұқсастығы бойынша таптырады» [3, 112 б.], – деп шығу тегін анықтаған.

Ал, бұл терминнің түркі – моңғол тілдес халықтарда қалай қолданып жүргеніне тоқталсақ. Сахаларда «таабырын», алтайларда «табышмақ», татарларда «табыш – мақ», өзбектерде «топишмоқ», қырғыздарда «табышмақ», туваларда «тывызых», буряттарда «таабари», «таабаринууд», моңғолдарда «табабури», эзербайжандарда «тапмача», қарашайларда «джамок», башқұрттарда «иомақ», ноғайда «юмақ». Демек, жанр атауы негізінен екі түрде жұмсалады. Біріншісі – «таабырын», «табышмақ», «топишмоқ» бұл сөздердің бәрі де бір ғана сөздің фонетикалық нұсқалары болып есептеледі. Түбірі – «тап, табу». Екіншісі – «жұмбақ», «джамок», «юмақ», «иомақ».

Жұмбақ жанрының даму тарихын түптеп тану үшін туысқан, қандас түркі тілдес алықтардың осы іспеттес жұмбақ аталуының шығу негізін анықтап алып сабақтастыра қарастыру пайдалы болмақ. Төл жұмбақтарымыздың бауырлас елдердің жұмбақтарымен ұқсас ортақ тұстары тым көп, кейбір жұмбақтар татар, өзбек, қырғыз, түрікмен жұрттарында сәл өзгеріспен келіп жатса, кейде егіз қозыдай ұқсас болып, ешқандай өзгеріссіз қайталанады. Мұндай қайталаулардың мыңдап ұшырасуына танданудың ешбір негізі жоқ. Себебі күні кешегіге дейін бір отаудың астында ғұмыр кешкен, тағдыры, тарихы бір ағайын халықтардың рухани қазыналарында ортақтастық болуы заңды. Кейін жоғарыда аталған татар, өзбек, түрікмен т.б жұрттар өз алдына отау тігіп, енші алып бөлшектенгенімен көршілес елдердің аралығындағы барыс – келіс, рухани байланыс үзілмеген тіл өте жақын болғандықтан бір – бірінің өзіндік ұқсас тұстары байқалады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп шығармалары: қазақ фольклоры үлгілері 20 томдық (Т. 5.). (Құрастырғ. Жүсіпов Н. Қ.). – Павлодар: ЭКО ФӨФ, 2005. – 410 б.

2 Қабдолов З. Сөз өнері Екі томдық таңдамалы шығармалар (Т. 2.). – Алматы: 1983. – 464 б.

3 Әуезов М. О. (Т. 7) – Алматы: Жазушы, 1969. – 478 б.

## МЕМБРАНАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ ҮРДІСТЕРІ

СЕЙТЖАНОВА А. Н.  
магистрант, Satbayev University, Алматы қ.  
АЛИМОВА К. К.  
к.т.н., доцент, Satbayev University, Алматы қ.

Қазіргі уақытта суды тұзсыздандыру процесі негізінен ион алмасу және белсендірілген көмір арқылы сүзу әдістермен жүзеге асырылады. Олардың бірқатар кемшіліктеріне: құрамында тұзы бар ағынды сулардың едәуір көлемінің пайда болуымен байланысты экологиялық проблемалар; реагенттер қолдану; тасымалдау, сүзгілерді қайта жүктеу және қалпына келтіру кезіндегі еңбек шығындары; компоненттер мен материалдардың жеткізілуіне тәуелділік кіреді. Химиялық реагенттерді пайдалануды қысқарту және оларды жою жолдарының бірі әлемде кеңінен таралған мембраналық технологияларды қолдану болып табылады.

Әлемде кең таралған мембраналық технологиялар – химиялық реагенттерді қолдануды азайтады және экологиялық таза. Мембрана полимерлі материалдардан жасалған жартылай өткізгіш жұқа пленка, ол күш әсерінен су молекулаларын өткізіп, онда ерітілген тұздарды ұстап қалуға қабілетті. Мембраналық сүзу 4 түрге бөлінеді: микрофльтрация, ультрафльтрация, нанофльтрация және кері осмос.

Микрофльтрация (ұсақ суспензиялар мен коллоидты бөлшектер, 100–0,1 мкм мөлшері бар микроорганизмдер алынып тасталады), ультрафльтрация (коллоидты бөлшектер, микроорганизмдер, мөлшері 0,01–0,1 мкм болатын ірі органикалық макромолекулалар судан алынады), нанофльтрация (мөлшері 0,002–0,01 мкм болатын молекулалар мен көп зарядталған иондар алынып тасталады, молекулалық массасы 300-ден жоғары органикалық молекулалар және барлық вирустар жойылады), кері осмос (барлық еріген иондар мен органикалық молекулалар алынады) [1].

Мембраналық технологиялардың даму тарихы шамамен 50 жылды құрайды. Дәстүрлі түрде мембраналық технологиялар

өндірістің көптеген салаларында қолданылды, бірақ бүгінгі күні оларды қолданудың негізгі салаларының бірі ауыз су өндірісі болып қала береді. 2000 жылдан бастап тұзсыздандыру қондырғыларының шамамен 70 % мембраналық болды [2].

Тұщыландыру индустриясындағы заманауи жетістіктер. Мембраналық технологиялар саласындағы зерттеулер соңғы жылдары айтарлықтай дамыды. Мембраналық өндірістегі жетістіктерге нанокөпозиттік мембраналар, графен негізіндегі мембраналар және көміртекті нанотүтікшелер жатады.

Нанокөпозиттік мембраналар жаңа жақсартылған қасиеттерге ие көп компонентті материал. Олар пластикалық полимерлі негізден және оның ішінде бейорганикалық нанобөлшектерден тұрады. Бұл бөлшектер қажетсіз компоненттерге кедергі бола отырып, су молекулаларының өтуіне қолайлы жағдай жасайды. Нанокөпозиттік мембраналар үшін таза материалдар (нанокөмір), цеолиттер және минералды саздар, сонымен қоса бейорганикалық материалдар ретінде титан диоксиді ( $TiO_2$ ), кремний диоксиді ( $SiO_2$ ), алюминий оксиді ( $Al_2O_3$ ) және т.б. қолданылады [3].

Графен негізіндегі мембраналар. Графен 2004 жылдан бастап синтезделі бастады, яғни салыстырмалы түрде жаңа материал болып табылады. Бүгінгі таңда графен (сурет 1) қалыңдығы тек бір көміртегі атомы болатын адамзатқа белгілі ең жұқа материал. Ол жоғары жылу өткізгіштікке және электр өткізгіштікке ие, сонымен қатар, ол ең жылдам электронды ұтқырлыққа ие, бұл оны алмазға қарағанда әлдеқайда қиын және болаттан ауыр етеді. Қазіргі таңда нанопорлы (кеуекті) графеннің мембраналары арқылы теңіз суын тұщыландыру әдісі белсенді дамуда.

1991 жылы ашылған көміртекті нанотүтікшелер ерекше механикалық, оптикалық және электрлік қасиеттеріне байланысты үлкен қызығушылық тудырды. Көміртекті нанотүтікшелер-көміртектің аллотропты түрі. Олар цилиндр пішінді графит парақтары түрінде болады. Олардың көптеген ерекше, бұрын-соңды болмаған қасиеттері бар. Мысалы, олар адамның шашынан жұқа болу арқылы тығыз және күшті бола алады. Көміртекті нанотүтікшелерді олардың құрылымына қарай 2 түрге жіктеуге болады:

- 1) бір қабырғалы нанотүтікшелер
- 2) көп қабатты нанотүтікшелер

Эксперименттік зерттеулер судың жеткілікті жоғары жылдамдықпен салыстырмалы түрде тар көміртегі түтіктері арқылы өте алатындығын көрсетті. Бұл мембраналар энергияны аз

тұтынумен, сондай-ақ жоғары сүзу қабілетімен байланысты үлкен қызығушылық тудырады.

Елімізде мембраналық технологиялардың қолданылуы. Еліміздегі көптеген аймақтардағы жер үсті сулары тұзды, сондықтан ішуге жарамсыз. Бұл ауыл шаруашылығының да, мал шаруашылығының да дамуын қиындатады. Қазақстан Кеңес Одағы ыдырағанға дейін суды тұщыландырудың жалғыз мембраналық әдісі - электродиализді пайдалану бойынша көш басында болды. Ресейде «қайта құру» басында электродиализ мембраналарын шығаратын зауыт тоқтады, бұл ТМД аумағында электродиализ аппараттарын шығаруды тоқтатуда шешуші фактор болды. Осыған байланысты ҚР-да электродиализдің орнын кері осмос қондырғылары алды.

Суды алдын ала дайындау сапасы - кері осмостық тұзсыздандыру тиімділігінің маңызды элементі. Кез-келген қоспалардың «өтуі» (тоқтатылған бөлшектер, бұлтар, майлар және т.б.) мембраналарға зиянды әсер етеді және оларды ауыстыру әрдайым мүмкін емес. Қазақстанға кейбір жағдайларда ыдырауға бейім немесе сапасы өте жоғары емес өнімдерді сағатын шағын компаниялардың ең арзан блоктары әкелінетіні түсінікті.

Кері осмостағы мембраналардың құны бүкіл қондырғы құнының шамамен 50 % құрайды, сондықтан мембраналарды жиі ауыстыруды (алты айда бір рет) қажет етеді және бұл экономикалық мүмкін емес. Төмен техникалық қызмет көрсету мәдениеті қымбат кері осмос жабдықтарын жиі істен шығарады. Сонымен қатар, мембраналар қалпына келтірілмейді.

Электродиализ әдісі қоспаларға, дәлірек айтқанда олардың өтуіне сезімтал емес. Мембраналар, әрине, жұқа суспензиямен жабылады, бірақ шеткемен оңай тазаланады. Электродиализді тұщыландыру қондырғылары «Эйкос» ЖШС бірегей әзірлемесі болып табылады және патенттердің тұтас сериясымен қорғалған. Қондырғылар электр тогының әсерінен ион алмасу мембраналарында аниондарды, нитраттарды, хлоридтерді, сульфаттарды, фторидтер мен кальций, натрий катиондарын, ауыр металдарды жою арқылы суды тұзсыздандыруға арналған. Еліміздегі электродиализдік аппараттарымыз ұзақ жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан кейбір кәсіпорындардың тізімі 1- кестеде келтірілген [4].

Кесте 1 – «Эйкос» ЖШС электродиализ аппараттарын мембраналарды ауыстырмай пайдалану ұзақтығы

№	Кәсіпорындар	Пайдаланудың басталу уақыты	Бақыланатын элемент	Көрсеткіштер, мг/дм <sup>3</sup>		Қала, өңір
				тазартудан бұрын	Тазалаудан кейін	
1	«Космис» БК ЖШС	1996 жыл	Хлоридтер	266	28	Қостанай қаласы
			Жалпы қаттылық, мг-экв / дм <sup>3</sup>	9,5	2,2	
			Тұз құрамы	240	150	
2	«Арал -Паркер» БК	2000 жыл	Жалпы тұз құрамы	3500	600	Орал өңірі
3	«Кор» ҰК ЖАҚ	2002 жыл	Хлоридтер	531	260	Қызылорда қаласы
			Сульфаттар	735	212	
4	«Реиз-Строй» ЖШС	2002 жыл	Жалпы тұз құрамы	5800	560	Сарыағаш қаласы
5	«Ай - Дан - Мұнай» ЖШС	2003 жыл	Жалпы тұз құрамы	2370	980	Қызылорда қаласы
			Жалпы қаттылық, мг-экв / дм <sup>3</sup>	9,3	1,6	
6	«Оргкомитет МЖК» ЖШС	2002 жыл	Фторидтер	3,5	1,25	Қарағанды қаласы

Бүгінгі таңда электродиализ – тұщыландыру техникасы деп ауылдық жерлер үшін нық сеніммен айтуға болады. Қазірдің өзінде электродиализ техникасын дамытудың екі бағытын болжауға болады. Тиімділігі жоғары автоматиканың толық жиынтығы бар салыстырмалы түрде қымбат қондырғылар: қайта полустеу, жуу, тазартылатын су мен диализаттың тұз құрамын үздіксіз өлшеу немесе балама автоматика, минимумымен жабдықталған және операциялардың қарапайымдылығымен сипатталатын қарапайым арзан «фермерлік» қондырғылар болады: бөлшектеу → жуу → құрастыру. Қазақстанда электродиализ – «жаңа - бұл жақсы ұмытылған ескі» деген өлшемде тұр.

Қазіргі уақытта мембраналық технология суды дайындаудың жоғары технологиялық процесі болып табылады. Мембраналық технологиялардың дамуы және жаңа мембраналық материалдардың өндірісі үлкен мүмкіндіктері мен әдістің бірегейлігі арқасында ауыз су мен техникалық сумен жабдықтаудың көптеген мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Бұл мақалада мембраналық сүзу процестерінің түрлері және олардың принциптері қарастырылды. Тұщыландыру индустриясындағы заманауи жетістіктерге шолу жасалынды және Қазақстандағы суды тұщыландыруда мембраналық процестерді қолдану тәжірибесі көрсетілді

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Френкель В.С. Мембранные технологии: прошлое, настоящее и будущее (на примере Северной Америки). Водоснабжение и санитарная техника. 2010. № 8. 48-54. [Frenkel V.S. Membranes Technologies: past, present, and future (in the North American example), Water supply and Sanitarian appliances. 2010. № 8. 48-54 (in Russian)]
- 2 Veera Gnaneswar Gude. Desalination and sustainability - An appraisal and current perspective. Water Research. 2016, № 89. 87-106.
- 3 J. Hou, G. Dong, Y.Ye, V. Chen, Enzymatic degradation of bisphenol-A with immobilized laccase on TiO<sub>2</sub> sol-gel coated PVDF membrane. Membrane Science. 2014. 19-30.
- 4 Гасанов П.И. Опреснение минерализованных вод в сельском хозяйстве. – Алма-Ата. Кайнар, 1976. – с. 59.

#### «ТУҒАН ЕЛГЕ ТАҒЗЫМ» ЭКСПЕДИЦИЯСЫНДАҒЫ МӘШҮР-ЖҮСІП КӨПЕЕВ ЖАЙЫНДАҒЫ АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕР

ТУРҒАНБАЕВА А. О., СУЙЕСИНОВ Н. А.  
тарих пәнінің мұғалімдері, ФМБ НЗМ, Нұр-Сұлтан қ.

XIX-XX ғасырдың ара жігін ақыл-ой парасатынан өткізген Мәшһүр-Жүсіп Көпеев қазақ халқының маңдайына біткен ұлы ғұлама жарық жұлдызы. Өткен дәуіріміздің жекелеген жандарының сынаржақ, саясаты салдарынан Мәшһүр-Жүсіп Көпеев еңбегі, оның махаббаты халқына толық жетпеді. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі арқасында Мәшһүр-Жүсіп Көпеев мұраларын оқып үйрену болашақ ұрпақты таныстыру басталды. Біз 2014 жылы 30 маусымнан 10 шілдеге дейінгі аралықта мен өз мектебімізбен «Туған елге тағзым» атты экспедициясымен. Павлодар өлкесіне бардық. Осы экспедиция барысында М. Ж. Көпеев туралы аңыздар мен әңгімелері жайында мәліметтер жинастырдық. Баянауылдағы М. Ж. Көпеев кесенесінде болып, әулие атамыздың басына барып, тағзым еттік.

Ал осы кесенеге көтерілу үшін қойылған баспалдақтарды санап көрсеніз ол – 73 ке тең болады. Бұл сан да жай қойылмаған, яғни ол Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің осы 73 жасында қайтыс болғанын білдіреді екен. Кесененің бірінші бөлігінің қабырғасында Көпеевтің ата-тегінің шежіресі, тарихы мен оның әулиелігі жайлы ақпарат ілінген. Кесененің шырақшысы Мұрат ата бізге көп әңгімелер мен аңыздар айтып берді.



Сурет 1 – Мәшһүр Жүсіп кесенесі

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858–1931) аралығында өмір сүрген. «Ол 1858 жылы, қой жылы, Баянауылдағы Қызылтаудың Найзатас деген жерінде ережеп айы, жұма күні, бесін кезінде Көпей шаңырағында дүниеге келді. Әкесі Көпжасардың (Көпейдің) жанұясында Мәшһүр Жүсіптен кейін Қасен, Мәдина (қыз) балалары туған еді.»[1]«Мәшһүр Жүсіп Көпеев 1858 жылдың қысында қазіргі Ж.Аймауытов атындағы ұжымшардың Айыртас деген табиғаты әсем жерінде дүниеге келген. Ата-анасының азан шақырып қойған аты – Адам Жүсіп болғандықтан Мәшһүр деген қосалқы лақап есім оған кейіннен таңылған. Яғни Мәшһүр арабтың белгілі ғұлама деген сөзі. Жазғандары жарияланып, есімі елге жайылған шақта халық оны «Мәшһүр» деп атайды» [1] Содан былай Мәшһүр Жүсіп атанады .

Экспедиция барысында Көпеевтің немересі Жүсіп Қуандық Пазылұлы мен оның қызы Пазыл Лаура Қуандыққызымен кездесу еді. Оқушымыз Нүсіпқалиева Назым Қуандық Пазылұлынан Көпеев жайлы сұхбат алып, маңызды деректерді жазып алды.



Сурет2 – Қуандық Пазылұлымен оқушымыз Нүсіпқалиева Назым

Ғалымның маңызды деген естеліктерін айта кетсек: «Мәшһүр Жүсіп Көпеев әулие адам. Ол өзінің қайтыс болатын күнін білгендіктен барлығына алдын ала ас беріп, өзінің қай жерге жерленуі қажет екенін, өзінің денесі шірімейтінін айта кеткен болатын. Сонымен қатар мені ашып көргенде аяғымның бір бас бармағы ғана қарайып кетеді, себебімен осы бармағыммен мысықтың кішкентай марғауын басып кеткен едім деген болатын.» [2]. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жазған шығармалары мен оның кітаптары жайлы ғалым: «Ол кей шығармаларында сөздердің дауысты дыбыстарын қалдырып жазатын. Ол кісінің сондай шығармаларын біз ғана түсінеміз, оны әкем Пазыл бізге үйреткен еді. Ол шығармаларды баспадан шығаруға қаражат жетпеді. Көпеев кітаптарының тек қана 20 томы ғана шықты. Ал қазіргі таңда оның әлі 15 шақты томы баспаға дайын тұр» – деп айтқан еді [2]. Баянауыл ауданының «Құрметті азаматы», Қазақ КСР және КСРО халық ағарту үздік қызметкері, Ы. Алтынсарин медалінің иегері Зекебай Солтанбайұлы Мәшһүр-Жүсіп Көпеев туралы келесі мәліметтерді берген еді. Сондағы бір әңгімені ұсынатын болсақ.

#### **Намаз оқығанда көңіліңді тый**

Мәшһүр-Жүсіп жол жүріп келе жатып Семей шаһарына таяу маңдағы бір мешітке соғады. Мешіт іші халыққа толы болса керек. Арт жақтан сыпайылық сақтап, жұрт қатарлы қолын жайып дізерлеп отыра кетсе керек. Бірақ, мешіт иманының шәкірттерінің бірі әулиені танып, қасына келіп сәлем береді де, жұма намазын оқуын өтінеді. Шәкіртінің бұл амалы ұнамаса да иман іштей бұлқан-тұлқан боп, білдіртпей жымыйып тұрады. Бірақ:

– Жолаушымын ғой, өздерің оқи беріндер, мен қолымды жайып, әмин,-дейін – депті, Мәшһүр-Жүсіп. Дегенмен де болмай өтінген соң көңілдерін кимай келісімін беріп, намаз оқылатын жерге келеді. Жұма намазын оқып жатып, молданы сынау үшін Мәшһүр-Жүсіп бір қолын басына, құлағына апарып, қозғалта береді. Намаз оқып болған соң, иман:

– Сізді керемет дін ғұламасы деп жүрсем, өзіңіз ештеңе білмейді екенсіз ғой, – депті.

– Е, не болыпқалды, – дейді Мәшһүр-Жүсіп.

– Қолыңызда маза болмады ғой.

– Оны кім көріпті.

– Мен көрдім, мынақалыңжұрткөрді.

– Онданамаздарыңмәкүрімболды. Қайтаданөздерің 10 бас оқындар,-депті.

– Е, неге? – деп сұрайды молда.

– Намаз оқығанда көңіліңді тый, Қонаққа барғанда нәпсіңді тый, Мәжілісте тіліңді тый, Достың үйінде көзіңді тый, – деген сөз бар емеспе. Сендер менің қолымды аңдыған екенсіңдер ғой. Көңілдерің бір Аллада болмапты, – деп тұрып кетіпті [4].

Қорыта айтқанда, мен осы экспедиция барысында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көп қырлы талант және әулие адам екендігіне көзіміз жетті. Экспедициядан кейін оқушыларымыз түрлі конференцияларды баяндамалар жасап, өз зерттеулерін қорғады. НЗМ желісінде жүргізілетін «Туған елге тағзым» экспедициясының маңызы зор болып табылады. Жоба келешек ұрпақты туған еліміздің тарихын, тұлғаларын танып білуге мүмкіндік береді. Сөз соңында Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Жазуы ешбір көрінбей қалмайды және өшпейді» деп айтқымыз келеді.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1 Жүсіповтар жанұясының әулеттік қолжазба архиві

2 Қуандық Пазылұлымен сұхбат

3 Жүсіпов Е. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және оның жазбаларындағы тарихи тұлғалар: т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған кандидаттық диссертацияның авторефераты. –Астана, 2000.


4 Баянауыл ауданының «Құрметті азаматы», Қазақ КСР және КСРО халық ағарту үздік қызметкері, Ы. Алтынсарин медалінің иегері Зекебай Солтанбайұлы Мәшһүр-Жүсіп Көпеев туралы келесі мәліметтер



- 5 «Туған елге тағзым-2014» экспедиция материалдары  
6 «Туған елге тағзым» зерттеу экспедицияның ережелері

## МӘШҮР ЖҮСІП – ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

УИРИМБАЕВА А. Д.  
тарих пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші, № 4 ЖОББМ  
МАМБЕТОВА М. С.  
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі



Халқымыздың атақты ақыны, ғұлама оқымыстысы Мәшһүр Жүсіптің көп қырлы талант екені елге мәлім. Қаршадайынан оқыған, оқып қана қоймай, көңіліне мол дүние тоқыған білімдар. Ақынның «Миграж», «Хаятбақшы», «Қорқыт», «Гүлшат–Шеризат» деп аталатын қисса, дастандарын, публицистикалық, этнографиялық еңбектерін, халық ауыз әдебиетін жинаудағы қыруар жұмысын атасақ та жеткілікті. Ол өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып,

біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт. Мәшһүр жырлары оқушысын еңбекке, адалдыққа, мейірімділікке үндеумен қымбат. XX ғасырдың бас кезінде ұлы Абайдың соңын ала шыққан Мәшһүр Жүсіп Көпеев сол Абайдың сара жолын арман-мұрат тұтып, соның соқпағымен «тас қияға өрлегендердің» бірі еді. Ақын өзі ғана ұстазынан тәлім-тәрбие алып қоймай, өзге жұрттың да сол жолмен ілгері басуын тіледі. Ол бұл тілегін күндіз-түні өлең жазып, халықтың ішкі жан дүниесін тербетіп, олардың өнер-білімге, отырықшылыққа шақыру арқылы жүзеге асырды. Ақынның түпкі арманы – халықты жаппай сауаттандыру еді. Алайда ол мұндай игілікті іс тек сөзбен ғана аспайтынын, ол үшін қолда билік

3 болуымен қатар, мол қаражаттың қажет екендігін кейін сезінді. Амалсыз ішкі мұң-шерін тағы да өлеңмен шертті:

Бұлттай жауатұғын менің өзім,  
Көкірегім – қан, жаспен толған көзім.  
Жаңбырдың рахымет тамшысындай,  
Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім.

Кезінде ақынның көкірегінен шыққан сөзді түсінетін, оған еміренетін жанның аз болғанына қынжыласың. Әйтпесе ол «жауатұғын бұлттай» түнермес еді ғой. Ақын ойлары заңғар. Ол ауыл үйдің әңгімесін айтып отырған жоқ, адамға, қоғам өміріне қатысты мәселені толғайды. Көкірегі толған шуақты жұртшылыққа шашқысы келеді, «Қырымнан қияға қарап» алысты шолғысы бар. Ақынның арғы жағы жұлдыздай жарқырап тұрған соң (жанының тазалығын айтамыз), оған барлық әлем шуақты да сәулетті, барлық адам адал да абзал. Ол көпшіліктің берекесін алатын, жарастығын бұзатын озбырларға үнемі қарсы тұрып келіпті. Бұл турасында профессор Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың жаман мінездерін, қазақ арасындағы феодализм қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды. М.Көпеевтің өмір сүрген тұсы – бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы – сиырын айдап алып, сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қараң, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кезі еді. Кедейкембағал, жетім-жесірді «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстап, шырқыратып езіп-қанағанына байлар мәз. Байыған сайыноларға кең дүние тарылып, қусырылып бара жатқан сияқты көрінеді. Ашыққан қорқау қасқырдай жан-жақтан анталап, жер таласын, жесір дауын күшейтіп, бірінбірі тірідей жеп қоятындай өшігеді. Бай мен шонжарлар жан-жағына жұтып жіберердей алара қарайды. Қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек. Оқу іздеп, өнер қуып жүрген бірде-бір жастарды көре алмаған ақын халыққа қарап:

Қазағым, өнер іздеп, ұрлық-зорлық,  
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық,  
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,  
Басына келген жоқ па талай қорлық дейді.

Ақын сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Ол адамзат баласының бірбірімен табыспайтын, жақындаспайтын кезі болмайды, олар бір-бірінің ішкі жан сырын сөйлесу арқылы түсінеді, ұғысады дей келіп: Кем емес – кейбір сөзім жанған шоқтан,

Әр кімге ауыр тиер атқан оқтан.  
 Ұшқан құс, жүгірген аң-жануарлар,  
 Атанды бәрі хайуан – тілі жоқтан,  
 – деп түйіндейді. Бұл жерде ол адамның «ұшқан құс, жүгірген аңнан» артықтығы – ақылында дегенді білдіріп отыр.

М. Көпеев өз өлеңдерінде әркім өз еңбегімен күн көрсін дегенді үндейді, сонымен бірге біреудің есебінен күн көретін арамтамақтардың кімдер екендігін де айта кетуді ұмытпайды. Ақын адам өміріндегі ең бір қымбат дүние достық екенін, досы мол жанның бақытты екенін жан-жақты айта келіп:

Бұл сөзімнің балы бар уы аралас,  
 Ойлаймысың бір іске деп жарамас.  
 Келіп пе едің жалғанға киім киіп,  
 Тумап па едің анадан тыр жалаңаш – деп бір тоқтайды.

Яғни, бізді қоршаған табиғат бір қалыпты тұрып қалмай, үнемі даму, өсу үстінде болатынын осылай нақты қағидалармен толық түсіндіреді. Мәшһүр Жүсіптің бөліп айтуға тұрарлық айырықша бір ерекшелігі – өлеңдерін жазып шығарған. Ол әрбір жырын қағазбетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіппен, шашау шығармай ықтияттап жинап отырған. Оның алғашқы өлеңдері «Дала уалаяты» газетінде 1889 жылдан бастап көріне бастады. Ақын 1889 және 1890 жылдар аралығында бірнеше мақаламен қоса, бес өлең жариялады. Олар мыналар: «Әңгіме», «Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен», «Кедейлікке үш қырсық оралады», «Күн шықпай ерте тұрып», «Білмейді ел өнерлісін, аулақ болар». Бұл өлеңдердің бәрінің сарыны ортақ, ой арнасы біреу – ол жастарды еңбекке, өнер-білімге, егін салуға, сауда істеуге шақырады. Ал, ел ішінде бос тентіреп кәсіпсіз жүрген кейбір желбуаз бозбаланы сынап мінейді:

Өзінің малын күтіп баға алмайды,  
 Бір тиын қолдан кетсе таба алмайды.  
 Бір саңлау оймен іздеп табары жоқ,  
 Біреудің айтқан тілін тағы алмайды.

Осылай дей отырып, еңбек етпейтін, сыбай-сылтаң жүрісті жандарды ұрыспай, сөкпей, тілдемей, жай ғана сыпайы сөзбен ұялтып, қызартады. Оларға «мынадай бол, мынадай істе» деп те ақыл айтпайды. Тек қана еңбек ет, еңбек адам баласының – анасы дегенді меңзейді. Ақын бұл ойын қолына домбыра ұстап тоймен топта емес, баспа бетінде айтты. М. Көпеевті өзі көзімен көрген, оның барлық еңбегімен таныс-біліс болған сол кездегі орыс оқымыстысы Белослюдов төмендегідей ой айтады: «М. Көпеев халықтың мұның

жырлай бастайды. Мәшһүр Жүсіп өлеңді жазыпшығарды, мұның өзі қазақ әдебиетінің тарихында халықтық сипаттағы жаңа бағыттың дамуына зор түрткі жасады. Бұрын өлең көпшілік алдында ауызша айтылатын, ал ақын атану үшін біреумен айтысқа түсетін, жаршы міндетті түрде суырып салма ақын болуы шарт еді. Енді Көпеев өлеңдері оқырмандарға жазбаша түрде ұсынылды, ақын деген сөз тек ақын-жырауларға қатысты ғана емес, өлең жазуға қабілетті талант иелеріне де қолданыла бастады. Мәшһүр Жүсіпті 1874 жылы он алты жасында өз ауылының ауқатты адамы Әкімбек деген кісі келіп әкесінен сұрап алады. Бұл байдың Қалибек деген жалғыз баласы бар еді. Арманы перзентін оқыту болатын. Оның молданың алдынан енді ғана босанған Мәшһүрді ата-анасынан «аттай қалап, атандай сұрануы» кілті осы еді. Бұл жайында ақын:

Әкімбек он алтымда алып кетті,  
 Жалғызы Қалибекке ұстаз етті.  
 Басында Ақшакөлдін жаз жайлауда,  
 Әкемді мол жылқымен бір жөнелтті [16],

– деп шындықты бүкпесіз айтады. М. Көпеевтің өз шәкірттеріне берген аса маңызды тәрбиесі – ғылым жайында еді. Оқыған адамның көзінің алды жарық дүние де, қара танымаған кісіге бар нәрсе бұлдырап тұрады. Білімі таяз адам дірілдеп-қалтырап әркімге бір жалтақтағыш келеді. Білікті кісі күйған қорғасындай салмақты болады. Сондықтан терең де парасатты білім әрбір адамға ауадай қажет. Ғылым – пенденің ішін анау-мынау лас қылықтан тазартатын түңілік сияқты. Түңілік арқылы үйге күндіз Күннің, түнде Айдың сәулесі түсіп тұратын болса, сапалы білім де адам жанын баспалдақтай биіктете беретіні анық дегендерді айта келіп, ақын ғылым жөнінде ойын былайша қорытады: «әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын сарп қылған пенденің жаны тіріліп сыйлы болады. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылмаған пенденің жаны өлік жан есепті. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады». Мәшһүр Жүсіп балаларды оқыта жүріп, жазу-сызуын бір сәт тоқтатпайды. Күндіз сабақ беріп, қалжырап шаршағанына қарамай, түнде май шамның жарығымен өлең жазады екен. Кейбір түнде өзі сүйіп оқитын шығыс ақындары: Науаи, Фирдауси, Сағди, Хафиз шығармаларына сарыла үніліп, білімін үздіксіз көтеріп отырған. Адамға қазына дәулет жолдас болмайды, ғылым мәңгі өмірсерік. Өнерді үйрену үшін де алдымен білім керек. Білімсіз бірде-бір ісін ілгері баспайды. Ақын осылай толғамды ойларын ортаға сала отырып, өзі де көп оқыған, ізденген, өзгелерді осыған үндеген.

Ақынның үй ішін бір сөзбен мұғалімдер семьясы десе де болғандай. Өзі көп жылдар бойы бала оқытты. Жәдитті қатты қолдап қуаттаған. Бұл сол кездің жаңа бағыттағы оқу үлгісі еді. Ол осы оқу үлгісін жәй ғана жақтап қоймай, нақты іс-әрекет еткен. Атап айтқанда, балаларды жәдитше оқытқан, осы үлгідегі кітаптарды ел арасына кенінен таратуға мол күш салған. Ақынның әмен деген ортаншы баласы арнайы жолдамамен Ташкент қаласындағы № 4 мектепте сабақ береді. Ол бір оқушы қыздың әке-шешесі он үш жасар баласын малға сатып ұзатпақшы боп жатқанда, ара түсемін деп 1921 жылы азғынданған жандардың қолынан қаза табады. Бұл оқиғаны «Ақ жол» газетіндегі қазанамадан көрген ақын:

Қан түсті алпыс үште аяғыма,

Оқ тиді түзде жүрген саяғыма, – деп құлындағы дауысы шығып шырылдаған көрінеді. Мәшһүрдің тұлабойы тұңғышы Шәрәпи де әжептеуір сауат алады. Оның және бір сөзі мынадай:

Адам бір боқ көтерген боқтың қабы,

Өлсең сасық боласың боқтан тағы.

Менімен сен тең бе деп мақтанасың,

Білімсіздік белгісі ол баяғы.

Соңғы ел білімдарлары бұл.

Адамды адам санына кіргізбей жүрген қарындағы бір қап «жұмбақ» екенін білді де ішіп-жемекті аз қылды.

Ол екеуі аз болған соң ұйқы бөлінді, сергек болды.

Содан соң жүректі барып ұйытқытып бұзатын дәнеме табылмады.

Сонан соң бұл адамнан нәпсі-дәме бәрі атымен жоқ болып, көңілі күшқуат алып,

Періште сипатта болды.

Аз жеуді, аз ұйықтауды, аз сөйлеуді мұрат тұтты» – дейді. Сөйтіп, ол Абай сияқты ғұлама адамды осылай жоғары бағалаған. Бұл жөнінде Ә. Тәжібаев: «Мәшһүр Жүсіп Көпеев дегенді білмейтін қазақ зиялыларында жан жоқ. Әрі ақын, әрі ақылгөй жан, ұлы Абайға ілесе шықты да осы данышпан ұстаздық ағартушылық жолын берік ұстанды. Ақындығын да өзіне мұрат етті» – деп терең толғап айтыпты. Ақын қолына түскен бір шежірені оқып отырып былай деп жазады: «түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дегендей анық қазақтың өз ортасында сөйлесіп жүрген танымал сөзден шежіре алып жазған біреуі де жоқ. М. Көпеев – өмірге көзқарасында, әлеуметтік болмыстарды түйіп-бақылауда мол-мол қайшылықтары бар жан. Ол кейде өзі өмір сүрген тұстың қалтарыс-қатпары көп көлеңкелі

жақтарын барынша батыл сынады, патша чиновниктерінің, би-болыстардың «алсам- жесемнен» басқаны білмейтін озбырлығын қатты шенеп айтады. Сөйте тұра, «мархабат патшамыздан теңдік тиіп, көз жасын нашарлардың төңірім иіп» – деп бір сәт патшаға деген тілеулестігін де, оған деген сенімін де, білдіргендей болады. Осының артынша 1905 жылғы үлкен халық көтерілісі жайлы тебірене толғап, патшаның 17 қазандағы манифесі көз бояйтын жалған бұйрық екенін ешнәрседен тайсалмай айтқан да М. Көпеев еді.

Ақын шығармаларында көпшілік қауымды еңбекке, оқу-білімге, адалдыққа үндейді. Әсіресе қолыңнан келгенше кісіге жақсылық істе, кедейкембағалдың қажетін өтеу – адамдық борышың. Ал, халық үмітін ақтарлық игілікті ісің болмаса, кісі санатына қалай қосылмақсың? – деген пікір қорытады. Ол адалдық, адамдық жайындағы толғамды ойларын өлең, мақала, аңыздың айналасында ғана айтпай, көптеген дастан да жазған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – азаматтық тарихымызда ерекше орны бар тұлға. Оның мұрасы шамамен 30 томды құрайды екен. Өкінішке қарай, осы еңбек халыққа там-тұмдап қана жетті. Тозақтан аман қалған байлық Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзі «Мес» деп атаған қолжазбасы сақталған. Рас, әркім ол байлықтан үзіп-жүзіп пайдаланып жүрді.

Танымал тұлға, ақын-аудармашы, тарихшы-ғалым, ұстаз-этнограф М. Ж. Көпейұлының көптомдыққа жоспарланған еңбектерінің алғашқы кітаптарынан әдеби мұра мен оны зерттеу ісіне қатысты іргелі ізденістер, ерен еңбек пен жүйелілік сипаттар, ұлт мұратын ұлықтау мен руханиятқа адалдық танылады. әрбір туындының тақырып табиғаты, жанрлыққұрылымдық һәм көркемдік ерекшеліктері де сақталып, жазылуы мен жариялануы, нұсқалық белгілеріне де зор маңыз беріледі. Біздіңше, басты байқалар ерекшеліктердің бірі – М. Ж. Көпейұлының төл туындылары мен халық мұрасы, шежірелік сипаттағы шығармалар дәстүрмен сабақтастықты, жанр мен жауапкершілікті, көркемдік мұраттарды назарда ұстаған.

Шығармашылық еңбегінің ішінде би-шешендер мұрасын мұқият жинауы, әрі хатқа түсіруі ерекше орын алады. Р. Тұрысбек: – XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде азаттық-ұлттық сипат басым болғанын ескерсек, М. Ж. Көпейұлының халық қазынасына қамқорлығы, мәдени-рухани мұраға жанашырлығы, оныңкелешекке жету жолындағы жанкешті әрекеттері кімкімді де бейтарап қалдырмайды. Айталық, көптомдықтың – 4-5-6

кітаптарына енгенхалық әдебиеті үлгілерінде (аңыз-әңгімелер, ертегілер, тұрмыс-салтжырлары, ақындар айтысы, өлең-дастандар, мақал-мәтелдер, шешендік өрнектер, т.т), жекелеген кітаптарында өмір мұраты, адамфакторы, уақыт-тұрмыс сырлары кеңінен көрініс береді. Қоғамдық-леуметтік ахуал, дүбірлі дәуір дидары, мәдени-рухани мәселелер деуақыт шындықтары тұрғысынан сөз болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961. – 358 б.
- 2 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы, 1974. – 110 б.
- 3 Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы, 1970. – 17 б.
- 4 ҚР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қоры. 1173-папка. – 20-27 б.
- 5 М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. 239-папка. – 43 б.
- 6 Көпеев М.Ж. Хал-ахуал. – Қазан, 1907. – 2 б.
- 7 Көпеев М.Ж. Сарыарқа кімдікі екендігі. – Қазан, 1907. – 11 б.
- 8 Дала уалаятының газеті. – 1889. – № 9.
- 9 ҚР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 1173-папка. – 25 б.
- 10 ҚР Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қоры. 1773-папка. – 43 б.

#### МӘШҮР ЖҮСІП ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДІН ТАҚЫРЫБЫ

ХАМИТОВА А. М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы,  
М. Әуезов атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазақ әдебиеті тарихындағы ең керемет ақындардың бірі-Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Ақынның шығармашылық мұрасы - әдебиет үшін рухани байлық.

Ақын шығармаларында халықты жақсылыққа, шыншылдыққа, ақыл-еске шақырады; шығармалары ұлттық бірегейлікті ояуды көздейді ..

М. Көпейұлының поэтикалық мұрасының едәуір бөлігі дастандардан тұрады (жоғары көркемдік поэтикалық шығармалар), олардың көпшілігі діни тақырыптарда жазылған. Бұл тұрғыда ақынның дастандары шығыс классикасындағы шығармаларға ұқсас.

Дін тақырыбы – Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында негізгі тақырып. Әрқайсысында оның мұсылман дініне деген құрметті, Аллаға деген сүйіспеншілігі айтылады. Ол: «Мен Құдайдың жалғыз екенін білемін, ол жалғыз және күдіретті. Мен бұған сенемін» – деп жазады.

Ол үшін ең маңызды ақын ұғымдар ар-ождан, гуманизм болды. Ақын ағартушылық идеяларды қорғады. Оның пікірінше, Құдай туралы білім адамгершілікке, әділеттілікке жетелейді.

Қорытындылай келе, бізді «махаббатқа» шақыратын ұлы Абайдың сөздерін келтіреміз. «Бүкіл адамзатты Алла махаббатпен жаратқан» – бұл сөздер бүгінгі күнде ұран болуы мүмкін.

Біз ата-бабаларымыздың мұрасын тірілтіп, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруіміз керекпіз.

Ақынның бір ғасырдан астам уақыт бұрын айтқан әрбір сөзі бүгінде қанатты өрнекке ұқсайды. Оның ислам дінінің тарихы туралы өзінің ертегілерде, аңыздар мен өлеңдерде айтқан ойлары мен тұжырымдары бәріне қол жетімді және түсінікті. Танымалдықтың дәлелі ақынның шығармашылығы - Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармалар жинағын шығару, қазіргі уақытта қазақ фольклорының үлгілері және ауызша әдебиет, баспасы «Алаш мұрасы».

М. Көпеев тек ақын ғана емес, сонымен бірге және фольклор жинаушы. Ауыз әдебиетінің шығармаларын жинақтау және талдау кезінде, ол тарихта үш тұлғаның болғанын анықтады Едіге, Жәнібек, екі – Абылай. Осыны М. Көпейұлының шығармалар жинағын оқу арқылы көз жеткізе аламыз.

Ақпаратты жинаушы ретінде ол олардың барлық түрлеріне назар аударды: естеліктер; тарихи зерттеулер; әртүрлі шежірелер; діни, мифологиялық аңыздар, әр түрлі жер атауларының шығу тегі байланысты аңыздар. Жиналған материал тандалды, салыстырылды, жіктелді, дәйексөз жүйеге келтірілді. Шығармаларды жинау және жазу кезінде М. Көпеевтің фольклоры осы немесе басқа материал қашан, қай облыста және кімге сәйкес жазылғаны міндетті түрде көрсетілген. Ол материалдар мен құжаттарды ұсынғандар туралы құнды мәліметтер жинады.

Ол өзінің «Қазақ түбі» атты еңбегінде жиналған материалды өзгеріссіз, ондағы адамдар туралы нақты ақпарат береді. Ол Әбілғазының өмірбаянын сипаттайды, содан кейін - шежірені ұсынады (Адам, Нұхтың заманы, Уыз хан туралы шежіре) [Машхур Жусуп. «Ит дүние». Избранное. 2008 г. Үзілмеген үміт. 219 с. «Қазақ түбі»].

Дін тақырыбы – Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы негізгі тақырып. Оның әр шығармасында мұсылман дініне деген құрмет, Аллаға деген сүйіспеншілік бар. Ол атап өтеді: «Мен Құдайдың жалғыз екенін білемін, ол жалғыз және құдіретті. Мен бұған сенемін. Құдай деген не, ол кім? иә – білмеймін: бұған мендем ақылым жетіспейді ... Бірақ бәрібір, ол жасаған нәрсеге қарап, оның істеріне , оның ұлылығы мен күшіне қарап мен оған сенемін » [3; 139].

Біз мұнда Абаймен ұқсастықтарын көреміз. Абайдың көзқарасы бойынша, Аллаһ шексіз екенін және ол біздің санамызда деп атап өтті.

Мәшһүр-Жүсіп адалдықты жоғары бағалады, адал, Аллаға сенетін адамдарға құрметпен қараған. Ол әйелдер туралы ерекше құрметпен айтады. Және біздің алдыңғы анамыз Хауа, Адам атамыздың қабырғасынан жаратылған кезде Адам қазірдің өзінде ақын болған деп санайды.

Ғұлама ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев ең алдымен ислам дінінің этикалық, моральдік, дидактикалық мәселелерін зор білгірлікпен жырлаған сөз зергері. Ақынның өлеңдеріндегі қозғалатын мәселелері адамгершілік, имандылық, жұмақ пен тозақ және рухани байлыққа негізделген. Өз жұртына рухани байлықтың жемісін, имандылық дәнін сеуіп, оны әрі қарай дамыту әр азаматтың парызы. Халықты өнербілімге үндеп, адамдықты, имандылықты ту етіп ұстауға шақырған Мәшһүр Жүсіп өлеңдері де әр қилы қырынан көрінеді.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларын кешендеп зерттеу жалпы қазақ әдебиетінің өткен тарихын кең қарастыра алмау тәрізді олқылықтармен байланысты екенін еске салғмыз келеді. Мәселен, қазақ әдебиетіндегі дастан жанрының туу, қалыптасу тарихын, ондағы өзекті сала діни қиссаларсыз кең қамту мүмкін еместігі белгілі. Әміршілдік жүйе дін атаулыға, оның ішінде ислам дініне өршелене қарсы болып, ол саладағы ізденістердің бәріне тыйым, кедергі жасап келгені мәлім. Мәселен, 1959 жылы әдеби мұраға арналған конференцияда М.Әуезов зерттеуші Б.Шалабаев баяндамасын сынай келіп былай дейді: «Және көршілес, туысқан шығыс елдерінің «Халықтық дастан» аталатын «Сәйфіл-Мәлік», «Таһир-Зухра», «Шәкір-Шәкірат», «Жүсіп-Зылиха» тәрізді жырларының қатарына «Сал-салды» қосуы да орынсыз болды. Бұл – жыр Мұхаммед пайғамбар мен оның шариярларының, ісләм дінін тарату жолындағы барынша агрессивтік қантөгіс, діншіл озбырлық аңыздарды дәріптейтін шығарма». Бұл пікір М. Әуезов тәрізді әдебиет білгірінің де әміршілдік жүйе қыспағынан босана алмағанын көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіптің шығармаларын, оның ішінде діни тақырыптағы туындыларын зерттеуге кіріспес бұрын, дастандарындағы дін мәселесін, өлеңдеріндегі дін мәселесін ислами тұрғыдан зерттеу қолға енді алынған тақырып.

Тәуелсіздік алып, ежелгі мұраға жаңа көзқарас қалыптаса бастағаннан бергі кезеңде дінге жаңа көзқарас қалыптасып, еліміз ислам дініне бет бұрғалы бері мешіттер жанданып, адамды дұрыс тәрбиелейтін ислам дініне жаңа бетбұрыстар пайда бола бастады.

Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің басты мәселесі имандылыққа, адамгершілікке, әділеттілікке, адалдық пен ақиқатқа, еңбекқорлыққа үндеген. Мәшһүр Жүсіп өзінің өлеңдерінде шығыс әдебиетінің мол мұрасын пайдалана білді. Ақын ортағасырлық араб, парсы тілін жетік білуі нәтижесінде сол кезде айтылған мәнді ойларды өзінше өрістетіп, қазақ әдебиетінде басқа ешкімге ұқсамайтын өзіндік арна қалыптастырды. Ол әдебиетке деген ислам әсерін кең түсініп, оны өз шығармаларында жан-жақты көрсете білді. Ақын Бұхарда, Қокан, Самарқанд, Ташкентте барған сапарларында сол кездегі мұсылман әлемінің бай қазынасымен терең танысып, содан түйген ойларын қағаз бетіне түсірді.

«Ақыреттің егіні» шығармасында Мәшһүр Жүсіп:

Ойласаң, ақыреттің бәрі қиын,  
Тірлікте ғибарат қып, хаққа шын!  
Бұл күнде жамандықтан тыйлыңыз  
Алланың көрем десен, жұмақ, үйсін. [3, б. 19]  
Бұл сөзім бір насихат қарындасқа,  
Түп-түгел үлкен-кіші, кәрі-жасқа.  
Жеткенше басың жерге ғибадат қыл,  
Сұрақ жоқ айтатұғын мұнан басқа. [2, б. 27]

Ақын өлең жолдарында бірлік идеясын ортаға салады. Бұл маңызды тақырып, өйткені бірлік тұтқасы – дін. Ұлттық, бірлігі болса тіршілік бар екендігі сөзсіз. Алғашқысында ұлттық, бірлігі жөнінде ой қозғалса, кейінгісінде мұсылмандық бірлігі. «Бірлігі мұсылманның – ынтымағы» [1, б. 64] – деген ұран сөздермен іспеттес ой тастап, жай үндеу емес, тікелей іс- қимылға шақырады.

Ынтымақ, ауыз бірлік қылу үшін,  
Бас қосқан мұсылманның білімдісі [2, б. 64].

«Дін» ұғымын Мәшһүр Жүсіп халықтың рухани болмысымен, білік – танымымен сабақтас алып қарайды. Халықтың белгісі – сол елдің рухани танымдық, санасының ең жоғарғы мәдени тіріктеріне саналатын тіл, дін, ділден алыстауы. Ал ел-жұрттың сол уақытта

айрықша рухани күйзеліс кезінің бастап кешіргені еш талассыз шындық. Өлеңдерінде былай жырлайды:

Көз жасы жылаулының қабыл болып,  
Мұсылман баласына тиді тізгін.

Ойға алсаң жақсылықты кенеске кір,  
Жүре бер, жақсылықтан күдер үзген [3, б. 56].

Бүкіл өлең бойынан Көпеевтің елі үшін елжіреген жүрек елпілін сезінеміз. Халқымен бірге күңіренген, елін бостандық, күнге жеткізуді аңсаған. Бұны Мәшһүрдің азаматтығы деп білеміз.

Мәшһүр Жүсіп «Ібіліс шайтан қикасы» дастанында Ібілістің (әзәзілдің) дүниеге келуі, періштелер ханы болып сайлануы, адам баласына басын имегендіктен шайтан атанып, адамды дұрыс жолдан азғыратын, нәпсісін өзіне қаратушы шайтан жолына түскен Ібілістің өмірі туралы баяндалады. Дастанда шайтан іс әрекетімен адамды жаман жолға итермелейді.

Жараттың жақсы жаман екі айыр жол,  
Адамның бір жағы оң, бір жағы сол!  
Адаспай жақсы жолдан жүрер түзу,  
Кімде кім болып жүрсе өзіне құл! [2, б. 11]

Құдай жолына, немесе нәпсі, шайтан жолына түсуін Адам баласы өзі таңдайды. Жақсылық пен жамандық, мейірімділік пен қатыгездік, қайырымдылықпен пен зұлымдық тәрізді қарамақарсылықтардың бірін таңдауына байланысты адамның дүниедегі өмірінің рухани тазалығы мен байлығын анықтамақ.

Нәпсіні тәрбиелеу мәселесі діндар Мәшһүр Жүсіптің негізгі шығармашылығындағы тақырыптарының бірі.

Бір іске өкінбейсің деп ойласаң,  
Нәпсісінің достық айтқан алма тілін.  
Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,  
Міне қалса жортқызып, желгізбей бақ.

Өзін өзі бағуға көп әл керек,  
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ [1, б. 93].

– деп нәпсіні тыюға, құмарлық, ноқтасында кетпеуге шақырады. Нәпсіні тыю үшін ерік, ақыл, ар, таза жүрек, сенім, ерлік керек.

Абай «Иман деген не?» сұраққа өзінің өлеңдерінде де, қара сөздерінде де толыққанды жауап береді деуге болады. Абай иманды екі түрге бөліп қарастырады. Біреуі – якини иман, екіншісі – тақлиди иман. Адамның ақылы өзі сенген нәрсенің хақтығына дәлел болуға жараса, ол – якини иман. Ал тақлиди иман кәтаптан оқу, біреуден

есту арқылы пайда болатын еліктеуші иман дейді. Абай бұның екеуі де берік бола алады деп есептеді.

Абайдың ізін жалғастырушы ғұлама Шәкәрімнің иман жайлы айтқандарын зер сала оқысақ, ол тақлиди емес, якини иман іздегенін анық көруге болады. «Мұтылғанның өмірі» атты поэмасында:

«Қырықтан аса бергенде,  
Ақылым қылды шерменде:  
«Дінім қалай, жаным не  
Жоғалам ба өлгенде?  
Әлемді кім жаратқан,  
Осынша түрлеп, таратқан?...  
Ақырет деген немене,  
Шыққан жан қайта келе ме,  
Кіре ме осы денеге,  
Дәлелі қайсы сенгенде?» [4, б. 59].

Шәкәрім осындай сұрақтарды ойлап, толғанып, жауабын табуға тырысады. Және оның тапқан жауабы ақылға сыярлық болуы шарт. Ақылы мойындайтын нақты дәлел іздейді. Сенген күнде де дәлелі қайда дейді.

Өзінің Жаратушы Иесін тапқан Шәкәрім әр жерден, әр нәрседен Оның күдіретін көреді. Тауықтың шақыруын, иттің ұлуын, бұлбұлдың сайрауының себебі не деп сұрақ қойып, өзі былай деп жауап береді:

Олар түр ойға алып бір Құдайын,  
Зор күдіретін әлемге ұқтырайын.  
Құлшылық, намазы мен иманы сол –  
Күнде бір, айында бір, сағат сайын.

Яғни адам түгілі, жан-жануарлар, күллі жаратылыс Жаратқан Иесіне өз сипатына қарай құлшылық етуде дейді. Бұл Жаратушы тарапына берілген міндет, ал олар өз міндетін түйсік арқылы сезіп, мүлтіксіз орындауда.

Дін мен әдебиеттің дамуын, ондағы өзара байланыс, төркіндестікті сараламай тұрып, әдебиеттің даму ерекшелігін толық түсіндіру мүмкін емес. Сонымен бірге ислам дінінің әдебиетке әлемдік ортақ қазынаға не қосқанын межелеу үшін де оның өзіндік ерекшелігімен қабат іргелес арадағы дәстүрлік байланысты сараптау қажеттігі туады. Рас, кешегі өміршілдік жүйе кезінде де дінді, ислами қағидалары бар ерекшеліктерді әдебиеттерден алынып тасталды. Соның нәтижесінде діннің әдебиетке деген ықпалы зерттелген жоқ. Мысалы, орыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне деген

игі ықпалы кең марапатталса да, керісінше исламның ролі, ежелгі шығыс пен түркі әдебиетінің әлем әдебиетінде алатын орны, игі әсері онша қарастырылмай мүлдем қаралған жоқ деуге болады. Оның басты себебі бір жағынан атеизм идеясының тарауы болса, екінші жағынан адамды коммунистік идеямен тәрбиелеуі еді.

Шығыс әдебиетінде жырланған барлық тақырыптардың, онда айтылатын басты-басты идеялардың түп тамырын іздегенде, соның ең біріншісі Алланы тану ұғымымен де байланысты. Демек, әлем әдебиеті тәрізді шығыс әдебиетінде адамды, адам сезімдерін жырлау өзінен-өзі пайда бола қойған жоқ. Ол алдымен Алланы, Алла күдіретін тану, таныту ізденістерімен, пенденің Аллаға деген махаббатын түсіну, түсіндіру дәстүрімен тығыз байланыста болды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жүсіпов Е.Қ. Мәшһүр-Жүсіп және Шығыс руханияты / Е. Қ. Жүсіпов. – Алматы: Алаш, 2005. – 185б.

2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2003. – 436

3 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 2 том. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2003. – 384

4 Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.

#### ҚАРАТАЛ Өңірінің тарихы

ШАЙМАҒАНБЕТ А. Қ.

тарих пәнінің мұғалімі, № 21 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Қазақ елінің түп-тамыры оның туған жерімен байланысты. «Қарға тамырлы қазапыз» дейтін халқымыз өз ішінен жүз бен руға бөліне отырып, сол рудың атакты адамымен, жау жүрек батырымен, әділ биімен, даланы тербеткен ән-күйімен мақтана білді.

Біздің бұлайша сөз саптауымызға негіз болған сөз еткелі отырған киелі Сілеті өңірінің даласы мен оның қазақ тарихының беттерінде жазылмай қалса да, ел аузындағы тарихта есімі елең еткізер тұлғалары болып отыр.

Тарихты қай уақытта болсын адам баласының өзі жасайтыны белгілі. Оның жеңілісі мен жеңісі де, тартысы мен тағылымы да тарихта шындығымен мәлім болады. Біздің осы зерттеу жұмысын жазу барысында байқағанымыз: қазақтың қай жерінің болсын өзінің

тарихы, оның аталуының тарихы және сол атаудың шығуына себеп болған тұлғалардың өмірінің өзі біздің ұлттық тарихымызды жасамақ. Мәселен, сырт қарағанда жазық даланы алып ағып жатқан бір өзеннің бойында бірде шатқал, бірде қыр, бірде иен дала, қойын тастар кездеседі. Осы қарапайым дүниелердің әрқайсысының өзінің ішіне бүгіп жатқан сыры мол.

«Сілеті» сөзінің шығу-тегіне тоқталсақ. Қазақ тілінің этимологиясын зерттеген ғалымдар «Сілеті» сөзін моңғолдың «чулуты», яғни қазақша «тасты» деген сөзінен шығарады. Ғ.Қоңқашпаевтың пікірінше, «Бұған өзен басы терең шатқал, жартасты болып келуі себеп болған» (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения//Известия АН Каз ССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып.1 (11), 1959, с.92). А. Әбдірахманов болса «Соныменен Чулууты//Сілеті атаулары басқа түркі тілдеріндегі ташты//тасты сөзінің көне варианты» дейді (А. Әбдірахманов. Топонимика және этимология. Алматы, 1975, с.164). Біздің ойымызша, «сілеті» сөзінің мағынасын қазақ тілінің өзінен іздеу керек. Қазақта «сілем құрып» деген сөз бар. Шаршап-шалдығып қалса, «сілесі қатты» дейді. Осының бәрі адам ағзасындағы сілтіге байланысты ма деген жорамал туындайды. Сілеті өзенінің ағысын бойлай жүргенде әр жерде жағалауы ақ көбіктеніп жататынын көруге болады. Бұдан өзен табанында кальций, натрий, калий сияқты сілтілік металдардың бар екенін, олардың сумен араласа тотық түзіп, көпіршіп жататынын аңғару қиын болмас. Қазақтың «сілем қатты» деген сөзі де адам ағзасында судың азайып, ағзадағы сілтілік металдардың тотығу процесі баяулағанын аңғартса керек. Адам ағзасының негізінен судан және металдардан тұратынын біз қарапайым анатомия мен биология сабақтарынан білеміз.

Енді Сілеті бойында кездесетін ортағасырлық ескерткіштерге келейік. Ә.Бөкейханов «Ақмола уезінің Қоржынкөл болысында Сілеті өзенінің бойындағы обалар тізімі» деген мақаласында: «Қазақтар «Сырлытам» деп атайтын төрт оба Сілеті өзенінің солтүстік жағасында, Бұқа өзенімен аралығында орналасқан. Кейбір обалардан қазақтар пеш салған кезде кірпіш алады, сол кезде байқағандары обалардың бірі төрт бұрышты, күмбезді құрылыстан қалған. Кірпіш алып жатқан қазақ күмбез опырылып кетіп бөлменің ішіне құлап түскен екен, сонда бөлменің ортасы шымылдықпен бөлінгенін көріпті. Сырттан ауа кіргенде жанағы шымылдық күлге айналып кетіпті, жібектің күліне ұқсайды. Бұл жерде әлі тонауға ұшырамаған да обалар бар» дейді.

Сілеті бойындағы Сырлытам маңында бекініс жоқ, бірақ тамды айнала алыстан орағытқан ордың ізі көрінеді. Бұл ежелгі қорғаныс жүйесінен қалған қалдық екені анық. Біз белгілі дәрежеде Сілеті бойындағы осы ескерткішті XIII-XIV ғасырларда Сарыарқаның солтүстік аймағына иелік еткен Жошы әулетіне жататын ұлы сұлтандарының ордаларымен байланыстырамыз.

Ә. Бөкейханов Сілетінің жағасынан төрт шақырымдай жерде Қызыл оба аталатын үш құрылыстың бар екенін жазады. «Осыдан 30 жылдай бұрын қазақтар осы Қызыл обаның кірпішін аламыз деп қазып, одан да төрт бұрышты ғимарат шығыпты, оның да бөлмесінің ортасында шымылдық, бірнеше табыт болғанға ұқсайды. Обалардың көлемі қазақтың киіз үйіндей болса керек» деп жазады ағартушы.

Сілеті бойындағы ескерткіштер туралы академик Ә.Марғұлан жазбалары аса маңызды. Ол ең алдымен XVIII ғасырда Ресейдің алғашқы академиялық экспедициясының құрамында жұмыс жүргізген Иоганн Фишердің деректерін келтіреді: «Против Иртышского форпоста, в 30 верстах от Утвы находятся каменные развалины, которые кайсаки называют Туралбаш (точнее-Тулпарбас-прим. А. Маргулана) и Хараба (на территории современного Краснокусткого район-прим. А. Маргулана). Когда в 1746 году казаки начали искать в них сокровища, то четыре человека были им придавлены, с тех пор оных не раскапывают».

Ә. Марғұлан Фальк жазбаларында аттары аталған ескерткіштер туралы «Речь идет о развалинах двух замков из жженого кирпича, расположенных на р. Селеты, один из них Караоба, другой – Тулпарбас. Там сохранились следы древней оросительной системы, пни от деревьев, колодцы, выложенные камнем» – дейді (А. Х. Маргулан. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане// Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата, 1978, с.18).

Біз өз кезегімізде Сілеті өзенінің бойындағы сыры ашылмаған, әлі де кең зерттеулерді талап ететін елді-мекендер жайлы айтып өтсек дейміз.

Сілеті өзені Қайлан сайы арқылы ағып, Сілеті теңізіне, одан асып Қызылқак көлінен Ертіс өзеніне құйған. Ал біздің негізгі зерттеу нысанамыз – Сілеті өңіріндегі Қаратал ауылы болғандықтан осыған нақты тоқталмақпыз. Қаратал өңірінде аты шыққан бай-шонжарлар өмір сүрген екен. Солардың бірі - Мұқаметжан деген байдың он жеті қос жылқысы болыпты. Ажыбай Шабанбайдың балалары Данияр мен Байғыздың байлықтары алтынмен бағаланыпты. Қаратай ақсақалмен

Байғыз бен Сағынай байлардың отырған қонысын батысында ажыбай Нұралы сопының зиратын көруге бардық. Ақсақалдың айтуынша, Нұралы XVIII ғасырларда өмір сүрген. Сопы аталуы Ақкөлдегі Исабек ишаннан бата алуға барып, Исабек ишан батасын бермегесін жиырма жасынан сопылыққа берілген екен. Зираты қалақ таспен қаланған биіктігі екі метр бір жақ жаны бұзылған. Ертеде зират ішінде шырақ жанып тұрыпты. 1977 жылы геологтар зиратты бұзғаннан кейін шырақ жаңбай қойған [1]. Зиратты қарап жүргенде, зираттың солтүстігінен биік дөңге көзіміз түсті. Ақсақалдан сұрастырған едік. Ол дөңді жергілікті халық «Қалмақ дөңі» деп атайды екен. Бұл турасында зерттеу жұмысымыздың нақты осы қорымдар туралы тоқталу барысында айтып өтпекпіз.

Қасына барып көргенімізде дөңнің айналасы қазылған, ертеде дөң биік болыпты. Халық жоңғар шапқыншылығы кезіндегі «қарауыл» деп келіпті. Дөңнен солтүстік-шығысқа қарай 200 метр жерде қорым бар екен. Қорым Қаратал ауылына 15 шақырым жерде орналасқан. Қорым Сілеті өзенінен сол жақ жағалауында 1 шақырым сайдың бойында орналасқан. Қорымға Сағынай деп атау берген себебіміз қорымның дәл қасында XVIII ғасырлардың ортасында өмір сүрген беделді Сағынай байдың зираты бар. Қорым негізінен 5-6 обадан тұрады. [2] Обалардың маңында қыш кірпіштер шашылып жатыр. Қаратай ақсақалдың айтуынша, бала кезінде бұл обалар биік болыпты. Біздің болжамы бойынша бұл дөң қорған болуы мүмкін. Қорғанның оңтүстік – батысында өзеннің бойында екінші қорған бар. Ертеде екінші қорғанның тұсында тас көпір болған екен. Қазір ол жерді қамыс пен ағаш басып кеткен. Біздің болжам бойынша бұл қорым, қорғандар ортағасырлардағы керуен сарайлары болуы мүмкін. Ол далалы Жібек жолының керуендерін бақылауға арналған болуы мүмкін. Өйткені Ақкөл-Жайылмада зерттеліп жатқан қорымнан арақашықтығы алыс емес. Сілеті өзенінің бойында табылған Ертіс ауданы, Сілеті ауылына қарайтын Қызылағаш ауылының жерінде Жазы төбесі бар.

Бұл жұмысты зерттеп, ізденіс жасауымыздың басты мақсаты – әр жас ұрпақ өз елінің, өлкесінің тарихын зерттеп- тану арқылы, яғни көпшілікке беймәлім тарихи маңызы бар, әрі шежіреге толы елді-мекендердің сырларын аша отырып, тұтастай бір қазақ ұлтының тарихына аз да болса өз үлесімізді қосу. Сонымен қатар, кең аудиторияда тыңдалған біздің жұмысымыздың болашағына ғалымдар тарапынан қызығушылық табылуына мүмкіндік туар деген ойымыз бар.



1 Атап өткеніміздей, ғылыми жұмыс барысында Ақмола облысынан бастап алып, «Сілеті теңізі көлі» деп аталтын көлге барып жоғалатын өзен тарихынан, оның бойын жайлаған ел-мекендер мен есімі көпшілікке бейтаныс, бірақ өз заманының белді де беделді тұлғалары жайлы сөз етпекпіз. Нақтырақ айтқанда, зерттеу жұмысымыз Қаратал ауылының табиғаты мен тарихи жер атаулары, елдің шежіресі жайлы болмақ. Жазық далада бұйығы жатқан әр тас пен талдың өзіндік тарихи маңызы зор болмақ. Сонымен қатар, Қаратал ауылының топырағынан нәр алған тұлғалардың өмірі жайлы деректер мен олардың ел арасына тараған баға жетпес құнды мұраларын жинақтауға арналған. Аталған өзен бүгін бас қосып отырған Астана қаласының тұсынан бастау алады. Дегенмен, біз жобамыздың негізгі мақсаты жоғарыда айтып өткеніміздей өлке тарихы мен есімі ел ішінде айтылғанмен көп жағдайда көпшілік қауымға беймәлім тұлғалар жайлы айтып өтсек деймін.

2 Жұмысымыздың негізгі тарауында Сілеті өзенін осы күнге дейін мекен етіп, өзеннің суы тартылып жатса да сәнін кетірмей отырған Қаратал ауылы маңындағы тарихи жәдігерлер мен шежірелер жайлы айтып өттік. Бұл тарауда бізге есімдері беймәлім болғанымен өз заманында ерлігімен, зерделілігімен ел бірлігін сақтап, жаудың қолынан білегімен, даудың аузынан сөз шеберлігімен жұртын сақтап қалған тұлғалардың есімдерін елге, жас ұрпаққа мәлім ету, дуалы ауызды ақсақалдардың шежірелі сырларын жас ұрпаққа жеткізу, бүгінгі жаһандану заманында тарих беттерінің жаңа тұстарын ашуға ұмтылыс жасау болып табылады.

Қазіргі таңда білім жүйесін дамыту еліміздің әлеуметтік экономикалық даму перспектикасына сәйкес, оның әлемдік білім беру кеңістігіне ерекшеліктерімен енуді талап етеді.

Зерттеу барысында Сілеті өлкесінің тарихының ашылмаған сырлары көп екенін байқадық. Қазіргі таңда Қызыл оба қорымына Павлодар педагогикалық университетінің археолог ғалымы Смагулов Тимур Нурланович қазба жұмыстарын жүргізіп аяқтауға таяу қалды. Сонымен қатар Сілеті, Қаратал өңірінде Тимур Нурланович айтуынша Қызыл оба мен Сағынайдың сырлы тамынан басқа 15-ке таяу қорымдар бар екен. Осы зерттеу қазақ халқын, оның тарихына қосымша материалдар қосып, ежелгі уақыттағы халқымның өмірімен танысып, жаңа жаңалықтар ашу. Бұл тақырыпты таңдау себебіміз Қазақстанның зерттелмеген жерін зерттеп, өзгелерге таныстыру. Осылайша туған топырақ тарихына тағзым ету.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан ұлттық энциклопедия. Бас ред. Б. Аяған. – Алматы 8 том «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы Алматы, 2006. -704 2. Жеріңнің аты еліңнің хаты энциклопедиялық анықтамалық «АРУНА» баспасы Алматы, 2006

2 Жер – су атаулары (этимологиялық анықтамалық) Телғожа Жанұзақ Өнер баспасы Алматы, 2011.

**2 секция. Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп ілімдерінің үндестігі және қоғамның рухани дамуындағы орны**  
**2 секция. Значимость учений Абая, Шакарима, Машхур Жусипа для духовного развития общества**

### **М. Ж. КӨПЕЕВТІҢ ҒЫЛЫМ-БІЛІМ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСЫ**

АДУОВА А. Т.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Нығыманов атындағы ЖОББМ,  
 Ақтоғай ауданы

Есімі алты Алашқа мәлім Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – әлем педагогикасының мектебі, құнды қазынасы Шығыс поэзиясының пәлсапа табиғатымен, заңдылығымен жете таныс болған, одан күш-қуат алған, сөйте тұра ұлттық педагогикамыздың менталитетіндеерекшеізі, айрықша қол таңбасы қалған тәлімгер. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының терең мазмұнды, жарқын формадағы шығармалары бүгін де біздің тұрмысымыздың ең зәру мәселелерін ұғынуға ықпалын тигізіп жәнеоның мәнін түсінуге талпынудаадам рухы қуатының бой жетпес шыңы болып табылады. Бізді бүгін жастардың рухани, адамгершілік, ізгілік тәрбиесінің күрделі мәселелерімазаламай тұрмайды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазіргі кезеңдегіадамғаайтары көп. Қазіргі күрделі кезеңде қоғамға өнегелік, үлгілік үлкен қадамдар жасау үшін мұғалімге де, оқушыларға да моральды тазару жәнәрухани қанығу керек. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларына үнілсек, өз өзімізді, өз әлпетімізді, өз мәселелеріміздіайнаға қараған сияқты тауып көреаламыз, ағартушының педагогикалық көзқарастарынан адамға ықпалы бар көкейтестікені күмәнсіз.

Балаларға тек дін сабағын үйретіп қоймай, оларды халық ауыз әдебиетіне, музыкасына, қолөнеріне бейім тұратындай жан-жақты тәрбиелейді. Балалардың әр нәрсеге зерсала білуін, ойланасөйлеп, байыпты да тындырымды болуын қадағалайды. Ол өз шәкірттеріне қалай тәрбие берді, оларды қалай оқытты, бұл жайында жазған ой-толғаныстарының ақынның«Ғылым-білім» деп аталатын еңбегінде жан-жақты айтылып, тереңталданыпты: «Ақымақтың тізгіні – құлағы! Ғақылдың тізгіні – көңілі.

Ақымақ не нәрсеніестісе, естігеніне қанағат қылады. Қатықтай қатып, сүттей ұйып жүре береді. Ғақылды не нәрсеніестісе, естуіне қанағат қылмайды, ғақылынасалып, көңіліне дауалауына тоқтайды»

деп, жас буынды сәрбіістің сыртына қызықпай, сырына, тереніне, ішкіастарына үніле бойлауға үйретеді. Мәшһүр-Жүсіп қыруар өлеңдерін оқып, ғибрат ала білген жан. Сонда ғана өнер мен білімнің таусылмасдария екеніне көз жеткізесің.М.Ж.Көпеевтің бұл ойы қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбаевтың 32-қарасөзіндегі мынасөздермен сәйкес келеді. «Білім – ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуел білмек керек... Әуел – білім-ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесіне де керек болареді деп іздемекке керек... Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек... Үшінші – хақиқатқа тырысып иждиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айырылма! Төртінші – білім-ғылымды көбейтугеекі қару барадамның ішінде: бірі – мұлахаза, екінші – мұхафаза. Бесінші – осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. содан қашық болу керек...» [ 4, 68].

М. Ж. Көпеев өз өлеңдерінде өнердің алды ғылым-білім екенін былайша толғайды:

Жігіттер, «өнералды-ғылым-білім»-

Деген жан, құлағын сал Ислам дінін [2, 107].

Не нәрсе парыз болса, ғылым-парыз,

Ғылым білсең өтелер қанша қарыз.

Дін үйрен, ғылым ізден, болмасаң көр,

Қаншайтқанмен, ғылымсыз жоқ саған төр! [2, 115]

Жасымнан мен ғылымды қылдым талап,

Жұрт алған бір басымды көпке балап [2, 119].

Ғылымсыз жақсы мінез де, жақсы адам да болуы мүмкін емес. Адам адамдыққа талпынатын болса, алдымен білім үйренуге ұмтылуы керек. Білімсіз тапқан бақтың да, дәулеттің де ұзаққа бармайтыны белгілі. Адамға қазына – дәулет жолдас болмайды, ғылым ғана мәңгі өмірсерік. Өнерді үйрену үшін деалдымен білім керек. Білімсіз бірде – бірісің ілгері баспайды. Ақын осылай толғамды ойларын ортағасалаотырып, былайша қорытады: «Кел, қарындастар, ғазиз ғұмырымызды босорынғасарып қылмай, адам болуға тырысайық. Не табылса да, ғылым – білімнен табылады. Бұрынғы өткен жақсыларайтқан: «адамшылық сөз сөйледім, сақал мен жанның бар болғаны үшін емес, тоты құс тасөйлейді, текеде десақал бар. Есектеде жан бар. Өзінен басқаға пайда тигізуші болса, жат ағайынға бәріне бірдей пайдалы кісі болса, адам сол. Дәнемеге пайдасы жоқ, бостан босқаауызын ашып аңқитып жүретіндер көп болады. Жаман адам жанғаортақ деп сондайды айтады».

Бұғыбайбасшы айтқандай: «мен жауынды шауып беруші емес, жауға барар жолды тауып беруші» деп, мен ғылымды білдіруші емес, білемін деп талап қылушыға білетұғын, үйренетұғын жол бар екен. Үәликин өзі тауып алу үшін айтып жатырмын» деп, ғылым үйрену үшін үлкен талап пен қажырлы жігердің қажет екенін айтады. Егер адам бойында бұл екеуігіз қатар болмаса, онда қаншалық оқығаныңмен ғылым – білім бойыңа жұғуы екі талай екен. Ал жалғыз талап пен жігер де аздық етеді, бұл екеуі «тас қияға өрлеу» жолындағы баспалдақ қана. Сол баспалдақпен көтерілу үшін үздіге жақсы көрген мейірім мен ынта керек. Күндіз – түні ойлағанын бір ғана ғылым болуы ләзім. Онсыз бір асуынан асқаныңмен, мың асуы сеніңгері бастырмайды. Сіздің барлық ой, санаңыз да, арман – үмітіңіз де ғылым болсын. Ғылыммен таныстап, ғылыммен тірлік кешіңіз. Егер де осы айтылғандардың біреуісәл кемшін соқса, онда негізгі мақсат жолына жетуің мүмкін емес дейді.

Балалар, жалқау болмай оқы сабақ,  
Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ.  
Айырылса оқу оқып, білгенінен,  
Біз оны деп айтамыз: «арамтамақ!»  
Балалар, жалқау болма, шабан тартып,  
Ілгері ұмтыла бас, күн – күн артып,  
Арқаны кедейліктің – еріншектік  
Желкеннен жібермейді мықтап тартып.  
Мал көзде, ертеңді – кеш ұйқыңды бөл,  
Кім жұмсаса ұшып жүр, қайтарма тіл.  
Басы білгіш елгезекке кедейлік жоқ,  
Кежірлік кедейліктің ортасы бол [2, 194].

М. Ж. Көпеев әуел баста баланы оқуға, білімге беруді насихаттаған. Ғылымның бойға көрік, жарлығы мал екенін «Нәпсіндіатқа мінгізбе» өлеңінде де жақсы айтқан.

Ғылым біл, жұмыс істе, – оған серік  
Жарлығы мал, бұл ғылым бойға көрік  
Ғылым, білім, өнерсіз, қадірсізді,  
Өлік біл, оны жан деп білме тірі [2, 201].

М. Ж. Көпеевтің ғылым-білім туралы жазған өлеңдері ақын Абайдың өлеңдерімен үндес, тақырыптас, мағыналас келеді. Абай да балалықты қиып, ғылымға бетбұруды насихаттайды

Ғылым болмай немене,  
Балалықты қисаңыз?  
Болмасаң да ұқсап бақ

Бір ғалымды көрсеніз.  
Ондай болмақ қайда деп  
Айтпа ғылым сүйсеніз  
Дүние де өзі, мал да өзі,  
Ғылымға көңіл бөлсеңіз [1, 31].

– деп ұлы Абай да ғылымға ертерек көңіл бөлуді, жастық шақта ғылым мен білімді ақытында меңгеріп, ертең өкініште қалмауды «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңінде орынды көрсеткен.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім,  
Ержеткен соң түспеді ұшысыма  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім [1, 10].  
Қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, жаңашыл педагог, жастарды ғылым – білімге шақыруда:

«Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықылас пен тоқылық!  
Оқысаңыз, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.  
Тілегенің алдыңнан  
Іздемей – ақ табылар.  
Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықылас пен тоқылық  
Мал дәулеттің байлығы  
Бір жұтасаң жоқ болар,  
Оқымыстың байлығы  
Күннен – күнге көп болар,  
Еш жұтамақ жоқ болар.  
Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықылас пен тоқылық [5, 3],

– деген қазақтың тұңғыш ағартушы ұстаздарының бірі Ыбырай Алтынсарин де жастарды ғылым-білімге шақыруды қазақ балаларына басқадан кем болмай, білім алып терезесі тең болуына үлкен үлес қосқан, Мәшһүр Жүсіп Көпеев осы ағартушылардың жолын қуып, жастарды ғылым- білімге қазақ балаларының жетілуіне үлес қосқан.

М. Ж. Көпеев жастарды ғылым-білімге шақыруды өлең гана жазып қойған жоқ, ағартушылық-педагогикалық бағытта өз көзқарасын білдірген. Ыбырайдай балаоқытып ұстаз бола біліп, өз ойларын айқын жеткізіп отырған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қоршаған әлемді танып білуге, ғылымды игеруге ұмтылған адам ретінде өнеге көрсетті. Ол ұзақ та қиын өздігінен білім алу жолын кешті, өмір бойы шығыс, орыс ғылымы мен мәдениетін зерттеді. Ағартушы білімді байлық, атақ, мансаптан жоғары қойды. Оның алға қойған мақсаты – ел-жұртының жаман мінез-құлықтардан арылып, адал еңбек етіп, кәсіп пен өнердің түрлерін үйреніп, білім-ғылым жолына түсуін, заман ағымына ілесіп, уақыт көшінен қалмауы еді.

Қорыта келеайтарымыз: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қоғамның дамуының бірден-бір көзі – ағартушісі, білім мен ғылымның дамуы деп біледі. Ағартушының көзқарасынан біздер бүгінгі таңдағы педагогика ғылымының саласының бірі әлеуметтік педагогикаға қатысты ғылым-білім мәселелері көтергендігіне де көз жеткіздік.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Көпеев М.Ж. Таңдамалы. I том.-А. Ғылым, 1990.
- 2 Көпеев М.Ж. Таңдамалы. II том.-А. Ғылым, 1992.
- 3 Қасқабасаов С.А. Қазақтың халық прозасы. А., Ғылым, 1984.
- 4 Мұқанов С. Абайдың шәкірттері туралы. // Абай, 4, 1992, 57-70 б.
- 5 Әбілев Д. Мәшһүр-Жүсіп. // Жұлдыз, 12, 1992, 116-129 б.

### АБАЙ МЕН МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ТОЛЫҚ АДАМ» БЕЙНЕСІ

БАҚБАЕВА З. С.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Өзектілігі: Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы және «Рухани жаңғыру» мақаласында негізгі аспект ретінде қарастырылып, еліміздің рухани дамуына үлес қосу міндеті қойылды. Осыған орай қазақ поэзиясында өз шығармаларында ұлттық рух пен сананы жырлаған ұлы тұлғалар Абай мен Мәшһүр Жүсіп шығармаларының бүгінгі күндегі маңыздылығын арттырады.

Жаңашылдығы: Абай мен Мәшһүрдің «толық адам» концепциясы Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жалғасын тапты. Рухани жағынан бай адам ұлттық

бірегейлік пен ұлттық кодты сақтаған, санасы ашық, білімді, ұлтының патриотын»- қалыптастыруымыз керек деп атап көрсетті.

Ғылыми болжамы: Қазіргі жастар «толық адам» бейнесі арқылы рухани жаңғырады. Әдебиетке деген қызығушылықты артады.

«Толық адам» ұғымы нені білдіреді? Нәліктен әр кезеңдегі ойшылдар адам атының сақталып қалуы үшін толыққанды адам болудың жолдарын іздестірген? Олар не дейді?

Толық адам – ақыл ойы толысқан кісі. Діни ілімде кемел адам деп те аталады, кісілікке жат қылықтардан өбден, толықтай арылып тазарған, ішкі жан-дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған адам. Ол - адасқандар үшін темірқазықтай жол көрсетуші, жолда қалғандар үшін - көпір, үміті үзілгендер үшін – ашылар есік. Сондықтан, ойшылдар бұл ұғымға түсінік беріп қана қоймай, оған жетудің түрлі жолдарын қарастырған және сан алуан пікірлер қалдырған. Бірі «толық адамға» жетудің лайықты дұрыс жолы бар екеніне сеніп, үміттенсе, енді кейбірі адам бойынан қаншама сұмдықтарды көріп қорықып, бұл мүмкін емес деді.

Абай болса өзіне дейінгі Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи және Жалаладдин Румидің «толық адам» жайлы ой-пікірлерін әділет пен ақылдың сын таразысына сала отыра, тұжырымдар жасады.

VIII-IX ғасырдың ұлы ғұламасы, Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» ұғымдарына түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес [1, б.289]», – деп, жүрекке шешуші мән беруі – Абай негізін қалаған «толық адам» ілімінің түп төркіні қайда жатқандығын білдіретін құнды дерек көздеріне жатады.

Абайдағы «толық адам» туралы ойдың бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» (1986 ж.) өлеңінен бастау алып, «Адам болам десеңіз» деген тезисі негізінде ары қарай желілеп таратылып, жыл өткен сайын күрделене түсуде. «Толық адамның» тұлға бойын толтырар ізгі қасиеттер «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айқын көрсетілген:

Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз.  
Тілеуің, өмірің алдында,  
Оған қайғы жесеңіз.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер малшашпақ  
– Бес дұшпаның білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой  
– Бес асыл іс, көнсеңіз [2, 66-67 б.].

Абай атаған бес қасиет негізінен толыққанды үш қасиетті кұрайды: талап пен еңбек – қайратты танытса, терең ойыңыз – ақыл, ал қанағат пен рақым – жүректен туатын қасиеттер. Адам бойындағы осы үш қасиетті ақын Абай «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде:

Үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [2, 218б.], – деп нақтылай түседі. «Ыстық қайрат» – бұл үнемі ізденіс үстінде болу, тек қана алға ұмтылу, жасампаз болу. «Нұрлы ақыл» – елге сөуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, алла берген ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал, «жылы жүрек» – иманды, иман жүзді болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толымды адам деген мәртебеге ие болуға болады. Ол туралы толығырақ «Он жетінші» қарасөзінде:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек [2, 119 б.], – дейді.

Абайдың «толық адамы» Мәшһүр Жүсіптің «толық адамына» сай келеді. Оның да бойында ізгі қасиеттер жиналып, ол да жақсылық нұрын шашып тұр. Мұндай тұлғаны біз Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің діни мистика айналасында жазылған шығармаларынан кездестіре аламыз. Бұл шығармаларында нәпсіні тәрбиелеу мәселесі діндар Мәшһүр Жүсіптің негізгі тақырыбына айналған. «Нәпсінді атқа мінгізбе» өлеңінде:

Бір іске өкінбейін деп ойласаң,  
Нәпсіннің достық айтқан алма тілін.  
Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,  
Міне қалса жортқызып, желгізбей бақ.  
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,

Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ [3, 93 б.], – деп нәпсіні тыюға, құмарлық ноктасында кетпеуге шақырады. Нәпсіні тыю үшін ерік, ақыл, ар, таза жүрек, сенім, ерлік керек.

Ал бұл қасиеттер «толық адам» бойындағы қасиеттерге сәйкес келеді. Мәшһүр Жүсіптің «толық адамы» Абайдың «толық

адамына» қарағанда анық көрінбеуі мүмкін. Бірақ бұл оның жоқтығын білдірмейді. Оның шығармаларында адамның ішкі дүниесіндегі (өз-өзімен) соғысы жайлы сөз болады. Құмарлыққа берілмей, дұрыс жолдан сүрінбей алға ұмтылу - «толық адам» атану кезеңдерінің бірі.

Мәшһүр «Адам мен жұлдыздар ара қатынасы» еңбегінде: «Бір денеде екі жан болмақшы емес, бір-ақ жан. Миға барғаны ақыл атанды, бауырға барғаны қан аталды. Жүректің өзінде тұрып қалғаны көңіл аталды. Ақыл, сезім, қайрат, жігер – көңілдің жұмысы. Өзге дене қара бұқара жалпақ, жұрт сықылды. Көңіл – бәрінің үстінен қарап билейтұғын патшасы [4, 3 б.],» – деген еді. Оның бұл ойы Абайдың «Он жетінші» қарасөзінде жүректі басты орынға қоюмен дәлме-дәл келеді. (Себебі көңіл жүректен шығады деп ақын нақты көрсетеді.)

Қазіргі таңда «толық адам» бейнесі маңызды рөл атқарады. Бүгінгі күні адамзат қоғамының дертіне айналған ұлтшылдық, ксенофобия, нәсілшілдік, фашизм, діни антагонизм, клерекализм ғаламдық мәселелер болып табылады. Оны шешуде «толық адамның» ілімінің алар жолы ерекше. Қайткенімен, толық адам дегеніміз ақылды, ой-парасаты биік, халқын қадірлейтін адам емес пе? Ондай адам қазақты қайранда қалдырмайды. Мемлекетіміз моральдық кодексін жасай қалса, оның іргетасы Абай ілімі болар. Егерде баршамыз «толық адам» ілімін сақтай отырсақ, бүгінгі таңда әлемде соғыс сияқты мәселелерден арылар ма едік?

Екі ақын үшін де дүниенің басты құндылығы – адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген «толық адам». Абай ұсынған «толық адам» концепциясы Тұңғыш Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жалғасын тапты. Онда «Рухани жағынан бай адам ұлттық бірегейлік пен ұлттық кодты сақтаған, санасы ашық, білімді, ұлтының патриотын қалыптастыруымыз керек» деп атап көрсетілген.

Білімді, сауатты адамдар – ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Бұл туралы Абай атамыз: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі бекер» деп өсиет қалдырған болатын.

Мәшһүр Жүсіп пен Абайды оқи отыра рухани жаңғырып, қазіргі ХХІ ғасырдың «толық адамы» бола білейік. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтып кеткендей: «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету

үшін де, кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек». Өткенді зерттей отыра, көптеген жаңа белестерге қадам жасай берейік!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы : «Ғылым», 1975. – 419 б.
- 2 Абай Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп. . . : Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Раритет», 2008. – 384б.
- 3 М. Ж. Көпеев Таңдамалы. Екі томдық. 1-т.- Алматы: Ғылым, 1990.- 273б.
- 4 Білік Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Адам мен жұлдыздар ара қатынасы» еңбегі туралы // Білік, 3 б.С., 2018. – Қыркүйек.

### ЗНАЧИМОСТЬ УЧЕНИЙ АБАЯ, ШАКАРИМА, МАШХУРЖУСИПА ДЛЯ ДУХОВНОГО РАЗВИТИЯ ОБЩЕСТВА

ЖАБАЕВА С. М.

учитель казахского языка и литературы, СОШ № 10, г. Экибастуз

Духовные ценности в цивилизованном обществе пользуется особым вниманием и большей степенью зарисовывает отличительные черты модернизации общественного сознания. С духовными ценностями соединяют интеллектуальную жизнь, накопленные знания, нравственные принципы, уважение к старшим и художественные произведения. Читая книги, человек начинает осмысливать и размышлять о прошлом, позволяя читателям представить, как жили их предки и другие люди, как страна, в которой они живут, стала тем, чем она является сегодня. Литература является главной основой любого общества, носителем новых идей.

Глубокое проникновение в творчество великих казахских мыслителей показывает, что несмотря на динамичное развитие современного казахстанского общества, интернационализации и глобализации, наследие Абая Кунунбаева, Шакарима Кудайбердиева, Машхур Жусипа Копеева не теряют своего значения, являясь духовным стержнем новейших преобразований и перспектив развития современного общества.

Прогрессивные тенденции, наблюдавшиеся в развитии казахской литературы XIX века, подготовили великий переворот, совершенный основоположником новой казахской литературы Абаем.

Из богатого наследия Абая, поэта и просветителя, для нас самыми ценными являются его прогрессивные идеи, устремленные в последующие и исполненные решительно не переставая призывать народ к свету, знаниям. Эти помысли вылились уникальную концепцию интеллектуального воспитания юного поколения. Абай упорно думал об идеале необычного человека – деятеля разума и просвещения, сторонника труда и науки, защитником слабых и бесправных [1, с. 158].

Поэт заявлял: «Лишь знаньем жив человек, Лишь знаньем движется век! Лишь знаньем – светоч сердец!»

«Пока не знаешь – молчи»  
Пока не знаешь – молчи  
Пока блуждаешь – молчи  
В бесцельных днях и в ночи  
Пустых забав не ищи.  
Чтоб человеком ты был  
И вровень с веком ты был,  
Ты пятерых побори  
И пятерых избери.  
Злословье, ложь, хвастовство,  
Безделье и мотовство -  
Вот пять врагов твоих, знай.  
А разум и доброта,  
Упорство, скромность и труд –  
Вот пять друзей, согласись,  
Увидев зло – отвернись,  
К беде пороки ведут  
Добро увидев – о нем  
Ты помни ночью и днем.  
Коль с детства книги читать –  
Ученым сможешь ты стать  
Не унывай, малOVER!  
Бери с великих пример.  
Не говори: « Я не тот!»,  
Учись и знанье придет.  
1886 Перевод: М. Петровых

В этом стихотворении «Пока не знаешь – молчи» автор уделяет большое внимание к молодым. В своем обращении Абай дает понять о значении науки и ее роли в человеческом обществе. Поэт призывает чему должна стремиться и от чего убегать. Разум,

доброта, упорство, скромность и труд – вот пять добрых дел, о которых надо всегда помнить.

Поэт остерегает молодых от таких качеств, как хвостовство, лень, мотовство. От пагубных пороков надо избегать и давать отпор. Молодое поколение для духовного развития должен избирать путь науки, которая сложная, но интересная. Чтобы добиться успехов надо быть целеустремленным, прививать с детства любовь к труду, к знаниям.

Разноречивая проза Абая имеет важные аналогии с его поэзией. В составе «Слова назидания» мы изучаем критику феодально – патриархального общества, идеи о достоинствах людей и личности, о значении трудолюбия и интеллекта, о развитии человека, о важности образования и культуры для формирования общества. «Слова» выявляют образы мыслей философа на наиболее значимые проблемы.

Абай в своих беседах – рассуждении переживает за судьбу своего народа. Он считал причину прогресса, успехов и достижений в области экономики и культуры он видит в честном труде на благо народа и родины. В Слово сорок третье (43) мыслитель дает наставление о том, что все на свете имеет свою меру, Абай предупреждает, что надо уметь думать и стараться не запутываться в мыслях и не терять здравый рассудок во всех отношениях. Быть осторожным в своих действиях: ведении хозяйства, приобретенном знании. Самое главное подчеркивает поэт – сила души, которую надо беречь в себе и не быть обманутым [1, с. 230].

Таким образом, благодаря величю поэтического таланта Абая, его поистине колоссальной просветительской работе и особенностям его окружения, окрестности Чингисских гор во второй половине XIX века превращаются в духовный центр Казахстана. Среди литераторов, окружавших Абая, наиболее плодотворно трудился Шакарим Кудайбердиев.

В самом начале своего творческого пути Шакарим создал новаторские по форме произведения, в которых воспевал любовь, женскую красоту, радость молодости, картины прекрасной природы. В произведениях Шакарима дано правдивое изображение жизни старого казахского аула. Написанные им на основе народных легенд о судьбе несчастных влюбленных поэмы «Енлик – Кебек», «Калкаман – Мамыр», полные глубоких чувств, обвиняют жестокие законы старых обычаев [1, с. 20].

В поэме «Енлик – Кебек» тяжбы за землю между Матай и Тобыкты, спор вдов, чаяние народа и молодые становятся жертвами патриархального строя. Поэт осуждает пороки казахского общества, раздираемого межродовой борьбой, распрями.

В произведении сюжета Енлик–Кебек Шакарим Кудайбердиев в основу берет любовь молодых, которая заканчивается трагедией и связывает события общественно-социальным неравенством. С большим мастерством поэт передает душевное переживание Енлик. Девушка была сосватана за старика, который не обращает внимание на свой внешний вид, бездумно живущий одним днем. Енлик влюбляется в молодого Кебек и решается на смелый поступок, убегает с любимым. Девушка понимает, что обрекает на месть себя со стороны общества, но чувства взяли верх над разумом. Аул Енлик, были оскорблены побегом девушки и начали мстить роду юноши. Старейшины обратились к бия Кенгирбай. Славившийся своей жестокостью Кенгирбай би дает указание, казнить молодых. Через свое произведение Шакарим борется со старым строем против несправедливости и жестокости. Он через свои труды ищет пути истины. Главные темы его произведения – свобода личности, моральность, духовное развитие.

Распространением знаний духовной и нравственной культуры своего народа были мыслители Абай Кунанбаев. Шакарим Кудайбердиев и Машхур Жусуп Копеев.

Богатейшее наследие оставили в отрасли социальной, гражданской, пейзажной лирики. Благодаря упорству и незаурядными способностями как ученый Копеев оставил духовное наследие, которое занимает 30 томов. В течение всей жизни Машхур описывает историю великой степи, составлял родословные (шежире), написаны от достоверных источников. Поэт собирал в различных формах фольклор, эпосы и легенды батырах о народной мудрости. Он в 1865 году записал эпос «Ер Олжабай батыр». В 1917 году в городе Казань вышли свет произведения «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал – ахуал» в этих сочинениях поднимает актуальные проблемы как открыть школы и медресе, дать свободу казахскому народу и о свободе слово.

В труде «Сарыарқаның кімдікі екендігі» отражаются события в результате колониальной политики, животноводство сократилось, а провокации в стране получили более широкое распространение. Он также упоминает о происхождении названий земли и воды и предупреждает, что земля досталась нам в наследство от наших предков. «Эта земля не осталась без властителя. Каракерей Кабанбай, Канжигалы Богенбай, Казыбек би острием копья уничтожали врагов

и добивались побед, смелыми героями славится земля», – сказал. Машхур Жусуп. Описывает историю происхождения священной земли Сарыарка.

История Сарыарки свидетельствует о героических подвигах батыров, о святой и необъятной земле, о реках.

Описывает реки: на западе – Сырдария, на востоке – протекает длинная река – Иртыш, на юге – река Жетысу, на севере Едиль и Жаиык.

Машхур свидетельствует о том, как были связаны исторические события с названиями местности:

«Перевал Жасыбая» – земля где погиб Жасыбай батыр на войне с калмыками «Перевал Жалантос» – зимовье Олжабай батыра в эпоху калмыков «озеро Шойынды» – местность где калмыки оставили посуду, когда убегали от врагов «Баянаул» – родная земля единственной дочери Сарыбая – Баян, поэтому называется «Баянаул» «Каркаралы – Казылык» – названия местности где уронили – остроконечный женский головной убор.

Таким образом Машхур Жусуп Копеев доказывает, что название рек и озёр тесно связано с историей. Творчество поэта многообразно, нравоучительные, крылатые слова, сказки, виды айтысов воспитывает молодое поколение быть полезным для своего общества.

Созидательная деятельность Абая, Машхур Жусупа, Шакарима проходила в трудное время для казахской степи, на рубеже беспокойных исторических событий, несмотря на все запреты поэты смогли передать через свои произведения социальное, экономическое обстоятельство страны и настрой общества.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Турдыбай Калдыбаев Абаеведение. (конспект лекций) Арыс, 2012
- 2 Поэты пяти веков. Казахская поэзия XV-начала XX веков. «Жазушы», 1993
- 3 Хрестоматия по казахской литературе. Том 1 Издательский центр «Взгляд», 2001

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ҰЛТШЫЛДЫҚ ПЕН ПАРАСАТТЫЛЫҚТЫҢ РУХАНИЯТТЫҚ ДІҢГЕГІ

ЗЕЙНУЛИНА А. Ф.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ТАШЕКОВА А. Т.

п.ғ.м., аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Бағзы заманнан бері әрбір халықтың мәдени ұлттық құндылықтары қалыптасқан. Қазақ Елінің тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ұрпақ тәрбиелеу мәселесі ұлттық құндылықтармен ерекшеленген. Иә, уақыт ілгері қадам басқан сайын технология дамып, ғылым-білімде тың жаңалықтар әлемді шарлап, экономикалық-саяси, мәдени құндылықтар өзгеріске ұшырап жатқаны да жасырын емес.

Десек те, халқымыздың заманауи ұлттық құндылықтары ежелгі ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыппен астасып жатыр. Осы орайда батыс мәдениетінде рационалды ғылым, шығыста жантану ілімі өмір сүрудің басты қағидасы болса, Қазақтың Ұлы Даласында рухани адамгершілік құндылықтары ұлттық тәлім-тәрбиемен тығыз байланысты.

Ұлттық тәлім-тәрбиені меңзегенде еліміздің соңғы 30 жылындағы жастардың х, у және z ұрпақтары деп бөлінетіндігінен хабардармыз. Олардың ақпарат құралдарымен қоян-қолтық байланыстығы емін-еркін өсуіне септігін тигізуде. Бірақ тәуелсіздік алғаннан кейінгі жас ұрпақтың алды жеті атадан аспай некелесу, ілім-білімді тереннен меңгеру, үлкенді сыйлау секілді ата-бабадан қалған дәстүрлерді ұлттық заманауи құндылықтармен жалғастырып келеді.

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. [1,6 15]. Сол құндылықтардың арқасында біз өзіміздің халықтық қалпымызды сақтап, әлемге танылып отырмыз. Сондықтан да кешеден бүгінге сол құндылықтарымыз қалай жетті, ертеңгі күнге жеткізе аламыз ба деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Ұлттық болмыс, оны дәріптеу отбасынан, ошақ қасынан басталады. Отбасы – тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін ардақтауға, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиеленсек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде сол құндылықтарды дәріптейміз. Әкесі мен баласы, қызы мен анасы, бозбала мен



бойжеткен арасындағы жарасты қарым-қатынас отбасындағы ұлттық дәстүрді берік ұстанудың бір жолы. Халқымыз ұлын-нарға, қызын арға балап, татулықты абысындар арасынан тапқан, жігіттің бойынан елге қорған боларлық батырлық қасиетті іздеген. Осындай тәрбие арқылы құндылықтарды қалыптастырған.

Ұрпағын елжанды, ұлтының ұлылығын ұлықтайтын азамат етіп тәрбиелеуде ана тілінің нәрімен сусындатып, жүрегіне ізгіліктің дәнін сепкен. Ана сүтімен бойымызға дарыған тілді шұбарламай, таза күйінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Елге қалтқысыз қызмет етуді ойлаған асыл ерлеріміз жеке басының мүддесінен халық мүддесін жоғары қойған. Негізгі ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу балада Отанға деген сүйіспеншілікті ғана емес, сонымен бірге өз елінің және халқының тарихи және мәдени мұрасын құрметтеуді ұмытпаған жөн.

Қазақ халқы айтарлықтай тарихи және мәдени мұраға бай. Бүгінгі таңда Қазақстанның ішкі және сыртқы экономикасы шығыс және батыс мемлекеттерімен тығыз байланыста, осының нәтижесінде қазақ халқы өзінің мәдениетін барынша паш етті десекте болады. Қазақ халқының мәдениеті сонау көшпенділерден бастау алатын салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, адамгершілік құндылықтарымызды болашақ ұрпаққа үлкен мұра етіп қалдырды. Сондықтан қазақ халқы қоғамында мәдениетіміз мәңгілік өмір сүруге ұмтылады. Қазіргі қайта жандану таңында жастардың мойнына үлкен міндет артылады. Қазіргі қоғамда жастардың діни-танымдық және айналы таны-қабылдауында еңбек құндылығы тұрғысынан плюрализмдік сипат басым.

Бүгінгі жастар үшін әуелі білім, өзін-өзі табу әрі дамыту, саяхаттау, отбасылық құндылықтарға жауаптылық және индивидтік миссиясын алып шығу приоритеттері алдыңғы шепте. Бұрын көзбояушылық сипаты басым сәнді киіну, бос селтең жүріс, бағалы заттық бұйымдарын мақтан ету әрекеттері қазіргі таңда параметрлік қасиетінен айырылып, олардың орнын тұлғалық жетістіктер, қабілет-өнері, рухани интеллектуалдық бәсеке ауыстырды.

Сырттағы адам ресурсын ынталандыру арқылы ел игілігіне жұмылдыру – өзекті мәселе. Өз болмысына сырттай сыни көзбен бағалай алатын, өркениетті қоғамдардың өмір сүру принциптері мен демократиялық құндылықтарының жүзеге асу моделімен таныс «self-made» авангардтарының өз елін жақсы жағына қарай өзгертуге талпынысы құптарлық ой деп ойлаймыз. Дегенмен, ең бастысы, әр ұрпағымыздың жүрегінде ұлтжандылық қуаты мықты болуы қажет.

Ұлттық құндылықтың асқан биігі – «ұят болады» деген сөзде. Бәрімізге үлкен кісілер «ер адамның жолын кеспе, тамақты әуелі үлкендер бастасын, екі қолдап амандас, көп күліп, көп сөйлеме» сынды көптеген тиым салып, бәріне ұят болады деп бізге дұрыс жолды нұсқаған. Расыменде, ұят бар жерде мәдениет пен адамилық қасиет сақталынып қалары анық. Қазақ халқының өзге ұлттардан айыраамашылы – тектілігінде. Қанының тазалығында. Яғни, жеті атадан аспай қыз алыспау. Бұл ұлтты сақтап қалудағы басты фактор. Осы арқылы біз қанымыздың тазалығына мән береміз. «Жеті атасын білу» бұл болашақ жастардың өз бойында шежіреген және ата - бабаларына деген құрмет пен ізеттілікті білдірері анық.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізі ғасырлар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен моралдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды.

Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасты. Сол сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің негіздерін бір арнаға түсіріп тәрбие мәселесінде пайдалану бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік деп білеміз.

Ұлттық отаншылдықты қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Осы жерде қазақ халқының ұлы ақыны, ғалым М. Жұмабаевтың мына сөзі ойға оралады: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақпақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті». Бала тәрбиесінің ұлттық сипатта болуына ерекше мән беру керектігін атап өтеді. Ал ұлттық сипат – сол ұлт тарихының таңбасы.

Ал Шәкәрім Құдайбердіұлы адамның тәрбиесі сипатында «Арсыз, арам айланы тастасалық, Адал іске талаппен бастасалық»,

«Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп, жаны үшін адамшылық ар сақтайды», «Талаптан адал істі істемекпіз, Тапсырдық бір Аллаһқа біз демекпіз», «Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар, Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек», «Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп, Таза ақыл косылса, Әлемнің таласын», «Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек, – Бұл төртеуін кім кылса, шын адам сол», – деп пайымдаған екен. Яғни, Абайды пірім, ұстазым, жолбастарым деп санаған Шәкәрім данамыз тәрбиенің қайнар қуатына осындай анықтама түйген екен.

Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады.

Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Амангелді Айталы «Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын қастерлеу – ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады» - деп келтіреді. «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қайтып алмақ» – деген тұжырым жасаған қазақ халқының ұлы ақыны ғалым М. Жұмабаев. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастан ұлт құндылықтарына сүйене отырып тәрбие жүргізу керек. Тәрбие ісі – мемлекеттік іс. Өйткені бүгінгі дұрыс тәрбие – болашақтағы жақсы елдікті танытар азаматтардың өсетінін танытады. Сол себептен де ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс [6, б. 125].

Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. Ұлттық сезім мен ұлттық намыс, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті деп білеміз. Яғни елдің

туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәрбие саласында жұмыс жасау басты міндетіміз. Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды», – деген болатын [3, б. 36].

Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Осы ұлттық идеяны іске асыратын басты фактор мемлекет болып табылады. Сондықтан да осы мемлекеттік іске салғырт қарамай ұлттық идеяның негізгі бағыттарының тетіктерін жасау қажет. Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ал, осы ұлттық идеологиямыз әлсіз болса барлық салаға өзінің кері ықпалын тигізетіні шүбәсіз.

Халқымыздың ауыз әдебиеті шығармашылығы ұрпақ тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты және әлі де үлес қосып келеді. Сол бай құндылықтардың ішінде, отаншылдықты дәріптейтін мұра – батырлар жыры. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары. Елін, жерін сырт жаулардан қорғаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты мыңдаған қазақ батырларына арналған көптеген дастандар, өз халқының мүддесі, арман-тілегі, туған жері үшін жан аямаған батырларға деген халықтың сүйіспеншілігі, азаматтарының рухани жан дүниесінің беріктігі, ерлігі мен отаншылдық қасиетін баяндайтын асыл қазыналары, ақын-жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүйуге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері оқушыларының бойында отаншылдық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор.

Ізгіліктің жанашырлары мен оны насихаттаушылары Абай, Шәкәрім және Мәшһүр Жүсіптің, қала берді Алаш зиялыларының адамгершілік пен парасаттылық хақында айтып - жазып кеткен өсиетнамалары бүгінгі күннің ұлттық рухани дамуының негізгі ережесі деуге әбден болады.

Мәселен, Мәшһүр Жүсіптің өмір сүрген тұсы – бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы-сиырын сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қаран, күштінің сөзі

жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кезі еді. Қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек. Оқу іздеп, өнер кұып жүрген бір де бір жасты көре алмаған ақын халыққа қарап:

Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық,

Қыласың бір-біріңе неге озбырлық, – дейді. Ақын сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Ол адамзат баласының бір-бірімен табыспайтын, жақындаспайтын кезі болмайды, олар бір-бірінің ішкі жан сырын сөйлесу арқылы түсінеді, ұғысады дей келіп:

Ұшқан құс, жүгірген аң-жануарлар,

Атанды бәрі қайуан – тілі жоқтан, – деп түйіндейді. Бұл жерде ол адамның «ұшқан құс, жүгірген аңнан» артықтығы – ақылында дегенді айтып отыр білеміз. Мәшһүр Жүсіп өз өлеңдерінде әркім өз еңбегімен күн көрсін дегенді үндейді, сонымен бірге біреудің есебінен тірлік кешу арамтамақтардың ісі екенін де есінен шығармаған. Мәшһүр Жүсіп «Алланы бір, пайғамбарды хақ» деген мұсылман.

Исламның бес парызы біреуі – иман,

Таппайды бұл бесеуін дүние жиған.

Ықтият, шын ниетпен жұмыс қылып,

Ерлерді айт Құдай үшін жанын қиған, – деп толғап қана қоймай, өзі де шарият жолымен жүрген тақуа. Мәшһүр шайтанды молдаларша ұғынбайды. Оны дербес малғұн, жұрт көзіне көрінбей жүріп азғырушы деп қарамайды. Ақынға сөз берсек, ол: «Ағаштың бойында гүрілдеп ағып жатқан өзен – адамның денесіндегі қан. Әй, жігіттер, естерінде болсын, оны «шайтан» – дейді. Ол бір кесек нәрсе емес, денене арам қан боп кіріп, жүрегіңе барып, жүрегінді толқытып, өзінді бұзады. «Шайтан» деген өзіннің ойың дейді [7, б. 52]. Яғни ой тазалығы арқы зор жақсылық иесі бола алатынымызды меңзеп отыр.

Ақын адам өміріндегі ең бір қымбат дүние достық екенін, досы мол жанның бақытты екенін жан-жақты толғайды. Кейде қара қылды қақ жаратын туралығымен де Мәшһүр Жүсіп ел ішінің пысықтарына жақпай қалатын кездері болыпты. Сол себепті бірде момын шаруалармен көңілі өсіп жүрсе, бірде өзін жүдеп-жадап жалғыз қалғандай сезінеді. Ондайда ол қасқайып тұрып жырылап кететін:

Бұл сөзім алты алашқа таныс болсын,

Адамзат ермін десе намыс болсын.

Бір Құдай болысқанға дұшпан оңай,

Көптігі қопадағы қамыс болсын. Ақын адам баласын ерлікке, өр намысқа шақырады, адал жанды бір Алланы өзі қолдап-қоршайтындығын тебірене толғайды.

Отансүйгіштік рух – тәуелсіз еліміздің әлемдік өркениет көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орнын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Ұлт жойылмайынша, ұлтшылдық та қоғамдық өмірден, саясат сахнасынан кетпейді. Әр кезеңге сай олардың негізгі мақсаттары, соған орай сол мақсатқа жету тәсілдері өзгеріп отырады. Ұлтшылдықтың қазіргі мақсаты анық, ол – бодандық кезінегі жоғалған ұлттық құндылықтарды жаңғырту және ұлттық мемлекет құру.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар әлемі. – Алматы: Ақыл кітабы, 2001.

2 Қазақ даласының ойшылдары / Ред. басп. Ә.Н. Нысанбаев. – Алматы: ФСИ, 2001. – 2 кітап. – 283 б.

3 Ұлттық идея кең мәтінінде. – Алматы: Раритет, 2010–285 б.

4 Молдабеков Ж.Ж. Қазақтану: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 459 б.

5 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1967. – 353 б.

6 Жұмабаев М. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер / Құрастырған Ж.Сүлейменов. – Петропавл, 2006. – 428 б.

7 Көпеев М.Ж. «Екі томдық». Алматы, Ғылым 1992 ж 224 б.

#### ФИЛОСОФСКОЕ НАСЛЕДИЕ АБАЯ НА ПУТИ К ТРАНСФОРМАЦИИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

АЛЬМУХАНОВ С. Х.

к.филос.н., профессор, Торайғыров университет, г. Павлодар  
КУЛУМЖАНОВ Н. Е.

ст. преподаватель, Казахский национальный университет  
имени аль-Фараби, г. Алматы  
МАЖИТОВА А. Ә.

ст. преподаватель, Торайғыров университет, г. Павлодар

В Казахстане написано немало научных работ о казахском просветителе XIX века Абае Қунанбаеве. В его честь проводятся различные мероприятия, устраиваются юбилеи, посвященные памяти великого сына казахского народа. Творчеству Абая посвящены работы: Г. Есима, М. Ауэзова, К. Бейсембиева, Е. Бекмаханова, О. Сегизбаева, Б. Габдуллина, С. Зимнова,

А. Маргулана, С. Муқанова, М. Синченко, Н. Смирновой и многих других именитых современных исследователей. В одном лице он, мыслитель, поэт, педагог, психолог, словом человек с разносторонними и обширными познаниями для своего времени, который жил чаяниями казахского народа.

Интерес к его творческому наследию по сей день не угасает, поскольку им подняты злободневные философско-антропологические, аксиологические, социально-политические проблемы, актуальные и ныне. И несмотря на век цифровизации многие мысли Абая о человеке, его неизменной природе до сих пор интересны и заставляют вновь переосмысливать наше социальное и экзистенциальное бытие. В политическом отношении его смело можно считать оппозиционером и вольнодумцем своего времени, обличавшем феодальные пороки и предрассудки. Ведь Абай хотел видеть свой народ процветающим и счастливым, избавленным от экономического и морального угнетения, духовно-нравственной обездоленности.

Как известно, эпоха рождает величие людей, выдвигает в авангард достойных. В этом смысле Абай Кунанбаев, как и другие деятели казахского просвещения, в идейном смысле намного предвосхитил свой век, от чего и не был до конца понят своим народом. Для своего времени взгляды Абая бросали вызов традиционному казахскому обществу. Выступая как просветитель на склоне лет, он всё больше склонялся к пессимизму и скептицизму и тому были веские причины: культурная и экономическая отсталость казахского народа. Именно поэтому в своей книге «Слова назидания» [1] он отмечает, что она была написана как откровение, исповедь, строки, обращённые самому себе и как назидание для потомков.

Философские взгляды мыслителя восходят к национальным истокам его творчества, где национальное и интернациональное не противопоставляются, а выступают в органическом единстве. В этой связи невозможно рассматривать всю глубину и трагизм человеческого бытия вне контекста истории. Не важно, идёт ли речь о народе или конкретной личности.

Многие идеалы Абая также корнями уходят в прошлое, в детство. Ведь известно, что мировоззрение формируется с младенческого возраста. У Абая первыми учителями и воспитателями были родные бабушка и мать. Бабушка Зере привила в детском возрасте любовь к искусству слова и тягу к знаниям. Её отличало добросердечие и тонкое понимание окружающего мира.

Родная мать Улжан также была большой мастерицей устной речи, помнила много стихов, знала наизусть старинные поэмы и айтысы акынов. Поэтому благодаря бабушке и матери у Абая рано проявился интерес к философскому творчеству и поэзии, что во многом и определило его жизненный путь как борца за человеческое счастье. По мере взросления он самостоятельно стремился сочинять первые стихи. Изучал труды не только поэтов и мыслителей Востока: Навои, Низами, Физули, Ибн Сины, но и произведения русских классиков, поскольку учился в русской школе. Именно через русский язык Абай приобщился к европейской литературе и философии.

Тем не менее не следует думать, что мыслитель схоластически относился к знаниям, поскольку обстоятельства жизни диктовали свои правила. К примеру, эпоха Просвещения имела различные цели и последствия в разных странах. В Европе с ней связывалась надежда на переход к капиталистической формации, в России ей придавался революционный смысл, борьба с самодержавием, в Казахстане идеи Просвещения воспринимались как возможность установление нового порядка и избавления от феодализма. Это всё понимал Абай. В связи с чем жизненный опыт и знание должны были стать двумя опорами на пути к преобразованию казахского общества.

Кем только не считали Абая исследователи его творчества: религиозным мыслителем, скептиком, гностиком, реакционером, идеалистом, утопистом, деистом, материалистом. Безусловно, с этими определениями отчасти можно согласиться, и вот почему. Вне сомнения, Абай разделял позиции различных философских систем и воззрений, однако следует помнить, что он не получил систематического образования в области философии и для его мировоззрения больше характерен эклектизм. Думается это оправданно, потому что мыслитель пытался понять суть проблемы, а не обращать внимания на её внешние проявления. То же самое справедливо в вопросах религии и веры, где важной религиозно-философской идеей выступает понятие «Иман» как проявление Божественного духа, искреннее проявление любви. Это осознавал Абай, ибо любая системность, структурность, твёрдая последовательность, отсутствие гибкости без учёта обстоятельств превращает любое учение в догму. К тому же в истории философии нет ни одного мыслителя, которому не были бы присущи противоречия во взглядах, так как мировоззрение человека меняется со временем под влиянием жизненного опыта, политических, экономических, социальных и иных факторов.

В этом отношении не исключение и жизненный путь Абая, описанный известным писателем М. Ауэзовым. Как и акынам-жырау, сказителем, казахской интеллигенции, мечтавшей о мире и справедливом социальном устройстве, Абаю были близки нужды казахского народа, страдавшего от байского произвола, колониальной политики царской России. Эти проблемы, на наш взгляд, во многом были продиктованы географическими и культурными особенностями, историческими перипетиями, выпавшими на долю казахского народа. В частности, пространственная отдалённость от очагов политической и экономической цивилизации тогдашнего Казахстана, низкий уровень развития материальной и духовной культуры, феодальная раздробленность и родоплеменной уклад жизни; традиционный консерватизм, экстенсивный тип хозяйствования, непростые исторические условия: природные катаклизмы, Джунгарское нашествие, войны с Бухарским ханством, империалистическая экспансия царской России, коллективизация, голодомор, Великая Отечественная война.

Однако вернёмся к Абаю. В своём философском творчестве Абай как метафизик обращается к вневременным ценностям. Темы его творчества довольно обширны и диалектически взаимосвязаны: добро, зло, любовь, эгоизм, разум, знание, наука, труд, справедливость, богатство, бедность, вера, человечность. На основе этих рассуждений Абай выработал свой идеал человека, «Адам бол», наделённого положительными качествами, просвещённого, мудрого, справедливого, цель которого в жизни созидать добро, искоренять пороки и архаичные порядки феодального общества.

Нет не одной стороны жизни казаха, которая не осталась бы без внимания его аналитического ума. Наряду с психологическим описанием жизни традиционного казаха Абаем раскрыл и этнографический портрет казаха. Отчасти это связано с особенностью нашей культуры, где до сих пор превалирует родоплеменное сознание, мифологические пережитки и консерватизм. В этой связи казахская культура тяжело поддаётся процессам модернизации, поскольку мы всё ещё подвержены ментально устоявшимся традиционным представлениям.

Если провести параллели с современным Казахстаном, то можно обнаружить соответствия. Казахстаном взят курс на модернизацию государства и социума, политической системы, которая бы отвечала интересам всех слоёв общества. Поэтому так важно не перенимать слепо опыт других стран. Ведь в эпоху

глобализации может возникнуть угроза исчезновения идентичности нации, её культурного кода.

Довольно примечательно, что с обретением независимости в 1991 году казахское общество всё ещё не избавилось от традиционных пороков мздоимства и коррупции, которые корнями уходят в прошлое. Как верно подмечал казахский философ О. Сегизбаев: «Тонкий наблюдатель за всем происходящим вокруг и глубокий аналитик Абай блестяще раскрывает единство обыкновенного вора, бая и власть имущего. Он превосходно понимает, что между этими категориями социальных типов существует круговая порука, которая намного усиливает их позиции в обществе и позволяет им без особых усилий перекрыть все пути для добывания простым народом средств к существованию честным трудом» [2, с. 319]. Думаем, эти слова отражают и нашу действительность, культуру, социум. Принцип разделения властей, провозглашённый философом Дж. Локком и Ш.Л. Монтескье, всё ещё не работает у нас в полную силу.

Безусловно, Казахстан молодое государство, и ему нужно пройти достаточно зрелый путь в своём развитии на пути к демократии, чтобы обрести подлинные ценности свободы, справедливости, ответственности, транспарантности на пути построения подлинного правового и гражданского общества.

Однако XXI век – время скоростей и по закону ускорения истории мы не можем медленно двигаться к цели трансформации всех аспектов жизни государства и общества, иначе рискуем так и остаться сырьевым придатком развитых стран и надолго остаться на задворках цивилизованного мира. Конечно же не об этом мечтал Абай. Основной посыл творчества Абая направлен именно на перманентные процессы обновления, стремление увидеть конкурентноспособную, процветающую и успешную страну, готовую к глобальным вызовам современности.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Абай. Слова назидания. – Алматы: «Алматыкітап», 2021. – 224 с.
- 2 Сегизбаев О.А. Казахская философия XV- начала XX века. – Алматы: «Гылым», 1996. – 472 с.
- 3 Сужикова А.У. Великий Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Алматыкітап», 2021. – 296 с.
- 4 Есим Г. Хаким Абай. – Алматы: «Фолиант», 2012. – 384 с.

## МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТИҢ «СОҚЫР, САҢЫРАУ ЖӘНЕ ЖАЛАҢАШ» ӨЛЕҢІ ТУРАЛЫ

МУТАЛИЕВА Р. М.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЖҰМАБЕКОВА Г. А.

PhD, қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Бисмилләһи- ррахмани-ррахим!

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мол мұрасының ішінде әр түрлі жанрда жазылған өлеңдерінің тақырыптық, идеялық бағыты Ислам дініне негізделген. Мәшһүр Жүсіп шығармаларын түсіну үшін діни білім қажет етіледі. Өзі сияқты қоғамды, жеке адамды түзетпек болған Абай, Шәкәрім шығармаларымен осы тұрғыда үндесетін тұстары көп болғанымен, имандылық жағына баса көңіл аудару жағынан ерекшеленеді. Ақынның өлеңдері Құранның сүрелерімен, немесе бір хадиспен байланысып отырады. Абай «толық адам», Шәкәрім «таза адам» ұғымдарын ұсынса, Мәшһүр Жүсіпте имандылық басты, маңызды мәселе етіп алынады.

Мәшһүр Жүсіптің «Соқыр, саңырау және жалаңаш» өлеңін М. Н. Баратова «Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі» атты оқу құралында тұспал өлеңге жатқызады. «Міне, өз заманындағы «өз басына» «керек істі» көрмейтін «соқырды», «өз жанының пайдасын» естімейтін «саңырауды», өлгенде, о дүниеге өзімен бірге еш затты, бұйымды, яғни байлықты алып кете алмайтынын ескермей, «жалғанға киім киіп» келгендей тоқмейілсуші «жалаңашты» ақын осындай шартты сюжет, көркем бейнелеу көмегімен әсерлі шеней білген» [1, 24 б.].

Дүрбіден біреуінің өткір көзі,

Көрмейді дәнемені сөйтсе де өзі.

Қырағы құмырсқадай нәрселерге,

Онан үлкен зорлардан жоқ боп сөзі.

Ақын сипаттап отырған соқыр адам құмырсқадай нәрселерді көргенімен, одан зорғыларды көрмейді. Демек, оның көруі – басқаша көру. Дүние тұрғысынан ғана көру. Ақынның өзі соқырды дүние деп түсіндіреді. Дүние соқыр адам бейнесінде алынған.

Манағы үшеуі кім еді болған жолдас,

Ондай болып бас қосса ешкім оңбас!

Бірі хырыс дүние еді, көзі соқыр,

Болған оңбас соқырмен айлас, мұндас.

Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңіндегі ой жоғарыдағы өлеңмен үндеседі.

Дүниеге дос ақиретке бірдей болмас,

Екеуі тап бірдей боп орныға алмас.

Дүниеге ынтық, мәғшарға амалсыздын

Иманын түгел деуге аузым бармас [2, 154 б.]

Осындағы дүниеге ынтық адам Мәшһүрдің соқыр, саңырауына ұқсайды. «Мәғшар» – ақырзаман болғаннан кейін Алланың алдында бүкіл адамзаттың қайтадан тіріліп келіп, амалдары таразыға салынып, есеп тапсыратын жер. Осы мәғшар алаңында жердегі тіршілікте құлшылық, ғибадатын орындамай, Абай айтқандай, «дүниеге ынтық» болып жүріп, парыз болған құлшылық – намаз, ораза сұралғанда жағдайы мүшкіл боп тұратын адамдар туралы Құранның көп сүрелерінде айтылады.

Мәшһүр Жүсіп өлеңіндегі «соқыр, саңырау» сөздері Құранның бірнеше сүрелерінде кездеседі. Құрандағы бұл сөздер Аллаға мойынсұнбаған, жіберген елшілерінің ескертулеріне иман келтірмеген адамдарға қатысты айтылады. «Ісра» сүресінің 72-аятында: «Бұл дүниеде шындықты көрмегендер, ақыретте соқыр әрі жолдан адасқан болды» [3, 289 б.].

«Ісра» сүресінің 97, 98-аяттарында: «Біз оларды қиямет күні бетімен жер басқан, сақау және саңырау түрде жинаймыз. Өйткені, олар аяттарымызға қарсы келді. Және: «Біз сүйектер тіпті қоқым топырақ болып кеткен кезде, жанадан жаратылып, тірілеміз бе? - деді» [3, 292 б.].

«Фүссилат» сүресінің 44-аятында: «Ол Құран иман келтіргендерге бір тура жол және шипа де. Ал иман келтірмегендердің құлақтарында керендік бар. Сондай-ақ, Құран оларға бір соқырлық (қараңғылық) [3, 481б.]».

«Зухруф» сүресінің 40-аятында «Саңырауларға сен естіртесін бе? Немесе соқырды және ашық адасқан біреуді тура жолға саласын ба?» [3,492 б.].

«Мұхаммед» сүресінің 23, 24-аяттарында: «Олар, Алла лағынет етіп, саңырау және көздерін соқыр қылғандар. Өйтпесе, олар Құранды түсінбей ме? Немесе олардың жүректері құлыптаулы ма? [3,509 б.]».

«Жасия» сүресінің 23-аятында: «Көңілі тартқанын тәңір жасап алған, сондай-ақ Алла, өзін біліп адастырған және құлағың, жүрегін бітеп, көзіне қалтқы жасаған біреулерді көрдің бе? Енді Алладан кейін оны тура жолға кім салады? [3,501 б.]».

Құраннан келтірілген жоғарыдағы мысалдарға түсініктеменің де қажеті жоқ. Жер жаратылғалы талай қауым келіп, бір Алланы мойындамағандықтан талайы қаһарға ұшырап, әр түрлі жазамен жер бетінен жойылып кеткен.

Құрандағы «соқыр», «саңырау» сөздері, қарап отырсақ, Құранға, қайта тірілуге сенгісі келмеген, иманға келмеген адамдарды сипаттайды. Мәшһүр Жүсіп өз айналасындағы жұрттың ақиреттің қамын ойламай, бейғамдыққа салынатынына қынжылады. Құранда сөз болатын ғад қауымына өз жұртын ұқсатады. Құранда дандайсынған ғад еліне суық дауыл жіберіп жазалағаны сөз болады. Ғад еліне елші ретінде нұд жіберіледі. нұд көп құдайшыл елін бір Аллаға құлшылық етуге шақырады. Бірақ қауымы оны елші ретінде қабылдамайды, айтқанына сенбейді. Құранда былай делінеді: «Өміріміз келген кезде, нұд (ғ.с.)ты және онымен бірге иман келтіргендерді мәрхаметімізбен құтқардық. Сондай-ақ оларды ауыр азаптан да босаттық. Осы Ғад елі, Раббыларының аяттарына қарсы келіп, Оның елшілерін мойындамай, әрбір зорекер тоңмойындардың өміріне бағынды. Бұл дүниеде де, қиямет күнінде де олардың қыр соңынан лағынет қалмады. Естерінде болсын! Ғад елі Раббыларына қарсы болды. Естерінде болсын! нұттың қауымы Ғад, мәрхаматтен аулақ болсын! [3, 228 б.]».

Ақын өз елінде ғад қауымы сияқты ауылдардың бар екеніне қынжылады. Өмірінің соңында шығарған «Мәшһүр Жүсіптің өлер шағындағы сөзі» өлеңінде осылай қорытынды жасағандай болады:

Шайтанмен – ел, Құдаймен жат болды ғой,  
Сол себепті жұрт біткен ғад болды ғой!

Ертегі емес, шын сөз ғой, Құдай-қаулы,  
Қайда барсаң, жұрт болған ғаддың аулы.  
Құдай жұп қып жаратқан екі түрлі,  
Ішінара табылмақ нұдтың қауымы [4, 272 б.]».

Ақын елін тура жолға салып, шайтанмен сауда жасамайтындай, жаман әдеттерден арылту үшін шығармаларын қару етті. Ташкент, Бұқарға барып алған ілімін жұртына жаюды азаматтық борышы санады. Абай сөзін тыңдағысы келмегендерден «бас басына би болған өңкей қықым» деп түнілсе, Мәшһүр Жүсіп «Құдаймен жат болған шайтанның елі, ғаддың аулы» деп өкініш білдіреді. Мәшһүр Жүсіп шығармалары ислам дінін насихаттауымен құнды болып қала береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Баратова М. Н. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі. Оқу құралы. – Brand Print: Павлодар, 2010. – 256 б.
- 2 Абай. Қалың елім, қазағым. Өлеңдер. – Атамұра: Алматы, 2002. – 224 б.
- 3 Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. – Шәриф басым комбинаты: Медине, 1991. – 604 б.
- 4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы шығармалары. 1 т. – ЭКО : Павлодар, 2005. – 540 б.

## ШӘКӘРІМ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЛАРЫНДАҒЫ ӨЗІ ӨМІР СҮРГЕН ҚОҒАМНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ

НУРЛАНОВА А. Н.

ф.ғ.к., профессор, Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен қ.  
ЧУНКУРОВА З. К.  
магистр, аға оқытушы, Қазақстан-Американдық еркін университеті,  
Өскемен қ.

Қазақ халқының философиялық – қоғамдық ой пікірлерін зерттеу ХХ ғасырдың басынан қолға алынды. Бірақ бұл зерттеулерде сынаржақ көзқарас басым. Ол кезде қоғамдық ойдың қалыптасуын таптық тұрғыдан қарастырды. Бұл бағыт, әрине, ғылымның объективті дамуына кері әсерін тигізді. Барлық даналықты батыс ойшылдарынан, басқадан іздеген кезде ұлттық философиялық ой - пікірлердің тарихына көз жіберуге үстемдік еткен тоталитарлық жүйе мүмкіндік бермеді.

Ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан іргелі халықтардың бірі қазақ халқында өзіне лайықты бай рухани мұрасы бар. Соның негізін философиялық ой тұжырымдар құрады.

Дүниеге шынайы көзқарас, дінді тану және басқа да еркін ойлау процестерін, моральдық мәселелер мен адам туралы ілімдерді өздері өмір сүрген қоғамдық ортаға лайықты қалыптастырды.

Ақындар мен жыраулар, саясаткерлер мен батырлар, хандар мен қолбасшылар, билер мен серілер өздері өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын әр түрлі деңгейде тұжырымдап көрсете білді. Осының барлығы қазақ халқының философиялық ойлау жүйесінің негізін қалайды.

Қазақ философиялық ойының ең басты ерекшелігі – оның шынайы патриотизмі, халқына деген сүйіспеншілігі, оның болашағы, бақыты үшін күресуге дайын және оған жету жолдарын өз мүмкіндігінше көрсете білуі. Қазақ философиялық ойының тарихы – халық тарихының ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Онда халықтық таным процесімен ұлттық ойлау жүйесі көрініс тапқан. Халықтық сана – қоғамның өсуі, тоталитарлық жүйенің күйреуі, тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы, философиялық ойлаудың жаңа түрлері адамзаттың тұтастығы мен ерекшеліктерін бүгінгі заман талабына сай қарастыра отырып, дамытуға мүмкіндік туғызады.

Қазақтың рухани мәдениеті мен зор үлес қосқан ойшылдардың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шәкәрімнің философиялық көзқарасы – ұлттық философияның қалыптасуына зар ықпалын тигізген құбылыс. «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресін», «Мұсылмандық шарты», «Үш анық» аталатын еңбектерін, поэзиясын гуманистік және адамгершілік мұраттарды, демократиялық ағартушылық идеяларды уағыздаған мұра деп бағалау керек. Шәкәрімнің философиялық ойларында өзі өмір сүрген дәуірдің қоғамдық көріністері, ақыл – ой ізденістері, талғамды тұжырымдары із қалдырды. Ол қазақ қоғамының рухани өсуіне көмектесуді, жастарды ғылым – білім, өнерге баулуды мұрат тұтты.

Ұлы ойшыл, гуманистік қайшылыққа толы қоғамда өмір сүрді. Шәкәрімнің дүниеге, өмірге, табиғатқа, сан – сала құбылыс көріністерге, дінге көзқарастарында кейбір қайшылықтар кездескенімен, ол ешқашан дінге берілген фанатик, барлығын жоққа шығартып пессимист болған емес. Шәкәрім көбінесе рационализмге, деизмге бейім болды. Бұл философиялық бағыт бойынша дүниені жаратушы бір күш бар дегенді мойындау, оның дәлелі табиғаттың жарасымдылығы, қозғалысы, өмірде ақиқат, шындық, білім – ғылым, ақыл мен сезім дамуы арқылы іске асатынын, адамның болмысты танып білуі адам өзін - өзі жетілдіру арқылы жүзеге асатынын түсінуге болды.

Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты. Оның лирикасында көңіл күйі, ішкі сезім әсерлері, махаббат тақырыбы да елеулі орын алған. Алайда, Шәкәрім лирикасында сыршылдықтан ойшылдық басым, философиялық сарын күшті. Шәкәрімнің ойшылдығының, ақындығына тән фәлсафашылдығының сыры не десек, бұл алдымен, әрине оның ойының керемет логикалық қуаттылығынан туған. Сонымен қатар ол көп ізденіп, өте көп оқыған. Қазақтың белгілі ақын,

жыршы – жырауларымен қатар арғы – бергі түрік ақындарының, шайырларының, араб, парсы, орыс және Батыс ақындарының шығармаларын өте жақсы білген. Тарих, философия, дінтану, психология, шығыстану, түріктану, салаларындағы түрік тіліндегі, орыс тіліндегі, орыс тіліндегі, араб тіліндегі ғылыми еңбектерді ұзақ жылдар жалықпай оқып, қыруар мағлұмат жиған, жан – жақты энциклопедиялық білімі бар ғұлама оқымысты, дана адам болған.

Шәкәрім қазақ поэзиясында философиялық лириканың бұрын өріс алмаған жаңа түрлерін қалыптастырып, бұл салада үлкен жаңалық тапты. Ойшыл ақын адамның ақыл парасатына айрықша зор мән береді. Ол адамның сезу, сезіну, дүние болмысты, өмір құбылыстарын сезім арқылы қабылдау, әсерленгіштік қабілет пен не нәрсенің болсын ішкі сырын көзге көрінбейтін, қолмен ұстауға келмейтін нәрселердің қасиет – сипаттарын, оймен, ақылмен, логиканың күшімен танып – білу қабілетінің арасын ажыратып, болмыстың, дүниетану мен моральдың негізгі ақыл деп санайды. Ақыл, парасатты ақыл қандай да нәрсені, құбылысты дұрыс түсініп бағалауға ақ – қараны айыра білуге мүмкіндік береді. Сондықтан, «ақылмен сыналмаған іс болдырмау» деп түйіндейді.

Дүниетанымның, ғылымның да негізгі тірегі - ақыл-ой, ойлау қабілеттілігінің қуаттылығы, ой – тұжырымдарының логикалық қисындылығы деп санайды. Бар ғылымның түп атасы – таза ақыл мен ойлану.

Шәкәрім ойлау, ойлану деген ұғымға үлкен мән береді, оны өмір – болмыстың, дүниенің ғажап сырларына терең бойлау, не нәрсені болсын ақылмен сынап, ұғып – түсіну мағынасында алып қарайды.

Шәкәрімнің дүниенің, жаратылыстың қозғаушы күші, адам өмірінің, тіршіліктің мәні мен сыры, жан мен тән секілді мәселелерді ғылыми ұғым түсініктермен ұштастыра толғайтын философиялық өлеңдері өз алдына бір тақырыптық арна болып қалыптасты.

Ақынның діншілдігі, жаратушы Аллаға сенімі оның ойшылдығымен жалғасып, дүниеге көзқарасындағы бірлік – біртұтастықты танытады. Шәкәрім дүниедегі «сансыз кереметті кім жаратса – тәуірі сол» дейді. Тәңіріні іздеу, жаратқан Аллаға сену – ақиқатты іздеу, сол арқылы «ең түпкі жаратушы – мінсіз ие» деп түйіндеуінен айқын аңғара аламыз.

«Тау бойындағы ой» деген өлеңінде дөңгеленген жердің күнді айналып жүретінін көзбен көру арқылы емес, ойлау, топшылау арқылы анықталған дегенді айтады.



«Ей, жастар, қалай десек, бұл дүние» деген және басқа да өлеңінде Шәкәрім дүниеде таңқаларлық және өте көп, алайда бәрінде де заңдылық, қисын бар деген пікір айта келіп, «себебі тойымдының ісі толық» дейді. Яғни, бұдан дүниенің кереметтігі шексіз болса, жаратушының құдіреті те шексіз деген мағына туады. Шәкәрімнің философиялық өлеңдері ой тереңдігі, пікір сынылығымен, танымдық және моральдық адамгершілік мәселелерін ұштастыра, білуімен оқымысты ақынның өнерпаздық тұлғасына сай интеллектуалдық сипат алған.

Шәкәрім философиясының негізгі өзегі – адам. «Адамның мәні – оның дүниені танып білуінде, ол тек адамға ғанна тән нәрсе», – дейді.

Шәкәрімнің философиялық ой сараптауын «Үш анық» трактатынан көруге болады, ол зерттеушінің 28 жылдық еңбегінің қорытындысы. «Үш анық» қазақ халқының тарихи тағдырына үлкен өзгеріс әкелген жылдары жазылған. Бірінші орыс революциясы, бірінші дүниежүзілік соғыс, ақпан, қазан революциялары және тағы да басқа оқиғалар қазақ жеріне көп әсерін тигізді. Осы жағдайлар Шәкәрімді немқұрайлы, тыныштыққа қалдыра алмайды. Халқы туралы толғаным болашағы ойшылды қиналдырып, осы тоқыраудан шығу жолына итермеледі.

Өмірдің мәні не? – деген сұрақпен ол көне ойшылдарға сонымен қоса жаңа дәуірдің діни және философиялық әдебиеттерінен ізденіп, өзінің философиялық ойының тереңдігін көрсетеді.

Шәкәрім «Үш анықта» Ақиқат деген не? деген сұрақ қояды. Оған өзі «адам ақиқатты ақыл – ес көзімен көріп, қабылдауы керек. Ақиқат – әрбір адамның жанында болады не ол өзіндік өмір сүреді» - деп қорытынды жасайды. Жанның ең негізгі қажет ететіні – ұждан. «Адамның нысап, әділет, мейірім – үшеуін қосып, мұсылманша айтқанда, ұждан, совесть орысша айтқанда совесть бар» дейді.

Шәкәрім ар – ұждағы адамгершілік этикалық жағынан ғана емес, оны философиялық категория, әлем құрылымының негізгі болатын субстанция ретінде жоғары қарастырған.

Ол адамның рухани өсуіне мықты тірек болатын үш анықты атайды: Бірінші – мәңгі өзгерістегі Универсумда барлығына себепші жаратушы ие. Екіншісі – бұл жаратушы барлық тірі мен тірі емеске жан береді, адам өлген соң, одан әрі тазарып, жоғарылайды, өздігінен өмір сүреді. Үшіншісі – жанның жоғарылап, тазаруы үшін адам ұжданға сай арлы өмір сүруі керек. Шәкәрім адамдарды осыған шақырады.

Шәкәрімнің дүниетанымдық ой жүйесінде философиялық терең бағыт – бағдар байқалады. Оған «Тіршілік, жан туралы» деген философиялық өнеріндегі жаратылыс тарихи тіршіліктің шығуы өз түсінігін баяндайтын мынадай жолдар куә:

Өсімдік күннен алады ас,  
Күн суық болса түпке қаш,  
Дым тиіп, нұр кеп жылатса,  
Өс тағы жайнап көңіл аш,  
Дейтұғын жанда мән болар –  
Жұмыртқада ұрық жатпай ма?  
Олар да тамақ жатпай ма?  
Жылынса, яки егілсе  
Оның да тағы таңы атпай ма?

Яғни, Шәкәрім органикалық тіршіліктің біртіндеп себеп – салдар принципі бойынша дамидығын, жәндіктің өсімдіктің, адамның жәндіктен таралу идеясын құптап отыр.

Жоғарыда айтқанымыздай қозғалыс – материяның өмір сүру тәсілі. Алайда Шәкәрім бұндай жақсылыққа ғылыми жолмен емес, стихиялы түрде келеді. Құран сөзі бойынша, әлемнің пайда болуы – құдайдың ықылас, еркіне байланысты кенеттен жасалына салған, сондықтан кез келген уақытта өзгеруі немесе жойылуы мүмкін.

Шәкәрімше, жер мен аспан, табиғат құбылыстарын бәрін бірдей көзбен көріп, қолмен ұстау мүмкін емес:

Радийді бұрын біліп пе ең?  
Электр ұстап көріп пе ең?  
Бәрін де жатқан таза ақыл  
Аспанда ұшып жүріппе ең?  
Көрінбес зат бірталай.

Оларды танып білетін бір – ақ нәрсе таза ақыл. Таза ақылдың арқасында адам абстрактіні меңгерді, жақсыны жаманнан, сұлулықты ұқыпсыздықтан, пайдаланып зияннан ажыратады. Өйткені Шәкәрімнің түсінігіне адамның дануардан айырмашылығы таза ақылы мен жанында. Адамның жаны ол туылғанда егілген дән жүрегінде болады да қолайлы жағдай жасалғанда ғана шайқалып өсіп, көркейе түседі.

Ақыл деген – денеге егулі дән  
Суғарса кіреді оған да жан.  
Адамның сыртқы дене жаралысы,  
Нәпсісі айуанмен анық теңдес.  
Бөлектігі – жалғыз – ақ таза ақылда,

Әлің келсе, жол тапта соны емдес!

Ақынның айтпағы не?

Біздіңше, Шәкәрім ұғымында адамның танымдық психологиялық қабілеті оның жан шарапаты арқасында қалыптасады. Барлық жан-жануалардан адам айрықша қасиеттерімен ерекшеленеді. Өйткені адамға күш беретін дене мүшелерінің арқасында өмір сүретін жан бар.

Шәкәрім – эпик – ақын. Бұл саладағы Шәкәрім көзқарастары ұлы ағартушы Абай идеалымен үндес, өзектес, олай болса орыстың ұлы жазушы – демократтары Белинский мен Чернышевскийдің пікірлеріне сәйкес. Шәкәрімнің көптеген шығармалары әдептілік, мораль мәселесін сөз етіп жастарға ақыл – кеңес, өсиет түрінде айтылады да, патриархалдық, рушылдық салт пен нанымдар сыналады.

Оқу, ағарту, білімділік, мәдениеттілік, ақыл, қабілеттің жетілуі – адамзат тәртібінің сипаты мен қимыл әрекеттерге ақын аяусыз соққы беріп, халықтың мәденипрогреске, ғылым мен өнердің дамуынна сәйкес әрекеттерді үлгі тұрарлық ең асыл моральдік қазына деп қарастырады. Яғни, бұрынғы бар ой, идеяларды толықтыра, өзіндік мәнермен жырлай отырып, ақын сана пікірлер айтады. Философиялық ой-қиялға берілуі, өмірдің жеке фактілерін ала отырып, түйіндер жасау – оның философиялық лирикасының деніне тән.

Шәкәрім бойынша, Кеңістік пен Жан ұғымдары макро және микро ғарыштардың пайда болуының негізі болып табылады. Сондықтан да философ боламыз бұл екі ұғымдарды бірінші сатыға қояды.

Уақыт пен сезім нәтижесінде Ақыл ой мен Күн жүйесінің қалаптасып, дүниеге келуіне жағдай туады. Бірақ та Ақыл ой мен Күн жүйесі екі ғарыштық жүйеде де маңызды рол атқарады. Сондай – ақ Шәкәрім соңғы екі ұғымдарды ерекше бағалайды. Себебі екі ғарыштық жүйелер соңғы ұғымдарға тікелей тәуелді екендігі баршамызға аян.

Шәкәрім жаратылыстың негізін жан, сезім және ақыл құрайды деп пайымдайды. «Жан» мен «тән» проблема ретінде әлемдік философияда сонау ерте замандардан әңгіме болып келеді. Бұл проблема төңірегіндегі ой – пікір, талас ешқашанда нақты шешімін таппай келген сұрақтар болып табылады. Әлемнің басты жұмбағы адам болса, оның немесе оған қатысты жан проблемасы, жанға қатысты тән проблемасы әлі қашан келер ұрпақтың ой таразысына түсе бермек. Демек, заман түсінігіне орай айтылатын бұндай

ұғымдар әлі талай өзгеріп – құбылатынын философ ғылымдар да нақты айта ады.

Жан мен тән дегенде, алғашқысына қарағанда соңғысы түсінікті. Жан деген жоқ дейді материалист ғалымдар. Олар үшін жан метафора. Кей физиолог ғалымдар жанды қан айналымы деп түсіндіреді. Онда бізге жанды ойды мойындамайды, жанды қазір психология ғылымы өз предметіне айналдырған. Біздің айтпағымыз, жанның барлығы, оны Платон субстанция дейді. Яғни жан бар шындық, бірақ көзге көрінер материалдық шындық емес. Мәселенің күрделілігі және қиындығы сонда.

Абай хайуанда бар жан мен тән дейді. Ибн Сина өсімдік жаны, хайуан. Демек, Шәкәрім Құдайбердіұлының дүние танымындағы жан және тән проблемалары дегенде сөзді бұл мәселелер туралы тыңнан бастап отырғанымыз жоқ, әңгімені жалғастыру. Шәкәрім де жан мен тән туралы айтылған мол ойларды жинақтап ақиқатын саралауға тырысқан.

Абай түсінігінде мен – жан, менікі – тән. Өлетін, жойылатын «менікі» тән өлмейтін мәңгілік шындық, «мен» - жан. Абай осылай дейді:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бірақ қайтіп келіп, ойнап күлмес.

«Мені» мен «Менікі» - нің айырылғанын

Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес.

Абай «мен» дегенді «Көп тұман алдындағы келер заман» - деп басталатын өлеңінде анықтап берген.

Ақыл мен жан мен өзім, тән менікі,

«Мен» мен «менікінің» мағынасы екі.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,

«Менікі» өлсе - өлсе, оған бекі.

Абайдың «Менінде» ақыл мен жан бірге. Демек, өлмейтұғын тек жан емес, ақыл да өлмейді. Ол тірі адамды «мен» және «менікі» деп бөлген. Мені ақыл мен жан, менікі – тән. Абайды ақылды жеке айтпай, оның жанмен бірге қосылып өлмейтінін айтқан. Осы ой Абайда тек әншейін айтылмаған, ол 27 қарасөзінде «Өлшеусіз ұлы ақыл» барын айтқан. «Лай суға май бітпес қой өткенде» - деген өлеңінде ақыл мен жанның мәңгілік тұрағы ол лә мөкән туралы айтқан.

Адамның басты мекені Абайша ол лә мөкән. Бірақ ол жердің қазіргі тілмен айтсақ, біз үшін адресі белгісіз. Ол тек «түп иемізге» ғана мәлім. Біз ол лә мөкәнның қай жерде екенін біліп алсақ, адам болудан қаламыз. Адам бұл дүниеде табиғаттан, болмысынан шықпақ

емес. Себебі, оның мәні бар. Адам жанымен ақылы тәннен босағанда барар жері ол лә кәман. Жалған ғұмыр, жарық дүние дегеніміз тәнге байланысты, Бұл жалғанда дүниені біз тән көзімен көреміз, жан көзімен бәрәміз көрре алмаймыз. Болмысты жан көзімен көру деген Рухқа байланысты болмақ. Рух яғни, жанның көзін байлап тұрған тән, оның нәпсісі. Жан нәпсі түтқынынан босаған кезде рухтана бастамақ. Мұны әулиелік, тақуалық, сопылық табиғатымен түсіндіруге болады. Нәпсіні тиып, ораза ұстау, тақуа болып, дүние қызығына бөленбей, оны тәркі етіп адамдардан қашып, тау – таста жүру, Иассауи сияқты жер астына түсу, Шәкәрім сияқты елден сырт шығу, Л. Толстой сияқты жотаны кезіп кету және т.с.с.

Абай болса бұл халді былайша бейнелеген:

Мекен берген халық қылған ол лә мәкән,  
Түп иесін көксемей бола ма екен?  
Және оған қайтпақсың оны ойламай,  
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

Ғылым тек материализмге бастайды. Керісінше материализм ғылымды бір жақты түсіну. Ғылымның дәрмені келмейтін істер бар. Яғни ғылым сырын аша алмайтын құпиялар бар, соның бірі – жан.

Жанға қарағанда тән – жанымға ыңғайлы. Тәнді биология, физиология, медицина зерттейді. Тәннің құрылымдық мүмкіндігін – эргономика, оның қуаты жазық синергетика, тәннің информациялық кеңістігін, нақтылы айтқанда, мидың қызметіне қатысты қазіргі қауырт жетіліп келе жатқан білім саласы – информация және информациялық жүйе технологиясы.

Шәкәрім Абайдың жан мен тән туралы ой – тұжырымдарын әбден меңгерген ойшыл. Сонымен бірге ол жан мен тән туралы өз жаңалығын ұсыну.

Шәкәрім айтуында жан басынан бар, ол мәңгілік шындық, ол барша барлықтың айғағы. Екіншіден жан қозғалыс қуаты, тіпті оның себебі. Үшіншіден, жан таратушылық қызметке ие – субстанция.

Ақын:

Жаралыс басы қозғалыс,  
Қозғауға керек қолғабыс.  
Жан де мейлің, бір мән де  
Сол қуатпен бол таныс.  
Әлемді сол мән жаратқан.  
Төртіншіден, тәннің жаралу себебі жанда дейді:  
Қозғаған қуат – жан дейміз,  
Жан өсті жаннан сан дейміз.

Сол жандар әсер берген соң,  
Жаралды сансыз тән дейміз.  
Жанына қарай тән салар.

Бесіншіден, Шәкәрімнің ерекше айтар жаңалығы, ол жаннан жан өсіп шығады деген қорытындыға келген. Біз жан – дара деуші едік. Ол қайталанбайды деуші едік. Бірақ, Шәкәрім өсімдік жаны, хайуан жанынан адам жанының бөлек екенін айтады. Ол «бастапқы есті жанды ақыл, адамнан келіп шықпай ма?» - дейді. Демек, жан тәнге жолдан қосылмаған, ол тәннің себебі, олай болса оның өзі. Сондықтан Шәкәрім «мақсатсыз біткен жан бар ма?» - деп терең сұрақ қойған. Анығында дүниеге мақсатсыз тән келе ме? Шәкәрім осы сұрақты тереңдете: Ойлы адамсыз ғой, сен де, бар ма мақсатсыз ешнәрсе жоқ. Бәріміз өз орны, тәртібі, қажеттілігі, керегі бар. Сондықтан Шәкәрім «ақылды жанның мүлкі - әлем» дейді.

Алтыншыдан, Шәкәрім айтуынша жан өз тұрағы тән бұзылмасын деп зұлымдық пен айлалыққа барады. Жанның мұндай қызметін ашуда Шәкәрім жаңалығы, Абайда жоқ. Жанның жамандыққа баратыны тән қамы, нақтығырақ айтсақ нәпсі қамы. Бұл ойды Шәкәрім былайша білдірген:

Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр,  
Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап жүр.  
Тағдырдың қиын, сырлы сиқырымен,  
Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр.  
Жан тыныштық жатпайды тән қамын жеп,  
Тән бұзылса, тұрағым бұзылады деп.  
Ыстық, суық аштықтан сақтау үшін  
Зұлымдық пен айланы қылады есеп.

Жетіншіден, Шәкәрім жан мен Рухты ажыратып айтсақ ниетін білдірген.

Дін айтты: «Маған жан» - дейді,  
Адасқан дінді пән дейді.  
Мағынасын біле алмай,  
«Рух» деген сөзді жан дейді  
Осыдан жаман әуре жоқ.

Сөздің шындығы сол, рух жан емес, бірақ «рух деген дінсіз таза ақыл» дегеніне де қосылу ақиқат негізі емес. Өйткені рух ұғымы көп жағдайларда жанның тәннен яғни тәннің түтқынынан босаған көзіндегі күйіп білдірердей.

Жалпы, Шәкәрім жан мен тәнді мәселелерін әншейін теория үшін айтпаған, ол өмірдің мәнін, адам сырын, оның іс – қаракетін мақсат – мүддесін ашу үшін айтқан. Ол дүние болмысы туралы:

Құбылмалы сарай бұл,  
Құм үстіне салынған.  
Сансыз байдан қалған тұл,  
Жарай ма оған жалынған.  
Өмір үйі желде тұр,  
Үміт үйі сағымда.  
Көз жетпейтін көлде тұр,  
Іздеген ерік тағында.  
Жасыл күмбез ішінде,  
Жан – тәнімен кім азат?  
Бұл тіршілік тұсында  
Бола алмайсын шын азат.

Шәкәрім адам өмірінің мағынасы мен мазмұнына терең назар аударған ойшылдардың бірі. Адам дүниеге келеді де кетеді. Өлім ол уақыттың адамды жеңер. Ақылға салсақ, адам өмірі қарама – қайшылыққа толы.

Мұқтаждық өмір заңы бұл деп,  
Мұңайтып ақыл жылатқан.  
Жас өмір қызық оны біл деп,  
Алдамшы өмір уатқан.

Ендеше, Ақиқат қайда, Ақиқатты қайдан іздеу керек. Ақиқатты адам таза ақыл арқылы танып білмек. Шәкәрімнің өзіндік санасы, оның сыншылдық көзқарастарын да ерекше көрініс тапқан. Ол Шопенгауэр, О. Конт тағы басқа философ ойшылдардың көзқарасын сынай келе, өзінің ой тұжырымдарын ұсынады. Сыншылдық Шәкәрімнің ойшыл ретіндегі өзіндік санасының ерекше көріністерінің бірі болып жойылады. Сыншылдық бұл Ақиқатқа жету жолындағы бұрмалаушылық пен көзбояушылықтан арылудың сара жолы. Ол абстрактілі емес нақты ойлаудың белгісі.

Адам ақиқатты бас көзімен көре алмайды. Ақиқат ол адамның өзіндік санасының ең жоғарғы формасы.

Ақиқатты көрем десең  
Бас көзімен қарама  
Жүрегіңнің аш көзін  
Жанның сырын арала.  
Ақиқат бар, бірақ мәселе оны тануда.  
Бұл дүние жылуы жоқ нұрсыз болса,

Әлемнен кім жүрер пайдаланып?  
Дүние атаулы теп – тегіс мөлдір болса,  
Көленке орнығады қайда барып.  
Шәкәрім адам танымының мүмкіндігінің шексіздігіне ерекше назар аудара келе:

Ақыл құсы адаспай аспандаса,  
Әлемде нәрсе болмас көзден таса.  
Жеті көк жерден оңай басқыш болып  
Ғарышқа қол жетеді қараласа.  
Жанның бәрі мендегі жар табар еді.

Терең ой, сау ақылмен шамаласа, - деп жырлайды. Шәкәрімнің тапқан ақиқатын оның өзіндік санасының ең биік көрінісі деп санауға болады. Ол ойшылдық ғұмыр бойғы тылсым дүниенің сырын ұғынуға тырысқан ішкі рухани өмірінің, көкірек сарайының қайталанбас, ұғынуға өте терең құбылысы. Оған тек Шәкәрімнің өзі арқылы ғана бойлай аламыз. Таза ақыл мен терек ойшылдыққа ерекше назар аударған Шәкәрім, ойлаудың адамға еркіндік әкелетінін терең түсіне білген. Бұндай идеяны оның шығармаларынан жиі кездестіруге болады.

Тән – терезе, ой қожасы,  
Ой мен анық байқасан.  
Бар ғылымның түп атасы –  
Таза ақыл мен ойлану.

Адам өзіндік санасы толық қалыптасқанда ғана тұлға бола алады. Тылсым дүниенің сырына терең көзқараспен қарайтын ойшылдардың көбісі дүние жалғап, «ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда» (Абай), «сұм өмір», «абакты ғой саналыға» (Мағжан) деп жырлағаны анық. Ой дегеніміз адамның ішкі өмірі. Абайдың тілімен айтқанда, «Қартайдық қайғы ойладық, ұйқы сергек. Ашудың ашыған ой ойын кермек». Ой ашы, кермек татиды. Ол кейбір жағдайда адамға ауру да әкеледі. Ол ауру жәй ғана науқастың ауруы емес, керісінше, ол ауру – дүниенің тылсым құпия сырымен, әлемнің шешілмейтін қарама – қайшылықтарымен қайран дүниенің қайғы мұңымен ауру. Ендеше, бұл әркімнің басына жазылмаған. Ол бір жағынан бақыт та, бір жағынан қайғы. Өзіндік санасы жоғары дәрежедегі адам ғана бар әлемнің тылсым құпия сырымен, дүниенің жынысы мен бірге тыныстап, сол әлемнен өзінің орынын іздемек. Міне, бұндай мәселе ұлы ойшыл Шәкәрім шығармашылығында қайталанбас деңгейде орын табады.

Аурусыз жанға айла жоқ,  
 Аурулы жанға дәрі бар.  
 Аурусыз адам қайда жоқ,  
 Аурудан онда бәрі бар.  
 Аурусыз жандар – мисыздар  
 Мисызда ауру бола ма?  
 Тәні сау, миы науқастар,  
 Ондайға дәрі қона ма?  
 Милы да ойсыз күн болмас,  
 Ауырай миы тұра ма?  
 Миынан басқа еш қонбас  
 Ешдейін бе деп сұрама!

Бұл ауру әрбір адамның өзіне ғана тән. Ол өзіндік сана жоғары формаға ие болғанда ғана пайда болады. Адам дүниеге келгенде өмір мен бірге өлім де қоса туады. Кез келген өзіндік санасы жетілген адам өмірінің мағынасы туралы толғанып, дүниедегі өз орнын іздеуге тиіс. Адам өзінің қысқа ғұмырын немен ақтай алады. Бұл тіршіліктің ақтауы бар ма? Әрине ол шығармашылықта. Шығармашылық ол адамның өзіндік санасының ең жоғарғы формаларының бірі болып табылады.

Адам - өз ғұмырын тек адамгершілік, ар – ұждан арқылы ақтамақ. Бұл оның екі дүниедегі серігі болмақ. Шәкәрімнің ар ілімі арқылы рух өзінің ерекше формасына ие болады. Өз бетіне өмір сүру мүмкіндігі тек өзіндік санасы оянған дербес адамдарға ғана берілмек. Сондықтан ар – ұждан өмір сүру мүмкіндігі өз қолындағы адамның ең маңызды жауапкершілігі болып табылмақ.

Сонымен, Шәкәрімнің мейірім мен зорлық, әділет пен зұлымдық, ғылым мен мораль, адам мен заман туралы толғаныстары қазақ философиялық ойларының дамуына қосылған зор үлес болды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әбдіғазиев Б. Шәкәрім шығармаларының дәстүрлік және көркемдік негіздері. – Алматы: Санат, 2001. – 338 б.
- 2 Құдайбердиев Ш. Өлеңдер мен поэмалары. – Алматы: Жалын, 1988. – 207 б.
- 3 Тілеуханова А. Шәкәрім шығармаларындағы шеберлік пен таным бірлігі. – Алматы: Сана, 1995. – 175 б.
- 4 Ізтілеуова С. Шәкәрім поэзиясындағы тұлға мәселесі. – Алматы: Сана, 2000. – 131 б.

### 3 секция. Жаһандану жағдайында жас ұрпақты рухани-адамгершілік тәрбиелеу мәселелері 3 секция. Проблемы духовно-нравственного воспитания молодого поколения в условиях глобализации

#### ТӘУЕЛСІЗДІК ЕСІМІ – ЖҰМАБЕК ҚАМЗИН

АБЫЛОВА М. Ж.  
 қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,  
 Мұхтар Әуезов атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

*Бұл жалғаннан не пайда,  
 Халқыңа қызмет етпесең.  
 Халық нақылы*

Қазіргі уақытта, көбінесе, өткенді ұмытыпбұрынғы дәуірдің жақсысынан жаппай бас тарту белең алған сияқты. Қоғамда рухани жанғыру үрдісі жүріп жатқанын байқаймыз. Бірақ, заманның саяси ағымына бағынбайтын, бабалар аманатына адал азаматтар баршылық. Солардың бірі, халықтың баласы атанған, бүкіл саналы ғұмырын еліне қызмет етуге арнап жүрген жерлесіміз Жұмабек Жөкенұлы Қамзин.

Жұмабек Жөкенұлы Қамзин – өңіріміздің нар тұлғасы. Жұмабек Қамзинның ғұмырнамасын зерттеу барысында, оның бүкіл болмысынан нардың жүгін көтерген тұлға екеніне көз жеткіздік.

**Ғажайып болжамдарымен танымал болған жиһангез ғұлама-ғалымның географиялық саяхаттары.** Көп жағдайда біз Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын тек акын, тарихшы, шежіреші, философ деп қана шектеліп жүрміз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жиһангез-саяхатшы, елдің этнографиялық хал-ахуалына, тұрмыс-тіршілігіне де баса назар аударған. Оның болжағыштығы, дәрігерлігі де басым болған. Қарғысы кара тасты қақ айырса (бірақ оны әсте қолданбаған), дұғасы небір апатқа дауа екен. Міне, осындай қасиеті мол Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Бар еді жақсылармен жақындығым» – деп, жанына игі жақсыларды үйірілте білсе, «Жаманмен ежелден жоқ мақұлдығым», деп бойын аулақ салды. Бұхар, Ташкент, Самархан, Түркістан баруы, Нұраны жайлап, Есілді қыстау етуі. Шудан әрлі-берлі өтіп, Сырды кезуі, тіпті от – суы жоқ Бетпақ шөлін кезіп, сапар шегуінде келер адаммен, жақсы-жайсаңдармен жолдас болады дерсін? Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саналы ғұмырында бір сәт те қолынан қаламы түсіп көрмеген, бір жағынан жазып, екінші жағынан өнер-ғылым үйреніп, жатпай-тұрмай ізденіс үстінде болды. Мәшһүр Жүсіптің «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал- ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты үш кітабы 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан басылып, жарыққа шықты. Кейін ол баспаханадан шыққан 14 қалам иесінің еңбегін цензура сотқа тартады. Соның ішінде Мәшһүр Жүсіптің жоғарыда аталған үш кітабы да бар. 1906–1907 жж. М. Ж. Көпейұлы шығармашылығының идея-лық жағынан тереңдей түскен дәуірі. Бұл

жылдары жазған шығар-малары тегісінен қазақ халқының бостандық, саяси-экономикалық құқықтарымен байланысты болып келеді.



Бұхара  
Қазан  
Қараөткел  
Түркістан  
Ташкент  
Атбасар  
Самарқан

Сурет 3 – Ғажайып болжамдарымен танымал болған жиһангез ғұлама-ғалымның географиялық саяхаттары

Мәшһүр Жүсіптің «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты кітабы тұтас халқымыздың ішкі-сыртқы жағдайын толғайтын дүние. Бұл еңбек 1907 жылы баспадан шықса да 1917 жылы сәтті бастама көтерген алаш азаматтарының ой-арманымен тоғысып, үйлесіп жатыр. Ақын діннің, жердің, малдың кеткенін, елдің азып-тозып нашарлағанын айта келіп: «Күн батысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу өзені, солтүстігі – Еділ, Жайық. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге келіп ие болған жоқ, ақ найзаның ұшымен, ақ білек-тің күшімен кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек заманында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаудай алысып, жаттай салысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз, сарбаздары жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алған жері еді», – десе, халқының қамын жегені белгілі. 1872 жылы тұңғыш рет Қараөткел, Атбасар, Қаражар маңын жайлайтын Алтай-Қуандық, Тоқа елдерін аралауға шығады. Ондағы ойы өзінің жас кезінен бергі қиялына қиял қосқан халық қазынасы – ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға деген алғашқы талпыныс. Шоқтықты келген атандай қарала атқа мінген (бұл мініс көлігі өзіне кейін көп жылдар бойы серік болған) алаң жігіт, қанжығасына қағаз толы қоржынын бөктеріп ап, бүкіл жаз, одан күз бойына Солтүстік өңірін шарлаған алғашқы сапарында көп жайлардың куәсі болады. Ол ел

мен ел, ру мен ру арасындағы бақталас-бақастықтың, қарапайым жандардың қараңғылығын пайдаланып, оларды сүліктей сорған бай, молдалардың, қожалардың қатігездік қылықтарын, бұдан басқа да теңсіздік, әділетсіздік көріністеріне енжар қарап қалмаған. Мұндай жәйттер оның қолына қалам алып, үстем тап өкілдеріне деген қарсылаққа толы өлең жолдарын жазуға түрткі болды.

Өсекті қожа менен молда айтады,  
Басқадан олар тіпті оңды айтады.  
Арасын ағайынның балдан төтті,  
Дау-жанжал, ұрыспенен молайтады, – дейді ол өзінің алғашқы ел аралаудан кейін жазған бір өлеңінде. Біз бұдан болашақ ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің сол кездің өмір суретін нақты, әрі айқын бейнелей білетін зерделі де зерек ой иесі екенін аңғарамыз.

#### М. Ж. Көпейұлының діни ағартушылық жолы

Дін адамның өзінің жаратылысындағы құпияларын анықтайтын, ғарыш құбылыс-қозғалыстардың астарын түсіну үшін, сұрақтарға жауап іздейтін тылсым сезімнен туындайды. Демек, бүгінгі таңда дін мәселесі ерекше жандануда. Мәшһүр Жүсіп Көпеев – негізінен діни ағартушы – басты бағыты діни таным төңірегінен өрбіп жатыр.

Бұл сөзде ойламаңыз бар деп жалған,  
Аузыма сөздің шынын аллам салған  
Бісімілла – сөздің басы, хақтың аты,  
Молланың ақ қағазда қалар хаты  
Бұл қайыр бір шыққан соң қолдан кетіп,  
Құдайдың хазинесіне барар жетіп.  
Бір қылған құдай үшін жақсылықтың,  
Сауабын бітіре алмас ешкім бітіп.



Сурет 4 – Мұражайда орналасқан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мүсіні. Мүсіннің авторы мүсінші Кәкен Темірғалиев. Еңбектері. 1907 жыл Қазан қаласы, Құсаиыновтар баспасы.

Мәшһүр Жүсіп жасынан аул молдасынан діни дәріс алып, хат таныған. 1870 жылы

Хамеретдин хазіреттін орта медресесін бітіріп, мұсылманша орта білім алып шығады. 1872–1874 жылдары Бұқарадағы «Көкілташ» медресесінде ортағасырлық араб, парсы, шағатай тілдерін еркін меңгереді. Шығыстың ойшылдарының еңбектерімен танысады.

Мәшһүр 1887, 1885, 1907 жылдары үш мәрте Түркістан, Ташкент, Бухара, Самарқанд қалаларына сапар шегіп, шығыстың мұсылмандық білімін молайтады.

Мәшһүр дүниетанымының қайнар бастаулары мен рухани нәрлері: ұлттық рухани дәстүрлер. Ұлы Дала, шығыс мәдениеттері мен мұсылмандық философиясы, орыс және Батыс Еуропа мәдениеті. Рухани әлемін қалыптастыруда әсер еткен шығыс ғұламалары: Фирдоуси, Саади, Хафиз, Низами, Руми, Атгара, Омар Хаям, Жами, Науаи, Йассауи т.б. Ұлы дала жерінің даналары да ерекше ықпалын тигізген еді: Асан Қайғы, Сыпыра Жырау, Қазтуған, Досмамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетей, Тәгіқара т.б. Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінде ислам діннің шығуы, құдайға сену, тануы, ислам тарихына қатысты пайғамбарлар мен тарихи тұлғалар жайлы деректер берілген.

#### **Қазаққа Мәшһүр – Жүсіп аты мәлім.**

Тірлікте биік тіккен шаңырағың.

Қазаққа Мәшһүр – Жүсіп аты мәлім,

Дін, ғылым, екеуін бір ұштастырған

Ұлы ойшыл, ірі ақын, өзі ғалым.

Көшінде адамзаттың ұлы болған.

Бойына күн – сәуленің нұры қонған.

Рақым Әбдірашұлы.

Павлодар облысы, Баянауылы ауданының тумасы Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлының есімі әдебиетші, философ, аудармашы, білгір шежіреші, жиһанкез, тарихшы ретінде алты алашқа ертеден мәлім болған.

Көп жылдар бұрын айтылған Мәшһүр – Жүсіптің қанатты сөздері, сахарадай кең шалқар ақыл – ой даналығымен ізгілік жүрегінен жарып шыққаниба – ізеттің мол жиынтығы. М.Ж.Көпеевтің жүрегінен туған ұлағатты сөздері өмір ағымын түзеуге жол ашып, құдай жолы хақ, адал жол екенін естен шығармай әр ғылым саласына сілкінін әкелді. Мәшһүрдей дара тұлға туа бермес.

Әулие, дара тұлға Мәшһүр ата – қазақтың мәртебесі, мақтаншы. Бұл күнде шартарапқа болған мәлім, бойында тасқан қайрат, толған дарын – ойшыл, ақын, ағартушы Мәшһүр – Жүсіп атамыз біртуар нағыз дара тұлға.

#### **Ақиқат**

Алла артық жаратқан ақыл – ойын,

Тұнып тұрған қасиет тұла бойы.

Ел тарихын тамшыдан дария етіп,

Тұранның түгел шарлады қыр мен ойын.

Батаң – байлық, дұғаң – ем, сөзің – зәмзәм.

Дәмін татқан жан серігіп ләззәт алған.

Бағи Әбдіқадыров.

Осылайша М.Ж.Көпеевтің ұлылығына бас иіп, аруағына шексіз құрмет, ізгі ниет білдірушілер саны күн сайын көбеюде. Қыс – жаз айларында атаның басына барушылар саны өте көп.

#### **Қорытынды**

– Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ақындығымен қатар мектеп бағдарламасында қарастырылмайтын ауыз әдебиетінің небір үлгілерін жинап хаттау әдістерін жүйелі түрде зерттеу арқылы, ғұлама еңбектерін тарих, әдебиет, география, технология, «Зайырлық және дінтану негіздері» сабақтарында қолдануға болады.

– Ғажайып болжамдарымен танымал болған жиһангез ғұлама-ғалымның географиялық саяхаттары ашып көрсетілді;

Сәулет өнерінің ғажайып үлгілерін жас ұрпақтың бойына тек тарихи-әдеби шығармалар арқылы ғана емес Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесі мен мешіттің макетін жасау арқылы да тәрбиелеу. Бұл тұста технология пәні мұғалімі Жұманазаров А.Қ-ның еңбегі аса зор. «Ескелдіге сапар» жасалып, ғылыми мақалалар баспа беттерінде жарияланды. Қай заманда болмасын, Ұстаз қолында адам тағдыры, ел тағдыры, ұлт болашағы тұратындығы белгілі. Халқымызда «Ұстаң көштен қалса, көп болса желімді тостақсыз қаларсың. Ал ұстазың көштен қалса, білімді ұрпақсыз қаласың» деген өсиет бар. Бастысы, оқушылар білім алудан қол үзбеуі керек.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1 Көпеев С. Мәшһүр Жүсіп өмірі. – Павлодар: ЭКО, - 2000.

2 Көпеев С. Мәшһүр Жүсіп өмірі. – Алматы, - 2000.

3 Сейфитден С. Мәшһүр мұрасы. – Павлодар, - 2001. – 104 б. – Библиогр.: 45 атау

4 Тұрғанбекұлы Ж. Мәшһүр Жүсіптің жаңа мұражайы // Сарыарқа самалы. – 1993. – 27 қараша.

5 Тілеке Ж. Әйгілі адамдар: Мәшһүр Жүсіп Көпеев // Тілеке Ж. Шежіре:Ертіс – Баянаула өңірі. – Павлодар, - 1995. – 90-91 б.

6 Көпеев С. Асыл қазына сандықта сарғаймасын // Сарыарқа самалы. – 1994. – 2 тамыз. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығы жайлы.

### ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚ-МАҒЫНАЛЫҚ БАҒДАР ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ДІНИ ТӘРБИЕНІҢ ОРНЫ ЖӘНЕ МӘШҮР ЖҮСІП ИДЕЯЛАРЫ

МАЗАН Ж. Д.

магистрант, «Тұлғалық даму және білім» кафедрасы,  
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЖҰМАТАЕВА Е. Ө.

п.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі кезеңді құндылық бағдарларының өзгеру уақыты деп атауға болады. XX ғасырдың 90-жылдарында басталған ірі әлеуметтік-саяси өзгерістер қоғамдық моральға, азаматтардың өзін-өзі тануына, адамдардың қоғамға, мемлекетке, Заңға және еңбекке, адамның адамға, дінге деген көзқарасына сөзсіз әсер етті. Сонымен қатар, құндылық бағдарларының өзгеруі қоғамның рухани бірлігіне, жастардың өмірлік басымдықтарына да, ел үшін дәстүрлі моральдық нормалар мен моральдық көзқарастардың өзгеруіне әсері болды.

Өз кезегінде соңғы жылдарда қоғам өмірінде діннің де рөлі мен орны ерекше өзгерді. Бүгінгі таңда оның әсері саясат, экономика, білім, неке және отбасылық қатынастар және т.б. болсын, адам өмірінің барлық салаларында сезіледі.

Осы тұрғыда түрлі педагогикалық және психологиялық дереккөздерді талдау бізге діни, адамгершілік пен рухани тәрбиенің сипатын ашатын анықтамаларды шолуға мүмкіндік берді. Біз діни тәрбиенің жеке моральдық принциптер жүйесін жүзеге асыратынын ескере отырып, оны белгілі бір қатынастарды, әлеуметтік нормаларды сақтауға деген көзқарасты қалыптастыру процесі деп түсінеміз.

Рухани тәрбие мен адамгершіліктің басты айырмашылығы оның өмірге құндылық қатынасын қалыптастырудағы үстемдігімен байланысты, болашақта адамның әртүрлі салаларда үйлесімді өмір сүруіне және өзін-өзі жүзеге асыруына негіз болуы керек. Руханилықтың дамуы адамның істері мен ойларына мән беретін міндет, әділеттілік, шынайылық, жауапкершілік және басқа да игі қасиеттерді оятады.

Діни құндылықтар негізінде білім беру тәжірибесін зерделеу кезінде оның дін психологиясының негізгі функцияларымен, сондай-ақ қазіргі білім беру парадигмасының гуманистік бағдарланған ұстанымдарымен үндестігін айқын байқауымызға болады. Мысалы, біз ойшылдардың философиялық-педагогикалық шығармаларын және патриоттық мұраны зерттеу негізінде құрастырған діни педагогиканың тұжырымдамалық-категориялық аппараты қазіргі заманғы тәрбие мазмұны тұжырымдамасына толық сәйкес келетінін аңғардық. Бұған «рухани мұра», «сенім», «адам», «рух», «жан», «үміт», «махаббат», «күнә», «өлім», «зорлық-зомбылық пен зұлымдыққа қарсы тұру» және т. б. сияқты өмірлік және мағыналық ұғымдар дәлел.

Діни және адамгершілік құндылықтар жүйесі ұлттың эмоционалды және психикалық салауаттылығын жақсартуда маңызды рөл атқарады, демек, рух күші мен адамдардың қоғам мен мемлекеттің дамуына жағдай жасау үшін алға қойылған мақсат-міндеттерге жетуге деген ынтасын анықтайды.

Қазіргі психологиялық зерттеулерде адамның руханилығы мен рухани-адамгершілік тәрбиесі туралы мәселе жиі көтерілуде. Адамның рухани-адамгершілік саласын дамыту мәселесі іргелі болып табылады, өйткені оның шешімі, сайып келгенде, тұлғаның сипаты мен бағытын, әлеммен өзара қатынаста болу формаларын анықтайды.

Әрбір қоғамның діни негізін қалыптастырудың маңыздылығы мен қажеттілігін мойындаған К. Г. Доусон «Дін – бұл рухани форма, адамның әлемге және өзіне деген көзқарасының ерекше түрі, күнделікті өмірге үстемдік ететін ақиқат және діни сенім белгілі бір көзге көрінбес тәртіптің бар екендігін мойындататын сенім деп сипаттайды. Бұл деген ең үлкен игілік – қоғамдық тәртіпке үйлесімді түрде бағыну деп атап көрсетеді [1, 62 б.].

М. Вебер үшін «дін – бұл жеке адамдар мен әлеуметтік топтар мінез-құлқының ерекше стратегиясы, «өмірлік ұстанымды реттеу жүйесі» деп пайымдады және діни идеялар әр адамның және тұтас қоғамның күнделікті өмірінде қажет реттеуші элемент екенін атап өтті [2].

Негізгі діни құндылық-бұл адамға қалаған мақсатына жетуге күш беретін сенім, оның ішінде ең жоғарғысы – жанның құтқарылуы және мәңгілік өмірдің қайта келуі деген сенімнің артатындығында. Құндылықтарды анықтауға мұндай иррационалды көзқарас М. Вебердің дінді құндылықтардың семантикалық қайнар көзі ретінде қарастыратын және оларды ғылыми танымның орнына сенім тақырыбына жатқызатын тұжырымдамасында да көрініс табады [2].

Ақиқат жолы білімнен демекші, Абайдың он екінші сөзінде «Әуел иманның иғтиқатын (нану, сену) махамлемек (берік, мықты, сенімді) керек, екінші – үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты болмайды» делінеді [3, 326 б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір бойы болашақ ұрпаққа бай рухани мұра қалдырғысы келіп, өмірін өнегелі өмірге айналдыра білді. Оның түсінігінде жан әлемі, адамның рухани әлемі мұсылмандық қағидалар мен ережелерден туындайды. Сондай-ақ ол материалдық игілікті өзіне басты бағдар деп санайтын, адамдардың бір-бірінен кемшілік іздеуін пендешілік деп бағамдайды. Адам алдымен өз халқын сүйіп, құрметтеп, халқы үгін аянбай қызмет етуді мұсылмандықтың негізгі шарты деп түсінеді. Бұны біз ұлттық идея ретінде де алуымызға болады.

Өз халқының қамы үшін барлық өмірін сарп еткен жандарды дәріптеген ақын, әрдайым көзсіз ерліктен гөрі саналы іс-әрекеттің маңыздылығын алға тартқан. Сондықтан ол сауаттылықтың, терең білімділіктің қазақ үшін қандай қажетті құбылыс екенін жете түсінгенін байқаймыз. Әрине, діни сауаттың өзіндік шеңберлермен шектеліп қалмай ғылым мен білімнің әртүрлі салаларымен байланыса отырып өрбігеніне ақын көңіл қояды. Сондықтан қазақ қоғамындағы жаңашылдық негіздегі мектептердің көбейгенін қалайды. Адамның білімге деген құштарлығының шексіз болатындығына күмән келтірмеген ойшыл қазақ жастарының әрбір бос өткен уақытының өкінішті екенін шығармашылығында өрнектеп отырады.

Білімге жабысайық көңіл қойып,  
Ерлердің көңіліне жүрмін тойып.  
Болмаса бір құдайдан үміт-қуат,  
Залымдар көзімізді алар ойып...  
...Өнерге, ғылым-білім болсаң жерік,  
Берілер ақыр бір күн басына ерік.  
Көп жұртты көз жасыңа қылсаң куә,  
Табылар мұңлы-зарлы саған серік [4, 226 б.].

Мәшһүр Жүсіп өзінің шығармаларды адами құндылықтарды сипаттап береді және олардың ішінде діннің алатын орнын баса айтады:

«Ең әуел керек нәрсе – иман» – деген,  
«Ақырет істеріне (ишларына) инан!» – деген!  
«Құдай кешіреп!» – дегенмен, іс бітпейді,  
«Иман шартын білмесе, есен (ибан)» – деген.  
«Екінші керек нәрсе – ғақыл» – деген.  
«Ғақылсызда таулық жағы (шағы) тақыр!» – деген.  
«Аз іске ашуланып, дінін бұзар,  
Иманын кәпірлікке сатар!» – деген.  
«Үшінші қымбат нәрсе – сабыр» – деген,  
«Сабырлысы мұратын табар!» – деген.  
«Әр істе сабырсыздық тәубе – зорлық,  
«Сабырсыздық басқа пәле салар!» – деген [4, 106 б.].

Бұл тұрғыдан алғанда, Мәшһүр Жүсіптің діни көзқарастары бүгінгі қазақстандық қоғамда қалыптасқан діни ахуал үшін де өзектілігімен көзге түседі. Қазақстан Республикасында қазіргі таңдағы діни жағдай, сарапшылардың пікірінше, тұрақты деп сипатталғанымен, әлемдік геосаясаттағы діни фактордың күшеюі, қазақстандық қоғамның дінге қатысты жаһандық үрдістерге ашық болуы діни пиғылдағы экстремизм, терроризм және жалған діндер мәселесін алға тартады.

Қоғамдық діни құндылықтар адамның діни көзқарасы ретінде жеке тұлғаның діни менталитетін қалыптастыруға ықпал етеді. Мемлекет үшін әлеуметтік институт ретіндегі діннің маңызды аспектілерінің бірі – қоғамдық сананы қалыптастыру екенін тағы да атап өтуге болады. Дін имандылыққа, моральға, кішіпейілділікке, бір сөзбен айтқанда азаматтардың заңға бағынуына шақырады. Қоғамдағы адамдардың діндарлығы өзара түсінушіліктен көрінеді. Сонымен қатар, дін, шарифат заңдылықтарын ұстану өзінің өмірлік айрықша құзыретін және өмір сүруінің түпкілікті мақсатын танытуға бағытталатынын түсіну екенін атап кеткен жөн.

Қарқынды дамып келе жатқан әлемде, технологиялар мен әлеуметтік ақиқаттар жылдам өзгеріп жатқан кезде діни принциптер мен идеялар мызғымас болып қала береді. Сондықтан жастар тәрбиесінде діни құзіреттің алатын орны ерекше болып табылады.

Адамгершілік моральды, руханиятты қалыптастыру білім беру саласында да жүреді. Бұл жерде мемлекеттік құрылымдар мен діни бірлестіктердің өзара бірлескен әрекеті мемлекет пен діни ұйымдардың мүдделері тығыз тоғысатын сала болып табылатынын

атап өту қажет. Сондықтан бұл мәселе мемлекет үшін де, діни ұйымдар үшін де қағидатты түрде маңызды. Білім алушылардың бойында қалыптасатын білім, дүниетаным қоғамдағы саяси және өзге де процестерге қатты әсер етуі, оның ішінде мемлекеттің дінге деген перспективті көзқарасын айқындауы мүмкін.

Сонымен бірге, білім беру қызметіне, оның ішінде діни ұйымдарға байланысты мәселелерді мемлекет діни саясатқа, тарихқа, идеологиялық ұстанымдарға сәйкес шешуі тиіс. Осы мәселелердің заңдылығын қамтамасыз ететін негізгі аспектілерге Д.В. Прахт: «мемлекеттің мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білімнің зайырлы сипатын қамтамасыз етуін; діни бірлестіктер құрған білім беру мекемелерінде жалпы білім беру пәндерін оқытуды мемлекеттік қолдау; мемлекеттік жоғары оқу орындарында студенттерді білім беру бағдарламасынан тыс оқытуға мүмкіндік беру; діни ұйымдар құрған оқу орындарын мемлекеттік лицензиялау және аккредиттеуді» жатқызады [143, б. 17].

Осылайша, әлеуметтік мақұлданған, моральдық бағдарланған сананың қалыптасуы әр түрлі факторлардың әсерінен құндылықтардың жаңа жүйесін қайта бағалау және қалыптастыру жағдайында жүреді. Сондықтан жоғары оқу орнында діни тәрбие беру күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің қатарынан орын алуы қажет деп ойлаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Доусон К. Г. Религия и культура / пер. с англ., вступ. ст., ком-мент.: Кожурин К. Я. - СПб.: Алетейя, 2000. - 281 с. - (Миф, религия, культура).
- 2 Вебер М. Социология религии (Типы религиозных сообществ) / М. Вебер // Вебер М. Избранное. Образ общества / пер. с нем. - М.: Юрист, 1994. - С. 78 - 308.
- 3 Абай. Өлең - сөздің патшасы. Халықаралық Абай клубы. Жидебай, 2006. - 650 б.
- 4 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Тандамалы өлеңдері. -Павлодар: ЭКО, 2005. - 2 т. - 456 б.
- 5 Прахт Д. В. Тобольская духовная семинария в контексте реформ среднего духовного образования в XIX - начале XX вв.: специальность 07.00.02 «Отечественная история» диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук: / Д. В. Прахт ; Алт. гос. ун-т. - Барнаул, 2013. -217 с.

#### ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА КӨРМЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

МАМЫРБАЕВА Ж. И.

магистрант, 2 курс, «Педагогика. Білім берудегі менеджмент» мамандығы,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

ШАҒЫРБАЕВА М. Д.

п.ғ.к., доцент, «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасы,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Мектептегі көркемдік білім мазмұнына деген жаңа көзқарас -бұл өнер түрі бойынша әр жеке курс үшін бағдарлама құрудағыкәсіби және өнер тарихының орнына оқушылардың көркемдік санасын дәйекті түрде қалыптастырумен алмастырылады. Көркемдік даму идеяларына сәйкес эстетикалық білім берудің, көркемдік іс-әрекеттің басты негізі оқушылардың қиялдарын, шығармашылық көздерін дамыту болып табылады.

Көрме оқушылардың эстетикалық тәрбиесінің аудиториядан тыс нысаны бола отырып, көркем туындылардың, тарихи, мәдени құндылықтардың уақытша (экспозициядан айырмашылығы) көпшілік алдында көрсетілуін ұсынады.Көрмелер дүниежүзілік (барлық елдер қатыса алатын кезде), халықаралық (кейбір мемлекеттер экспоненттері болып табылатын), жалпы мемлекеттік, өңірлік немесе жергілікті (республикалық, облыстық, қалалық және т.б.) болуы мүмкін.Белгілі бір тақырыптағы туындыларды біріктіретін көрме «мәндік-тақырыптық» деп аталады. Осылайша, оқушылар мен оқытушылардың ғылыми, дидактикалық, технологиялық және көркем шығармашылығы нәтижелерінің көрмелері эстетикалық тәрбиенің өзіндік презентациялық формасы болып табылады, өйткені олар тәуелсіз сарапшылардың бағасын алуға мүмкіндік береді.

А. Н. Қалдаров айтуынша өнер-бұл өнердің қосындысы емес, өзара әрекеттесудің ұйымдастырылған тәсілі болып табылатын өзіндік тұтастық негізінде тұтас тәрбие факторы [1]. Өнердегі және өмірдегі сұлулықты түсінуді үйрену үшін эстетикалық әсерлердің жинақталуы, эмоционалды және танымдық процестердің дамуы қажет. Сондықтан эстетикалық мәдениетті қалыптастыру процесі педагогиканың барлық аспектілерімен өзара байланысты, нәтижелері әртүрлі қызмет түрлерінде көрінеді. В. Т. Кальянов пен оның ізбасарлары көркемдік білім беру тұжырымдамасының негізін әр түрлі көркемдік іс-әрекеттерді біріктіру идеясы арқылы қалады, яғни оларды жүзеге келесідей асыруға болады:

– географиямен, табиғи ортамен, белгілі бір халықтың тарихымен, оның басқа халықтармен қарым-қатынасымен аралық және уақытша байланыстарда өнер шеңберінен шығу;

– сөздің кең мағынасында мәдениеттің дамуымен байланыстар-ой, ғылым, техника, қала құрылысы, коммуникациялар, рухани және адамгершілік дәстүрлер;

– педагогикалық екпінді есте сақтауды дамытудан болашақ мұғалімнің тұлғасын әлемдік көркем мәдениеттің дәстүрлерін іске асыруда оның шығармашылық көріністеріне көшіру, педагогтің шығармашылығынан білім алушылармен рухани жолмен бүкіл адамзаттың мәдени әлеуетін трансформациялау;

– көркем аймақтық мәдениетке, білім берудің аймақтық компонентіне, өнерге, аймақтың ана тіліне дүниежүзілік мәдениеттің дамуымен байланысты үндеулер [2].

Ғалымдардың айтуынша, білімге қатысты көрме іс-әрекетінің мақсаттары мен міндеттері түрлеріне, мәніне байланысты әр түрлі болуы мүмкін, бірақ, әдетте, оқушыларды өнер туындыларымен немесе техникалық шығармашылық жетістіктерімен таныстыруға, оларды шығармашылық белсенділікке тартуға, эстетикалық қажеттіліктерді дамытуға, олардың қызығушылығын оятуға дейін азаяды [3]. Шығармашылық және өзін-өзі құруға ұмтылыс, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, әлемге, басқа адамдарға, өзіне деген құндылық-эстетикалық көзқарас. Білім беруде көрме оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту мақсатында өткізілетін іс-шара ретінде, шығармашылық өнімдерді орындау шеберлігі, мәдениеті, техникасы деңгейін анықтау мақсатында жүзеге асырылатын қорытынды бақылау нысаны ретінде қарастырылады. Әрбір көрме үшін экспонат-жұмыстарды іріктеу қағидаттары мен бағалау өлшемдері міндетті түрде әзірленеді. Олар дәстүрлі көрсеткіштерге негізделген:

- көркем орындау дербестігі;
- ой ерекшелігі;
- техникалық орындау деңгейі;
- материалды иелену;
- тақырыпқа сәйкестігі.

Бейнелеу өнері кешенді пән ретінде өнертану элементтерін, көркем шығармалардың жанрларын, бейнелеу іс-әрекетінің теориясын, бейнелеу өнері мен шығармашылық өзін-өзі танытуды, практикалық бейнелеу дағдыларын біріктіреді. Көрме қызметтерін ұйымдастыра отырып, мұғалімдер өнер туындыларының мазмұнын,

көркемөнерпаздар түрлерін арнайы тандау арқылы оқушылардың эстетикалық сезімдерінің дамуын іс жүзінде басқаруға мүмкіндік алады. Көркемөнерпаздар оқушыны көркем шығармашылықтың құпиясымен таныстырады, олардың дарындарын дамытады, техникалық және атқарушы дағдыларды қалыптастырады және бекітеді, шығармашылық жұмысқа қатысудан ләззат алады.

Көрмелерде оқушылар әлемдік өнердің шедеврлерімен таныстырылады, бұл оқушылардың түсінуі мен эмпатиясын тудырады, суретші олардың алдында ашатын өмір мәселелеріне жарқын эмоционалды жауап береді. Мұғалімнің өнер туралы монотонды әңгімесі емес, өнердің өзі мектеп оқушыларының сезімдері мен ойларына әсер етуі керек. Оқушылар үшін әлемдік көркем мәдениет сабақтары адамгершілік және эстетикалық мұраттарды орнату болып табылады. Оқушыларға көркем мәдениеттің үйлесімділігін, көркем бейнелер мен туындылардың алуан түрлілігін көрсету, оларды әлемдік көркем мәдениетке тарту, эстетикалық, рухани-адамгершілік сезімдерін дамыту - бұл мектеп мұғалімдерінің басты міндеті [4].

Көркемдік-эстетикалық білім беру мазмұнын базалық пәндермен біріктіруге ерекше назар аудару қажет. Олар мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытады, себеп-салдарлық қатынастарды түсінуге және табуға, логикалық ойлауды, коммуникативті қабілеттер мен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға итермелейді. Пәнаралық интеграция танымдық іс-әрекеттің барлық түрлерін қамтуға және оқушылардың да, мұғалімнің де шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Көркем образдар мен идеалдарды игеруге, олардың ішкі мазмұны мен типтік ерекшеліктерін түсіндіруге арналған тақырыптар оқыту, тәрбиелеудің интерактивті әдістерін жүзеге асыруға бағытталған. Өнер туындыларында, әдет-ғұрыптарда, мерекелерде және әлем туралы діни көзқарастарда ұсынылған әртүрлі халықтардың мәдениеттерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары этносаралық, мәдениетаралық бірегейліктің негізін құрайды. Білім алушылардың мәдениет пен дәстүрлерге өздерінің ұлтын білуі, өздерін өз елінің азаматы, мәдениет пен кескіндеме жасаушылардың отандасы ретінде мақтанышпен сезінуі өте маңызды. Сонымен бірге ұлттық құндылықтар мен адамгершілік басымдықтарға құрметпен қарауды, өзінің және басқа адамдардың мәдениетін түсіну, қабылдау қабілетін қалыптастыру маңызды. Өз халқының, өз мәдениетінің тарихындағы менмендік

басқа ұлттар, басқа мәдениеттер, діндер халықтарының құндылығы мен маңыздылығын төмендетуге тырысуға бағытталмауы керек. Өнер сабақтарында оқушылар әртүрлі мәдени және тарихи дәстүрлермен, діндер, әртүрлі ұлт халықтарының материалдық және рухани қызметінің ерекшеліктерімен танысып қана қоймай, кейде мәдениетке ұқыпты қарауды, басқа халықтар өнерінің сипаттамалық жақтарын түсінуді, жеке тұлғаны басқа дүниетаныммен сыпайы қабылдауды үйренеді.

Қосымша білім беру ұйымдары оларды өз тәжірибесінде белсенді қолданады, бірақ олардың көпшілігі бір жақты және олардың барлық әлеуетін пайдаланбайды. Бұл іс-әрекеттің бағыты маңызды, ол тек көрмелерге барумен шектелмеуі керек, оны ұйымдастыру мен өткізуде оқушылар мен ересектер арасында эстетикалық қажеттіліктерді дамытудың, оларды әдемілікпен таныстырудың бай мүмкіндіктері бар. Көрмелерді ұйымдастыру және өткізу оқушыларға қазылар алқасы мен көрермен - келушілерге өздерінің шығармашылық белсенділігінің нәтижелерін ұсынуға мүмкіндік береді, бұл оқушылардың эстетикалық цикл пәндеріне, өнерге деген қызығушылығын арттырады, өйткені бұл оларға өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Г. И. Королева атап өткендей, көрме қызметі:

- педагогтарды, оқушыларды және ата-аналарды біріктіру мүмкін;
  - өнерге тұрақты қызығушылық, ортақ мүдделер, жаңа нәрсені үйрену қажеттілігін қалыптастырады;
  - оқушылардың эстетикалық қабілеттерін, қарым-қатынас дағдыларын, ұйымдастырушылық негіздерін, әртүрлі жастағы ұжымда жұмыс істей білуін дамытады [5].
- Осылайша, эстетикалық мәдениеттің қалыптасуында көрме іс-әрекетінің міндеттері келесідей тұжырымдалуы мүмкін:
- оқушылардың шығармашылық жұмысқа қызығушылығын ынталандыру;
  - оларды шығармашылық қызметке қатысуға тарту;
  - алынған білім мен дағдыларды іс жүзінде қолдануға ықпал ету;
  - білім алушылардың қабілеттерін, мүдделерін іске асыру үшін жағдай жасау;
  - шығармашылық қызметті ұйымдастырудың әртүрлі формаларын дамытуға, оқушылар шығармашылығының үздік үлгілерін көрсетуге ықпал ету;
  - шығармашылықты насихаттау;

– үздік педагогикалық тәжірибені таратуға көмек көрсету.

Қазіргі уақытта көркемдік білім жеке тұлғаның әлеуметтік-мәдени даму процесіне ықпал ету қабілетінің артуына байланысты маңыздылығын арттырады. Бұл, бір жағынан, мәдениет пен өнерді дамытуға, екінші жағынан, мәдениет пен өнер арқылы жас ұрпақты дамытуға қабілетті көркем және көркем-педагогикалық кадрлардың қажеттілігін өзектендіреді. Формалардың бірі - эмоционалды тыңдау, көру және ішкі сезім-мұғалімнің стандартты емес сабаққа ерекше назар аударуын талап етеді. Сондықтан көрмелерде бейнелеу өнері, түрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, театрлар мен мұражайларға виртуалды экскурсиялар, оқу фильмдері мен мюзиклдерден, балеттерден, опералардан үзінділер қосылған презентациялар кеңінен қолданылады. Мұндай сабақтар әртүрлі өнер түрлерінің көмегімен жарқын эмоционалды және эстетикалық атмосфераны құруға, мектеп оқушыларын көркем бейнелер атмосферасына «батыруға», терең ойлауға, эмпатияға, түсінуге ықпал етеді.

Осылайша, қазіргі мектептің білім беру процесінде оқушылардың эстетикалық мәдениетінің аудиториядан тыс нысандарының мазмұнын жаңартуды жастарды эстетикалық тәрбиелеудің тарихи қалыптасқан нысандарының эстетикалық әлеуетін - көрмелер, экспозициялар, мұражайлар және т. б. пайдалану арқылы қамтамасыз етуге болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қалдаров А.Н. Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру // Ғылым және білім. – 4(8). – 2016. – 77-86.
- 2 Кальянов В.Т. Эстетическая подготовка учителя в школе. - М, 2017. - 180 с.
- 3 Алмасов Ә.Д. Көрме қызметі. – Алматы, 2018. – 156 б.
- 4 Адаскина А.А. Особенности проявления эстетического отношения при восприятии действительности // Вопросы психологии. - 2008. - №6. - С.100-110.
- 5 Королева Г.И., Петрова Г.А. Система эстетической подготовки учеников. - Казань: Изд-во Казанского университета, 2014. - 25 с.



## ФОРМЫ УЧЕБНОЙ И САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ ОБУЧАЮЩИХ С УЧЕТОМ ГЕНДЕРНОГО ПОДХОДА

МУСИНА Ж. А.

преподаватель английского языка, СОШ № 39 инновационного типа,  
докторант, Торайгыров университет, г. Павлодар

РАХИМОВА Б. Б.

преподаватель английского языка, ГУ Комплекс «Музыкальный колледж,  
музыкальная школа-интернат для одаренных детей», г. Павлодар»

Работая в образовании, мы часто сталкиваемся с проблемами, так как наши дети, не просто дети, а девочки и мальчики. Нужно знать, что у них разное мышление, речь, разные установки, характер, темперамент, поведение, разные способности к учебе и развитие.

Считается, что в каждом возрасте ребенок должен обладать знаниями и навыками. Однако из класса в класс, не учитывается пол ребенка. И все документы, и учебники, составляются одинаково. Нет определенных гендерных подходов в обучении, и специальных программ и методик по усвоению нового материала, и специальных форм по самостоятельной работе.

Обучение предметов и отведение времени на самостоятельную работу обучающихся, очень важно и нужно учитывать гендерные особенности учащихся. Это требует огромной работы преподавателя, в отборе содержания учебного материала, и составление материала. Учитывая все необходимые критерии, и затем применение таких методов и форм обучения, которые соответствовали бы разному типу функциональной асимметрии мозга в восприятии информации девочками и мальчиками, отвечали бы запросам и тех, и других в отношении к учебной работе.

Форма – это строение учебной и самостоятельной работы в деятельности преподавателя и обучающегося.

По мере развития образования, меняются формы обучения, и их содержание.

Формы учебной и самостоятельной работы:

– индивидуальные, индивидуально-групповые, групповые, коллективные, обучение на дому, самостоятельная работа. Наиболее эффективными формами обучения с учетом гендерных особенностей являются индивидуально-групповые, групповые и самостоятельная форма обучения.

Таблица 1 – Эффективными формами обучения с учетом гендерных особенностей

Индивидуально-групповая работа	Индивидуально-групповая работа – это связь в отношениях преподавателя - обучающегося, обучающегося – преподавателя, а так же прямое руководство преподавателя в сотрудничестве с обучающим.
Групповая форма обучения	Групповая форма работы – это работа разных групп в классе, работающие над общими, специфическими и самостоятельными заданиями.
Самостоятельная форма обучения	Самостоятельная форма обучения – это форма работы строится на принципах самоуправления обучающихся на уроке и вне урока, с менее жестким контролем преподавателя.

В условиях современного образования и эффективных форм обучения с учетом гендерных особенностей, не достаточно для полного и эффективного обучения обучающихся на сегодня.

Основные формы, такие как индивидуально-групповые, групповые и самостоятельная форма работы, будут наиболее эффективны, если мы будем учитывать гендерные подходы в обучении. Разделить группы обучающихся на одинаковое количество мальчиков и девочек и дать дифференцированные задания с подбором на гендерные подходы. Форма для девочек будет акцентироваться на взаимопомощи; для мальчиков работа должна быть самостоятельной или соревновательность. А так же в оценивании результатов, нужно учитывать гендерные подходы. Например для девочек - это похвала с хорошей оценкой, для мальчика- это получение результата, а потом только оценивание [1].

Как же все таки подбирать задания, учитывая гендерный подход в обучении. Как достичь целей на уроке. Для этого мы должны изучить формы обучения.

Таблица 2 – Формы обучения мальчиков и девочек

Формы	Мальчики	Девочки
Индивидуально-групповая работа	Лучшее усвоение материала происходит через замену словесного объяснения картинками, диаграммами, графиками, схемами и использования практических умений и навыков в предмете.	Девочкам же, наоборот, лучше все повторить несколько раз, поработать со схемами-опорами, анализами понятий, аналогами

Групповая форма обучения	Хорошо выполняют задания в группе, советуются, приходят к общему мнению.	Девочки, прорабатывают весь материал и записывают все в тетрадь.
Самостоятельная форма обучения	Мальчики самостоятельно работает над учебником, учебной литературой при этом, не взаимодействуя с одноклассниками и преподавателем.	Девочки используют не только учебники, но и другие источники, взаимодействуя с одноклассниками [2].

Индивидуально-групповая, групповая форма, самостоятельная форма обучения на основе гендерного подхода является очень результативным.

Для современного педагога в традиционных школах приходится примерно 30 учеников, а урок длиться 45 мин, преподаватель фактически не успеет проработать эти формы, используя гендерные подходы, но если систематически внедрять эти формы, то только тогда мы увидим результат. И обучающие сами смогут, пользоваться этими формами и применять на других уроках.

Таким образом, организация урока с учетом применения различных форм учебной работы положительно сказывается на результатах обучения. Учитывая гендерный подход в образовании, групповая, индивидуально-групповая и индивидуальная формы работы служат наилучшим средством для его реализации.

При обучении на основе гендерного подхода, должны учитываться особенности мальчиков и девочек в учебном процессе. Особенности мальчиков и девочек в обучении представлены в таблице 3.

Таблица 3 – Особенности обучения мальчиков и девочек.

Параметр	Мальчики	Девочки
Внимание	Высокая скорость концентрации, особенно в критической ситуации; при работе обращают внимание на точность исполнения	Теряется концентрация внимания в критических ситуациях; при выполнении заданий внимание ориентировано на быстроту выполнений
Мышление	Конфигурация мозга способствует концентрации только на одной задаче в отдельный промежуток времени (могут либо слушать, либо выполнять задание)	Мозг запрограммирован на одновременное управление сразу несколькими делами, не связанными между собой (могут и слушать, и выполнять задания)

Память	Небольшой объем кратковременной памяти: преимущества при запоминании слов, лучше запоминают имена людей, описания предметов одежды	Долговременная память, преимущества при запоминании слов, лучше запоминают имена людей, описания предметов одежды
Моторика	Лучше развита крупная моторика	Лучше развита мелкая моторика
Подход к изучаемому материалу	Качественный	Количественный
Восприятие информации	Легче воспринимается информация пространственного и символического характера (чертежи, схемы), труднее воспринимают словесную информацию	Легко воспринимают текст на слух и письменно, труднее воспринимают числовую информацию
Интересы к деятельности	Предпочитают деятельность исследовательского характера	Предпочитают деятельность по алгоритму, то есть стереотипную
Предпочтения в формах работы	Хорошо работают в группе, в одиночку	Хорошо работают в паре, в коллективе
Самооценка	Завышена	Занижена
Стиль общения	Авторитарный	Демократический
Отношение к похвале	Важно материальное поощрение успеха, конкретная оценка их деятельности	Важно эмоциональное поощрение успеха, его подтверждение через слова, прикосновения, жесты, взгляд

Таким образом, особенности анатомо-физиологического строения и психики мальчиков и девочек указывает на то, что различный подход к их обучению и воспитанию должен осуществляться в связи со значительными различиями в строении мозга и развитии правого и левого полушарий; различны способы получения и обработки информации, интеллектуальные и творческие способности. Поэтому одним из недостатков в современной школе является обучение по традиционной системе, которое не предусматривает особенности гендерных различий обучающихся.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Алмазова С.Л. Влияние стереотипов мужественности и женственности на становление личности как представителя пола Специальное образование. 2010 (1).

2 Базарный В.Ф. Дитя человеческое. Психофизиология развития и регресса. – М. : Концептуал, 2018.

## СУЛТАНБЕТ СУЛТАН – ВЫДАЮЩАЯ ЛИЧНОСТЬ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

МУХАЖАНОВ М.

ученик 6 класса, СОШ имени М. Ауэзова, г. Павлодар

КЫГШАКПАЕВА Ш. И.

учитель истории, СОШ имени М. Ауэзова, г. Павлодар

В настоящее время казахстанская историческая наука призвана сыграть определяющую роль в формировании национального самосознания, бережного отношения к прошлому нашего отечества, как составной части всемирно-исторического процесса.

Биографии многих из этих знаменитых личностей в той или иной степени изучены. Однако, есть ряд исторических деятелей, которые оказались незаслуженно забытыми: их не изучали в силу ряда субъективных и объективных обстоятельств советского времени. В первую очередь это относится к жизни и деятельности одного из известнейших личностей общенационального масштаба XVIII столетия – Султанмамета, потомка Джучи хана и влиятельного султана Казахского ханства, который умело управлял казахами Среднего Прииртышья от имени хана Абулмамета и султана Абылая.

Он является ровесником, соратником и двоюродным братом хана Абылая. Один из главных претендентов на ханский престол после кончины великого хана Абылая. И самое главное: ему принадлежит величайшая заслуга в возвращении правобережья Иртыша. Славное имя этого султана встречается в многочисленных российских и китайских документах дипломатического характера, а также в исследованиях чиновников и офицеров, служивших на Иртышской линии военных укреплений.

Султанбет (полное имя Султанмухаммед, в российских архивных источниках известен как Салтамамет, Султан Мамет, Султанмаммет) – правитель Среднего Прииртышья, потомок казахских ханов и султанов, родился в 1710 году на юге Казахстана.

Первые известные нам на сегодня сведения о Султанмамете относятся к 1739 году, когда, по сведениям Ш. Уалиханова, Султанбет султан и Абылай султан ведут переговоры от имени Абулмамета, хана Среднего жуза. Уже в то время, 29- летний Султанбет был авторитетным правителем всего Казахского ханства, хотя это было время раздробления единого Казахского ханства, т.е. усиления регионального сепаратизма. Султан жил в непростое время, как писал Шокан Уалиханов, «Первая половина XVIII века

киргизы (казахи) пережили тяжелое время. Джунгары, Волжские калмыки, Яицкие казахи и башкирцы со всех сторон нападали на их улусы, угоняли скот, детей и жен, самих угоняли в плен. К тому же суровая зима, голод, холод еще больше усугубляли положение казахов. Это было время Великих бедствий нации» [1, с. 17].

В связи с создавшейся геополитикой двух великих империй, Россией и с Китаем «коалиция Абылай-Султанбет» ведут успешные переговоры от имени хана Среднего жуза Абулмамета, который имел номинальный статус. Таким образом, 1740 году казахи Среднего жуза под руководством Абулмамбета хана и братьев султанов дают клятву на верность русскому престолу. И здесь подчеркивается, что в основном были султаны приграничного Иртыша» [1, с. 19].

В учебнике истории Казахстана есть сведения о том, что царская власть считалась с султаном Султанбет и его многочисленными сыновьями. Императрица Екатерина II назначила жалованье и грамоту как «преданные киргизы» (казахи) Российской империи, имел звание Тархан, переписывался с царицей. Царица издала указ о построении «хорома» для престарелого султана. Такие усадьбы были построены позже для Айганым, жене Абылай хана и хану Внутренней орды Джангиру. Наряду с ханами Нуралы, Ералы, Абылай, Айшуак был приглашен и Султанбет султан на инаугурацию Екатерины II. Этот жест со стороны русской власти говорит о том, что Султанбет был признанным государственным деятелем своего времени.

Величайшая заслуга Султанбета – это разрешение на перекочевку казахов на запретный правый берег Иртыша, где проходит внутренняя линия. Тактика мирного сосуществования лояльного султана дала свои результаты. Султанбет и знать, владельцы тысячных табунов лошадей и отаров овец наконец-то в 1771 году по разрешению властей начали с левого берега откочевывать на правый берег – вернулись в свои исконные земли. Между реками Иртыш и Обь шло свободное кочевье, об этом пишет историк Броневский С. М.: «Таким образом, казахи, получившие покровительство, беззаботно жили, росла численность народа, быстро богатели». В 1778-1798 годах царская власть дает официальное разрешение казахам на постоянное проживание внутри линии. В 1854 году 9 мая издается царский Указ о создании Семипалатинского внутреннего округа для управления казахов, который существовал до 1868 года, т.е. до Временного Правила 1868 года. Возвышение Семипалатинска

как административного центра, имела положительную роль в жизни казахов. Таким образом, Семипалатинск стал духовным, культурным, экономическим центром. Если в начале XX века вся казахская интеллигенция собиралась здесь и создала правительство Алаш орда. Это историческая закономерность [ 2, с. 105].

Возвращаясь к теме Султанбета султана, надо отметить, что благодаря дипломатической тактике султана была достигнута победа в перекочевке своего улуса без кровопролития. Мы знаем, как Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Утемисов мечтали о переходе на правый берег Волги и Урала и погибли вместе с восставшими сородичами.

Историк А.Левшин об Абылай хане пишет, что «он (Абылай хан) и с Российской императрицей и с китайским богдыханом при внешней политике держал независимость». Абылай хана поддерживал Султанбет султан, об этом говорят документы, где часто встречается его имя и имя старшего сына Уруса. Султанбет как умелый дипломат, верный соратник Абылая, хорошо зарекомендовал себя в китайско-казахских территориальных переговорах по отстаиванию бассейна реки Или, оставшегося свободным после уничтожения Джунгарского ханства. Для этой цели Султанбет, один из сильных правителей, чей авторитет равен был авторитету хана Абылая, в 1763 году добровольно становится аманатом (заложником). В истории казахско-русских и казахско-китайских отношений, наверно, то был единичный случай, когда один из сильных правителей, чей авторитет был в известном смысле равен авторитету Абылая, добровольно отдает себя в аманаты. Султанмамбет прослыл гарантом международных отношений, и это лишний раз подтверждает сложность межгосударственных отношений, когда, жертвуя своей личной свободой и даже жизнью, важно было отстоять еще одну пядь родной земли [4, с. 3].

Особый след в истории края оставили и его многочисленные потомки. По многочисленным архивным, письменным и фольклорным источникам у Султанбета было 17 сыновей, многие из которых продолжили славное дело своего отца. Как известно, Султанбет управлял подвластными казахами через своих батыров и многочисленных сыновей. За каждым из его сыновей была закреплена строго определенная казахская волость: Урус султан управлял басентиновской волостью, Иман султан – курлеуткипчакской, Торган – жарымбеткипчакской, Укибай – кызылгакслетинской, Ботагоз – кулатайкипчакской, Матай –

актилеской, Култай – сагалкипчакской, Кулшык – жолабакипчакской, Караш – кулатайкипчакской и т.д. Старший сын Султанбета Урус принимал участие в церемонии возведения на престол Екатерины II в Санкт-Петербурге, где из руки новоиспеченной императрицы он получил золотую медаль. В 1759-1764 годах был руководителем дипломатической миссии Казахского ханства в Пекине, активно занимаясь урегулированием казахско-китайских приграничных проблем. А вместе со своим отцом, ханами Абылаем и Нуралы, в 1771 году отличился как храбрый батыр в сражениях с волжскими торгоутами у озера Балхаш, на берегу реки Мойынты. [2, с. 120]

Султанмамбет (Султанбет) был инициатором многих «сатовок» (рынок), которые появлялись в районе прииртышских крепостей. Так, с самого начала десятиверстной полосы вдоль левого берега Иртыша, султан начал торговую деятельность с крепостными жителями-казаками. Со стороны султана такие товары, как ценные шкуры корсака, лис, соболей, войлок, серебро, скот, а сторона русских купцов предлагала сукно, казаны, таганы, кораллы и т.д. В условиях кочевой жизни приезд российских и азиатских купцов к степнякам был весьма удобен. Султан и его сыновья являлись гарантом безопасности во время их передвижения через казахские степи.

В 1745 году по просьбе султана и Абылай хана в Ямышевской и Семипалатинской крепости открылись торговые ряды. В 1772 Султан обращается к царской власти с просьбой построить в Ямышевской крепости п меновой двор для развития межгосударственной торговли. Таким образом, султан и его сыновья были крайне заинтересованы в развитии торговли для степняков. Этот альянс не мог не насторожить царскую администрацию, поскольку каждый из них представлял опасность для империи. Абылай хан всегда советовался перед принятием важных решений со своим братом Султанбетом [2, с. 185].

Султанмамбет предпочитал не раскрывать до конца намерения свои и хана Абылая. Когда, к примеру, российские власти, через лояльного султана, желали получить секретные данные о его двоюродном и строптивом брате хане Абылае, демонстрировавшем излишнюю самостоятельность и неуправляемость, то всегда получали уклончивые ответы, подтверждением чему являются строки из письма Султанмамбета генералу И. А. Деколону от 4 марта 1775 года: «Наконец Аблай-салтан, хотя мне и брат, но за дальним теперь ево от меня кочеванием, каких он мненей знать не можно».

После кончины хана Абылая, в 1781 году, на курултае казахской знати, султану Султанмамету, в числе нескольких других кандидатур, была предложена ханская власть над всеми тремя жузами. Однако он от принятия ханского достоинства отказался в пользу Уали султана, сославшись на преклонный возраст. По нашим данным, в то время ему было уже за 70 лет. Этот факт лишний раз свидетельствует не только о влиятельности и авторитете.

Именитый султан умер в конце XVIII века, когда ему было за 80. Существуют две версии о том, где похоронен Султанбет: либо его останки находятся в Туркестане в мавзолее Ходжи Ахмета Яссави, либо его могила – на территории Павлодарской области. До сих пор поиски места захоронения Султанбета в Прииртышье остаются безуспешными [2, с 119].

Как выдающийся государственный деятель Казахского ханства Султанбет навсегда останется в истории. Он – участник исторических событий, произошедших в XVIII веке, поэтому его имя можно встретить в современных учебниках и учебных пособиях по истории Казахстана. В настоящее время изучение жизнедеятельности славного султана является актуальной темой для многих исследователей.

Исследования археологов и историков помогают восстановить историю страны. По программе «Рухани жангыру» по инициативе ректора ПГПИ Алтынбека Нухулы, под его личным руководством в регионе в честь славного султана создается историко-исследовательский центр имени Султанбек султанат. Куда вошли ведущие историки и уважаемые аксакалы- общественники области, ученые приступают к научному изучению большого архивного материала о Султанбет султани, найденного по просьбе и помощи потомков султана в государственных архивах Оренбурга и Омска энтузиастом – краеведом Виталием Сирик. Активно приступил к исследованию Тимур Смагулов известный археолог нашей страны, руководитель регионального центра археолого- этнологических исследований ПГПИ. На средства и силами потомков султана и общественным фондом «Султанбета султана» построили в Павлодаре деревянный дом (копия дома Султанбета). Данный исторический комплекс «Усадьба Султанбета султана» передана в дар ПГПИ как юбилейный подарок к 55-летию ВУЗа. На сегодняшний день этот комплекс имеет археологический исследовательский центр и станет любимым местом не только горожан, но и гостей Павлодарского Прииртышья.

Появилась книга, исторический роман повествующий о жизни и деятельности султана, автором которой является один из его славных потомков Ерулан Канапиянов. Зная историю жизнедеятельности государственного деятеля Казахского ханства султана Султанбета, мы больше узнаем об истории родного государства, а ее необходимо знать всем, ведь без истории нет народа и историей можно гордиться [4, с. 524].

Сейчас можно наблюдать, как чуть ли не каждом районном центре сооружены конные памятники какому-нибудь бию или батыру. Никто не умоляет заслуг этих людей, но вместе с тем нужно внимательно относиться к вопросу оценки деятельности той или иной исторической личности и ее роли в контексте истории казахского народа.

Изложенные факты о жизни и деятельности Султанмамет султана доказывают, что его деяния, несомненно, можно отнести к масштабу национальному. Доказательством тому служат десятки документов, хранящихся в архивах Москвы, Омска, Оренбурга, а также другие исторические источники. Султанмамет султан прожил долгую и насыщенную жизнь. Его выдающаяся деятельность имеет большое значение в истории казахской государственности.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Султанбет султан. Редакционно- издательский отдел ПГПИ 2017
- 2 Султанбет султан- правитель Прииртышья и претендент на ханский престол в XVIII веке. Павлодар 2018 г
- 3 Потомки султана Султанбета. Газета Иртыш 14.09.2013г
- 4 Учитель. Алматы Издательский дом «Жибек жолы» 2018 г
- 5 Наставник. Газета Звезда Прииртышья. 02.09.2021 г

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

НҰРБЕК К.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Адамзат ұрпақтар сабақтастығының ұзақ тарихында барлық этнос өкілдерінің мәдени дәстүрлері, өмір сүру салттары, өндіріс әдістері, әдет-ғұрыптары, құқықтық жүйелері, діни сенімдеріндегі айырмашылықтарға байланысты барлық этнос өкілдері ортақ бір дүниені өз тілдеріне сай атайды және бейнелейді. Қытай мен қазақ тілі де дәл сондай. Фразеология - ұлттың мәдени дәстүрімен, әдет-ғұрыпымен, географиялық ортасымен, ұлттық психологиясымен тығыз байланысты ерекше тілдік құбылыс.

Тұрақты тіркестердің маңызды құрамдас бөлігі ретінде, фразеологизмдер халықтың тілік мәдениетімен, тарихы, тұрмысы, қоғамдық санасы, сондай-ақ, өндірісі һәм дінімен үнемі тығыз байланыста болатын ерекше ұлттық тіл мен мәдениеттің үлгісі болып табылады. Әрине, әртүрлі ұлттардың әртүрлі тарихи және мәдени дәстүрі бар, олардың өзіндік ерекшеліктері бар, тілдік жүйесі де соған сай қалыптасқан. Әр ұлттың осы бір ақпараттық жүйесін аударма арқылы немесе трансформация арқылы сәйкесінше көрсету қиын. Бір тілдегі ақпараттың барлығын екінші тілде толық көрсету мүмкін емес. Қытай және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің өзіндік ерекшеліктері бар, өйткені қытай тілі қытай-тибет тілдері семьясына жатады. Тіл білімі тұрғысынан қазақ тілі түркі тілдері семьясы, алтай тілдер тобына жатады. Қытай тілімен салыстырғанда, мәдениетте, дінде, өндіріс пен тұрмыста, идеологияда, әдет-ғұрыпта және басқа да көптеген аспектілерде үлкен айырмашылықтар бар. Өйткені, қытай ұлты ежелден егіншілікпен айналысатын ұлтқа жатады, ал қазақтар типтік көшпелі халық. Олардың тілдегі сөздік қоры көшпелі сөздік қорына өте бай болса, қытай тілі егіншілік, мәдени-көпшілік жағынан ерекше дамыған. Қолөнер, сауда, өнеркәсіп, мәдениет, буддизм және т.б. Демек, екі түрлі тілдің тұрақты тіркестері де өзіне тән әр түрлі ұлттық тұрмыс-тіршіліктен, көне аңыздардан, тарихи оқиғалардан және басқа да аспектілерден алынды деген сөз, осы тұрғыдан алғанда, түбірі бір деп айтуға болады.

Дүние жүзіндегі кез келген ұлттың тілі мазмұнға бай, фразеологиялық қоры көп. Ал қазақ фразеологизмдері де шет

қалмайды. Қазақ фразеологизмдерінің саны, коннотациясы, мағынасы жағынан әлемдік ағылшын, араб және француз тілдерінен еш кем түспейді. Басты себеп, қазақтың ауызша және жазбаша сөйлеуде фразеологиялық тіркес сияқты арнайы сөздерді қолдану көрсеткіші жоғары. Бәріміз білетіндей, қытайдың да фразеологизмдері өте көп. Түрлі формадағы және ұзақ тарихы бар ерекше сөздік қоры қытай тілінің лексикаға бай екенін көрсетеді.

Әртүрлі тіл семьясы (тіл төркіні) үшін экспрессия, мазмұн, құрылымдық қатынас, грамматикалық мағына және т.б. жағынан белгілі бір айырмашылықтар бар. Осы себепті оқыту және академиялық салада терең салыстырмалы зерттеулер жүргізу қажет. Әсіресе, бүгінгідей көптілділік жолға қойылған жағдайда: қытай тілін шет тілі ретінде үйренуге болады. Сол барыста қытай тілінен сөздік қорды байыту үшін дәл осы фразеологизмдердің мәнін түсіну де өзіндік маңызға ие. Фразеологизмдер - ұлттық тілде адамдардың күнделікті өмір тәжірибесі арқылы жинақталған, философиялық мағыналары бар сөз тіркестері немесе қысқа сөйлемдер.

фразеологизмдер халықтың өмірлік тәжірибесінен алынған. Сондықтан олардың ұлттық бояуы болады. Фразеологизмдер - еңбекші қазақ халқының ұзақ жылдарға созылған таптық-өндірістік күресінің нәтижесі, қазақ халқының дүниеге көзқарасының айнасы, тарихи уақыттың жемісі. Ол халықтың болашаққа деген мұратын, халықтың өмір туралы түсінігін білдіреді.

Кез келген қазақ елі мақал-мәтелдің, меңзеп айтудың мәнін түсініп, тіл құбылысын ерекшелігін түйсіне алады. Фразеологизмдер құрамындағы сөздер мен сөз тіркестері арқылы жасалады. Оның әрбір компонентінің лексикалық мағынасы бар. Ерекше мағынаны білдіретін сөзді тура мағынада түсіндіруге болмайды және сөйлемде сөз қызметін атқарады. Тілдегі көпке үйреншікті қолданыс аясы кең, сөз тіркесінің мағынасы құрамдас элементтердің тура мағынасының жай тіркесімі емес, бастапқы мағына негізінде жасалып, жаңа мағынаны астарлы түрде білдіретін сөз тіркесі немесе қысқа сөйлем. Әлемдегі барлық тілдерде тілдік бірлік ретінде фразеологизмдер бар. Сөздік көп болған сайын Фразеологизмдер де көбейеді. «Қазақтың түсіндірме сөздігінің» {1} он бесінші томында былай делінген: Қазақ сөздік қорында құрылымдық формалары мен тұрлаулы сөздері көп, белгілі бір мағынаны білдіретін, сөйлемде тұтас болып жұмсалатын кейбір тұрлаулы тіркестер немесе қысқа сөйлемдер бар. Біз оны фразеологизмдер деп атаймыз. Қазақтар ауызекі және жазбаша тілде фразеологизмдерді көп пайдаланады.

Демек, саны жағынан қазақ фразеологизмдері қытай мен ағылшын фразеологизмдерінен кем емес. Қазақ тілінің өте маңызды бөлігі фразеологизмдер. Қазақтар фразеологизмдерді қарым-қатынаста, жазуда жиі пайдаланады. фразеологизмдердің анықтамасына сәйкес әртүрлі тілдердегі идиомаларды тұрақты тіркестерді аударуға және ауыстыруға болады. Айталық, «一箭双雕» (yī jiàn shuāng diāo) деген қытай қытай тіліндегі фразеологизмді «бір оқпен екі коян ату» деп аударуға болады. Ал «笨鸟先飞» (bèn niǎo xiān fēi) тіркесін «шабан үйрек бұрын ұшар» деп аударған өте орынды болмақ. «癞蛤蟆想吃天 鹅肉» (lài hā ma xiǎng chī tiān é ròu) деген қытайша тұрақты тіркесті «тумаған сиырдың уызынан дәмету» деуге болады. фразеологизмдер – қазақ сөздік құрамының бір құрамдас бөлігі, ол ұзақ мерзімді тарихи процесте қалыптасқан бай мәдени коннотацияға ие лексикалық бірліктер. Қазақ тілінде үстірт мағыналы, терең мағыналы фразеологизмдердің саны өте көп, бұл фразеологизмдердің ұлттық ерекшеліктері бар, экспрессивтілігі күшті. Қазақ фразеологизмдерінің дыбыстық формалардың мағыналық қатаю және толық стереотиптік сипаттар бар.

Қытай-қазақ фразеологизмдерінің мағыналық айырмашылықтары құрылымдық тұрғыдан алғанда, қытай фразеологизмдерінің көпшілігі төрт иероглифтен тұрады. Олардың құрылымы стереотиптік және салыстырмалы түрде тұрақты. Ал қазақ тіліндегі фразеологизмдердің құрылымы қытай тіліндегідей тұрақты емес, қазақ тілінде олардың құрылымы біршама кездейсоқ. Дереккөзге келетін болсақ, қытай фразеологизмдері негізінен жазба тілі бай көне кітаптар мен классикалық еңбектерден алынған, ал фразеологизмдердің көп сандысы негізінен халықтық ауызекі тілмен таралады. Қытай тіліндегі кейбір фразеологизмдердің мағынасын сөзбе-сөз түсіну қиын емес, ал кейбір фразеологизмдерді тұспалдан немесе дереккөздерден мағынасын білу арқылы түсіну қажет. Қазақ халқы көшпелі халық болғандықтан, көшпенділер мәдениеті басқа тілдерден ерекшеленіп тұрады. Сонымен қатар, қазақтар ислам дініне сенген, одан туындайтын фразеологизмдер де осы ұлтқа ғана тән, сондықтан екі ұлттың фразеологизмдерінің қайнар көздері де әртүрлі. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі фразеологизмдер жеке сөздердің тура мағынасынан шығару мүмкін емес. Айталық, «白日做梦» (báirì zuò mèng) деген тіркестің жеке сөздік мағынасы бойынша аударсақ қиын емес, десе де, «би екеу болса, дау төртеу» деген онтайлы болмақ. Қытай фразеологизмдерін зерттеудің қазіргі жағдайына келер болсақ, қытай тіл білімінде фразеологизмдер ежелден бір

салалық пән болып келеді. Осы уақытқа дейін фразеологизмдерге қатысты ондаған монографиялар мен сөздіктер, жүздеген тезистер жазылды. Қазірге дейін, фразеологизмдерге қатысты ең алғашқы зерттеулер: Сун патшалығы тұсында «Ши Чан Тан» деген атпен Чжао И және Цянь Да Тиннің «Хен Янь Лу» {2} деген еңбегін атауға болды. Сол кезден бастап «фразеолог» сөзі пайда болды әрі фразеологизмдерге анықтама бере бастады. Содан бері адамдардың фразеологизмдерге қатысты зерттеулері бірте-бірте тереңдеп, мағынасын түсіне бастады. Бұл еңбектерде фразеологизмдерге жалпы сипаттама беріліп, олардың анықтамасы, қолданылу аясы, құрылымдық белгілері, т.б. жағы кеңірек қарастырылды. Кейінгі көптеген монографияларда қытай тіліндегі тұрақты тіркестерге тіл білімі, тарих, ғылым тұрғысынан көптеген зерттеулер жүргізілді. Соңғы бірнеше жылда Чен Вэнбо сияқты тіл ғалымдары «Ағылшын және қытай қытай фразеологизмдері» деген сияқты атпен басқа тілдегі қытай фразеологизмдермен салыстыра зерттей бастады. Жалпы, қытай фразеологизмдеріне қатысты зерттеулер, олардың анықтамасы мен қолданылу аясы, шығу тегі мен эволюциясы, оның фонетикалық, грамматикалық және семантикалық ерекшеліктеріне және оны оқытуға арналды. Сол себепті, оның деңгейі тереңдеп, пәнаралық зерттеу бағыты жалғасуда. Сонымен қатар, бұл салада фразеологизмдердің анықтамасының сәйкес келмеуі және оны оқытудағы зерттеулердің практикалық тұрғыдан қарастырылмауы сияқты кемшіліктер әлі де бар.

Қазіргі уақытта фразеологизмдер мен басқа тіл білімінің арасын ажыратуға қатысты қайшылықтар әлі де көп. Әртүрлі пікірлер жетеді, бірақ бұл көзқарастардың барлығы фразеологизмдер адамдар қолданатын бір стереотиптік тіркестер екенін мойындайды. Оның құрылымы тұрақты және толық мағынасы бар екеніне көздері жетті. Тіл ғалымы Лю Шусин «қос мағыналық» тіркестер фразеологизмдер мен басқа сөз немесе сөз тіркестерін ажыратудың бірден-бір негізі болып табылады деген ойда. Яғни «тура мағына метафоралық немесе ассоциативті рөлге ие, оның иірімдері мен астары арқылы жаңа өрнектер құрылады, бұл міне - фразеологизмдер» деген пікірде.

Ал қазіргі кезде ономотикалық фразеологияға грамматикалық тұрғыдан зерттеу жан-жақты, терең жүргізілген жоқ. Ономотикалық фразеологизмдерді семантикалық және грамматика тұрғысынан қарастыру қажет. Біз енді қытай тіліндегі ономотикалық фразеологияға тоқтала кетейік:

Ономостикалық фразеологизмдерді грамматикалық құрылымын талдау

Біз негізінен оның ономостикалық фразеологизмдердің құрылымдық түрлерін семантикалық талдау негізінде қарастырамыз. Ономостикалық фразеологизмдердің көп бөлігінің грамматикалық құрылымы – тіркес. Оны өз ішінен екі немесе төрт бөлікке дейін бөлуге болады. Ол симметриялы немесе параллельді білдіретін екі бөлік. Екі бөліктің қарама-қарсы мағыналары бар, мысалы: 明枪暗箭 (ming qiang an jian) тіркесіндегі алдыңғы екі иероглиф «ашық мылтық», соңғы екі иероглиф «жабық садақ» деген мағынаны білдіреді. Ал тұтас тіркестің мағынасы: ашық әрі жасырын қастандық деген мағынада. Ал екі бөлік бір-біріне параллель мағынады айтылатын: 珍禽异兽 (zhen qin yi shou) тіркесіндегі алдыңғы екі иероглиф «сирек кездесетін құстар», соңғы екі иероглиф «жыртқыш аңдар» деген мағынада. Алдыңғы және кейінгі екі иероглифтің құрылымы негізінен ұқсас, негізінен атрибутивтік және зат есімнен құралған.

Қазақ тілінде, фразеологизмдер тіл білімінің өте маңызды бір саласы болып табылады. Қазақ тіл ғалымдары қазақ фразеологизмдерін зерттеуге үлкен мән беріп жүр, бірақ қытай тілі мен қазақ тілінің фразеологизмдерін салыстырмалы түрде зерттегендер жоқтың қасы. Ал қазақ тілі бойынша, Г. Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдер», Ғ. Мұсабаев, І. Кеңесбаевтің «Қазіргі қазақ тілі», Ө. Айтбаевтің «Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары» атты еңбектері фразеологизмдердің антонимдік семантикалық үлгі деуге болады. Жоғарыда аталған еңбектерде қазақ тілі мен басқа тілдерді терендетіп салыстыру аз. Алайда, қазақша-қытайша, қытайша-қазақша сөздіктерінде кейбір фразеологизмдер бар. Бірақ олардың интерпретациялары көбінесе қисынға келмейді. Олардың көпшілігі әртүрлі тілдердегі фразеологизмдердің бір жағын ғана түсіндірген, әрі айырмашылықтарын ашып айтпаған. Қазіргі уақытта қытай және қазақ лингвистикалық ортада, әсіресе аударма және оқыту саласында қытай және қазақ тілдеріне қатысты салыстырмалы зерттеулер аз. 1980 жылдары Қытай қазақ тіліндегі фразеологизмдер зерттеле бастады. Шыңжаң халық баспасы 1950 жылдардың басында-ақ қытайша-қазақша фразеологизмдер сөздігін басып шығарды. Найман есімді азамат 1987 жылы «Қытайша-қазақша фразеологизмдер сөздігін» құрастырған, бұл сөздік қытайша-қазақша фразеологизмдерді зерттеудің тұңғыш сөздігі. Қазақ фразеологизмдері дегеніміз не, басқа лексикалық бірліктермен

байланысы мен айырмашылығы неде, қазақ фразеологизмдері қалай жіктеледі, т.б. Бұл мәселелер қазақ тіл білімі саласындағы ғалымдарды үнемі толғандырып келеді. Бұл мәселелердің шешілуі жалпы қазақ тілін зерттеуге ықпал етеді.

Қазақ -ұлт ретінде негізінен экстраверттік және психологиялық сипаттармен ерекшеленеді және олар өздерінің ішкі сезімі мен тәжірибесін басқаларға тікелей көрсетуге бейім. Түрлі этникалық топтардың тілдері әртүрлі этностардың мәдени ерекшеліктерімен әйгіленеді. Мәдениеттерді салыстыру кезінде түсінбеушілікке жол бермеу үшін негізгі принциптерді ұстану керек. Бұл негізгі принциптерге «Контраст айырмашылықтарға назар аудару керек», «Мақтау мен сынды бағаламай, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды жай ғана салыстыру», «Контраст синхронды болуы керек, мәдениеттер арасындағы қарым-қатынаста шынайы өмір мен өзекті мәселелерді шешуге назар аудару керек» және т.б. Қазақтың әлеуметтік өмірінің өзіндік мазмұны мен ұзақ тарихи мәдениеті бар. Қазақтар өзіндік ұлттық мазмұнды жүзеге асыру үшін өз тілін пайдаланғанда, қазақ ұлтының берік ұлттық мәдениетін көрсететін өзіндік ерекше тілі мен ұлттық нақышы қалыптасқан. Фразеологизмдер тілдің құрылымы мен көрінісі болып табылады және мәдениетпен ажырамас байланыста болады. Ол – халықтың тұрмыс-салт, әдет-ғұрпының көрінісі. Қазақ фразеологизмдері қазақ халқының үйлену тойы, жерлеу, ішер ас пен киім-кешек, мерекелік шаралар және жер-су аттары және басқа да аспектілерін көрсетеді. Ойды жеткізуде ең жоғары шегі. Фразеологизмдердің жасалуы ха халқы мекендеген географиялық ортамен, діни наным-сеніммен, тарихи тұлғалар және оқиғалармен тығыз байланысты. Фразеологизмдерді зерттеу қазақ халқының мәдени дәстүрін түсінуге көмектеседі. Қазақ фразеологизмдер образдық бояуы қазақ тілі мен ұлттық нақышының дәстүрлі мәдени ерекшеліктерін көрсетеді. Фразеологизмдерді мәдени тіл білімі тұрғысынан талдап, олардың өзіне ғана тән мәдени қасиеттерін қамтитын, фразеологизмдерге кіретін нақты мәдени құбылыстарды микроскопиялық тұрғыдан түсінетін ғалымдар да бар. Фразеологизмдерден қазақтардың белгілі бір мәдени іспен айналысатынын байқауға болады. Тарихы салыстырмалы түрде ұзақ, көшпелі өмір мен мал шаруашылығына қатысты зат есімдік фразеологизмдер де көптеп кездеседі, бірақ олар басқа ұлттық тілдерде жоқ. Айталық, «аттың сыры иесіне мәләм», «жүйрікті тойға мін, шабанды қойға мін», «өгізге туған күн бұзауға да туады».



Қазақ халқының көшпелі тұрмысына, өз тіліне қатысты мұндай терең мағыналы фразеологизмдер көптеп кездеседі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі : 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / - Алматы : Дайк-Пресс, 2008 . - 967.бет.

2 Цянь Да Тин, Хен Янь Лу. Пефкин: Өнер баспасы, 2001. - 1200 бет.

### ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ДАМУЫ ЖӘНЕ МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

РАЙХАН Н.

магистрант, МФК-21н тобы, педагог, Балалар шығармашылық және бос уақытты қамту орталығы, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

Жаһандану жағдайында жас ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселелері Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасына және оның өмірі мен шығармашылығындағы діни дүниетаным мәселелеріне ғылыми талдау жасаудан басталады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дүниетаныма тән діни ой-толғамдар қазіргі заманғы дінтанулық парадигмада айқындалып, бүгінгі отандық гуманитарлық ғылым талаптарына жауап беретіндей ғылыми нәтижелер ұсынылды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы діни дүниетанымдық мәселелерді айқындап, оның діни көзқарасындағы ерекшеліктерді қазіргі қазақстандық қоғамдағы діни ахуалмен байланыстыра отырып, ғылыми-дінтанулық тұрғыда кешенді түрде зерттеу жасау керек.

Қазақтар әуел бастан дүниетаным, оның ішінде діни дүниетаным арқылы өзін-өзі мен жан-жағын таныған халық. Бұл ауыз әдебиет үлгілерінен де, авторлық шығармашылықтан да айқын көрінеді. Қазақтар айтар ойы мен ақыл уағызын, өсиеті мен өнегесін жұрттың жүрегіне жеткізу үшін өлең сөзбен өрнектеген.

Жақсылыққа шақыру мен жамандықтан тыю, халықты имандылыққа, бірлікке шақырып, адамгершілікке үйрету де сөз өнері, оның ішінде өлең сөз арқылы болған. Исламның нұры қазақ арасына осылай өлең арқылы тараған. Ауыз әдебиетіндегі сан алуан қисса-дастандар, жарапазан үлгілері т.б. осыны дәлелдейді.

Қазақтың, одан арғы түркілердің бастан өткізген әрқилы тарихи кезендерінде өмір сүрген дара да дана тұлғалар өз

көзқарастарын, дүниетанымын көркем сөзбен білдірген. Сонау Қорқыттан бастап, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Йасауи, Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Йүгінеки, бертіндегі қазақ хандығы тұсындағы қазақтың ақын-жыраулары мен би-шешендері, одан берідегі діни ағартушылар, Абай мен Шәкәрім және т.б. қара сөзден өлең оңай болды. Біздің зерттеуімізге ой-өзек болып отырған Мәшһүр Жүсіп те солай. «Көңіл – бір жатқан кеннің дариясы. Сонан шыққан сөз – жауһар» дейді Мәшһүр Жүсіп [1, 200 б.].

Оны өлең сөзбен де, қара сөзбен де жазғандықтан Мәшһүр Жүсіпті ақын әрі ойшыл дейміз. Діни ойшыл дейміз, өйткені өмірі мен шығармашылығы діннен, ислам дінінен ажырамаст тұтастықта өрбіді.

Ал діннің бүгінгі өзектілігі қазіргі әлемде, оның ішінде біздің елімізде діни сананың жаңғыруымен байланысты болып отыр. Сонымен қатар заманауи либералды-демократиялық қоғамның дамуы қазақстандық қоғам үшін де, әлемдік қауымдастық үшін де толерантты сұхбаттық дүниетанымды қалыптастырудың маңыздылығын алға тартады.

Тәуелсіздік алғалы бері демократиялық идеология аясында қоғамда діннің рөлі үнемі өсіп келеді. Бұл құбылыстар посткеңестік мемлекеттердің барлығына тән. Қазіргі замандағы қазақстандықтардың діндарлығы көбіне діни дәстүрге деген қызығушылықтары мен діни бірегейлік жолындағы ізденістерден туындады, алайда, көптеген қазақстандықтар үшін діндарлық ресми-абстрактілі сипатта ғана. Діни тәжірибе мен теорияның әлі де көмескі тұстары көп. Себебі классикалық кезеңдердегі діни жүйенің дәстүрлі және дәстүрлі емес аясы туралы бұлыңғыр түсініктер бар. Осының барлығы діни дүниетанымды қалыптастыруға алып келетін діни сананың құрылымын анықтайтын факторлар болып табылады.

Осы орайда Мәшһүр Жүсіптің қазақ қоғамының рухани дамуына қосқан үлесі орасан зор. Ол өзінің шығармалары жинағында діни аңыз дастандар, шежірелер, аңыз әпсаналар мен қатар ойлы да орамды өлеңдерімен оқырман қауымды қазақы қалыпта тәрбиелеуге үлкен үлес қосты.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мәзһабын ұстанатын сүнниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін – Ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал.

Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек» [2, 52-53 б.].

Бұл сөздер әлемдегі және біздің еліміздегі дәстүрлі емес, жаңа және жалған діни ағымдардың та-рапынан туындаған діни ахуалдан туындаған еді.

Шындығында ислам қайнаркөздері адамды имандылыққа, ізгілікке, бейбітшілікке, сабырлық пен төзімділікке шақырады, діннің ажыратушылық қырына емес, біріктірушілік жағына көңіл аударады.

Қасиетті Құран Кәрімдегі: Әли Иман» сүресінің, 103-аятын-да «Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысындар да бөлінбедер. Сондай-ақ өздеріңе Алланың берген нығметін еске алыңдар» делінеді. Адамзаттың ақырғы Пайғамбары да шектен шығушылық пен немқұрайдылықтан аулақ болуға шақыра отырып, исламның ерекшелігін хадисінде былай көрсетіп береді: «Шүбәсіз, бұл дін – жеңіл дін. Адам баласы қанша жер-ден шамасынан тыс құлшылық жасаймын деп, дінде тыраштанса да, бәрібір дін одан әрқашан үстем болады. Ендеше, әрбір істе (әсірелік пен селкостыққа бармай) тура әрі орта жолды ұстаныңдар». Сондай-ақ пайғамбарымыздың «көпшілік жағында болыңдар» деген мағынадағы өсиетін берік ұстанған ата-баба-мыз ғасырлар бойы сүннетті, оның ішіндегі Әбу Ханифа мәзһабын берік ұстанған. Елімізді мекендейтін халықтың 70 пайызынан астамы ұстанатын бұл мәзһаб исламдағы заңды төрт мәзһабты ұстанушылардың 50 пайызын құраса, ал сүннет жолындағылар жалпы мұсылманның 90 пайызын құрайтыны баршаға мәлім.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы дүниетаным мәселелерін осы уақытқа дейін әр ғылым саласы өзінше қарастырып келеді: тарихи-философиялық этнографиялық, фольклортану, филологиялық, педагогикалық және тағы басқа тұрғыдан қарастырып келді. Жалпы дүниетаным әлемі сан алуан болғандықтан да әр ғылым саласы өзіндік қызығушылық мәселесін таба ала-ды. Сондықтан, молда Мәшһүр Жүсіп көзқарасындағы діни мәселелерге дінтану ғылымы шеңберінде талдау жасау – қазіргі ғылым мен қоғамның талабы, заман мен уақыттың сұранысы.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасын ашу үшін және жалпы кез келген діни мәселені зерттеу үшін, алдымен

діни білім мен дінтанулық білімнің кейбір ортақ тұстары мен ерекшеліктеріне тоқтала кету керек. Екеуіне де ортақ нәрсе-әріне, руханилық, тұлғаны рухани жетілдіру арқылы отбасы мен қоғамды, мемлекет пен жаһандық қауымдастықты рухтандыру.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің ірі өкілі Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ислам әлеміне сіңірген ұшантеңіз еңбектері жайлы тоқталатын боламыз. Еліміздің Тәуелсіздік дейтін ұғымға келіп егемендік алған тұсынан бастап «дін апиын» деген сөз санадан шығып, халқымыз ислам әлемімен қайта қауыша бастаған тұста шөлін қандырып сусындар бұлақ көздері біздің арғы бабаларымыз болды. Оның ішінде әрісе діни дастандар мен аңыз, әңгімелерді бір кісідей зерттеп, жинап, жазған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбегі орасан зор болды десек артық айтқандық емес.

Тіпті сол Тәуелсіздікке дейін Мәшһүр еңбектерінің бір парасы жарыққа шықпайда келді. Оған сол заманның кері саясаты әсер етті. Мәселен ғалым Ертай Жүсіповтың «... 30-40 жылдары біртіндеп қолға алына бастаған Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығын зерттеу ісі 40-шы жылдардың аяғында дағдарысқа ұшырайды. Бірінен соң бірі болып ақын шығармашылығына тұрпайы социология тұрғысынан қара бояу жаққан т.б мақалалар да жарыққа шыға бастайды. Соның бірі – С. Мұқановтың «Абайдың шәкірттері туралы» баяндамасы болса; екіншісі – М. Ғабдуллиннің «Діншіл, ұлтшыл М. Көпеев туралы» еңбегі.» [3, 6 б.] дейді.

Бұдан біз Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашалары бізге қалай жеткенін, оның жетуі барысында қаншамасы аяқтан шалғанын байқауға болады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармалары біздің қоғамның рухани дамуына үлкен әсерін тигізгенін біз жасыра алмаймыз. Себебі шығармаларының дені адамзат руханиятына ізгі тілек жаудырып тұратын тамаша рухани туындылар. Мәшһүр Жүсіптің кез келген шығармасынан рухани ләззат алуға болады. Біз бүгінгі қазақ қоғамын осындай ұлы абыздарымыздың құнды мұраларымен тәрбиелеп осы жолмен жүруіміз керек деп білем. Бабалар жолы қашанда жаңылдырмасы анық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Көпеев .М.Ж «Екі томдық», Алматы. Ғылым 1992 ж 200 б.
- 2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – 5 том. – Павлодар: ЭКО ФӨФ, 2005. – 52- 53 б.
- 3 Жүсіпов Е. «Мәшһүр Жүсіп және шығыс руханияты», Алматы. Алаш 2005 ж 6 б.

## ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ БЕЛГІЛЕРІ

САПАХАН Ә. М.  
студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.  
ҚОЖАМЖАРОВА М. Ж.  
филос.ғ.к., қауымд. профессор (доцент),  
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақстанның музыкалық мәдениетінің қазіргі жағдайы – музыкалық шығармашылықтың көріністерінің түрлерінің мәселелері қарастырылады.

Заманауи мәдениетте музыка көрінісі қоғам арасында ерекше және маңызды орынға ие болды. Себебі, бүгінгі таңда әрбір адамның музыкаға деген қарым – қатынасы күнделікті өмірдің нысанына айналды.

Қазақстанның заманауи музыкалық мәдениеті өзінің қазіргі күйінде кеңестік мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде дамыды. Тәуелсіздік алғаннан кейін, қоғамның музыкалық шығармашылығы мен орындаушылығы еркін бағытта дами бастады. Заманауи өмірде кеңес кезеңінде үстемдік еткен идеологиялық іргетастардың ақырында құтыла алған қоғамның, өнер бағыттарындағы көптеген мүмкіндіктердің пайда болуына әкелді.

Сол жылдары қазақ сахна өнерінің өркендеуіне кең көкжиектер ашылып, академиялық және эстрада өнерінің майталмандары тамаша табыстармен түрлі континенттердің сахналары мен концерттік залдарын бағындырып, ұлттық мәдениетке әлемдік атақ пен даңқ әкеле бастады. Соның нәтижесінде олар өз шығармашылығында халқының тарихи тағдырын тереңірек үндеуге, патриоттық тақырыптарды дамытуға бағыттады, ұлттық менталитетке сай композициялар жасап, спектакль мен сахналық ойынның жаңа әдістерін пайдаланды. Бұл үрдістер жаһандану дәуірінде музыкалық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін тұрақты сақталуына, өнердің жаңа түрлерінің пайда болуына әсер етті.

Қазақ халқының музыкалық мәдениеті ұзақ тарихи жолдың жемісі болып табылады, онда музыкалық тілдің дамуымен және ішкі заңдылықтарымен қатар, өткеннің ыдырауы мен жаңа этникалық қауымдастықтың пайда болуының күрделі процестері, жаппай миграция, қақтығыстар үлкен рөл атқарды. Бұл белгілердің барлығы қалыптасқан тән аймақтық, ұлттық стильдік ерекшеліктері бар музыкалық мәдениеттің ерекшеліктерінде көрінеді.

Кез келген музыкалық шығарманы қабылдау, соған сәйкес түсіну үшін жасаушы, орындаушы және тыңдаушының ортақ негізінде – біртұтас музыкалық тіл болуы шарт екені анық. М.Арановский жазғандай, «егер музыканы қабылдауда автор мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынас байланысы пайда болса, олардың өзара түсіністігі әдеттегідей қабылданатындығынан болса, осыдан музыкалық шығарма жазылған тіл тыңдаушыға белгілі болуы керек деген қорытынды жасауға болады, әйтпесе бұл жағдайда түсініксіздік пайда болуы мүмкін» [2].

Қазақстанда заманауи даму кезеңінде музыкалық мәдениеттің салалық құрылымы қалыптасты. Мұнда әрбір заманауи өртіс өзіне ұнайтын нәрсені таба алады. Республикада еуропалық жанрларда орындаушылық және композиторлық шығармашылықпен қатар музыкалық өнердің дәстүрлі түрлері, әлемдік бұқаралық музыка функциялары – джаз, эстрада, рок және әлемдік конфессиялардың діни музыкасы, сонымен қатар Қазақстандағы әртүрлі ұлт өкілдерінің фольклорлық және ауызша кәсіби дәстүрлері дамып келеді.

Қазіргі уақытта музыка жасайтын мамандықтар негізінен екі топқа бөлінді. Топтардың біріншісі ұстанымы бойынша Америка, Еуропа, Орталық Азия және Таяу Шығыс елдерінен әртүрлі музыкалық теорияларды, ырғақтарды, сөз тіркестерінің ерекшеліктерін, әуезді құрылымдарды барынша дәлдікпен алады. Екінші топтар керісінше, сөзді дыбыстаудағы және әуен орындаудағы ерекше отандық стильді сақтай отырып, шетелдік музыканың стильдік бөлшектерін мұқият және нүктелі түрде ғана енгізеді.

Қазақстандағы заманауи музыка өнерінің дамуының шартты түрде онжылдықтан үш кезеңге бөліп көрсетуге болады.

1990-жылдардың басындағы қазақ эстрадасы Кеңес өкіметі тұсында да танымалдыққа ие болған музыканттар – қазақстандық жұлдыздарына айналып, бүгінде де өз танымалдығын жоғалтқан емес.

Музыка индустриясының дамуының жаңа кезеңі екінші онжылдықта жылдары сахнаға қазақстандық музыканың өдеттегі көріністі өзгерткен болашағы зор жас музыканттар шыққан кезде келді. Ғаламтордың дамуымен музыкалық шекара жойылды: егер бұрын музыка ел ішінде ғана қалса, қазір ол өз тыңдармандарын Қазақстан шекарасынан да алыс таба алады. Жаңа музыкалық толқынның дамуына Қазақстан мен Орталық Азияның түкпір-түкпірінен дарынды әншілерді табуға бағытталған тележобалардың пайда болуы да ықпал етті.

Музыка индустриясының үшінші онжылдық трансформациясы кезеңінде музыканың жаңарған стилі және көзқарасы заманауи жас топтар пайда бола бастады. Қазіргі заманғы музыка индустриясын «наразылық музыкасы» деп сипаттауға болады - қоғамның ескірген, жалықтырмайтын және консервативті негіздеріне шыдағысы келмейтін жаңа ұрпақ жасаған музыкадеп айтуға болады.

Соңғы бірнеше жылда Қазақстаннан тысқары жерлерде ел намысын халықаралық аренада танытып жүрген жас таланттар көптеп шыға бастады. Мұндай өнерпаздардың жарқын мысалы ретінде Украинадағы халықаралық музыкалық телешоуларға қатысып, әлемге танылған орындаушы Димаш Құдайберген мен жас әнші Данеля Төлешованы айтуға болады.

Барлық уақытта, қазіргідей эстрада немесе поп-музыка Қазақстандағы басқа музыкалық қозғалыстарды басып озатын негізгі танымал жанр болып қала береді. Қорыта келе, қазіргі таңда қазақ халық музыкасы Қазақстан мәдениетінің мұрасы болып саналады, композиторлар мен музыканттар халықтық мотивтердің мол жаңа туындылары жасайды, онымен бірге музыкалық шығармашылығының тарихы ұмытылмай, мәдени мұра ретінде сақталған.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

